

Е. АБДУВАЛИТОВ, А. БЕКТАЕВ,  
Д. ДҮЙСЕБАЕВА, С. ДОСЫМБЕТОВА



Жалпы орта білім беретін мектептің  
6-сыныбына арналған оқулық

*Өңделіп, толықтырылған төртінші басылымы*

*Озбекстан Республикасы Халыққа білім  
беру министрлігі ұсынған*

«SHARQ» БАСПА-ПОЛИГРАФИЯ  
АКЦИОНЕРЛІК КОМПАНИЯСЫНЫҢ  
БАС РЕДАКЦИЯСЫ  
ТАШКЕНТ —2017

УӘК: 821.512.122(075)

КБК 7426я72

Ә – 22

## П і к ір жағандар: Өсербай Байқабылов

*Низами атындағы Таңкент Мемлекеттік педагогика  
Университетінің қазақ тілі мен әдебиеті бөлімінің ага  
оқытушысы*

## Мукаррам Темірбаева

*Ташкент обласы, Орта Шырышқұ ауданы, 28-ортал мектептің  
оқытушысы*

### Шартты белгілер:



– сұрақтар



– тапсырмалар



– сұрақтар мен тапсырмалар

Ә-22 Әдебиет: Жалпы орта білім беретін мектептердің 6-сыныбына арналған оқулық / Е. Абдувалитов, А. Бектаев, Д. Дүйсебаева, С. Досымбетова. – Т.: «Sharq», 2017. – 240 б.

Республикалық мактатты кітап қоры қаржысы есебінен басылды.

ISBN 978-9943-26-642-1

УӘК: 821.512.122(075)

КБК 7426я72

**ISBN 978-9943-26-642-1**

© «Sharq» баспа-полиграфиялық акционерлік компаниясының  
Бас редакциясы, 2005, 2009, 2013, 2017 ж.

## ӨЗБЕКСТАН – ӨЗ ЕЛІМ

1 қыркүйек күні Өзбекстан халқы ұлы Тәуелсіздік мерекесін атап өтеді.

Тәуелсіздік – кімге болса да, елге де, жерге де барлық тіршілік атаулыға, әсіресе, адамзат баласына, бірден-бір қажетті ұғым.

1991 жылдан бастап аз уақыт ішінде Өзбекстан мол табыстарға қол жеткізді. Бұл – қайта құрылған қалалар, ауылдар, кен көшелер мен жүйрік темір жол тораптары және компьютер сиңиптарымен жабдықталған мектептер.

Тәуелсіз Өзбекстан халықаралық майданда да абыройлы орынға ие. Әлемнің 120-дан астам мемлекеттегі рімен тығыз байланыс жасайды. Біздің құшіміз халықаралық спорт майдандарында айқын көрініс тапқан. Егеменді Өзбекстан Бежін Олимпиядасында да жалауын аспандата көтерген күресші және боксшыларымен мақтаныш етеді.

Өзбекстан халқы демократиялық қоғам құру жолында батыл қадам жасап жатқан мемлекет.

Құрметті оқушылар! Сендер де мемлекетіміз және халқымыз үшін аянбай еңбек етіп, Отанымызды берік қорғай білулерің керек.

### Ерікті елім

Ерікті елім жаңа ашылған гүлдей боп,  
Көктемде жапырақ жарған бүрдей боп.  
Терезесі тең елдермен теңесті,  
Желбіреген ту мен туы бірдей боп.

Ерікті елім қолдан бермей бәйгені,  
 Ай секілді болды әлемге әйгілі.  
 Қайта оралды қара тұнді қақ жарып,  
 Тұркілердің әдет-ғұрпы, бай тілі...  
 Ерікті елім балауса өскен құрақтай,  
 Тасты жарып шыққан таза бұлақтай.  
 Жайқалып өс, сарқырап ақ бір тынбай,  
 Зымырай тұс батыр мінген пырактай.  
 Ерікті елім көкке самғап қыраның,  
 Әнге ұласып бір әнімен бір әнің.  
 Мың жасай бер рухы қолдап бабаның,  
 Достық, бірлік... болып ізгі ұраның!

*(Бердібек Тұргынбаев)*



1. Өлеңді мәнерлеп оқындар. Ақынның ел бірлігі мен достыққа шақырған идеяларын суреттендер.
2. «Қымбат маған туған жердің сай тасы» тақырыбына шағын шығарма жазындар.

## ХАЛЫҚ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ ҮЛГІЛЕРИНЕН

**Ауыз әдебиеті** – халықтың фасырлар бойы ауызша шығарып, сақтап келген әдебиеті, рухани асыл қазынасы.

Казақ халқының ауыз әдебиеті өзінің көркемдік-идеялық нәрімен, эстетикалық қуат тегеурінімен, түрі мен жанрларының молдығымен, тақырыптық және сюжеттік құрамының алуан сипатымен, қоғамдық-әлеуметтік және тәрбиелік терең мән мазмұнымен ерекшеленеді.

Бұл рухани мұра бізге байырғы ата-бабаларымыздың наным-сенімдерінен, тарихынан, тұрмыс-тіршілігінен, жақсы мен жаман туралы түсініктерінен, асыл армандарынан, биік аңсарынан жан-жақты мағлұмат береді.

Ертегі, мақал-мәтел, жұмбак, жаңылтпаш, батырлар

жыры, аңыз әңгімелер, түрлі өлең-жырлар есте жоқ ескі замандардан бермен қарай жалғасып, ұрпақтан-ұрпаққа жетіп отырған. Сол ұзақ тарих бойында олардың алғашқы шығарушылары – авторлары да ұмыт болып, өздері де өзгерістерге ұшыраған. Сондықтан халық ауыз әдебиеті туындыларының әлденеше нұсқалары бар. Мысалы, басқа халықтардағыдай, қазақ ауыз әдебиесті туындыларының әрқайсысының бір-бірінен азды-көпті айырмасы бар нұсқалары кездеседі.

Ауыз әдебиетінен халықтың тарихын, тұрмыс тіршілігін, салт-санасын, ой-арманын т.б. білеміз. Ол – халықтың бай әрі шүрайлы тілінің қазынасы да.

Сондықтан жазушылар, суретшілер мен композиторлар халық шығармашылығына ерекше ынта қойып, одан үйреніп отырған. Абай, Шәкәрім, Магжан Жұмабаев, Сәкен Сейфуллин, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ахмет Жұбановтар ауыз әдебиеті үлгілерін көп біліп, жинап қана қоймай, өз шығармаларына арқау да еткен.

## ЕРТЕГІЛЕР

**Ертегілер** – адам баласының жазу өнері болмаған кезде ауызша шығарған көркем әңгімесі. Оның қызметі кең әрі тәрбиелік, әрі көркем-эстетикалық рөл атқарады. Сондықтан ертегі оқиганы барынша ғажайып етіп, көркемдеп, әсерлеп баяндайды. Шындықты шынайы суреттеуді емес, керісінше, әсірелеуді міндет тұтады.

Ертегілер қиял-ғажайып ертегілері, тұрмыс-салт ертегілері, жануарлар жайындағы ертегілер, шыншыл ертегілер болып белінеді. Олардың әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері бар. Тұрмыс-салт ертегілері халықтың көне замандағы тұрмысын, әдет-ғұрпын, салтын баяндаса, шыншыл ертегілері өткен ғасырдағы қоғам-

ның, халықтың өмірін, тұрмысын шындық тұрғыда суреттеген. Шыншыл ертегілерде басқа ертегілердегідей қиялдан, ойдан туған ғажайып кейіпкерлер (жеті басты дәу, мыстан, таусоғар, саққұлақ т.б.) болмайды.

Шыншыл ертегілердің басты кейіпкерлері – қарапайым адамдар. Мұндай ертегілерде кейбір атқамінерлердің жағымсыз іс-әрекеттері әшкереленеді. Оларды халық өкілі – қарапайым адам жеңіп отырады.

## АЯЗ БИ

Ертеде Мадан деген хан болыпты. Оның ақылы, тапқырлығы өзінің заманындағы көп хандардан артық екен. Ханның қырық уәзірі бар екен. Бір күні хан уәзірлерімен мәжілісте болып отырып:

– Уәзірлерім! Сендер қырқың да асып тұрган ақылды, даныштан едіндер. Мен сендерді бір жұмысқа жұмсаймын, сендер маған дұниедегі адамның жаманын, құстың жаманын және шөптің жаманын тауып әкеліндер. Он бір ай уақыт беремін. Сол он бір айдың ішінде тауып әкелмесендер, жазалы боласындар, – депті.

Хан бұйырған соң амал жоқ, уәзірлері өзара ақылдасып, іздеуге кіріседі.

Көп іздеп, азап шегіп, шенгел деген шөпті тауып: «Өзі – тікен, арасынан жүрсе киім жыртады, мал жемейді екен, шөптің жаманы осы гой», – деп шенгелді алады. Қырғауыл деген құсты тауып: «Үстінде жұні жоқ, ұсқыны келіссіз, құстың жаманы осы екен», деп қырғауылды атып алады. Енді адамның жаманын таба алмай, қырық уәзір келе жатса, таудың етегінде ұстінде жыртық тоны, басында тері тымағы бар, ұсқынсыз бір адам бесон қойды бағып жүр екен. Уәзірлер таңырқап: «Адамның жаманы, сірә, осы болар-ау», – деп тұрганда, әлгі адам:

– Ya, мырзалар, неге таңырқайсындар? – депті.

Уәзірлер ханның сондай бір жұмысқа жұмсағанын,

шөптің, құстың жаманын тауып, енді адамның жаманын таба алмай, ол адамның ұсқынын көріп танданып, «Адам жаманы осы болар», – деп таңырқап тұргандарын айтты.

**Жаман тұрып:**

– Болды, адамның жаманы керек болса, мен боламын. Ханға мені алып барсаңыз, сіздердің жұмысының бітеді, – дейді.

**Уәзірлер:**

– Олай болса, жарайды, – деп Жаманды аттың артына мінгестіріп алып, ханға жөнеледі. Ханға келе жаңып, Жаман:

– Адамның жаманын тауып алдыңыздар, бірақ шөптің, құстың жаманын таба алмаған екенсіздер. Шөптің жаманы – қара қоға, құстың жаманы сауысқан еді, – деп уәзірлерге қыргауыл мен шенгелді тастатып, олардың орнына қара қоға мен сауысқанды алдырады. Уәзірлер мәнісін сұрайын деп еді ол:

– Хан алдында айтам, – деп сөйлемеді. Уәзірлер келген соң, хан әкелген адамның ұсқынына қарап:

– Экелген адамың жарайды. Мұнан жаман кісі дүниеде жоқ шығар. Қазір аспазшыға апарындар, көже мен нан берсін, сыйласын. Ертең ортага алып тамаша етеміз, – деп Жаманды ас үйге жіберді.

Бірақ, құстың жаманы мен шөптің жаманын таба алмаған екенсіндер. Құстың жаманы – қыргауыл, шөптің жаманы шенгел еді. Осыны көре, бұларды әкелулерінің не мәні бар еді? – деп хан уәзірлеріне қатулана бастады.

**Сонда уәзірлер:**

– Тақсыр, айтқаныңыз дұрыс. Біз шөп жаманы деп шенгелді, құс жаманы деп қыргауылды алып едік. Бірақ жолшыбай әлгі Жаман: «Шөптің жаманы – қара қоға, құстың жаманы – сауысқан», деп, бізге оларды тастатып, қара қоға мен сауысқанды алдырыды, – деп жауап берді.

**Хан аз кідіріп:**

– Е, Жаманның не білгені бар екен?! Шөптің жаманы – қара қоға, құстың жаманы сауысқан екенін қайдан білді? Алып кел, сұралық! – деп бүйрық етті. Жаманды ханға алып келді.

Хан Жаманның бетіне қарап:

– Мен құстың жаманы – қырғауыл, шөптің жаманы – шенгел деп ойлаушы едім, сен оларды уәзірлерге тастатысың. Сен шөптің жаманы – қара қоға, құстың жаманы сауысқан екенін қайдан білдің? – деді.

– Тақсыр хан, елу жасқа келіп жаман болған жоқ-пын, жасымнан-ақ жаман едім. Өмірімде отын су тасып, еткенім кісінің құлшылығы болды. Сол уақытта шенгелді әкеліп, отқа жақсам, кешке жаққан отым ертенге дейін сексеуілдің шоғындай жайнап жататын еді. Сол уақытта: «Киім жыртып, мал жемейтін шенгел отын ретінде пайдаға асады екен-ау», – деп ойлаған едім. Ал енді қара қоғаны алып отқа жақсам, отқа жанбайтын еді, үрсем, жалыны мен шоғы бірге сөніп, құлі бұрқырап, үйдің ішін алыш кететін еді. Отқа жанбаған соң, апарып малға салсам, мал жаманы сиыр екеш, сиыр да мұрнын шүйіріп жемейтін. Соңан соң қара қоға тіпті пайдаға аспайтын шөп қой деп ойлаушы едім. Қара қоғаның жамандығын содан білдім, – деді Жаман.

– Сауысқанның жаман екенін қайдан білдің? – деді хан.

– Қырғауылдың жұні жоқ болса да, қанаты бар, адамның пайдасына жарайтын адал құс еді. Біреудің сиықсыз болуы – Тәңірдің ісі. Қырғауылдың айыбы – тек сиықсыздығы. Ал сауысқанның жұні ала болғаны сияқты, өзі де ала, бірлігі жоқ. Екеуі бірігіп ұшпаған, екеуі бірігіп қонбаған, адам пайдасына аспайтын арам құс еді. Соңдықтан құс жаманы сауысқан деймін.

– Хош, сауысқан мен қара қоғаның жамандығын білдің. Енді өзіңдің жамандығынды қайдан білдің? – деді хан.

– Да, тақсыр! Менің жасым елуге келді. Мен қа-

тарлылар әйел алып, бала көрді, келін жұмсап, қызық көріп отыр. Мен қайда болса сонда, әлі күнге дейін әркімнің артына мінгесіп, басқа біреудің құлышылығында жүрмін. Енді мен жаман емей, жақсымын ба? – деп Жаман ханға қарады. Хан басын шайқап:

– Апыр-ай, сен жаман болсаң жарап еді... Құстың, шөптің, өзіңнің жамандығыңа дәлел айттың, жарайды. Енді менің бір тұлпарым бар, соны сынап бересің бе? – деді.

– Жақсы, сынап берейін.

Тұлпарды алыш келген соң, Жаман тұлпардың алдырына қарап:

– Тұлпарыңыздың сипатына мін таба алмадым. Енді мініп қарап едім, – деп ханнан рұқсат сұрап алыш, тұлпарға мініп, есік алдындағы өзеннен әрі-бері өтті де, қайтып келіп:

– Таксыр! Тұлпарыңыздан басқа мін таба алмадым. Тұлпарыңыз тек сиырга шатыс екен, – деді.

Хан таңданып:

– Апыр-ай, залым, оны қайдан білдің? Айтқаның рас. Менің Ақша хан деген құдам бар еді. Соның тұлпар табатын бір буаз биесін қалап алдырған едім. Бие күні жетіп, құлышы туа алмай, өлер болған соң: «Бие өлсе, құлыш қалсын», – деп биенің ішін жарып, құлышында алғанмын. Сол құлыш осы еді. Эбден отығып кеткенише, сиырдың сүтімен асырап едім. Ал енді сен мұның сиырга шатысы бар екенін қайдан білдің? – деді хан.

– Тұлпардың одан басқа мінін таба алмадым. Бірақ тұлпарыңыз судан әрі-бері өткенде аузын суға малыш, артқы аяғын сілкіп өтті. Сиырды күніне қырық суарсам да, судан айдағанда, аузын суға малмай, артқы аяғын сілікпей өтпеуші еді. Тұлпардың сиырга шатыс екенін содан білдім, – деді.

Отырған жұрт таң калышп, бір-біріне қаасты.

Хан біраз ойланып отырып:

– Енді менің бір гауһар тасым бар. Сол тасымның қандай қасиеті бар екенін тап, – деп қазынасындағы тасты алдырып берді.

Жаман тасты қолына алып салмақтап, шайқап қарап отырды да:

Сіздің тасыңыз, рас, қасиетті тас екен, бірақ екі жылдан соң қасиеті бітеді. Тасыңыз көзіккен екен. «Адам тілі тас жарап, тас жармаса, бас жарап» деген. Тастьң ішінде көз тиіп түскен екі қара бас құрт бар. Тасыңыздың пышақ сыртындағы ғана қалындығы қалыпты. Сол құрт екі жылдан соң тесіп шығады. Тесіп шыққан соң тасыңыз пайдага аспайды», – деді.

Бірсыныра жұрт не дерін білмей: «Бәрібір екі жылдан соң пайдага аспайтын болса, тасты жаралық», – десті. Бірсынырасы: «Жаманның сөзіне бола тастан айрылмалық», – десті. Ақырында, тасты жармақшы болды. Тастьы жарып қараса, ішін екі ақ қара бас құрт кеулеп, тесуге жақындал қалған екен.

– Тастьң ішінде құрт бар екенін қайдан білдің? – деді хан.

– Тастьң өз қасиетіндей салмағы болуы керек. Тас жеңілдеген екен. Құрт бар екенін содан білдім, – деп Жаман жауап берді.

– Апымым-ай, сен жаман болмадың гой, тіпті бір даныштан болып жүрме! Ал сен менің өзімді сынашы? Мен неше атамнан бері хан екенмін? – деді хан. Жаман:

– Жақсы, – деп таққа отырган ханың алды-артына шығып, алдына келіп, ханың бетіне тіке қарап тұрып:

– Жоқ, тақсыр, сіздің басыңыздан басқа тегінізде хандық жоқ екен, хандық қара басында екен. Қарадан туып хан болғансын, атанда хандық жоқ екен! – деді. Жаманың сөзін бітірмей, хан оның сөзін бөліп:

– Жоқ, қате айтасың, мен жеті атамнан бері ханмын. Өзімді қойғанда да алты атамды қайда жібересін, – деп Жаманға жекірді. Жаман саспады.

– Жоқ, тақсыр, сіздің қара басыныздан басқа тегінізде хандық жоқ сіз, нағыз наубайдың баласысыз, – деді.

Хан не дерін білмей, халықта қарап:

– Апрыым-ау, мына Жаман не дейді? Халқым, мен хан баласымын деп жүр едім, шақырындар анамды! – деді. – Ақыретке біреудің қанын жүктеп барып, Тәнірі алдында қара бет болмасын, не де болса шынын айтсын. Эйтпесе ашумен мына Жаманның басын кесермін, – деді.

Шешесі келген соң, хан шешесіне Жаманның сөзін айтты. Шешесі терең күрсініп, сөзге кірісті:

– Е, шырағым, жасым сексенге келгенде, біреудің қанын жүктеп не қылайын. Бір сыр бар еді, оны Тәнірдің өзі ғана білетін еді, мен білетін едім. Мынау Жаманың біліпті, енді айтайын:

– Атаң сенің Зәрлі хан еді. Менен бұрын 19 әйел алып, кілең қыз тапқаны үшін бәрінің ішін жарып өлтірген екен: Соның үшін де «Зәрлі хан» деп, халық ат қойып еді. Жиырмасыншы әйелге мені алды. Мен де екі қабат болған соң, жалғыз жанымнан қорқып, тәуілтерге қаралып едім: «Сенің ішіндегі қыз», – деді. «Қыз тапсам, мені де өлтіреді фой» – деп көп қайғы жедім. Сол күндерде бас аспазшы-наубайдың әйелі де екі қабат екен. Оның да тамырын ұстаташып қаратып едім: «Мұның ішіндегі ұл», – деді. Жалғыз жаным үшін маған сол жерде ой келді. Әйелді онаша шақырып алып, барлық мұнымды айттым, қазынадан табақтап алтын беріп: «Ақыреттік дос болайық, ұл тапсан, ұлынды маған бер, менің қызымды ал. Бірақ бұл сырды ешкім білмесін!» – деп жалындым. Әйел табақтап алтын алып, бір жағынан мені аяп, сол жерде уәдесін берді. Туар кезімізде Зәрлі хан анда еді, екеуіміздің толғағымыз бір күнде келіп, бір сағатта босандық. Сырды ешкім білмесін деп, басқа біреуді де жолатпай, біріміздің баламыздың кіндігін біріміз кесіп, сол қолыммен қызымды беріп, оң қолыммен сені алған едім, шырағым!.. Енді бұл күнде мына Жаманың соны

біліпті. Сыр ашылуға Тәнірі жазса, не шарам бар? – деп сөзін аяқтай алмай, шешесі жылап жіберді.

– Сөз тапқанға қолқа жоқ! Олай болса, мен таққа лайық емес екенмін, осы оқиғаны оймен білген сіз лайықты екенсіз, – деп хан тағынан түсіп, тақты Жаманға береді.

**Жаман:**

– Жоқ, тақсыр, кешегі құні, «Жаман кісі керек», – дегенде ат артына салып келген Жаман едім, бүгін таққа отырмаймын. Сіздің көлеңкенізде жүрсем де жаарар. Тағынызға өзіңіз отырыңыз, – деп болмайды.

**Хан таққа отырып:**

– Апымай-ай, тақсыр, менің наубайдың баласы екенімді қайдан білдіңіз? – дейді.

**Сонда Жаман:**

Мен жаман-жақсы болсам да, үйіңізге келген қонақ едім. Хандардың ішер асы – жал мен жая аузынызға түспей, нан көже түсіп, келісіммен аспазшыға жібердіңіз. Салтынызға тарттыңыз. Сіздің аталы хан емес екеніңізді содан байқадым, – деді.

**Жиылған жұрт таң қалды.**

Сол қүйінше хан тағы да хандық құрды. Жаман оған жақсы уәзір болды. Жаман ханға ақылымен, тапқырлығымен жақты. Содан былай қарай уәзір елеусіз бол шетте қалды.

\* \* \*

Қундердің бір құні Жаман сыртқа шығып тұрса, қаланың ортасында тігулі алты қанат ақ боз үй тұр екен. Төңірегінде қаптаған кісі, үйге кіруге кезек күтіп тұр екен. Жаман қайтадан үйге кіріп, ханнан:

– Бұл не жиын? – деп сұрады. Хан сонда:

– Қалада қара болса да, байлығымен елдегі ханға парапар Уәлі дейтін бай бар. Сол Уәлі байдың Менді дейтін қызы 15 жастан күйеу таңдал: «Өзімнен ақылы артық кісіге тилемін», – деп жиырма жылдай отырды, қазір

отыз бесте. Осы күнге дейін қыздың өзінен асып, ешкім оған күйеу бола алған жоқ. Бәрі де барып, қызға жауап қайтара алмай, қайтып кетеді. Ол жиын – қызды жеңіп аламыз деп жүрген бай, мырзалардың жиыны, – деді.

Жаман: «Мен де барып көрсем қайтеді», – деп ойлад, кешке жұрт орынга отырган соң, жайлап қыздың үйіне барады. Есікті қағып еді, бір әсем келіншек шығып:

– Не жұмысының бар? – деп сұрады.

– Менің жұмысым сенде емес, қызда. Бар қызға айт! – деді. Келіншек күліп қызға барып:

– Бикеш-ау, күйеу тандаймын деп, сен де жұртты басындырып болдың-ау! Адам көргісіз бір жаман кісі сенде жұмысым бар дейді. Сенен ол дәме етіп келген білем! – деп қалжыннады. Қыз жымып күліп:

– Ол қарауга жаман болғанмен, қандай кісі екенін қайдан білесін? Мынаны алып барып бер, – деп женгесінен гауһар тас, пышақ, тәрелке және қайрақ тас беріп жіберді. Женгесі ол заттарды апарып берген соң, Жаман қолына алып қарап тұрды да:

– Бар, мұның құралын әкел, – деді.

– Ойбай, әлгі Жаманың: «Мұның құралын әкел», – дейді деп, женгесі қызға қайтып барды.

Қыз:

– Жарайды, – деп женгесіне балға мен төс берді. Жаман балға мен төсті алған соң қайракты төске қойып, балғамен ортасынан бөлді, тәрелкені уатты, пышақты жетесінен сындырды, гауһар тасты қақ жарды да:

– Мә, бикешке алып бар! – деп келіншектің қолына берді. Сынған заттарды көрген соң, қыз ұшып түрегеліп:

– Сол адам – шайтан болмай адам болса, менің тап баратын кісім. Шақыр мұнда! – деді. Женгесі не дерін білмей, Жаманды шақырып келді. Қыз оны құрметтеп қарсы алды.

– Бұған талай бай балалары, хан балалары келеді

екен. Бәріне де қыз манағы заттарды береді екен. Бәрі де: «Мениң үйімде пышағым жоқ па, болмаса қазынамда гауһар тасым жоқ па, я тіпті қайрақ таба алмай жүрмін бе?», – деп ашуланып қайтып кетеді екен.

Тап сол күні қыздың агалары ақылдасып: «Бұл қалай болды? Осы қыз отыз беске келді. Қүйеу тандап әлі біреуге тиген жоқ. Сірә, оның басқа бір сүйгені бар шығар. Ондай адам болса ұстап алсын», – деп қарауылшы қойыпты. Таң атқан соң, Жаман қыздың үйінен шығып кетіп бара жатса, қарауылшылар оны ұстап, байдың балаларының қолдарына апарып береді. Бай балалары Жаманды дірдектетіп ханға апарып:

– Мына уәзірді ұстап алдық. Бізді келмей жатып басынды! – дейді. Хан Жаманды оңаша алып сұрайды.

– Қыздың үйіне бардың ба?

– Жоқ.

– Мыналар: «Ұстап алдық», – деді фой?

– Олар өтірік айтып, бәле жауып жүр, мені даладан ұстап алды.

– Мен сенің ақылынды сыйлап, астымдағы тағымды да беріп едім, Тақты өзің алмаған соң, ең жақын уәзірім қылып едім. Уәлі маған олардан қымбат емес. Шынынды айт. Қызды алып берем, – десе де, Жаман ханға тіпті шынын айтар болмады. Хан ашуланып, жендеттерге Жаманды дарға асуға әмір қылды.

Жендеттер, хан бұйырған соң, Жаманды дарға апарып, мойнына тұзақ салып, дардың жібін тартып, жоғары көтерді. Жаман иманын айтып, қырылдап, енді демі бітуге айналғанда көпті жарып, ақ боз атты, ақ киімді, бетіне перде жапқан бір кісі келіп, қылышпен дардың жібін кесіп жіберді де, сұлап жатқан Жаманың көкірегіне қылышын көлденең тастап, жайына кетті. Жаман біраз қырылдап жатып, есін жиган соң, жендеттер тағы да дарға тартайын деп ынғайланғанда:

– Мені енді ханға апарыңдар, – деп өтінді ол.

Жендертер ханга Жаманды алыш келген соң, хан:

– Осы уақытқа дейін неге өлтірмедіндер? Менің бұйрығымды неге екі етесіндер?! – деп ақырды.

Жендертер тұрып оқиғаны айттып беріп, ас десе, әлде де дарға асуға дайын екенін білдірді. Енді хан Жаманға:

– Маған барам деп неге айттың? Әлде манағы айтпаған шынынды айтайын деп келдің бе? – деді.

– Е, тақсыр, шынымды айтайын деп келдім!

– Онда Уәлі байдың қызының үйіне барғаның рас па еді?

– Рас еді.

– Аlam деп уәде беріп пе едің?

– Беріп едім.

– Ендеше мана неге айтпадың?

– Тақсыр, мана айтпаған себебім мынау еді: Мен барып, Уәлі байдың қызына сырттан хабарласқанда, ол маған бір тәрелке, бір қайрак, бір пышақ, бір гауһар тас беріп жіберді. Онысы: «Қайрақтай болып үгітілгенше, тәрелкедей болып уатылғанша, пышақтай болып басы кесілгенше сыр айтпайтын кісі мына гауһар тастай жарып мені алады», – дегені еді. Сол сырды: «пышақтай болып басым кесілгенше айтпаспын!» – деп пышақты жетесінен сындырып, «қайрақтай үгітілгенше», – деп қайрақты уатып, «тәрелкедей уатылғанша», – деп тәрелкені қира-тып, сыр ашпаймын, «гауһар тастай жарып сені алам», – деп гауһар тасты қақ бөліп, уәде беріп едім. Сол себепті мана шынымды айтпап едім. Қыздың өзі мені аяп, ақ боз атқа мініп, бетіне перде жауып келіп, дардың жібін қып, көкірегіме қылышын көлденең тастап кеткені: «мен үшін кінәсіз өлме, ерлігінді көрдім. Қылыш үстінде серт жүрмейді деуші еді, антынды қайтып ал» дегені, – деп Жаман сөзін аяқтады.

Хан Жаманның сөзінің шындығына көзі жетіп, ел жинап отыз күн ойын, қырық күн тойын қылып, қызды Жаманға алыш береді. Жаман тапқырлығымен ханға жағып, екеуі дос болышты.

Бір күні қырық уәзір кеңесіп отырып:

– Бұл Жаман біздің жаман кісі іздегендегі, ат артына мінгестіріп алғып келген жаманымыз еді. Бұл құндерде хан оны өзіне жақын дос қылды. Қызы да әперді, бізді есепке алмай тастанады. Қой, бүйтіп жүріп болмас! Біз бұл екеуін араздастырайық. Ханга Жаманның әйелін мақтайық, үйіне қонаққа апарып көрсетелік. Сөйтіп, екеуінің арасына от жағалық, – деседі. Уәделері бойынша Жаманның әйелін ханга мақтайды.

– Тақсыр, шынында, ол әйел – сізге лайық әйел! – деп ханды азғырды.

Хан Жаманның үйіне барып, өз көзімен әйелді, оның тәрбиесін көрген соң: «Шынында, маган лайық әйел екен», – деп ойлап, үйге қайтып келіп, қырық уәзірмен кеңеседі.

– Ойда жоқта ой салған сендер едіңдер. Енді сол әйелді алуға маган қандай айла тауып бересіндер? – дейді. Уәзірлері кеңесіп:

– Жақсы, тақсыр! Жаманды шақыр. Біз оны «Барса келмеске» жұмсайық. Соңда ол өлер, өлген соң, бос әйелді сіз алмай, кім алар дейсіз, – дейді.

Жаманды шақыруға хан бір жігітті жібереді. Жіберген жігіті барып, үйден сығалап қараса, төрде төсек үстінде Жаман жатыр. Әйелі төрдегі айнаға қарап, өз көркіне таң қалып отыр екен...

Әйел Жаманның сөзіне құліп, артына қарағанда есіктен кіріп келе жатқан жігіт әйелдің жүзін көріп, есінен танып, құлап қалыпты. Сол жерде бетіне су бүркіп, жігітті тұрғызып алғып, жұмысын сұрайды. Жігіт келген жұмысын айттып, ханға қайтып келген соң, хан:

– Сен кеткелі көп уақыт болды, мұнда жұртты сен неге иіріп, отыргызып кеттің? – деді.

Жігіт басынан өткен оқиғасын айтқан соң, әуелде әйелге ғашық хан онан сайын ынтық бола түсті.

Жігіт кеткен соң, Жаман:

– Ханга барайын ба? – деп әйеліне ақылдасты. Әйелі:

- Бар, сені «Барса келмеске» жұмсарын көптен-ақ сөзгендін. Разы бол, бірақ жолға жұлқынған жүйрік, жылжыған жорға мінбе, жылқыдағы ең семізді мін. Қырық уәзір сені үш күншілік жерге шыгарып салар. Олардың қарасы үзілген соң, сен де қайт. Орман ішіне апарып, атынды сой да, етін алыш кел. Соны қорек қылып, жата береміз, – дейді.

Жаман ханға келген соң, хан сөз бастайды:

- Мен сені бір ұзақ сапарға жұмсаймын, жұмсағанда, сенің ерлігіңден үміт етпеймін, ақылыңнан үміт етемін. Барсан әйтамын, – деді.

- Жақсы, барайын, – деп Жаман разылығын білдірді.
- «Барса келмес – дейтін жерде «інжілі қой» дейтін қой бар деп айтады. Бір тұғі – алтын, бір тұғі – күміс, сойса терісі – бір адамға тон, – дейді. Соның терісін үстіме кигім келеді. «Інжілі үйрек» деген үйрек бар, «қанаты – күміс, басқа жері – алтын», – дейді. Соны тәж қып кигім келеді. «Дәудің інжілі қара арғымагы» бар, бір шапқанда жұз шақырым шабады, – дейді. Соны мінгім келеді. Міне, осы жұмыстарға баrasын, – деп Жаманды хан кілең өтірікке жұмсайды.

Жаман ханның жылқысынан бір семіз атты таңдал мініп, жолға шығады. Қырық уәзір үш күншілік жерге шыгарып салып қайтады. Уәзірлердің артынша Жаман да кейін қайтып, «Қараторғай» дейтін орманға апарып атын сойып, үйінен көлік әкеліп етті тасып, тұздап алады. Төсегінің астынан қол бойы жер қазып, күндіз сонда, тұнде әйелінің қасында жата береді. Ай өтеді, жыл өтеді. Бір күні Жаманның үйіне женгесіне, көңіл хош айтуға хан келеді. Қонақасы жеп болған соң, хан сөз бастайды:

- Адамның, шөптің, құстың жаманын әкел дегенде, уәзірлерімнің алыш келген Жаманы еді. Жаман болса да, ақылына разы болып, тағымды да ұсынып едім. Ақылының арқасында сені де алыш еді. Сол ақылынан үміт,

бір жұмысқа жұмсай қойып едім, келер уақыты өтті. Құдайдың әмірі болды ма деймін... Сені қор қылып, жалғыз тастамаспын, «Аға өлсө, іні – мұра» деген, қолыма алып бағармын, – деп үгіт айтады. Эйел отырып:

– Е, құдайдың әмірі болса, не шара?! Ол келгенде, сенің қолында қадірлі тас бар еді, соның тілімен сен ол тасты жарып едің, жарылған соң ол тас пайдага аспады фой. Сол секілді әр заттың пайдалы уақыты бар еді. Кешегі қызы күнімде болса, біресе әрі, енді мен жарылған тас сияқтымын. Саған қызмет етіп жаға алмаспын, әуре болма! – дейді.

Хан әйелден жеңіліп, үйіне қайтады. Хан шығып кеткен соң, әйел күйеуін шығарып алып:

– Бар, енді ханның жауабын өзің бер, – деп қоя береді.

Хан да барып тағына отырып еді, Жаман да сәлем беріп, кіріп келді. Хан сасып қалып:

– Да, қашан келіп қалдың? Ал, әңгіменді айтып бер, – деді. Жаман тұрып:

– Әңгіме ұзақ емес. Үэзірлер шығарып салған соң, бір аш арыстан сонымнан қалмады. Мен: «Барса келмеске» барып, жауды мұқатайын!» – деп қылышымды суырып алып, қуып кеттім. Өз ауылым келіп, қамап едім, онан шығып кетті. Осы сіздің ордаға кірді ме деп отырмын, – дейді.

Хан не дерін білмейді, бір қызарды, бір бозарды, жерге кіріп кеткендей болды, ақырында:

– Мен айыптымын, менен бір қате болды, шайтанның азғырганына ердім, оған себеп – мына үэзірлер. Енді я саған, я маған бір қатер қылар, сен енді іргенді көтер, бөтен елге көш, – деді. Жаман разы болып, көшетін болады. Хан бірнеше түйеге жасау, асыл зат арттырып, Жаманды Ақша ханның еліне көшіріп салады. Жаман Ақша ханның елінде қадірлі адам болып тұра береді.

Күндердің күнінде хан Жаманың сөзі көкейінен

кетпей, шалқасынан шаныраққа қарап, ойланып жатыр еді, қырық уәзір кіріп келді. Хан басын көтеріп алып:

– Жау шапты, ел бүлінді, апат соқты. Осыны ойлап табындар. Болмаса жазалаймын, – деді.

Уәзірлер ақылдасып, өздері таба алмайтын болған соң, Жаманды іздең барып, оған ханның айтқанын айтады.

Жаман қырық уәзірді құрмет етіп болған соң:

– Жақсы, мен жауабын берейін. Хан мені ойлап, қапаланып жатқан шығар, қай-қайдагы есіне түскен шығар, сендерге де өкпесі болса керек. Сөйтіп жатқанда ханның ордасының күлдіреушінің бір басы шыққан болар. «Жаман болса, осыған бір нәрсе айттар еді» – деп сыйнайын деп, сендерге айтқан қызметі тамам болады, – деп кеңес береді.

Уәзірлер ханға келіп:

– Тақсыр, мына бір күлдіреуішініздің басы шығып кеткен екен, соны салып берейік, – деп рұқсат сұрады.

Хан рұқсат берген соң, күлдіреуішінің басына салып берді.

Хан құліп:

– Мұны кім үйретті сендерге? – деп сұрады. Уәзірлер шынын айтты, хан уәзірлеріне:

– Ол Жаман болса да, қысылғанда айла табатын ақылды, данышпан еді. Әркімнің пайдасына жарайтын еді. Сендер күндең, ақырында, екеумізді айырдындар. Егер де ол сендерге ақыл таппаса, сендер өлеңтін едіндер. «Біреуге оп қазба, өзің тұсерсің» – деген мақал бар, – деді.

\* \* \*

Қырық уәзір ханға жағамыз деп, ханның көнілін аулап, күнде ойын-тойын жасап жатса да, ханның көнілі сергімегі. Жаманды сағынды. Бәрі де Жамандай бола алмайды. Бір күні хан ерігіп, уәзірлерімен аңға шықты.

Аң іздел келе жатып, таудың етегінде қой жайып жүрген бір шалға кездесіп, сәлем беріп:

– Да, ата, мына таудың басын қырау шалғалы неше жыл болды? – деп сұрады.

– Бір жиырма жыл болған шыгар, – деді шал.

– Бұл таудың етегін қырау шалғалы неше жыл болды?

– Он бес жыл болды.

– Бұл таудың басынан бұлақ аққалы неше жыл болды?

– Оған да бір он жыл болған шыгар.

Хан ойланып тұрып, тағы да:

– Ата, өзіңіз нешеусіз? – деді.

– Ой шырағым-ай, жатқанда екеуміз, тұрганда төртеуміз!

– Баба менің қырық асыранды қазым бар, соны білдірмей жүнін жұлып күйдірмей пісіріп қан шыгармай сойып беретін кісі бар ма? – деп сұрады хан. Сонда шал:

– Адамына тап болсаң айтқаныңдан да артық етер, – деді.

Хан шалдың сөзіне қанағат етіп, атының басын бұрып, үйге қайтты. Хан үйіне келген соң, уәзірлеріне:

– Мен не дедім, шал не деді? Соны айтындар, оны айыруға он бір ай уақыт берем. Айыра алмасандар, қырқың да өлесіндер, – деді.

Уәзірлер сасып, өздері таба алмайтын болған соң, бәрі де баяғы Жаманға барып, ханның айтқанын айтты. Сонда Жаман:

– Бұл оңай жұмыс емес. Бастьарың өлімге байланған екен. Жақсы енді болмас, тағы да амал табайын. Сендер бір ат қалдырып, басқа аттарыңды сойындар, киімдерінді өртеп, сонымен бір аттың етін пісіріндер, мен мына қалған атқа мініп, сендерді ханға жалаңаш айдал барам. Егер де сендер арланып, қастық етпейтін болсандар, мен сендерді хан алдында құтқарып алам, – деді.

Уәзірлер бір ауыздан:

Ойбай, тақсыр, арланбаймыз! Жанымыз қалса болды, ханымыз бізге өкпелеп жүр, – деп разы болып, сол жерде отыз тоғыз атты қалдырып, сойған аттардың біреуінің етін, өздерінің киімін жағып пісіріп, етін жеп алады. Етті жеп болған соң, соймай қалдырган ала шолақ атқа Жаман мінеді, қолына құрық алғып, жалаң аяқ, жалаң бас уәзірлерді ханға айдал жөнеледі.

Жаман келе жатыр дегенді естіп, хан қырық жігіт ертіп, жібек кілем, жібек шатыр алғып, тұстік жерден алдынан шығып, Жаманды жер бастырмай құрметтеп, жібек кілемге түсіріп алады. Хан уәзірлерді ұмытып кетті. Отыз күн ойын, қырық күн тойын жасап жата берді.

Бір күні уәзірлердің арасында:

– Бұл хан өз қызығы өзінде жата береді. Тұнеугі сөзін ұмытып кетті білем, – деген күңкіл шықты. Жаман оны естіп, уәзірлерді шақыртып алғып, жиылған халық алдында:

– Ол шал жүрттан асқан дана еді. Хан оның даналығын сезіп: «Қырық уәзірімді жөнге салып, ақыл айтпас па екен?» – деп сәлем беріп, тілдесіп еді. Ханың: «Мына таудың басын қырау шалғалы неше жыл болды?» дегені – «Сенің шашыңа ақ кіргелі неше жыл болды?» – дегені еді. Шал: «Шашыма ақ кіргелі жиырма жыл болды», – деді. Ханың: «Бұл таудың етегін қырау шалғалы неше жыл болды?» дегені – «Сақалына ақ кіргелі неше жыл болды – дегені еді. Шал: «Оған да он бес жыл болды», – деді. Ханың: «Бұл таудың басынан бұлақ аққалы неше жыл болды?» – дегені – «Көзіңнен жас акқалы неше жыл болды», – дегені еді. Шал: «Оған да бір он жыл болды» – деді. Ханың: «Ата, өзің нешеусің?» дегені – «Үйінде неше жаның бар?» – дегені еді. Шалдың: «Жатқанда екеуміз, тұрганда төртеуміз» дегені – «Менің әйелім өліп еді, қазіргі әйелімнің күйеуі өлген. Тұнде жатқанда

екеу болғанмен, күндіз қойда жүргенде, мен өлген әйелімді сағынам, әйелім үйде отырып, өлген күйеуін ойлайды», – дегені, «жатқанда екеу, тұрғанда төртеуміз дегені, – сол еді. Ханның: «Қырық асыранды қазым бар, соны қан шығармай сойып, білдірмей жүнін жұлып, күйдірмей пісіріп беретін кісі бар ма?» – дегені – «Мениң ақылсыз қырық уәзірім бар, соларды ұрмай, соқпай жөнге салып беретін кісі бар ма?» – дегені еді. Шалдың: «Адамына тап болсан, айтқанынан асырап» дегені – оның шешуін маған жолдаған еді. Сендер мені іздеп барған соң, үстеріндегі киімдерінді алып отқа жаққаным–білдірмей жұлғаным, аттарынды сойғаным–күйдірмей пісіргенім. Сендерді алдыма салып жалаңаш, жаяу–жалпы айдап ханга әкелгенім – қан шығармай сойғаным еді. Ал енді осымен ханның жұмысы біткен шығар, – деп Жаман сөзін аяқтады.

**Хан:**

– Уәзірлерімнің күнәсін кешірдім. Неше рет екеуміздің арамызға от салып, сенің қоныс аударып, көшіп кетуіңе себеп болып еді. Сонысына ызаланып, өздері әбден жеңілсін, кінәларын мойнына алсын, – деп едім. Мениң тілегім орындалды. Ал, халық, мен де біраз хан болып, қызық көрдім. Ендігі хандығымды мынау досыма берем. Сіз де енді тартынбаңыз, таққа отыруыңызға уақыт жетті. Қалған өмірді сізге қызмет етіп, сіздің хан болған қызығынызды көрейін, – деп Жаманды қолтықтап әкеліп, хан тағына отырызыды.

Елі отыз күн ойын, қырық күн тойын қылып, Жаманды ақ киізге салып, хан көтерді. Жаман Ақша ханның еліндегі үйін көшіріп алды. Жаман таққа мінген соң, соғыспай, ақылмен бес хандықты өзіне қаратты дейді.

Әр ханның адамдары өз елінен әділдік таппаса бұған келіп, теңдік тауып кетіп жүріпті. Сол уақыттан бастап, әділдігі үшін бес ханның елі Жаманға «Аяз би» деп ат қойып, сол аты өле-өлгенше қалыпты. Аяз би әділ болды. Тура билік ететін еді. Нашарларға қарасты. Баяғы өзінің

жыртық тоны мен жаман тымағын ордасының маңдайшасына шегелеп қойды. Кейде хандықпен көнілі ауытқып, тұра жолдан таяйын десе, шегелеулі тымағы мен тонына қарап: «Ай, Аяз, баймын деп аспа, ханмын деп таспа! Аяз, әлінді біл, құмымырсқа жолынды біл!» – деп көнілін басушы еді дейді.



1. Уәзірлер құстың, шөптің, адамның жаманын қандай белгілеріне қарап таңдады? Жаман таңдауының айырмашылығы неде?
2. Жаманның таңдауы ханға қалай әсер етті? **«Апыр-ай, сен жаман болсаң жарап еді!»** – деген хан күдігі неден туды.
3. Менді сұлу Жаманды не себептен басқалардан артық санады?
4. Жаман мен Мендінің бойындағы адамгершілік қасиеттерді атандар.
5. Жаман мен Мендіге мінездеме беріндер.
6. Ханның Жаманды **«Барса келмеске»** жұмсауына не себеп болды? Оған ой салған кімдер?
7. **«Сөзден тосылу»** деген сөз тіркесі қандай мағынада қолданылған?
8. Уәзірлерінің білмектіктерін хан қалай мойындаатты? Қырық уәзірдің бір Жаманға татымайтынын мысалмен дәлелдендер.
9. **«Біреуге ор қазба, өзің түсерсің»** деген мақалдың мағынасы қандай? Соны уәзірлердің қылықтарын мысал келтіре отырып әңгімелендер.
10. Жаманды хан болуға лайық деу мен оған **«Аяз би»** деп ат қоюда қандай мән бар?
11. Ертегіде тұспал, ишара, жұмбақ сөздерге көніл аударып, олардың шешуін, мағынасын түсініндер.
12. **«Ай, Аяз, баймын деп аспа, ханмын деп таспа! Аяз, әлінді біл, құмымырсқа жолынды біл!»**, – деген сөзді қандай мақал-мәтедермен ауыстыруға болады?
13. Ертегінің жай мінездемелік жоспарын жасандар.
14. **«Аяз би»** ертегісінің **«Күн астындағы Күнікей қызы»** ертегісіне ұқсастығы мен айырмашалығына көніл бөліндер.
15. Ертегінің оқығанда, мазмұндағанда оның баяндау тәсілін ескеріндер.

## ЖҮМБАҚ

**Жүмбақ** – барлық туысқан халықтардың ауыз әдебиетіне тән ескі мұралардың бірі. Жүмбақ әрқашан болжал түрінде айтылады. Жүмбақ адамның дүние тану жолындағы ой-өрісінің, адам қиялышының белгілі бір сатысын көрсететін, ой тапқыштығының бір түрі.

Сондықтан жүмбақтың жалпы мазмұны да өте бай болып, оларды бірнеше тақырыптарға бөлуге болады: жаратылыс, адам және оның дене мүшелері, еңбек құралдары, білім, техника жаңалықтары т.б.

Жүмбақ өлеңдерінде үшқырлары құрастыруышы адамның ой-өрісіне, білім дәрежесіне байланысты. Жүмбақтатын нәрсенің мағынасы екінші бір заттың қасиетімен, белгілерімен үқастырылып беріледі.

Мысалы:

*Ақ сандығым ашылды,  
Ішінен жібек шашылды,*

– деген, «ақ сандық» – күн ұғымын бейнелеген. Мұндай бейнелеу **метафора** делінеді.

## Жүмбақ үлгілерінен

### Адам және адамның дене мүшелері

1. Таңертең төрт аяқты,  
Түсте екі аяқты.  
Кешке үш аяқты. (*Еңбектеу, жастық, кәрілік*)
2. Қаудыр-қаудыр жарғагым қартайғанша тозбайды. (*Құлақ*)
3. Ти десем, тимейді,  
Тиме десем, тиеді. (*Eriň*)
4. Көсевім басы – ақ күміс. (*Тырнақ*)
5. Үлкен үй, үлкен үйдің ішінде кіші үй, кіші үйдің ішінде балуан би. (Үлкен үй – ерін, кіші үй – тіс, балуан би – тіл)

## Жазу және кітап оқу

1. Бес жанды бір жансызға мінгеседі,  
Үстінен ақ тақырдың із кеседі. (*Бес саусақ пен қалам*)
2. Жапанда бір нәрсе бар аузы жабық,  
Ашылар мезгілінде бауырын жазып;  
Ішінде толып жатқан қазынасы бар,  
Қорек қып пайдаланар тамам халық. (*Kiman, oқу*)

## Тұрмыс заттары мен құралдар

1. Қара сиырым қарап тұр,  
Қызыл сиырым жалап тұр. (*Қазан, от*)
2. Судан шығады, –  
Судан қорқады. (*Сабын*)
3. Таң қаларлық бір ит бар,  
Үй бағады, үрмейді.  
Аяғы жоқ, жүрмейді,  
Көмейінс тықсан, сөйлейді,  
Адам тілін білмейді,  
Рұқсатсыз сол иттен  
Адам үйге кірмейді. (*Кұлтын*)
4. Өзі тоқ,  
Көлеңкесі жоқ. (*Кұдық*)
5. Ұзын құйрық сауысқан,  
Бір көлдің суын тауысқан. (*Қауга*)
6. Ақылы бар, басы жоқ,  
Аузы бар, денесі жоқ,  
Қолы бар, аяғы жоқ. (*Қақпан*)
7. Өмірді өлшейді,  
Ешкімнен сұрамай,  
Тілінді алмайды,  
Тетігін бұрамай. (*Сагат*)
8. Табаныма байладым,  
Қос таяқпен айдадым. (*Шаңғы*)
9. Өмір-өмір, өмірден,  
Жаққан оты көмірден,

Зымыран деген бір құс бар,  
Жұмыртқасы темірден. (*Мылтық, оқ*)

10. Бұлбұлдың екі құлақ, бір басы бар,  
Салдырган сегіз жерден таңбасы бар;  
Бұлбұлды жолға салып айдағанда,  
Салатын әрбір түрлі жорғасы бар. (*Домбыра*)

### Жаратылыс пен жаратылыс құбылыстары

1. Бір тұкті кілем,  
Бір тұксіз кілем. (*Аспан, жер*)
2. Алты қаз, жеті үйрек, бір бөдене,  
Кейде орта, кейде толы сары тегене;  
Лайдың тұнықпенен арасынан  
Бір аққу ұшып шықты құсқа төре.  
Жұмбакшы кісі болсан, осыны тап,  
Шығардым өз ойымнан, бұл немене?

(*Алты қаз – үркөр, жеті үйрек – жеті қарақышы, бір бөдене – шолпан, бір аққу – күн*)

3. a) Үй үстінде ұсақ тас. (*Жұлдыз*)  
ә) Тақиям толған сөк,  
Ерте тұрсам, жоқ. (*Жұлдыз*)  
б) Көп моншақ үй үстіне қойдым шашып,  
Қарасаң, толып жатыр, көзінді ашып,  
Үйіме сәулеленіп түссе жарық,  
Кетеді әлгі моншақ бәрі қашып. (*Жұлдыз*)  
в) Біз, біз, біз едік,  
Біз арбалы қызы едік,  
Таң атқанша жайылдық,  
Таң атқан соң жойылдық. (*Жұлдыз*)
4. Бір нәрсе жердің бетін шыр айналған,  
Мақұлық, біз білмейміз, қайда барған,  
Арасын жер мен көктің мекен қылышп,  
Байлаусыз бір арада тұра алмаған. (*Жел*)
5. Бір нәрсе көрінбейді бар фой өзі,  
Адамзат ол нәрсені көрмес көзі,  
Жансызды қимылдатып жанды қылар,  
Ызылданап ызынданар айтқан сөзі. (*Жел*)

6. Күйп едім, – мойнын бұрмады,  
Үстайын деп едім, – қолға тұрмады. (*Боран*)

### Техника

1. Бір кісі бар дұниеде,  
шемішке шағып тұрады.  
Бұл кісіден ар уакыт,  
Әркім мезгіл сұрады. (*Сагат*)
2. Сом дене табаны бар қанша тісті,  
Бір өзі бітіреді сонша істі. (*Трактор*)
3. Бір құсым бар жаны жоқ,  
Қанатының саны жоқ.  
Кісіге өзі тым жақын,  
Сөйлесуге дамыл жоқ. (*Телефон*)
4. Өздігінен жүрмейді, жарыспайды,  
Кісі мінсе, жарыстан қалыспайды.  
Аяғы екеу болғанмен, ізі жалғыз,  
Сағатта талай жерді қарыштайды. (*Велосипед*)



1. Жұмбақтардың оқиғасынан таныттыныңдырын айттындар. Оларды өздерін білетін жұмбақтармен толықтырындар.
2. Жұмбақтың қысқа айтып, біреу шешуді керек ететінін ескеріндер.
3. Жұмбақ болған нәрсеге ауыстырылып, ұқсата бейнелеу екенін байқандар, мысал келтіріндер.
4. Жұмбақ болғаннәрде көрсетілген аяғынан жағып айтқан сөздерге мысал келтіріндер.
5. Жұмбақтардың өзінде көрсетілген аяғынан жағып айтқан сөздерге мысал келтіріндер.
6. Жұмбақтардың өзінде көрсетілген аяғынан жағып айтқан сөздерге мысал келтіріндер.

## МАҚАЛ-МӘТЕЛ ТУРАЛЫ

**Мақал** – түйінді ойды білдіретін, тұра мағынасына орай астарлы мағынада орын алатын ықшамды нақыл сөз. Мақалдар ойды ұтымды, ұтқыр, тілге орамды, жарасымды етіп жеткізуімен құнды. Мақал қофамдық өмірдің сан алуан құбылыстарын кеңінен қамтиды, тақырыбы мейлінше бай, жан-жақты келеді. Адамгершілік, әділдік, еркіндік, енбек сүйгіштік, өнерді, білімді, Ана тілін жоғары бағалау секілді аса маңызды әлеуметтік идеялар, халықтың мұддесі, тілек-талаптары мақалдарда айқын көрініс тапқан.

**Мәтел** – мақалға жақын, алайда өзіндік сипат, айырмасы да жоқ емес. Мәтелде қобінесе айтылатын ойдың ұшығы, тұспалы ғана болады, ол нақышты сөйлемше түрінде келеді. Мақал-мәтелдерде сөздер өзара ұндесіп, үйлесіп келеді. Кейде ассонанс тәсілімен (бірыңғай дауысты дыбыстардан басталса), кейде аллитерациямен (бірыңғай дауыссыз дыбыстардан басталады) айтылады.

Мысалы:

*Жапа шегіп жай жату,  
Жасқыншақтың белгісі.  
Ерте жатып кеш тұру,  
Еріншектің белгісі.*

Мақал-мәтелдер ықшамды, мағиналы, тілі көркем, бейнелі және мейлінше қарапайым, көңілге қонымды болғандықтан есте сақтауга, айтуға жеңіл келеді.

- *Ердің екі сөйлегені өлгені.*
- *Екі кеменің құйрығын ұстаган суга кетер.*

*Сөзің тәтті болсын,  
Ашуың қатты болсын.*

## *Мақал-мәтеп үлгілерінен*

### **Тіл, сөз, білім туралы**

1. Ақыл – тозбайтын тон,  
Білім – таусылмайтын кен.
2. Өнер алды – қызыл тіл.
3. Сөз анасы – құлак,  
Су анасы – бұлак.
4. Жақсы сөз жан сүйсіндіреді,
5. Өз білмегеніңді кісіден сұра,  
Кісі білмесе, кішіден сұра.
6. Ойнап сөйлесең де, ойлап сөйле.
7. Біле тұрсаң да, сұрап біл.
8. Аңдамай сөйлеген ауырмай өледі,
9. Аз сөз–алтын.
10. Сөздің көркі–мақал.
11. Асыл тастан шығады,  
Өнер жастан шығады.
12. Өнерлі өрге жүзер.
13. Өнерлінің өрісі ұзақ.
14. Оқу–білім азығы,  
Білім – өнер қазығы.
15. Өзің жетпеген жерге  
Сөзің жетер.
16. Өнер табу –  
Өрге шабу.

### **Достық, жолдастық, шынышылдық, адалдық, адамгершілік туралы**

1. Жолдасы жаманды жау алады.
2. Жауға жанынды берсең де, сырынды берме.
3. Емен ағаштың иілгені – сынғаны,  
Ер жігітің екі сөйлегені – өлгені.
4. Өтіріктің құйрығы бір-ақ тұтам.
5. Женілдік жарға жыгар.

6. Үрлүк тұбі – қорлық.
7. Ала жіпті аттамағанның абыройы биік.
8. Дос басқа қарар,  
Дұшпан аяққа қарар.
9. Дос сыртыңдан мақтар,  
Дұшпан көзіңе мақтар.
10. Кең пейілді кем болмас.
11. Есер ақылы түстен кейін кіреді.
12. Жығылған сұрінгенге құлдер.
13. Арғымақтың белгісі,  
Аз оттар да көп жусар.  
Асыл жігіт белгісі,  
Аз сөйлер де көп тындар.

### **Отаң, ана, халық туралы**

1. Халық айтса, қалып айтпайды.
2. Ел іші–алтын бесік.
3. Ерден аспақ болса да,  
Елден аспақ жоқ.
4. Елді сөкпе, кенді төкпе.
5. Отанды сүю – от басынан басталады.
6. Егілмеген жер жетім,  
Елінен айрылған ер жетім.
7. Бала – ананың бауыр еті,  
Көз нұры.
8. Ана алақанының аясы –  
Ақ шынардың саясы.
9. Ананың сүті – бал,  
Баланың тілі – бал.
10. Туған үйдің түтіні жылы,  
Туған ананың күтімі жылы.
11. Анаңа ауыр сөз айтпа!  
Атаңа ауыр жүк артпа!

## Еңбек, бірлік туралы

1. Көптік қайда болса – тоқтық сонда,
2. Қызмет қыл да, міндет қыл.
3. Еңбек қылсаң – емерсің.
4. Еңбегі аздың – өнімі аз.
5. Ексең егін – ішерсің тегін.
6. Бейнетсіз рақат жоқ.
7. Жан қиналмай, жұмыс бітпес,  
Талап қылмай, мұратқа жетпес.
8. Еңбектен қашқан еңбекке жолығар.
9. Бірлік болмай, тірлік болмас.
10. Тірліктің күші бірлікте.
11. Еріншекке бұгінгіден ертеңгі оңай.
12. Жер – анасы, мал – баласы.
13. Жер иісе, мал иір.
14. Жері семіздің – малы семіз.

## Ерлік пен ынтымақ туралы

1. Ел үмітін ер актар,  
Ер атағын ел сақтар.
2. Ерлік білекте емес, жүректе.
3. Ерді намыс өлтірер,  
Коянды қамыс өлтірер.
4. Айлалы батыр алдырmas.
5. Ер жігіт елі үшін туады, елі үшін өледі.
6. Батыр туса, ел ырысы,  
Жаңбыр жауса, жер ырысы.
7. Ырыс алды – ынтымақ.
8. Қосылып еккен ағаш – орман.  
Ынтымақ – бұзылмайтын қорған.



1. Мақал мен мәтелдер неліктен халық даналығы деп аталауды?
2. Мақалдаң, мәтелдеп сөйлеудің ұтымдылығы неде?
3. Мақал халықтың тұрмыс тәжірибесімен жинақталып, тапқырылышпен берілген тұжырымды ақыл-кенес, өсіет орайында айтылатын сөз екенін ескеріндер.
4. Келтірлген мақалдарды оқып шығып, қай мақалдың қандай жағдайда қолдануға болатындығын түсіндіріндер.
5. Өздерің ата – әжелерің, ата-аналарыңнан естіген мақал мәтелдерді жазып келіндер. Жазып алған мақал-мәтелдерінді тақырыптық тұрғыдан ажыратындар.

## БАТЫРЛАР ЖЫРЫ

**Батырлар жыры** – көлемі жағынан да, мазмұн-мәні жағынан да қазақ фольклорында ауқымды орын алғатын аса көрікті жанрдың бірі.

Батырлар жырының басты тақырыбы – ерлік, батырлық, елді сыртқы жаулардан қорғау. Елді, жерді сұю, Отанды қорғау мәселесі – қай жырдың болмасын алтын арқауы. Онда ел басынан өткен елеулі оқиғалар нақты бейнеленбегенмен де, тарихи кезендердің табы айқын байқалып отырады. Елдің әрідегі ескілігін жырга қосатын көне эпостарда («Құламерген», «Жоямерген», «Дотан батыр», «Құбығұл» т.б.) тарихи оқиғалар тым көмескі тартып, қиял-гажайыптық сипат басым болса, одан беріректе туған қаһармандық эпостарда («Алпамыс», «Қобыланды», «Ер Тарғын», «Едіге», «Қамбар» т.б.) тарихи оқиғалар сілемі нақтырақ көрініс береді. Ал аты мәлім тарихи тұлғаларды (Абылай, Қабанбай, Бөгенбай, Кенесары, Наурызбай, Ағыбай, Есет, Жанқожа т.б.) жырга қосатын шығармаларда тарихи деректілік тіптен басым. Яғни батырлар жыры – елдің азаттыққа ұмтыл-

ған күрес жолының ерлік шежіресі. Халықтың ерге қорған болған айбынды адал ұлдарына сөзден соққан ескерткіші.

Батырлар жыры елдің сан ғасырлық тарихын, ерлік дәстүрін, кезендік оқиғаларға деген халық бағасын, алдан күткен ұміті мен аңсар-мұратын көркем жинақтап бейнелейді. Ол тарихтың салқар көшінде жиі қайталанатын соғыстар мен шайқастардың жылнамасы емес, ел есінде ерекше қалған елеулі оқиғаларды жинақтай бейнелейтін көркем туынды. Халықтың оны ерекше қастерлеп, сүйсіне жырлап, ұрпақтан-ұрпаққа мұра етуінің тағы бір сырғы ондағы отаншылдық идеяның ерекше асқақтығында. Халықтың арман-мұнының үнемі алдыңғы кезекте тұратындығында.

Батырлар жырын фольклордың басты эпикалық жанрларынан өзгешелейтін өзіне тән белгілері бар.

Ең алдымен оның басты қаһарманы – батыр. Батырлар жырының барлығында ол әдеттен тыс жағдайда дүниеге келеді. Бір балаға зар болған ата-анасы оны тәнірінен тілеп алады. Қайыптан туган ол жастайынан алып құштің иесі және тез ер жетеді. Алғашқы ерлігін өзіне жар тандау сапарында көрсетеді. Оның жары да өзіне сай ер мінезді, ақыл-парасатқа бай, сезімтал, айнымас жолдас болып келеді. Жырда батырмен ажырамастай бірлікте сипатталатын бейненің бірі – оның аты. «Ат – ердің қанаты» деген нақылға берік халық жырларында ат – батырдың ең жақын серігі. Батырдың аты жырда ерекше әсірелене суреттеледі. Ол «алты ай жорытса арымайтын» жауға мінетін тұлпар емес, қысылған жерде батырга ес қосатын ақыл иесі де болып көрінеді. Сол сияқты батырлар жырында «Қобыланды сонда сөйлейді, сөйлегенде бүй дейді», «Қорамсаққа қол

салды, бір салғанда мол салды» деген сияқты тұрақты қайталаулар болады.

Батырлар жырының сюжеттік желісі батырдың балалық шағынан басталып, түрлі жорықтарын, ерлік істерін баяндайтын қызығылықты оқығаларға құрылады. Олардың жаумен шайқасы аса тартысты, жау батырлары кейде оның өзінен де қайратты болып келеді. Бірақ азаттық, әділдік жолындағы батыр күресі әрқашан жеңіспен аяқталады. Жыр ағымымен келетін батырлық эпостардың тілі аса көркем, айшықты қолданыстарға бай. Онда, әсіресе, шектен тыс ұлғайтып немесе шектен тыс кішірейтіп суреттейтін әсірелеулер мол. Батырлар жырын жыршылар сазды мақаммен алтап жырлайтын болған. Қазақ батырлар жырының ішінде «Алпамыс», «Қобыланды» сияқты жеке жырлармен қоса, «Қырымның қырық батыры» сияқты батыр ұрпақтарын бірінен-бірін туындана жырлайтын циклі жырлар да бар. Мұндай жырларды жыраулар күнді-күнге, таңды-таңға ұрып жырлайтын болған, ондай жырлардың әлемдік ұлгісі – қырғыз халқының «Манас» эпосы. Оны манасшылар айлар бойына тынбай жырлаған. Халық арасында батырлар жырын айтуды өнер тұтқан талантты адамдар көп болған. Оларды «жыршы» деп атап халық ерекше құрметтеген. Бүгінгі сендер сүйсіне оқып жүрген батырлар жырының нұсқалары Марабай, Мұрын Сенгіrbайұлы, Майкөт Сандыбайұлы, Сұлтанқұл Ақжожаев, Әбдірайым Байтұрсынов, Рахмет Мәзхожаев сияқты жыршылардан жазылып алынған қастерлі мұралар.



- Ертегілер мен батырлар жырын салыстырындар, қандай айырмашылықтарды байқайсындар?

2. Батырлар жырында ерлік, батырлық, ел қорғау мәселе-  
сінің алдыңғы кезекте болатындығы неліктен деп ой-  
лайсындар?
3. Батырлар жырына тән сипаттар қандай?
4. Батырлар жырының кейіпкерлеріне айналған қандай  
тарихи тұлғаларды білесіндер? Олар тарихта қандай  
ерліктер көрсеткен?

## Қобыланды батыр

Қарақыпшақ Қобыланды –  
Атасы мұның Тоқтарбай,  
Халықтан асқан болды бай.  
Байлығында есеп жоқ,  
Айдалып бағып жайылды  
Төрт түлік малдың бәрі сай.  
Жаз жайлауы Көздікөл,  
Көздікөлді жайлаған  
Қалың Қыпشاқ жағалай.  
Тоқтарбайдың дәuletі –  
Ішкені мас, жегені тоқ,  
Бай-кедейдің көңілі жай.  
Қыс қыстауы – Қараспан,  
Қараспан көкке таласқан,  
Ат үйірінен адасқан.  
Қалың Қыпшақ тізіліп,  
Қонса қоныс жарасқан.  
Әліп таңба Қыпшақтың  
Атағы озған алаштан.  
Сексенге жасы келгенше  
Бір бала көрмей Тоқтарбай,  
Қайғыменен қан жұтып,  
Ақылынан адасқан.  
«Шөл иесі сұнқар қияқсыз,  
Еш нәрсе көрмей дүниеден  
Откенім, – деген, – тұяқсыз»  
Тоқтарбайдың зарына  
Қалың Қыпшақ қайысқан.  
Әулие қоймай қыдырып,  
Етегін шенгел сыйдырып,  
Жеті пірге танысқан.  
Әулиеге ат айтып,  
Қорасанға қой айтып,

Қабыл болған тілегі,  
Жарылғандай жүрегі,  
Аналықтай бәйбіше  
Қабырғасы майысқан.  
Елуге жасы келгенде,  
Көзім ашпай дүниеден  
Өтемін бе дегенде,  
Сонда көрген арыстан.  
Бір ұл, бір қыз атадан:  
Қыздың аты Қарлығаш,  
Қобыландыға қарындас.  
Алты жасқа келгенде  
Арыстан туған Қобылан  
Қазынадан қамқа киеді.  
Өзімнің еншім болсын деп,  
Тобылғы менді тор атты  
Енші қылып мінеді.  
Қобыландының тілегін  
Бүкіл Қыпшақ тіледі.  
Өзі алты жасында  
Кемшат бәркі басында,  
Тобылғы торы ат астында,  
Қаршығасы қолында,  
Тазысын ерткен соңында,  
Жеті пірге сыйынып,  
Баратұғын жолында,  
Тоқтарбайдың жылқыда  
Тоқсан құлыш бар еді.  
Тоқсанының бастығы  
Естеміс деген ер еді.  
Естемісті көруге  
Жылқыға бала жөнелді.  
Жылқыға бала барғасын,  
Баурап малын алғасын.  
Тоқсан құл мен Естеміс,

Риза тауып қалғасын,  
 Қолғанат пен құйрыққа  
 Енді тоқсан кеңелді.  
 Қобыландыны барғасын  
 Еstemіс ерің баулиды.  
 Құнде киік аулайды,  
 Кездессе жауын жаулайды,  
 Жылқыда жатып Қобыланды  
 Екпіні оттай қаулайды.  
 Қаршығасы қолында,  
 Құмай тазы соңында.  
 Еstemіс пен екеуі  
 Қонып жатса бір тауда,  
 Намазшамнан өткенде,  
 Құптан мезгіл жеткенде,  
 Құлағына батырдың  
 Бір дауыс кеп шулайды.  
 Арғы астында сол таудың  
 Бұрқыраған бу шықты,  
 Шуылдаған шу шықты.  
 «Бұл не қылған дауыс?» деп,  
 Еstemістен сұрайды,  
 Айтпасына қоймайды.  
 Сонда Еstemіс сөйлейді,  
 Сөйлегенде бүй дейді:  
 «Арғы астында бұл таудың  
 Қызылбастың елі бар.  
 Жасыл байтақ жері бар,  
 Айдынды шалқар көлі бар,  
 Көктім Аймақ ханы бар,  
 Неше мың сан жаны бар,  
 Қанша жиган халқына  
 Көрсетіп тұрган сәні бар.  
 Құртқа деген қызы бар,  
 Жұртына жиган назы бар.

Ай астына аспанға  
Құрды бақан қақтырып,  
Алтын теңге аттырып,  
Теңгені атып түсірген  
Құртқаны сұлу сол алар.  
Соның даусы бұл даусыс,  
Көптен шыққан бұл хабар.  
Көңілің ауып, шырағым,  
Бұған болма ынтызар,  
Шарға салып басынды,  
Бола көрме сен құмар».  
Қанша айтса да Естеміс,  
Барғысы келді баланың  
Түсірем деп атып дәл,  
Кәміл пірлер болса жар.  
Естеміс тағы сөйлейді:  
«Қой шырағым, жассың ғой,  
Қабырғаң сенің қатқан жоқ,  
Омыртқаң өсіп жеткен жоқ,  
Жіберуге қорқамын,  
Тілімді алсан, рұқсат жоқ.  
Барғанмен кезек келмес-ті,  
Баланы көзге ілмес-ті,  
Бағып жатқан Құртқаны  
Қырық бес кез Қызыл ер  
Шырағым, теңдік бермес-ті»  
Ерлігін кәміл білгізді.  
Тобылғы менді торы атпен,  
Дөңгелентіп жөнелді,  
Атып жаткан жеріне  
Іркілмestен келеді.  
Келгендігін баланың  
Көктім Аймақ көреді.  
Айбатынан сескеніп,  
Баланы келген сынады.

Қобыландыдай төрөні  
«Қазақтың ері келді» деп,  
Көктім Аймақ патшасы  
Кезекті бұған береді.  
Кәміл пірлер жебеді,  
Қолына алып толғанып,  
Қозы жауырын жебені  
Ат үстінен шіреніп,  
Сонда тұрып тартады,  
Кәміл пірлер сенгені.  
Құрулы бақан басында  
Екі бөліп ұшырды  
Ай астында теңгені.  
Құртқа көріп батырды  
Шашу шашып басына,  
Бұралып келді қасына.  
Нұрына тойып төнгені,  
Көзі көрмей өңгені,  
Іздеген теңім келді деп,  
Патшаға салып жеңгені.  
Айтқан серттен қайта алмай,  
Отыз күн ұдай тойын қып,  
Көктім Аймақ атасы  
Қыз Құртқаны бергені.  
Аққа белін шешіпті,  
Пайғамбар құда несіпті,  
Жұрттын жиып той қылып,  
Құртқа сынды сұлуды  
Қобыландыдай батырға  
Берейін деп жатқанын  
Қырық бес кез Қызыл ер  
Хабарын мұның есітті.  
Меніменен күресіп,  
Жықса, алар» десіпті.  
«Аты-тонын олжалап,

Аман қайтса жарап» деп,  
Өзінше желдей есіпті.  
Бетіне жан қаратпай  
Көңілі әбден өсіпті.  
Бұл сөзді естіп Қобылан:  
«Артымда жау қалдырман,  
Берсе құдай несіпті», –  
Деп мініп ап атына,  
Қызыл ерге келеді,  
Келіп те сөйлей береді:  
«Қобыланды келді шықсын» деп,  
Тау мен тасты күнірентті.  
Қорлықпенен өлсін деп,  
Тасқа салып боршалап,  
Қызыл ерді еңіретті,  
Домаланды жерге бас,  
Кеудесінен жан кетті.  
Құртқаға келіп сөйлемді,  
Көңілі ердің желпініп.  
«Сұлтаным не қылды екен» деп,  
Құртқа сұлу жүгіріп,  
Алдынан шыққан ентігіп,  
Көктімге хабар береді,  
Дұшпанынан құтылып,  
Көңілдері жайланды.  
Жөнелтуге Құртқаны  
Көктім Аймақ ойланды,  
Алтынмен ішін безеген,  
Сырты күміс ақ отау  
Келістіріп түзеген,  
Арттыруға сайланды.  
Қырық түйе қазына,  
Қырық құл мен қырық күн,  
Қосып берді қызына...  
...Бірнеше күн жол жүріп,

Аз ғана емес мол жүріп,  
Өткен күнді санады.  
Бір күндері болғанда,  
Қара жолдың үстінен  
Қалың жылқы жарылып  
Екі жақта қалады.  
Құртқа сынды сұлуың  
Күймен басын шығарып,  
Жылқыға көзін салады.  
Ортасында жылқының  
Көкала бие жусап түр –  
Құртқаның көзі шалады.  
Тоқтатып қойып күймесін,  
«Мінетін атым қолымда,  
Баар-бармас жолымды,  
Хабар салып алайын,  
Үйдегі Құртқам біледі.  
Жан серік атым қолында,  
Алты жыл болды баққалы,  
Тұндікпенен күн беріп,  
Тұтікпенен су беріп,  
Бағымды бастан алмасын,  
Алды-артымды шалмасын,  
Қияметтік жолдасым,  
Үйдегі Құртқам біледі  
Мениң де баар-бармасым».  
... Таң сарғайып атқанда,  
Шолпан жұлдыз батқанда,  
Ақ отаудың ішінде  
Құртқажан ұйықтап жатқанда,  
Еstemіс келіп сөз қатты...  
Сонда сұлу Қызы Құртқа,  
Көтеріп басын сөйледі.  
«Жұмсады ма сіздерді  
Үйдегі Буырыл тұлпарға?

Дұғай сәлем дегейсің,  
Тұлпарына жұмсаған,  
Жүрт иесі сұңқарға,  
Және де сәлем дегейсің,  
Заманы бірге сырласқа,  
Жылы бірге жылдасқа,  
Жасы бірге құрдасқа.  
Атының күні толмай тұр,  
Зор салмасын жолбарысқа.  
Тілімді алса сұлтаным,  
Бұл сапарға бармасын,  
Бұл олжадан алмасын.  
Көп жылады дегейсің  
Үйдегі нашар жолдасың!  
Аскар тауда белдік бар,  
Азда қанша теңдік бар,  
Құрдаста қанша елдік бар?  
Сұлтаным сәлем де,  
Тілімді алса бармасын,  
Біз байлаған Буырылда  
Қырық үш күндік кемдік бар».  
Мынау сөзді есітіп,  
Қобыланды келді құрдасқа,  
Жүремін деген жолдасқа,  
Қобылан сонда сөйледі:  
«Бұл сапарға бармаймын,  
Бұл олжадан алмаймын,  
Саған да сәлем көп айтқан,  
Құрдасым көңілі қалмасын,  
Өтініш қылып зарлаймын.  
Асқар төбе бел деген,  
Ақ бармақпен жемдеген,  
Ауырса желмен емдеген,  
...Сонда Қобылан батырдың  
Тері тамып иектен,

Тұғі шығып білектен,  
 Жаны бір тулап жүректен,  
 Неше бір құрдас айтса да,  
 Қараманның бұл сөзі  
 Өтіп бір кетті сүйектен.  
 Сөз сүйектен өткен соң,  
 Тобышақ атқа ер салды,  
 Ақ алмасқа қол салды.  
 Қамшы салды сауырға,  
 Екпіні ұқсап дауылға.  
 Тобылғы менді торы атпен  
 Қобыланды шапты ауылға.  
 Бұландаған Құртқаның  
 Сөзге сынық қылдың деп,  
 Егер шықса алдынан,  
 Басын кесіп алмаққа.  
 Дарбазалы есікті,  
 Пайғамбар құда несіпті,  
 Үйде отырған Қызы Құртка  
 Дүбірін аттың есітті.  
 Ағыны қатты кім болсын,  
 Сұлтаным-дағы десіпті.  
 Түре келіп бұландаپ,  
 Ашып көрді есікті,  
 Тастан беріп есікті,  
 Көргеннен соң қамықты...  
 Енді Құртқа сасады,  
 Бетінен қаны қашады,  
 Оң етегін басады,  
 Саскан емей немене,  
 Аш күзендей бүгілді,  
 Құртқа жаннан түңілді.  
 Сасып жүріп жол тауып,  
 Ақылменен ой тауып,  
 Тұтікпенен су берген,

Тұндықпенен күн көрген,  
Ақырда тұрған Буырылды  
Шығарып етеп алады.

Мойнына арқан салады,  
Шылбырынан жетелеп,  
Қобыландыдай бөрінің  
Бұландаған Қызы Құртқа  
Алдынан кетіп барады.

...Туғалы күнді көрмеген,  
Түнектен шыққан Тайбуырыл

Айдалаға шыққан соң,  
Тұлкідей көзі жайнайды,  
Қаруы сыймай қайнайды,  
Көлденең жатқан көк тасты  
Сулығым деп шайнайды.

Он екі құлаш кезеңнен  
Атылып Буырыл ойнайды.

Қызы Құртканы көтеріп,  
Ақ сауытын бөктеріп,  
Дүйсенбі күні сәскеде  
Қараспан тауын бөктерлеп,  
Кешегі кеткен қияттың  
Қобыландыдай батырың  
Соңынан желіп жөнелді.

...Қобыланды сынды батырдың  
Көңілі бітіп Буырылға  
«Шырағым, Буырыл, шу» деді,  
Құбылып Буырыл гуледі...

Кеткен қолдың соңынан  
Жетемін деп Қобыланның  
Жоқ еді тіпті есінде.

Бұландаған Буырылмен  
Артық туған Қобыланды  
Аңқытып жетті бесінде.

...Қобыланды гулеп жөнелді

Көп қиятқа қарамай.  
Қалың қият – көп қосын,  
Бәрі қалды артында  
Бірі еруге жарамай.  
Сонда Буырыл гуледі,  
Табаны жерге тимеді,  
Көлденең жатқан көк тасты  
Тіктеп тиген тұяғы  
Саз балшықтай иледі...  
...Арандай аузын ашады,  
Аяғын топ-топ басады,  
Бір төбенің тозаңын  
Бір төбеге қосады.  
Кешке таман Тайбурыл  
Жын каққанға ұқсады,  
Құлан менен құлжаның  
Ұзатпай алдын тосады.  
Көл жағалай отырған  
Көкқұтан мен қарабай  
Көтеріліп ұшқанша,  
Белінен басып асады,  
Дуадақ пен жек қалды,  
Әлде өтірік, әлде шын  
Ақ қарабас, лашын,  
Өлген құсты жеп қалды.  
Ебелек ұшпас елсізден,  
Көбелек ұшпас көлсізден,  
Адам жүрмес жерлерден,  
Батпақ лай көлдерден,  
Аскар-асқар белдерден,  
Жалғыз шауып жол шекті.  
...Намаздыгер өткенде,  
Намаз ақшам жеткенде,  
Қазанның сырлы қаласын  
Қобыланды батыр көреді.

Бес ағаштың тұбінде,  
Қазанның алған жылқыға  
Ағыны қатты Буырылмен,  
Айдап шықты даға.  
Сырлы қаланы алады,  
Адамын жөнге салады.  
Қаланың қиғаш қасында,  
Қасқарлық таудың басына,  
Бұлаңдаған Буырылмен  
Батыр Қобылан шығады,  
Құртқаның сөзін сынады.  
Жан-жаққа көзін салады,  
Батырдың көзі шалады,  
Қалың қият – көп қосын  
Он екі күн дегенде  
Олар да келіп қалады.  
Өзі жатқан Қазанның  
Қырлы дейтін қаласын  
Қырық мың қолды әскермен  
Алты қабат орының  
Сыртынан орап алады.  
Қараман атты батырың,  
Аламын деп ала алмай,  
Алты қабат орынан  
Қарғытып ішке ене алмай,  
Қайраты жетіп таса алмай,  
Үш күн тұрып сыртында  
Болдыра алмастай болған соң,  
Енді атына мінеді,  
Мініп алып атына,  
Тауда жатқан батырға  
Қараман өзі келеді.  
...Қараман, Қобылан қосылып  
Қосынға келіп енеді.  
Ордың шығып басына,

Қаланың келіп қасына,  
Қобыландыдай батырың...  
Буырыл атқа «шу!» деді,  
Бұктеле беріп жазылып,  
Буырылы бұлқып гуледі,  
Алты қабат орынан  
Жетінші қабат қалаға  
Қояндай ырғып жөнеді.  
Ортасына шаһарының  
Буырылы барып топ етті,  
Жердің шаны бұрқ етті,  
Төрт аяғы тиген жер  
Тесіле жаздал солқ етті.  
Қалаға Қобылан кіргесін,  
Іркілмей кіріп кеткесін,  
Бала да болса келбетті.  
Ене алмай қалды Қараман,  
Ордың сыртын айналып...  
Арыстан туған Қобыланды  
Көп әскерге келді-кез,  
Қырық мың атты қызылбас  
Қолына жасыл ту алған.  
Ерлер жаннан түнілді  
Аш күзендей бүгілді,  
Екеуінің ақ сауыт  
Шығыршықтан сөгілді.  
Сол уақыттар болғанда,  
Артық туған Қобыланды  
Найзасын ырғап ендірді.  
Қазанды аттан төндірді,  
Ат көтіне міндірді,  
Ту жығылар айшықты,  
Ақ денеден қан шықты,  
Суырып алды, жан шықты.  
Ұлы сәске болғанда,

Ортасында қаланың  
Ер Қазанның аузына  
Қобыланды құйды балшықты.  
Қазан аттан құлады,  
Көріп елі шулады.

... Топтанып тұрган кәпірге  
Қобыланды жалғыз тиеді,  
Бөлек-бөлек қылады,  
Бөлінген қойдай қырады.  
Жалғыз өзі батырың  
Жойып кетіп барады,  
Қойға тиген қасқырдай  
Сойып кетіп барады,  
Жолбарыс шапқан құландай,  
Жойып кетіп барады,  
Үш мың атты бір сайға,  
Төрт мың атты бір сайға,  
Қойып кетіп барады.  
Қайтарында алмақта  
Тізгінінен қосақтап,  
Түйіп кетіп барады.  
Ақ білегі қан болып,  
Жау үстіне жол салды,  
Үкімін жауға мол салды.  
Көмегі жоқ соңында,  
Жаны құдай қолында,  
Туырлықтай ту алып,  
Туды қанға суарып,  
Қырық мың атты қызылбас  
Әрі-бері қозғалды,  
Қырылмағаны аз қалды.  
Үкімін жауға мол салды,  
Жетінші күні сәскеде  
Жаудың берін тауысып,  
Ақ найзаға сүйеніп,

Қобыланды жалғыз бұл қалды.  
Өтірік емес, жан аға,  
Қырық қақпалы Қазанды  
Он сегіз күн дегенде  
Бұзып жарып батырың,  
Малын, жанын ызғытып,  
Көбікті келсе малына,  
Салайын жәбір жанына,  
Көбіктіні өлтіріп,  
Бір тояйын қанына.  
Көбікті де ер, – дейді,  
Қайратымды көр, – дейді, –  
Найзам тимей дұшпанға  
Арманда барам мен» дейді.  
Қобыландыдай батырың  
Мақұл көріп бұл сөзін,  
Асып-тасып екеуі  
Алланы алмай аузына,  
«Барайық десен, жүр» дейді.  
Ер салды атқа батырлар  
Алтынды тұрман тағынып,  
Екі батыр жөнелген,  
Сыйынбай пірге жаңылып.  
...Көп қосыннан екеуі  
Сапарланды ел жата.  
Көбіктінің шаһарының  
Қарасын көрді таң ата.  
Бөлінбеген үйқыға,  
Жыртылмаған құлпыға,  
Екі батыр кез келді  
Құба көлде Көбікті  
Отар салған жылқыға.  
Көкалалы көп жылқы,  
Бөрі құлақ ен жылқы,  
Гулетіп жылқыны алады,

Айдап жонға салады.  
Көбіктің Тарлан ат  
Жылқы ішінде тұр екен.  
Жамандатқыр Тарлан ат  
Құйрығын құстай тарады,  
Бауырынан жарады,  
Желкесінен қарады,  
Әуеге қарап есінеп,  
Ием бе деп кісінеп,  
Жау екенін білген соң,  
Сыртына құйрық салады,  
Қайта айналып шаһарға  
Тарлан ат қашып барады.  
Жалғаса күған екеуі  
Қарасын көрмей қалады.  
Қашып барып Тарлан ат  
Шаһарына барып еніпті.  
Жетпедім деп Тарланға,  
Астындағы Буырыл ат  
Басын жерге салады,  
Қырық үш күндік кемдігі  
Буырыл атты қамады.  
Құртқаның сөзі келді деп,  
Батыр Қобылан сынады.  
Таң шолпаны батқанда,  
Көбікті жетті соңынан...  
Сол уақытта Қараман  
Көбіктің шанышпаққа  
Оңтайланды найзасын.  
Қараманның найзасын  
Денесіне тигізбей,  
Көбіктідей батырың  
Қолындағы шоқпармен  
Допша қағып тастайды.  
Ұмтылумен Көбікті

Қараманды ұстады,  
Желкесінен қысады,  
Күшіктейін шыңғыртып,  
Қараманды Көбікті  
Тақымына басады.  
Құлық пенен сүмдікты  
Көбікті тағы ойлады.  
Оянып кетсе болмас деп,  
Қобыландыны Көбікті  
Ұйықтап жатқан жерінде  
Тоғыз қабат тор салып,  
Бекітіп әбден байлады...  
Кісен салып Көбікті  
Қараман мен Қобыланның  
Аяқ-қолын тұсады...  
Дұшпанын батыр байлап ап,  
Қаласына келеді...  
Байлауда жатқан батырды  
Қарлыға сұлу көреді.  
Қобыландыны көргесін,  
Нұры шарпып батырдың  
Балқыды сұлу денесі...  
Қобыландыдай батырға  
Ғашық болып сұлуың  
Жата алмады үйінде.  
Үйінен шығып паналап,  
Тар көшени сағалап,  
Аяғын басып жүре алмай,  
Көрінгенді саялап,  
Қобыландыға келді жағалап.  
Ай тумас жақтан күн туды,  
Бұл несі деп қараса,  
Қара тамды ағартқан  
Қарлыға қыздың сәулесі.  
Қарлыға келіп сөйлейді:

«Есіктің алды ай татыр,  
Ай татырда мал жатыр,  
Байлауда жатқан қос батыр,  
Есермісің, сермісің?  
Бекер жатқан ермісің?  
Қолыңды шешіп қашырсам,  
Еліңе барып мақтанып,  
Қарлыға қызы қашырмай,  
Өзім қаштым дермісің?  
Қарлығадай сұлуың  
Шықпас ойын білгесін...  
Қараман мен Қарлыға  
Лабақтың келіп алдына,  
Қыл шылбырмен бұрау сап,  
Буырыл аттың санына,  
Құлындай қылышп шыңғыртты  
Жәбір қылышп жанына.  
Буырылдың дауысын есітіп,  
Қобыландыдай батырың  
Салды ойран тамына,  
Тамды бұзып Қобыланды  
Далаға шықты қабына.  
Қобыланды батыр шыққан соң,  
Өзінің енді хал-жайын  
Батырға айтты Қарлыға:  
«Дүниенің кеңдік, тарлығы,  
Басыма менің түсіп тұр  
Гашықтықтың зарлығы.  
Сеніменен бірге өлсем,  
Анамның айтқан өситеті  
Болады кәміл барлығы.  
Сөзімді тыңда, батырым,  
Буырылға мін, – дейді,  
Қарына сұңғі іл, – дейді,  
Кешегі жатқан жылқыға

Тағы да барып ти, – дейді,  
Тарлан қашар жылқыдан,  
Қумай-ақ қой сен, – дейді.  
Тәңірі жазса, Тарланды  
Көбіктіге міндірмей,  
Алармын қолға мен» дейді.  
...Уағда байлап, қол беріп,  
Тайбуырылға мінгізді.  
Қарлыға бұл сөзді айтқасын,  
Енді атына мінеді,  
Бадана көзді ақ сауыт  
Денесіне киеді.  
Беліне байлап болатты,  
Қарына найза іледі,  
Қараман мен екеуі  
Көбіктінің көп жылқы  
Және сүзіп жөнелді.  
Құба белден өткенде,  
Сары өзенге жеткенде,  
Көбіктінің Тарлан ат  
Құйрығын құстай тарайды,  
Шекесінен қарайды,  
Кіндігінен жарайды,  
Әуеге қарап есінеп,  
Ием бе деп кісінеп,  
Жау екенін білгесін,  
Қарлыға сұлу сөйлейді:  
«Оған қылар амалы  
Кіндігінің тұсында  
Кем соғылған төрт көзі –  
Жел соғарлық самалы.  
Мерген болсан, батырым,  
Кіндікті байлап атпасаң,  
Басыңа салар қараны.  
Қараман естіп бұл сөзді

Тоқтамайды табаны.  
 Қарлыға менен Қараманды  
 Ілгері қарай жөнелтіп,  
 Жолын тосып Көбіктің  
 Көбікті қашан келер деп,  
 Қобыланды тосып тұрады...  
 Ертең шолпан батқанда,  
 Қызырып таң атқанда,  
 Тау сүйндай сарқырап,  
 Ақ сауыты жарқырап,  
 Қобыландының тұсынан  
 Көбікті өтіп барады.  
 Көбіктің көрген соң,  
 Көтеріліп Қобыланды  
 Айгай салып ақырды,  
 «Кел, бері!» деп шақырды...  
 Қорамсаққа қол салды,  
 Бір салғанда мол салды.  
 Көп оғына жол салды,  
 Әр оғының басында  
 Жолым үйдеги шоқ қалды...



1. Қобыландының ерлік істері мен адамгершілік қасиеттері жырда қалай бейнеленген?
2. Құртқаның ақыл-парасаты мен адамгершілік қасиеттері қандай оқиғалардан көрінеді?
3. Жырдың мазмұнын жоспар құра отырып, өз сөздеріңмен баяндаңдар.
4. Қобыланды мен Қараманға салыстырмалы мінездеме беріңдер.
5. Жырдан монолог сөздерді тауып, мәнерлеп оқындар.
6. Тайбуырылдың шабысы суреттелетін тұсты мәнерлеп оқып, жаттап алындар. Оның сөз айшықтарына көніл боліндер.
7. «Ат – ер қанаты» деген тақырыпта ауызша әнгіме құрастырындар.

## XVIII–XIX ФАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ



### БҮҚАР ЖЫРАУ ҚАЛҚАМАНҰЛЫ (1668–1781)

Қалқаманұлы Бұқар жырау (1668–1781) – қазақтың ұлы жырауы, XVIII ғасырдағы жонғар басқыншыларына қарсы қазақтың азаттық соғысын бастаушы әрі үйымдастырушысы, атақты Абылай ханның ақылшысы. Шыққан тегі – Арғын тайпасының қаржас руынан. Заманындағы сыншылар оны «көмей әулие» деген. Сөйлегендегі көмекейі үлкіндеп, аузына тек өлең сөз төгіледі екен. Абылай хан бір жаққа жорыққа аттанарда одан айдың, күннің сәтін сұрайтын, көрген түсін жорытатын болған.

Ел аузындағы аңыз-әнгімелерге қарағанда, Бұқар жырау әз-Тәуке ханның тұсында да ордадағы беделді билердің бірі ретінде, ел басқару ісіне араласқан секілді. Оны – Үмбетей жыраудың: «Көріктей басқан күпілдеп, көмекейің үлкіндеп, сөйлер сөзден таймадың. Тәуkenің болып жаршысы, халқының болып заршысы, белді бекем байлады» деген сөздері де айғақтағандай.

XVIII ғасырда болған жонғар шапқыншылығы қазақ халқының мұлдем жойылып кету қаупін тудырғаны белгілі. Осы кезде «Ақтабан шұбырындыға» ұшыраган елдің басын қосып, ата жауға қарсы азаттық күресіне жұмыл-

дыру – бар ғұмырын халқының бірлік бүтіндігіне арнаған ұлы жыраудың басты мақсатына айналады. Оның сөздері осы кезде еліне есті кеңес, еріне әмір болып естіледі. Хан да, қара да тарих көшінің бағдарын, шиеленген қынның шешімін Бұқардан құтеді. Халқының әулие данасы, дуагөй бітімшісі, көреген болжаушысы санатына көтерілген Бұқар жыраудың осы тұстағы данқын ортағасырдағы оғыз жұртының әулиесі Қорқытпен, XIV ғасырдағы ноғайлы елінің данасы Сыпыра жыраумен салыстыруға болардай.

Бұқар жырау толғауларында өзі бастан кешіріп отырган алмағайып заманның келбеті бар болмысымен көрініп, әмір құбылысы мен дүние зандылықтары, әлеуметтік жағдай мен адам тіршілігі кең тыныспен жырладанды. Ондағы басты сарын – елдің бірлігі мен ынтымағын қүшету мәселесі. Ол жан-жақтан андыздаған жаулардан қорғануы үшін басты шарт бірлік екенін терең түсінеді, ата жауға қарсы бірігіп, тізе қоса құрескен ерлерді өзгелерге үлгі етеді. «Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Қаз дауысты Қазыбек, Шақшақұлы Жәнібек, ормандай көп орта жұз, солардан шыққан төрт тірек» – деп майдан даласында қөрсеткен ерлігімен бірге елдің ұйытқысы болып, бірліктің тірегі болып жүрген ерлерді мадақтайды. Сондықтан да Бұқар жырау жырларын басқыншы жаумен ұзақ арпалысып, ерлік пен ездіктің, парасаттылық пен азғындықтың парқы таразыға түскен сындарлы шақта Абылай хандай басшының төңірегіне топтасып, ұлы жеңістерге жетіп, ерліктің үлгісін, бірліктің құдіретін танытқан қазақ әмірінің шындығын айшықтай өрнектеген поэзия, ұлы мұра деп білеміз.

Халық жадында сақталған бір әңгімеде Бұқар жырау ауырып жатқанда Абылай ханның алыстан күні-түні аттан түспей жүріп келіп, көңілін сұрағаны айтылады. Бұл таққа ие болған ұлы ханның баққа ие болған ұлы жырауына деген ықылас-ниеті, ерекше құрметінің бел-

гісі болса керек. Заманында осылай ханы қадірлеп, халқы ардақ тұтқан жыраудың мұрасы халқымен мәңгі бірге жасай бермек.

### **Ай, Абылай, Абылай !**

Ай, Абылай. Абылай!  
Сені мен көргенде  
Тұрымтайдай ұл едің,  
Түркістанда жүр едің.  
Әбілмәмбет патшага  
Қызметші болып тұр едің.  
Сен қай жерде жүріп жетіктің?!  
Үйсін Төле бидің  
Түйесін баққан құл едің!  
Сен жиырма беске келген соң,  
Алтын тұғыр үстінде  
Ақ сұңқар құстай түледің.  
Дәulet құсы қонды басына,  
Қызыр келді қасына,  
Бақ үйіне тұнедің,  
Алыстан тоят тіледің,  
Қылышынды тасқа біледің,  
Алмаған жауың қоймадың,  
Алғанменен тоймадың,  
Несібенді елден тіледің!  
Абылай-ая, Абылай,  
Момынга келіп бек болдың,  
Атасын білмес ұл едің,  
Атаңның тегін сұрасаң,  
Арқар ұранды жат едің,  
Қай жерінде төре едің?!  
Қарсы мен Құзарда  
Жалаңаяқ жар кешіп,  
Бөз тоқыған сарт едің.

Шешенәді және сұрасаң,  
 Қай алтынның буы едің?!  
 Оны да мен білуші ем,  
 Түрікпеннің жерінде  
 Қашып жүріп күнелткен  
 Мәскеңің қара күні еді  
 Жұлдызың туды-ау оңынан,  
 Жан біткен еріп соңынан,  
 Он сан алаш баласын  
 Аузыңа құдай қаратып,  
 Жұсатып және өргізіп,  
 Жұмсаң бір тұсың қолынан,  
 Ақтан болды-ау күніңіз,  
 Арсы менен күрсіге  
 Тайталасты үніңіз.  
 Өзің болған күнінде  
 Жер жиһанға сыймады  
 Азат болған құлышың!  
 Ашуланба, Абылай,  
 Ашулансаң, Абылай,  
 Көтеремін, көнермін,  
 Көтеріп қазыға салармын,  
 Өкпеңменен қабынба,  
 Отіңменен жарылма.  
 Басыңа мұнша көтерген  
 Жұртыңа жаулық сағынба.  
 Күнінде мендей жырлайтын,  
 Мініңді айтып сынайтын  
 Тоқсан үште қария  
 Енді саған табылmas.



1. Өлеңде айтылатын өзекті ойдың мәнісі қандай?
2. Жыраудың Абылайды дәріптеуіне және беделінің көтерілуіне не себеп болады?

3. Жыраудың арнауында ханның хан болғанға дейін жалшылықта жүрген, сабалақ бала кезіне көңіл бөліндер.
4. Жыраудың Абылайға айтылған батыл сынын зерделеп түсіндіріндер?


### Керей, қайда баrasың?

Керей, қайда барасың,  
Сырдың бойын көбелеп?  
Сен қашсан да мен қойман,  
Арғымағын жебелеп,  
Енди алдыңнан шыгайын  
Жауған күндей себелеп.  
Ақмырзамды өлтірдің  
Ақ соыйлмен төбелеп,  
Арғымағым барында  
Жарысқалы келгенмін.  
Азаматым барында  
Алысқалы келгенмін.  
Жақсы болсан, сенімен  
Табысқалы келгенмін.  
Жаман болсан, шаншысып,  
Шабысқалы келгенмін.  
Сен танымай кетіп барасың,  
Мен – аргын деген арыспын,  
Азуы кере қарыспын.  
Сен – бұзау терісі шөншіксін,  
Мен – өгіз терісі талыспын.  
Абылай алдында сен бітсең,  
Құдандалы таныспын.  
Егер Абылай алдында бітпесең,  
Атасын бітпес алыспын.  
Кәшің кетер бір жаққа,  
Малың кетер бір жаққа.

Көш соңынан жете алмай,  
Есің шығар сол шақта.  
Жар басына қонарсың,  
Жарты лашық тігерсің,  
Аузыңдан ас кетер,  
Қара көзден жас кетер.  
Бұл қылышың қоймасан,  
Сонау кеудедегі  
Дұлығадай бас кетер!



1. Жыраудың «**Керей қайда барасың?**» өлеңі қандай ниестпен туған?
2. Ақынның елді келісімге келтіру жөніндегі билік сөзі өлеңде қалай суреттеледі?
3. Жырау қолданған көркем, образды сөздерді жинақтаңдар. Ол сөздердің мәні, орны туралы пікірлесіндер.
4. «**Жұсатып қойдай өргізіп, Жұмсақ тұрсаң қолыңцан!**» деген жолдардан татулық, достық және туыстық ұфымдарды түсіндіріндер.
5. Жыраудың қосымша мына өлендерін тауып оқындар. «**Айналасын жер тұтқан**», «**Сәлем сөздің аласы**», атты өлендерінің мағынасына мән беріндер.



## ДУЛАТ БАБАТАЙҰЛЫ (1802–1874)

XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бірі – Дулат Бабатайұлы 1802 жылы қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Аягөз ауданында дүниеге келген. Ауыл молдасынан оқып, хат таниды, мұсылманша саяттын ашады. Өзіне дейінгі әдебиет үлгілерінен мол сузындар, көне ақын, жыраулар мұрасынан, ескі тарихи аңыздар мен эпикалық жырларды тындалап, жастайынан нәр алып өскен ол өз дәуіріндегі ең білімді адамдардың бірі болды.

Дулат халықтық шығармаларды, алдыңғы дәуірлерден жеткен ұлттық поэзия үлгілерін жаттап өскен, құрметпен қарай білген, көне түркі поэзиясынан тағым алған. Бұқар және Ақтамберді жырауларды ұстаз еткен. Өлеңді ауызша да, жазбаша да шығарған. Ол ақындық дәстүр арасында шығармалар туғызып, қазақ поэзиясын мазмұн, тақырып жағынан байытып тұр, көркемдік тәсілдер тұрғысынан сапалық белгілер әкеліп, жаңа сатыға көтерді.

Дулат – заман келбетін, сол заман адамының кейпін өрнекті көркем сөзбен кестелеген, сол дәуір туғызған зар заман әдебиетінің көрнекті өкілі. Ол отаршылдыққа қарсы алғаш үн қатқан. Қазақ әдебиеті тарихында алғаш рет ұлттық санасы оянған жаңашыл ақын. Отаршылдықты, жергілікті әкімдердің халықты қан қақсатып отырған

қылықтарын, паракорлықты, жемқорлықты әшкерелеуге арналған өлеңдерінде халық мұнына үн қосып, бойына қуат, ойына қанат бітіруге, шерлі-шерменде болғандарға дем береді, рухтануға шақырады.

### **О, Ақтан жас, Ақтан жас...**

О, Ақтан жас, Ақтан жас,  
Сен де жетер ме екенсің?  
Жетімдіктің белінен  
Асып өтер ме екенсің?  
Жарық сәуле көре алмай,  
Ел шаңына ере алмай,  
Сол бойы кетер ме екенсің?  
Жапанға біткен жапырақ  
Жамылсан тоңар ма екенсің?  
Жазғы шыққан бұлдірген  
Сұғынсаң тояр ма екенсің?  
Күрек тісін қасқайтып  
Сұлу сүйер ме екенсің?  
Бадана көз, тоғыз тор  
Сауыт киер ме екенсің?  
Білтеліні тұтатып,  
Тұтінін үзбей оқ атып,  
Жау қашырап ма екенсің?  
Тұлпар атты жаратып,  
Құйрық жалын таратып,  
Бежін<sup>1</sup> ерді ерлетіп,  
Жорыққа жортып терлетіп,  
Сырты қырлы, жұзі алмас,  
Салғындағы жоғалмас  
Сапы асынар ма екенсің?  
Босағасын борлатқан,  
Керегесін торлатқан.  
Тегеріші манаттан,

---

<sup>1</sup> Бежін – Қытай слінің астанасы

Жібектен ызып бау таққан  
 Үйге кірер ме екенсің?  
 Тен құрыңмен теңеліп,  
 Шаруа жиып кенеліп,  
 Бала сүйіп, мал жиып,  
 Керсеніңе бал құйып,  
 Өмір де сүрер ме екенсің?  
 Жетімдіктен өтерсің,  
 Шаң бермей әлі кетерсің,  
 Қажыма, Ақтан, қажыма,  
 Жетерсің, әлі жетерсің!



1. Ақынның өз сөзін бір Ақтанға арнау арқылы жалпы жасқа деген тілек-арманын айтып тұрғандығына назар аударындар.
2. Риторикалық сұрау түрінде жазылған басқа қандай өлеңдерді білесіндер?
1. Ақтанға айтқан ақынның ақ тілек батасынан ел қатарына қосылған ер жігітке тән қандай сипаттарды байқауға болады?
2. Ақын арманының риторикалық сұрау арқылы берілуіне назар аударындар. Өлеңнің құрылымы, көркемдік ерекшелігі туралы өз ойынды жаз.
3. Өлеңді мазмұнына сай дауыс ыргагымен мәнерлеп оқи біл.



### **Риторикалық сұраулы сөйлем**

**Риторикалық сұрау** (лепті сұрау) – ойды, сезімді әсерлі жеткізу үшін жауабы өзінен-өзі айқын нәрсені әсерлі леппен, сұрау түрінде айту. Өлеңде қойылған сұраудың жауабында екі ұштылық, шұбәлану болмайды, оны оқушы іштей біліп отырады.

**Мысалы:**

Балалық өтті, білдің бе?  
 Жігіттікке келдің бе?  
 Жігіттік өтті, көрдің бе?  
 Көрлікке көндің бе?

*(Абай)*

## СҮЙІНБАЙ АРОНҰЛЫ (1815–1898)



Сүйінбай Аронұлы 1815 жылы қазіргі Алматы облысы, Жамбыл ауданы Қарақыстақ деген жерде дүниеге келген. Ол 14-15 жасынан бастап ақындық өнерді машық ете бастады. Ел аузынан естіген аңыз-ертегілерді, қисса-жырларды жаттап алғып, жиын тойларда айтып жүрген. Кейінірек өзінің замандас ақындары ішінен озық ойы, өткір тілімен қазақ пен қыргыз елдеріне аты тарап, әйгілі болған.

Сүйінбай Аронұлы – XIX ғасырдағы ең ірі ақындардың бірі. Сол замандағы Жетісу ақындарының көбісі оның айналасына топтасқан. Ақынның арғы атасы Күсеп те ақын, әрі тілінен от жалын шашқан шешен болған. Күсеп ақын өз кезінде Өтеген батырдың ерлігін жырлаған.

«Әділеттік орнаса» өлеңінде адамдарды шындықты, ақиқатты тануға шақырады. Сүйінбай халық және жеке адам деген мәселені реалистік түрғыдан түсіндіреді. Ұлы батырлардың ерліктері мен табандылығын, еліне деген адалдығын жырлаған. Ақынның азаттыққа арнап айтқан ұлы шығармаларының бірі «Бөрілі менің байрағым» өлеңі.

Ол ақындық өнерін айтыстан бастап, өзімен замандас талай-талай ақынмен кездесіп, сан рет айтысқан ақын. Сондықтан одан қалған әдеби мұраның біразы – айтыс

өлеңдері. Халық арасында көп тараган айтысы тезек төремен айтысы.

М. Әуезов Сүйінбайдың айтыстағы өнерін жоғары бағалап, оны «Айтыс өнерінің алтын діңгегі» деп атаған.

Сүйінбай – қазақ халқының XIX ғасырдағы айтыс өнерінің жарық жүлдзызы. Оның «Жыр албы» Жамбыл бастаған ізбасарлары айтыс өнерін жаңа биіктеге көтеріп келеді.

Сүйінбай – өз заманының әйгілі ақыны. Қазақ, қыргыз еліне ақындық аты кең танылған ерен жүйрік.

Әуелі айтыс өнерінде көрініп, кейін ақындық өрісі кеңіп, көп салалы шығармаларымен танылған ақпа ақын. Өз кезіндегі және кейінгі ақын-жыраулармен айтысып, жүлде алған шешен.

### **Жақсы мен жаман адамның қасиеттері**

Жақсы жігіт ел-жұрттының қаласындей,  
Жақсы әйел әмме жұрттың анасындей.  
Жақсыға ешкімнің де жаттығы жоқ,  
Көреді бәрін де өз баласындей.  
Жақсы жігіт сөзіне сақ тұрады,  
Қыранның қырдан байқар баласындей.  
Жаман парқы жақсымен бірдей емес,  
Жақсы жігіт елінің ағасындей.  
Жақсының сөзін әркім пайдаланар,  
Миуалы алма, өріктің ағашындей.  
Жаманнның көкірегі–көр, көзі–соқыр,  
Жұрер жолдан тал тұсте адасып-ай.  
Жақсы адам қай жерден ажырайды,  
Жақсымын деп бәрі жүр таласып-ай.  
Жамандар–өтірікші, өсегі көп,  
Ел-жұрттың іріткі салар арасына-ай.  
Жалған сөзбен бықсытар ел арасын,  
Жанбай қалған ағаштың шаласындей.  
Соқтығып әркімге бір ұрынады,

Сиырдың тентек болған танасындей.  
 Соңдай жанның ешкімге сүйкімі жоқ,  
 Жылқының қотыр болған аласындей  
 Жақсы адам елдің басшы серкесіндей,  
 Жұғымды болар елге еркесіндей.  
 Жақсының жүзі жылы, сөзі майда,  
 Халқымның қалың жұнді көрпесіндей.  
 Жақсы болар баланың жүзі жақсы,  
 Орыстың құйме піскен бөлкесіндей.  
 Жақсыға үлкен-кіші бәрі жақсы,  
 Жасынан бірге өскен еркесіндей.  
 Жақсы кісі көрінер жыл құсындей,  
 Жаман адам балтандың ұнғысындей.  
 «Олақтан салак жаман» деген мақал  
 Жамандар түзей алмас тұрмысын-ай.  
 Жақсы адам алысты жақын етер,  
 Беттескен екі таудың тұрғысындей.  
 Жамандар өсек-аян айтып жүрер,  
 Ешкімнің білмесе де қылмысын-ай.  
 Жаманның қеудесі үлкен, сөзі кесек,  
 Ақылы ауысқан адамның жындысындей.  
 Екеуін салыстырып әдейі айттым,  
 Қажетін қолданарсың тұрмысыңа-ай.



1. Ақын өлеңде жақсы адамның қасиеттерін қандай тенеулермен берген?
2. Жаманның «**Көкірегі – көр, көзі – соқыр**» деген сөз тіркесін қалай түсінесіндер?
3. Жаман адамды ақын неге балтандың ұнғысына тенеген? Ол сөзді қалай түсінесіндер?
4. Өз таныстарыңың ішінде кімді жақсы адам деп айттар едіндер?



Жақсы адамда сениң ойынша өлеңде айтылғаннан басқа қандай қасиеттер болуы керек жөнінде ой толға.



## ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН (1841–1889)

Ыбырай Алтынсарин – халқымыздың әйгілі агартушы үстазы, тамаша тарихшысы, фольклоршы-этнограф ғалымы, іісі қазакта алғаш шыққан тіл білімпазы – филологы, осы күнгі әліпбимен жазылған тұңғыш оқулык-хрестоматияның авторы. Ыбырай 1841 жылы 20 қазанды қазіргі Қостанай облысының Алтынсарин ауданында дүниеге келген. Экесі Алтынсары ауыл молдасының алдын көргені болмаса, басқадай оқу қумаған, момын, шаруа баққан адам болған. Ол қайтыс болғанда үш жасқа енді ғана толған Ыбырай кейінгі тәлім-тәрбиені атасы Балқожа биден алады.

Балқожа Жаңбырышыұлы қазақ даласындағы әйгілі билердің бірі, ірі бай болған адам. «Қыран ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» дейді халық даналығы. Бұл сөздің растығын Ыбырайдың өмір жолынан айқын байқауға болады. Оның тәлім алған даналық мектебі – алды Жиренше шешен, Абыз, Энет баба, Төле би, Қаз дауысты Қазыбек, Әйтеке, Байдалы, Досбол шешендердің мектебі, Асан қайғыдан бастау алған Қазтуған, Доспамбет, Жиембет, Марғасқа, Ақтамберді, Үмбетей, Дулат секілді сайын дала даналарының мектебі. Бұлар – болашақ ұлы үстаздың нәр алған алғашқы қайнар-бастаулары. Өйткені, атасы Балқожа бидің тәрбиесінде жүргенде де бала Ыбырай Досбол шешен, Наурызбай, Мұғал секілді от ауызды, орақ тілді

билердің үлгі-өнегесін көзімен көріп өсті және өзіне  
ғибрат алды.

Зерек те зерделі, сергек те сезімтал немересінің  
қабілеті мен талап-талантын байқаған би оны 1850 жылы  
Орынбордағы қазақ балаларына арналып ашылған жеті  
жылдық орыс-қазақ мектебіне оқуға береді.

Ы.Алтынсарин – окулық авторы. Ы.Алтынсариннің  
«Қазақ хрестоматиясы» окулығы 1879 жылы Орынборда  
басылып шықты. Ол оқулығына жазған алғы сөзінде:  
«Бұл кітапты құрастырганда мен біріншіден, осы біздің  
ана тілімізде тұнғыш шыққалы отырған жалғыз кітаптың  
орыс-қазақ мектептерінде тәрбиеленіп жүрген қазақ  
балаларына оқу кітабы бола алу жағын көздедім», – дейді.  
Осы мақсатпен автор хрестоматияға балаларға арналған  
өлеңдер мен шағын әңгіме-новеллалар енгізді.

Ыбырай өз заманындағы әлеуметтік теңсіздікті, қо-  
ғамдағы қарама-қайшылықтарды, ел билеуші әкімдердің  
келенсіз қылықтарын орынды сынап отырады. Оның  
«Қалым төреге», «Азған елдің хандары», «Азған елдің  
бителі», «Азған елдің байлары» атты өлеңдері ел ішіндегі  
теңсіздік, қатерлі келенсіздіктер мәселелеріне арналған.

## ҚЫПШАҚ СЕЙІТҚҰЛ

Қыпшак Сейітқұл отыз үйлі тобырымен, жұрттың  
тегіс аттаныс барымтасы бар уақытта, бұл отыз үй  
кедейді қалайынша етсем байытып, халық қатарына  
қосамын деп ойға қалды. Сауда етуге мал жоқ, барым-  
тамен мал алсам, бір күндерде жау да бізден қуып алады,  
ақырында бұрынғылардың айтып кетуінше, жортуыл  
басы жолда қалса керек. Соның бәрін де шамалап қарап,  
ақыр бір қиялға түсіп, Сейітқұл әуелі мекен еткендей бір  
орын іздеді. Көп жерлерді кезіп жүріп, ақырында Торғай  
төсіндегі Қабырға деген өзен-судың бойына тоқтады.  
Мына жақта – Үргеніш, Қоқаннан, мына жақта қалмақ-

тан шетірек және жаманшылық болса, қалың Қыпшақ деген руга жақынырақ екен деп, сол жерді ұнатып қайтқан соң, қысты өткізіп, жаздың жылы уақытында кедейлерді жалаңаш-жалпы көшіріп, Қабырға бойына алып келді. Сейітқұлдың бір ағасы бар еді, жол жүріп, ұрлық, барымтанды әдет еткен: інісінің қанша айтқан ақылына болмай, үш-төрт үймен жалғыз-ақ сол көшпей, ескі орны Түркістан жағында қалды.

Қабырганың бойына келген соң, Сейітқұл қолына кетпен алып, отыз үйлі кедейіне де кетпен беріп, жер тегістеп, егін егуге кірісті. Түркістан жағында көрген үлгісімен судан арық қазып шығарып, егінге су жіберді. Егіні піскен соң орып, жиып алып, артығын төңірегіндегі көшпелі елге сатып, мал етті. Жаңа мекен еткен жеріне орныққан соң, Сейітқұл егінді жылдан-жылға күштейтіп, арық басына шығыр салып, суды шығырмен айдал, астықтың (ол күнде бидай, тары, арпа егеді) артығын төңіректегі елге малға айырбас етумен, бұлардың малдары көбейіп, бай болды. Мұны көріп әрбір көшпелі елдегі жарлы-жақыбайлар да келіп, Сейітқұлға қосылып келіп, бес-алты жылда Сейітқұл елі деген төрт жұз үйге таянды дейді.

Қош, Сейітқұлдың өзі де, жиылған халқы да малдары көбейіп, бай болды, ел жиылып Сейітқұл жұрт ағасы болды, енді сол жұрттының адал бейнет, табан ет, мандай терімен тапқан дәулетін андыған жаудан, ұрыдан, даладағы бөріден сақтаудың қамын ойлап, уайымға қалды. Солардан сақтану үшін, Сейітқұл жұрттың жиып кеңесіп, судың бір қолайлы жеріне шымнан биік қорған салдырды, малдарына реттеп бақташи, қару-жаракты қарауыл шындауыл жүргізді. Бұлардың былайша бір ауызға қарай бекінген халық екенін байқаған соң малға қызыққан сырттағы көшпелі халықтар батып келе алмады. Бұл жағынан көңілі тыныш болған соң, Сейітқұл енді Бұхара, Қоқанға мал айдатып, ол кенттерден қазақ

колды әр түрлі тауар алдырып, жылда егін піскен уақытта манағы қорғанда жәрменкелеуішті базар болды. Қошпелі халық белгілі уақытта малын, жұн-жабағысын, тері-терсегін келтіріп, егіншілер оларға астығын, тауарын айырбас етіп, осы қалыпша бір жағы егін, бір жағы саудамен Сейітқұлдың жұрты жұрттан асқан бай болыпты. Манағы Сейітқұлдың ағасы жұрттың малын ұрлап бай боламын деп жүргенде, Қонырат жағында қолға түсіп, кім екені де белгісіз, біреу өлтіріп кетіпти; қалған мал жанын ұрының малы деп Түркістан әкімдері талап алып, жамағаттарын Сейітқұл көп жылдар іздетіп, таптырып, қасына алыпты-мыс.

Сейітқұл, құрметті Тілеу Сейдалин сұлтанның айтуы бойынша, 1830 жылдарда өтіпті-міс. Сол данышпан кісінің ақылымен егінді әдет еткен халық Қабырға суының бойында әлі көп. Жарлы болып, бөтен кәсібі жоқ кіслер Торғай жағында дереу егінмен айналысады, ерінбей азаптанса, бірнеше жылда түзеліп, халық қатарына қосылады.



1. Эңгімсін аты мен тақырыбын ажырата біліндер.
2. Отырықшылық пен көшпелі тұрмысты салыстырып, адамға қайсысының пайдалы екендігін мысалмен дәлелдей айтындар.
3. Отыз үй кедейдің Торғай өзенінің бойына келіп қоныстануына не себеп болды? Олардың саны қалай өсті?
4. Көшпіліктің Сейітқұл сөзіне илануы, оған еруі неліктен?



1. «Ер ел үшін туады» деген мақалды Сейітқұлдың іс-әрекетімен байланыстырындар.
2. Сейітқұлға мінездемелік жоспар жасандар.
3. «Еңбек бақытқа жеткізер» деген тақырыпта шағын шығарма жазындар.



## АБАЙ ҚҰНАНБАЕВ (1845–1904)

*Асыл сөзді іздесен,  
Абайды оқы, ерінбе.  
Адамдықты көздесен,  
Жат тоқып ал көңілге.*

Сұлтанмахмұт Торайғыров

Абай (Ибраһым) Құнанбаев – қазақ әдебиеті мен тарихында оқшау тұрған ұлы тұлға. Ол 1845 жылы қа-зіргі Шығыс Қазақстан облысы, Абай ауданына қарасты (бұрын Семей облысы болған) Шыңғыстау бауырындағы Қасқабұлақ деген жерде дүниеге келген.

Абайдың аргы атасы Ыргызбай да, атасы Өскенбай да өз кезінің атақты адамдары, тобықты руының билеушілері болған. Абайдың Өскенбайдан туған өз әкесі Құнанбай ата-бабаларынан да асып, ұзақ жыл ага сұлтан болып ел басқарған.

Құнанбайдың Құдайберді, Тәнірберді (Тәкежан), Абай, Ысқақ, Оспан, Қалиолла (жастай қайтыс болған), Ысмағұл тәрізді жеті ұлының ішінен Абай ерте көзге түседі. Дарын-қабілеті мен ақыл-парасаты жастайынан байқалған Абайдан ата-анасы зор үміт күтеді.

Жас шағында Абай тәрбиені жұмсақ мінезді, мейірімді шешесі Ұлжан мен кәрі әжесі Зереден алады. Ол жас кезінен өлең, әңгімеге әуес болып, әжесі мен анасы айтқан ертегі-аңыздарды құмарта тыңдал өседі.

Болашақта үлкен ақыл иесі болатын дарынды бала Абайды әкесі ерте таниды. Эке көңіліне менің орнымды басса, жолымды құып, туымды ұстаса осы Абай ұстайды деген сенім ұялайды. Соңдықтан Абайды өз мақсат-мұддесіне сай етіп тәрбиелеуді қөздеген Құнанбай ауылдағы Фабитхан молдадан оның сауатын аштырып, одан кейін Семей қаласына оқуға жібереді. Абай онда әуелі Қабдул-Жаппардың, одан кейін Ахмет-Ризаның медресесіне түсіп оқиды.

Абай өзінің өте алғыр, дарындылығының арқасында өзге сабактарынан оқ бойы алда болады. Кітапты көп оқып, өз бетінше көп ізденеді. Соның нәтижесінде шығыстың классик ақындары Низами, Сағди, Қожа Хафиз, Науай, Физули шығармаларын қызыға оқиды, басқа да әдеби мұралармен, хисса, дастан, ертегілермен осы кезде танысады.

Абайдың шығыс классиктерінің шығармаларына деген ынтасының зор болғаны сонша өлең жазуға деген алғашқы талпынысын соларға сыйынудан бастайды.

*Физули, Шәмси, Сәйхали,  
Науай, Сағди, Фирдауси,  
Хожса Хафиз – бу һәммәси  
Мәдәт бер я шагири фарияд! –*

деп келетін бұл алғашқы өлең Абай ақындығының бастау көзі болып табылады.

Зерек Абай медресе бағдарламасындағы діни біліммен фана шектеліп қалмай, араб, парсы, түрік тілдерін игеру нәтижесінде шығыс классиктерінің шығармаларын оқып-үйрену дәрежесіне көтеріледі.

Сөйтіп, мұсылманша оқуды еркін менгеріп алған Абай енді орысша білім алуға бет бұрады. Осы ниетін жүзеге асыру мақсатында медресенің соңғы жылы Семейдегі «Приходская школаға» түсіп оқиды. Мұнда

Ушай орысша оқып сауаттануы болашақ ақынның кейін өз бетімен ізденіп, орысшаны игеріп кетуіне орыс тіліндегі басылымдарды оқып, ой-өрісін кеңейтуге, білімін жанжақты терендетуіне мүмкіндік туғызады. Сол дәуір өлшемімен қарағанда далалық өлке үшін бұл әжептеуір оқу деңгейі еді. Сондықтан әкесі Құнанбай Абайды он үш жасқа толған соң-ақ оқудан шығарып әкеп, болашақтағы ел басқару ісіне баули бастайды. Қасына ертіп жүріп ел ішіндегі өзара тартыс, дау-дамайларды байқатады, әйгілі би-шешендердің сөзін тындалатады, оның шешендей өнер нақыштарын, мәнер-машиқтарын үйреніп, көңіліне тоқып өсуіне мүмкіндік жасайды.

Құнанбай өзі бастан кешіріп, жинақтаған тәжірибесін, ел билеудің өзіне тән сан түрлі әдісін Абайға да үйретіп, қалыптастырады. Ел ісіне араласу арқылы Абай халық тұрмыс-салтын, әдет-ғұрпын теренірек танып біледі.

Бойында әже мен ана мейірімі, өз дәуірінің озық ойлы адамы болған, алғыр да сұнғыла әке тәрбиесі жинақталған Абай шығыс пен батыс әдебиетінен алған тағылымын тоғыстыра келіп, ел билеу ісінде халықпен ерекше жақындаса тұсті. Өз ой-мақсатын ел мұддесімен, халық мұнымен ұштастыра білді.

Әке үміті мен тәрбиесі босқа кетпей, ел билеу ісіне ерте іліккен Абай он үш жыл болыс, алты жыл би болып қызмет атқарған. Билік басында болғанда Абай ел ықыласына, халық құрметіне ие болып отырған. Болыста, би де болған ол халықтың қын тұрмысын, отар елдің ауыр тағдырын жан-жүргімен сезіне білді. Білім алмағандықтан надандық жайлаган өз ұлтының жағымсыз іс-әрекеті, мінез болмысы қарапайым жүртқа тізесін батыратын әкімдердің оспадарлығы, бақталастыққа толы болыстық қызмет – бәрі Абай жүргегін сыйздатып, көңілін құлазытты.

## Шоқпардай кекілі бар қамыс құлақ

Шоқпардай кекілі бар қамыс құлақ,  
Қой мойынды, қоян жақ, бөкен қабақ.  
Ауыз омыртқа шығыңқы, майда жалды,  
Ой желкे, үңгірейген болса сағақ.

Теке мұрын, салпы ерін, ұзын тісті,  
Қабыргалы, жоталы, болса күшті.  
Ойынды еті бөп-бөлек, омыраулы,  
Тояттаған бүркіттей салқы төсті.

Жуан, тақыр бақайлы, жұмыр тұяқ,  
Шынтағы қабыргадан тұрса аулак.  
Жер соғарлы, сінірлі, аяғы тік,  
Жауырыны етсіз, жалпақ тақтайдай-ақ.

Шідерлігі жуандай, бота тірсек,  
Бейне жел, тынышты, екпінді мініп жүрсек.  
Екі көзін төңкеріп, қабыргалап,  
Белдеуге тыныш тұрса, байладап көрсек.

Тығылмай әм сүрінбей жүрдек көсем,  
Иек қағып, еліріп жүрсе әсем.  
Шапса жүйрік, мінсе берік, жуан, жуас,  
Разы емен осындей ат мінбесем.

Аяңы тымақты алшы кигізгендей,  
Кісіні бұлбұл қағып жүргізгендей,  
Шапқан атқа жеткізбес бөкен желіс,  
Ыза қылдың қолыма бір тигізбей.



1. Өлеңді оқи отырып, ақын суреттеуінен (аттың түр-түлгасы, жүріс-тұрысы, шабыс-желісі) қандай әсер алдындар?

2. Абай өлеңінде аттың сыны қандай сөздермен айшықталған?
3. Абай суреттеуіндегі аттың сыны сөз өнері болғанда, суреттегі ат бейнесі өнердің қай түріне жатады? Өнердің басқа қандай түрін білесіндер?
4. Аттың жүрісін білдіретін сөздерді атандар.
5. Жылқы малы туралы мақал-мәтелдерді, нақыл сөздерді тауып, жаттап алындар.
6. Ақын сипаттамасын пайдаланып, өздеріне ұнаған ат суретін таңдандар немесе өз көкейлеріндегі аттың суретін салып көріндер.
7. Ақынға ұнайтын аттың сипаттарын мәтіннен оқып айтындар.
8. «**Ат-ер қанаты**» деген қанатты сөздің шығуы неліктен деп ойлайсындар. Батырлар жырында ерлерді жеңіске жеткізген аттарды атандар.

## ОТЫЗ БІРІНШІ СӨЗ

Естілген сөзді ұмытпастыққа төрт түрлі себеп бар: әуелі – көкірегі байлаулы берік болмақ керек; екінші-сол нәрсені көргенде, я естігенде гибрәтлану<sup>2</sup> керек, көнілденіп, тұшынып, ынтамен ұғу керек; үшінші – сол нәрсені ішінен бірнеше уақыт қайтарып ойланып, көңілге бекіту керек; төртінші – ой кеселді нәрселерден қашық болу керек. Егер ой кеселдері кез болып қалса, салынбау керек. Ой кеселдері: уайымсыздық, салғырттық, ойыншы-құлқішілдік, я бір қайғыға салыну, я бір нәрсеге құмарлық пайда болу секілді. Бұл төрт нәрсе – күллі ақыл мен ғылымды тоздыратұғын нәрселер.



1. Қара сөздегі ой-тұжырымдардың шынайылығы мен өміршендігіне көңіл аударындар.
2. Ақын кенесі мен өсиетін күнделікті тәжірибемен байланыстырып көріндер.
3. Абай айтқан ой кеселдерінен әрқашан бойларынды аулақ ұстандар.

<sup>2</sup> Гибрәтлану – ұлғі алу деген мағынада (арабша)

## Құлақтан кіріп, бойды алар

Құлақтан кіріп, бойды алар  
Жақсы ән мен тәтті күй.  
Көңілге түрлі ой салар,  
Әнді сүйсөн, менше сүй.

Дұние ойдан шығады,  
Өзімді-өзім ұмытып.  
Көңілім әнді ұғады,  
Жүргім бойды жылытып.

Аңсаған шөлде су тапса,  
Бас қоймай ма бастауға?<sup>3</sup>  
Біреу түртсе, я қақса,  
Бой тоқтамас жасқауға.

Бір күйгізіп, сүйгізіп,  
Ескі өмірді түргізер.  
Өмір тонын кигізіп,  
Жоқты барғып жүргізер.

Есіткендей болады  
Құлагым ескі сыйырды.  
Ескі ойға көңілім толады,  
Тірілтіп өткен құрғырды...

Ішіп терең бойлаймын  
Откен күннін уларын.  
Және шын деп ойлаймын  
Жүрттың жалған шуларын.

Тағы сене бастаймын  
Құнде алдағыш қуларға.  
Есім шығып қашпаймын  
Мен ішпеген у бар ма?!

---

<sup>3</sup> Бастау – судың көзі, қайнар немесе бұлак.



1. Абайдың қандай әндерін білесіндер?
2. Ақын ән мен күйден алған әсерді қалай суреттейді?
3. Абайдың жақсы әнге көніл тұшынысы мен талғамын өздеріннің сүйікті әндерін мен күйлерінді тыңдай отырып, байқап көріндер.
4. Өлеңнен әннің тыңдаушы көніл күйіне түрлі әсері айтылған жолдарды табындар, қандай әнді ұнататындарынды әңгімелендер.
5. Өлеңдегі әрбір сөзді бағамдап оқындар.

### **Өлең туралы**

Белгілі бір өлшеммен, қыннан қыстырылып, үйлесімді ырғақпен ұйқасып келетін өрнекті сөз жүйесін өлең дейді. Адамның сезім дүниесімен астасып келетін өлең табигаты терең мағыналы болып келеді. Оны оқи отырып түйсінуге болады.

Мысалы: Шоқ-пар-дай // ке-кі-лі бар // қа-мыс құ-лақ, а)

Қой мо-йын-ды // қо-ян жақ // бө-кен қа-бақ. а)

А-уыз о-мырт-қа // шы-ғың-қы // май-да жал-ды, б)

Ой жел-ке // ү-ні-рей-ген // бол-са са-ғақ, – а)

деген үзіндідегі сөздердің қолданылуында белгілі бір тәртіп, жүйе бар екендігі бірден байқалады.

Ең алдымен, бұл үзінді буын саны мен айтылу ырғагы біріне-бірі ұқсас 4 өлең жолынан, яғни тармақтан құралған. Әдетте тармақ деп аталатын өлең жолының әрқайсысы мұнда **11 буыннан** құралғандығын және айтылу ырғагы жағынан әр тармақтың ұш бунақтан тұргандығын байқауға болады. Оның үстіне өлеңнің 1-ші, 2-ші және 4-ші тармақтарының соңғы сөздері бір-бірімен дыбыстық жағынан үндесе **ұйқасып** (а, а, б, а), айтылатын ойды ажарланырып тұр.

Сонымен сөздердің ұйқасымдылығы, буын санының біркелкілігі, дауыс ырғагының белгілі дәрежеде қайталанып отыруы өлеңнің өзіне тән сипаты болып табылады.

Өлең буын санына, ұйқас тәртібіне қарай алуан түрлі болады. Әдетте өлең жолдары буын саны, тармағы, ырғагы

мен мағынасы жағынан және ұйқасу үйлесімі жағынан жеке жүйе құрайды. Мұны өлеңнің шумағы деп атайды.

Шумак – тармактардан, яғни өлең жолдарынан тұрады. Тармақ өз ішінен бунақтарға бөлініп, олар өлең ыргағын тудырады. Тармақтың соңғы сөздерінің дыбыстық жағынан ұндесуін өлең ұйқасы деп атайды.

Өлең жүйесінің негізгі құрылымы осындаі.

## XX ФАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ



### АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ

(1873–1937)

Ахмет Байтұрсынұлы 1873 жылы қаңтар айының 28 жүлдөзында, қазіргі Қостанай облысы, Жангелдин ауданы, Сарытүбек ауылында дүниеге келген. Қазақ халқының XX ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалысы жетекшілерінің бірі, ақын, публицист, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым, ұлттық жазудың реформаторы, ағартушы.

Ахметті ағасы Торғайдағы 2 сыныптық орыс-қазақ мектебіне береді. Оны 1891 жылы бітіріп, Орынбордағы 4 жылдық мектепке окуға түседі. 1895 жылдан 1909 жылға дейін Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы уездеріндегі орыс-қазақ мектептерінде оқытушы, Қарқаралы қалалық училищесінде менгеруші қызметін атқарады.

Орынборға 1910 жылы 9 наурызда келіп, 1917 жылдың соңына дейін сонда тұрды. А.Байтұрсынұлы өмірінің Орынбор кезеңі оның қоғамдық-саяси қызметінің аса құнарлы шағы болды. Ол осы қалада 1913–1918 жылдары өзінің ең жақын сенімді достары Ә. Бекейханов, М. Дулатовпен бірігіп, сондай-ақ, қалың қазақ зиялышарының қолдауына сүйеніп, тұнғыш жалпы ұлттық «Қазақ» газетін шығарып тұрды. Қазақ елінің азаттық қоз-

فالысы тарихында Ахмет редакторлық жасаган «Қазақ» газетінің алатын орны ерекше. 1921–1925 жылдары Орынбордағы, 1926–1928 жылдары Ташкенттегі Қазақ халық ағарту институттырында қазақ тілі мен әдебиеті, мәдениет тарихы пәндерінен сабак берген.

### Қара бұлт

Даланың күнге күйіп аттабы өткен,  
Үстінен бұлт шықты қаптап көктен.  
Қуанды шаруалар: «Я, құдайлап»...  
Жерді бір суарар деп қурап кеткен.

Жауар деп тұрды халық үміт етіп,  
Тамбастан өте шықты құр желдетіп.  
Теңізге барды да бұлт құя салды,  
Далаға қурап тұрган жаумай кетіп.

Теңізге пәрменінше құя салып,  
Мақтанды мырзасынып тауға барып.  
Тау айтты: «Сен мақтанып келіп тұрсын,  
Мен тұрмын бұл ісіне қайран қалып.

Егерде сол қадарлы жаусаң жерге,  
Су берсең шөлдеп тұрган егіндерге,  
Көк шығып, жер отайып, егін өсіп,  
Қандай зор тиер еді пайдаң елге.

Не қайыр сенің қазір жауғаныңдан  
Сенсіз де су жетерлік теңіздерге...

\* \* \*

Жиылып, кеңес тыңдал отырғандар,  
Мұнда да гибрат бар алсаныздар.

Бұлттай жерге жаумай, суга жауған  
Қазақта іс ететін көп адамдар.

**Жұмсамай тиісті орнына мал, өнерін,  
Біреулер жүреді, оған не амал бар?!**



1. Ақын қара бұлт арқылы өмірдегі қандай адамдарды бейнелеген?
2. Тау сөзімен адамдардың қандай қасиетін көрсептес болған?
3. «Сай-сайға құяды, бай-байға құяды» деген мәтелді қалай түсінуге болады?
4. Қара бұлттың мақтаншақтығы мен қайырымызыздығын көрген тау қалай тебірсенді?
5. Ақын өз ойын қалай қорытқан?



1. Өлеңді мәнерлеп оқындар.
2. Мысал өлеңнің ерекшеліктерін естеріңде түсіріндер.
3. «Қайырымдылық деген не? Оны кімдерге жасау керек?» деген бақпен пікірталас ұйымдастырындар.

### ***Мысал жаңының өзіне тән сипаты***

**Мысал** – айтылатын өнегелі ойды тұспалдан жеткізетін, көбіне өлең түрінде келетін, сюжетті, шағын көлемді көркем шыгарма. Мысалдың тақырыбы сан алуан, кейіпкерлерді аң, құс, балық, өсімдік дүниесі, кейде оқиғага адам да қатыстырылады. Негізгі сюжетке қоса, нақыл түрінде келетін түйіндемесі де болады. Кейіпкерлерді сөйлестіру – диалог тәсілі жиі қолданылады. Баяндауы ширақ, жинақы, тілі қарапайым келеді.

Мысалы, А.Байтұрсыновтың «Қара бұлт» өлеңінде де нақыл түріндегі түйіндемесі берілген:

*Жиылып, кеңес тыңдан отыргандар,  
Мұнда да гибрат бар алсаңыздар.  
Бұлттай жерге жаумай, суга жауган  
Қазақта іс ететін көп адамдар.  
Жұмсамай тиісті орнына мал, өнерін,  
Біреулер жүреді, оған не амал бар?!*

## СҮЛТАНМАХМҰТ ТОРАЙҒЫРОВ

(1893–1920)



Сұлтанмахмұт Торайғыров 1893 жылы, 28 қазан күні, қазіргі Павлодар облысының Баянауыл ауданында дүниеге келген.

Сұлтанмахмұттың тұған әкесі Шоқпұт (шын аты Эбубәкір) кедей болады. Әкесі ақ көңіл, қолындағысын адамнан аямайтын жомарт, айтқанынан қайтпайтын қайратты, қазақша хат білетін адам болған.

Сұлтанмахмұт жасында аңқау, қақ-соқпен, ойынмен онша әуесі жоқ момақан болады.

Сұлтанмахмұтты алты жасынан бастап әкесі хат танытады. Бертін келе Шоқпұт кейде өзі оқытып, кейде ауыл арасындағы молдага беріп оқытып, баласын окудан үзбейді. Сұлтанмахмұт 1902–1903 жылдары Әлі деген молдада, 1904–1905 жылдары Тортай деген молдада, 1906–1907 жылдары Мұқан деген молдада оқиды.

Сұлтанмахмұт осы Мұқан молдада оқып жүрген кезінде, сонан көріп, он үш жасынан өлең жаза бастайды. Оның тұңғыш жазған өлеңі «Секілді өмір қысқа жарты тұтам» – деп аталады.

Мұнан кейін, Баянауыл қаласында медресе ашылып, Сұлтанмахмұт 1908–1910 жылдары сонда оқиды. Оқығанда ол молданың өз үйінде жатып оқиды. Сабактан босағанда молда Сұлтанмахмұтқа шай қайнаттырып, отын жардырып, су әкелдіріп, малын күттіріп, малай етіп алады.

1911 жылы Шоқпыттың көрші ауылы Нұргали деген кісіні молда ұстайды. Бұл Троицкі қаласында жаңа тәртіппен оқып келген кісі болады.

Сұлтанмахмұт медреседе оқып жүрген кезінде көбінесе тақуа болады.

Бұл кезде Сұлтанмахмұт «Дін», «Сарыбас», «Оқу» деген сияқты бір сызыра өлең, «Зарландым» деген ұзақ әңгіме жазады.

Нұргали молдадан бір жыл оқыған соң, 1912 жылы Сұлтанмахмұт шетке кетіп оқуға талаптанады. Оның бар ынта-тілегі үлкен қалага барып, білім мол беретін мектепке түсіп оқу, білімді кісі болып шығу болады.

Сонымен, Сұлтанмахмұт 1912 жылы қараша айында оқу іздеп, Троицкі қаласына барады.

Сұлтанмахмұт 1913–1914 жылдың қысында «Айқап» редакциясында қызмет істейді.

1914 жылдың жазында Сұлтанмахмұт өзінің туган елі Баянауылға қайтады. Ондағы ойы ауылда біраз уақыт болып, үлкен қалалардың біріне тағы да оқуға кету болады. Осы оймен әр елде бала оқытады.

Қызметті көп істеу, торығу салдарынан Сұлтанмахмұттың ертеде, Троицкіде жүргендеге пайда болған ауруы күшейіп кетеді. Осыдан ол 1918 жылдың жазында ауруымды емдемет деп, өз еліне, Баянауылға кетеді.

Сонымен бірге, Сұлтанмахмұт осы емделіп жатқан кезінде бірсызыра өлең, поэма жазады. Сұлтанмахмұттың өлең, поэмаларының әрі күрделі, әрі әйгілілері «Адасқан өмір», «Кедей» поэмалары болады.

Сұлтанмахмұт үйінде ауырып жатып 1920 жылы 21 мамыр күні, жас кезінде пайда болған құрт ауруынан қайтыс болады.

### **Шығамын тірі болсам, адам болып**

Шығамын тірі болсам, адам болып,  
Жүрмеймін бұл дүниеде жаман болып,

Жатқаным көрде тыныш жақсы емес пе?  
Жұргенше өмір сүріп, надан болып.

Мен – балаң, жарық күнде сәуле қуган,  
Алуга күнді барып белді буган.  
Жұлдыз болып көрмеймін елдің бетін,  
Болмасам толған айдай балқып туган.

Бұл сөзім асып айтқан асылық емес,  
Ойында оты барлар асылық демес,  
Тебем деп, тірі болсам надандықты,  
Серт етіп, өз-өзіме еткем егес!



1. Өжеттікті, жалын атқан жігерді асқақтата жырлағанда, Сұлтанмахмұт нені мақсат етті?
2. Өнерге, білімге деген құштарлық өлеңде қандай айшықты сөздермен берілген?
3. Осы өлеңнің мазмұны өздеріне қалай әсер етті, кім болуды армандастырындар?



1. Сұлтамахмұттың асқақ арманына, зор талабына назар аударындар.
2. Автордың:

*Мен – балаң, жарық күнде сәуле қуган,  
Алуга күнді барып белді буган.*

*Жұлдыз болып көрмеймін елдің бетін,  
Болмасам толған айдай балқып туган.*

– деген сөзінің мағынасын түсіндіре баяндандар.

3. Ауыспалы мағыналы сөздерді (эпитет, тенеу т.б.) дәптерлерінде жазындар.

4. Өлеңді жаттап алындар.

### Мен – қазақ

Мен – қазақ, қазақпын деп мақтанамын,  
Ұранға «Алаш» деген атты аламын.  
Сүйгенім қазақ өмірі, өзім қазақ,  
Мен неге қазақтықтан сақтанамын?

Алтай, Ертіс, Сырдария, Есіл, Жайық,  
 Арасын қоныс қылдым ірге жайып.  
 Елім, жерім, қорғайтын ерім болып,  
 Ер жеттім, ен далада лықа байып.

Ер түрік ұрпағымын даңқы кеткен,  
 Бір кезде Европанды тітіреткен.

Кіргені есік, шыққаны тесік болып,  
 Күнбатыс, Күншығысқа әмірі жеткен.  
 Кешегі хан Шыңғыстың ұрпағына,  
 Талай царь, талай князь тәжім еткен.

Мен – қазақ, қазақпын деп мақтанамын,  
 Ұранға «Алаш» деген атты аламын,  
 Сүйгенім қазақ өмірі, өзім қазақ,  
 Мен неге қазақтықтан сақтанамын!



1. XX ғасыр басында туган шығарманың бүгінгі күн талағымен үндесіп, жас ұрпақтың ұлттық намысын оятуға қызмет етуі сендерді қандай сезімге жетелейді? «Алаш» деген сөзді қалай түсінесіндер?
2. Өзгені құрмет тұта отырып, өз ұлттын сүю, ұлттық намыс дегенді қалай түсінесіндер?



Ақынның елім, жұртым деп сокқан жүргегінен туган бұл өленді асқақ үн, шаттық дауыс, көтеріңкі сезіммен оқып, жаттап алындар.

## МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ

### (1893–1938)



Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі Мағжан Бекенұлы Жұмабаев 1893 жылы 25 маусымда Солтүстік Қазақстан облысы, қазіргі Мағжан Жұмабаев ауданы, Сасық-көл жағасында дүниеге келген. Атасы – Жұмабай қажы. Экесі Бекен саудамен айналысқан дәулетті адам болған. Анасының есімі – Гұлсім. Мағжан ауыл молдасынан сауатын ашып, 1905–1910 жылдары Қызылжардағы бірінші мешіт жанында белгілі татар зиялышы М.Бегишевтің ұйымдастыруымен ашылған медреседе оқыды. Медреседе Бегишевтен Шығыс халықтарының тарихынан дәріс алды, қазақ, татар әдебиеттерін, Фирдауси, Сағди, Хафиз, Омар Хайям, Низами, Науай секілді шығыс ақындарының дастандарын оқып үйренеді. Баспадан 1909 жылы шыққан Абай өлеңдерін оқып «Атақты ақын, сөзі алтын хакім Абайға» деген өлең жазады. 1910–1913 жылдары Уфа қаласындағы «Фалия» медрессесінде білім алады. Онда татар жазушысы F. Ибрагимовтан дәріс алып, белгілі қайраткер С. Жантөринмен тығыз қарым-қатынас орнатады, болашақ көрнекті жазушы B. Майлинмен танысады. Ибрагимовтың көмегімен 1912 жылы Қазан қаласындағы Кәрімовтар баспасында «Шолпан» атты тұңғыш өлеңдер жинағы басылып шығады. «Садақ» журналын шығаруға қатысады. Оған өзінің өлеңдерін жариялады. 1913–1916 жылдары Омбы мұғалімдер семинариясында оқиды.

1918–1919 жылдары Петропавл уездік земство бас-қармасында қызмет етеді. 1919–1923 жылдары Ақмола губерниялық «Бостандық туы» газетінде, «Шолпан», «Сана» журналдарында, «Ақ жол» газетінде қызмет істеп жүріп, халық ағарту жұмысына белсене араласады. Сол кезенде қалың қауымға таныс поэмасы «Батыр Баянды» жазып, жарыққа шығарады. 1923–1927 жылдары Мәскеуде Жоғары әдебиет-көркемөнер институтында оқиды. Онда орыс әдебиетін, Батыс Еуропа әдебиетін терең зерттеп, орыс мәдениет қайраткерлерімен жете танысып, көшшілігімен достық қарым-қатынаста болады.

### **Мен кім?**

Арыстанмын, айбатыма кім шыдар?  
 Жолбарыспын, маған қарсы кім тұрап  
 Көкте – бұлт, жерде – желмін гулеген.  
 Жер еркесі – желдің жөнін кім сұрап?

Көкте – күнмін, көпке нұрым шашамын,  
 Көңілге алсам, қазір гарышқа асамын,  
 Шеті, түбі жок теңізбін қаракөк,  
 Ерігемін – толқып, шалқып, тасамын.

Жалынмын мен, келме жақын, – жанарсың,  
 Тұлпармын мен, шаңыма ермей қаларсың.  
 Күл болсын көк, жемірлісін жер, уайым жок,  
 Көз қырымен күліп қана қарапмын...

### **Өнер-білім қайтсе табылар**

Ер жігіт өнер табар ерте қуса,  
 Ерініп, шаршамаса, белін буса.  
 Ыртың-жыртың, жоқ-барға көңіл бермей,  
 Періште боп анадан қайта туса.  
 «Жақын, туған, бауыр» – деп айналмаса,  
 Қатын-сатын дегенде бойланбаса.

Тынықпай, дамыл алмай, ертелі-кеш  
 Ізденсе, кідірмесе, жайланбаса.  
 Дұниенің қайғысына зарланбаса,  
 Көз қысып күлгенине алданбаса,  
 Қақ жарап қара қылды тура бөліп,  
 Айтылған сөз жайынан жалғанбаса.  
 Өсектен ат-тонымен алыс қашса  
 Естісе, ұялғаннан бетін басса,  
 Жамандық – аты өшкірге жақын жүрмей,  
 Аяғын күндік жерден байқап басса.  
 Өзінен басқа жанды кем көрмесе,  
 Құтырып, шағыстырып жел бермесе,  
 Табылмас аузына су тамызуши,  
 Өзінің тар етігін кең көрмесе  
 Көзі ашық адамдарға жақын жүрсе,  
 Олардың әрбір сөзін ұлғі көрсе,  
 Естіген сөз, көргенді бос тастамай,  
 Құлақ тігіп, көз салып, жиып-терсе,  
 Көңіл көзі ашық жанды дос деп білсе,  
 Мылқау, меңіреу адамды қас деп білсе,  
 Бейнеттің мұнарланған шөл даласын  
 Жұмақта хорлар тіккен қос деп білсе.  
 Наданды қатқан жансыз тас деп білсе,  
 «Өнер-білім қарны ашқа ас» – деп білсе,  
 «Дұниенің теңізінде адасқанға  
 Тура жол көрсетейін, бас» – деп білсе.  
 Осы оймен тура жүрсе, бұлтармаса,  
 Басқа мойын бұрып, көз салмаса.  
 Өнер-білім жер астында болса-дағы  
 Издесе оны талпынып, бос қалмаса.

## Қарағым

Қарағым, оқу оқы, босқа жүрме!  
 Ойынға, құр қаларсың, көңіл бөлме,  
 Оқымай ойын қуған балаларға  
 Жолама, шақырса да қасына ерме!  
 Кідірмे, аялдама, алға ұмтыл,  
 Алам деп көктен жұлдыз қолың серме  
 «Қарманған қарап қалмас!» деген рас,  
 Тоқтамай істей білсең батып терге,  
 Жасынан оқу оқып, өнер қуған,  
 Жан жетпес көңілі жүйрік кеменгерге...

\* \* \*

Жастық, байлық, қол қусырып бос жүру –  
 Жас өспірім үмітті ерді бұзады.  
 Тер ағызып, өліп-талып табылған  
 Ата дәulet быт-шыт болып тозады.



1. Ұсынылып отырған Магжан өлеңдерін мәнерлеп оқып шығындар. Бұл өлеңдерден ақынның қандай арман-үмітін, жан сырын, жүрек толғанысын көрдіндер? Мәтінге сүйене отырып баяндап беріңдер.
2. Ақын лирикаларының Абай шығармаларымен қандай үндестігін байқадындар?

### *Лирикалық кейіпкер туралы*

**Лирикалық кейіпкер** – поэзиялық шығармалардан көрінетін адамның тұлға-бейнесі. Өлең-жырларда ақын көбіне өз атынан сөйлейді. Басқа адамның бейнесін жасап, соның атынан айтуы кейде ғана кездеседі.

Ақын өлеңді өз атынан айтқанда, лирикалық кейіпкердің бейнесі жасалады. Ақын қоғам өмірі, заман, адам туралы толғанғанда, өзін «мен» деп, «біз» дей отырып, сол ортаның адамы, белгілі бір ұрпақ-буынының өкілі ретінде сезіледі.

Лирикалық кейіпкердің характері бір өлең-жырда толық ашыла қоймайды. Бір шығармада бір қырынан көрінсе, басқа шығармада екінші қырынан көрінеді. Мысалы, бір өлеңде махаббат сезімі басым болса, бір өлеңде табиғат сұлтулығын сезіну басым келеді. Бірақ көптеген өлең-жырларды алғанда, лирикалық кейіпкердің тұтас тұлғасын, көп қырлы бейнесін айқын елестете аламыз.



## СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН

(1894–1938)

Жазушы, көрнекті қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллин 1894 жылы 10 қазанда қазіргі Қараганды облысы Шет ауданы, Қарашилік қыстағында туған. Нілдідегі орыс-қазақ, Ақмоладағы бастауыш приход мектебінде 1905–1908 жылдары қалалық училищеде 1908–1913 жылдары оқиды. Соң Омбыдағы мұғалімдер семинариясында 1913–1916 жылдары оқуын жалғастырады. Онда М. Жұмабаевпен танысады. 1914 жылы қазанда «Өткен күндер» атты тұңғыш өлеңдер жинағы жарық көреді. 1916 жылы Сәкен Сілет-Бұғылы ауылдында мектеп ашып, онда орыс тілінен сабак береді. Ақпан төңкерісінен кейін қалаға ауысып «Жас қазақ» ұйымын құрады. «Тіршілік» атты газет шығаруға ат салысып, үш айлық педкурста оқытушы болады. Осы тұста «Асырып тез аттандық», «Кел жігіттер» атты өлеңдер жазып халықты қуреске үндейді. 1918 жылы 1 мамырдан «Бақыт жолына» атты тұңғыш пьесасының тұсауын кеседі. 1922 жылы «Еңбекші қазақ» газетінің бас редакторы қызметін атқарады.

1922 жылы Орынбор қаласында «Асаяу тұлпар» атты өлеңдер жинағын жариялады. 1927–1929 жылдары Ташкенттегі қазақ педагогика институтының директоры қызметін атқарады.

Қазақтың өлең өнеріне өзгеріс енгізу, өлеңнің ішкі ырғағын күшету, ұйқасты дауыс екпініне бейімдеу, буын жүйесін ойға бағындыру секілді жәйттер – Сәкен

поэзиясының сол тұстағы жаңашылдық сипатын таныттын белгілер еді.

Сәкен туған жер табиғатын адамның ішкі сезім күйлерімен астасыра жырлады. Оның адап махабbat пен өмірді сүюді насиҳаттаған «Ақкудың айырылтуы», «Ақсақ киік», «Сыр сандық» т.б. көптеген шығармалары бар.

### **Еркін дала**

(«Қара жер» өлеңінен)

Белден асып,  
Аттап басып,  
От арбада келеміз.  
Айтқан жерге,  
Керек елге,  
Апарады – сенеміз.  
Қысы өткен,  
Қары кеткен,  
Заман дәл май, жаз еді.  
Масайрасып,  
Кеудені ашып  
Жұрттың көбі мәз еді.  
Жасыл шөбің,  
Жұмсақ көгің,  
Жібек емей немене?  
Төсімді ашсам,  
Көкке бассам,  
Күш толар ед денеме.

Жасыл мамық,  
Асыл анық,  
Тұрлі кілем жайғандай.  
Тұрлі шашақ  
Кесте жасап,

Шебер қолмен қойғандай.  
Алым бізді,  
Тастап ізді,  
Экспресс келеді.  
Алым қашып,  
Демін шашып,  
Кейде бұлк-бұлк желеді...  
Кенсің, дала,  
Туган ана,  
Көйлегің кең көк ала.  
Жан беретін,  
Тән беретін,  
Мейірімді ана, сен фана...  
Жібек жасыл,  
Анық асыл,  
Кестесі гүл киімін.  
Көркем ана,  
Сенде фана  
Тіршіліктің түйіні.

Жасыл шөбің,  
Жұмсақ көгің,  
Жібек кілем демес пе?  
Қызгалтақты  
Сарғалдақты,  
Кестесі оның емес пе?

Сары, Қызыл,  
Құлғін шикіл,  
Көк шөп-шұбар сансыз гүл.  
Тұрлі кесте  
Десте-десте  
Көк торғындаï емес пе?...

Қалың орман  
Байлық толған.  
Көлбеген көк бел – анау!  
Биік тауын,  
Құнде жауын,  
Аққан дария, көл – анау!..



1. Өлең ақынның қандай көңіл күйін, шаттық сезімдерін білдіреді? Мәтіннен тауып, оқып беріндер.
2. Өлеңнің қай шумақтарында ақынның қандай арман-тілегі, Отанға деген сүйіспеншілігі, азат елдің мекені – кең даланың әсем көрінісі жырланған?
3. Өлеңнін әр шумағы алты жолдан құралғанын ескеріндер. Өлеңді оқығанда әр шумактың жігін және жолдардың сонғы сөздерінің өзара ұйқасын байқай біліндер. Өлеңнің жеке шумақтарындағы жолдарда біртектес дауысты дыбыстардың, сондай-ақ біртектес дауыссыз дыбыстардың қайталануын байқап, атап көрсете біліндер.

### **Эпитет туралы**

Кенсің, дала,

Тұған ана,

Кейлегің кең көк ала.

Жан беретін,

Тән беретін,

Мейірімді ана, сен фана.

С. Сейфуллин «Еркін дала» атты осы өлеңінде кең даланың әдемі көрінісін анаға тән қасиеттер арқылы айқындалап, суреттеп отыр. Осылай бір заттың, не құбылыстың айрықша сипатын, сапасын айқындайтын суретті сөз **эпитет** деп аталады.



## БЕЙІМБЕТ МАЙЛИН

(1894–1938)

Бейімбет (Бимагамбетұлы) Жармағамбетұлы Майлин 1894 жылы бұрынғы Торғай облысы, Қостанай уезі, Дамбар болысЫндағы Ақтөбе деген жерде (қазіргі Қостанай облысы, Таран ауданы, Майлин кеншарында) туылған. 1911–1912 жылдары Арғынбай қажының медресесінде, Қостанайды орыс-қазақ мектебінде, Уфады Фалия медресесінде, Троицк қаласындағы Уәзиға медресесінде оқыған.

1923–1925 жылдары Қостанай губерниясында «Ауыл» газетінде «Еңбекші қазақ», «Ауыл тілі» газеттерінде әдеби қызметкер және редакторлық қызметтер атқарады. Уфады Фалия медресесінде оқыған жылдары татардың F.Ибрагимов, M.Фаури т.б. ақын-жазушыларымен шығармашылық байланыста болады. Осы оқу орнындағы «Садак» қолжазба журналында «Мұсылмандық белгісі» атты тұңғыш өлеңі жарық көреді. Оның алғашқы шығармалары – «Қостанай уезі, Дамбар болысы» очеркі, «Мұқтаждық», «Көніліме» атты өлеңі, «Шұғаның белгісі» повесі, «Болған іс» әңгімесі «Айқап» журналында, «Қазақ» газетінде жарияланады.

Сонымен бірге, «Мырқымбай», «Кедейдің кейістігі», «Қарасор», «Бер, Мырқымбай, қолынды» т.б. өлеңдері бар. Ол оннан астам поэмалық авторы. «Байдың қызы», «Разия қызы», «Қашқын келіншек», «Маржан» поэмаларында қазақ әйелдерінің аянышты тағдырын жырлайды. Майлин – әңгіме жанрының шебері.

## Гүлденсе ауыл – гүлденеміз бәріміз

Гүлденсе ауыл – гүлденеміз бәріміз,  
 Ауыл – дене, біз – қозгатар жанымыз.  
 Кел, еңбекші қол ұстасып бір туға,  
 Жиналайық қалмай жасы, кәріміз!  
 Азулының азу тісін сындырып,  
 Тендік күні тугандығын шын қылыш.  
 Ауылдағы әрекеттің бәрін де  
 Жермен-жексен жіберейік жұн қылыш!  
 Қара тұман үстіндегі жарасын,  
 Нұрын шашып күн жылтырап қарасын.  
 Құшақ жайып алсын қарсы әділдік,  
 Жылай келген қалың қедей баласын.  
 Гүлдендіріп жіберейік нұр беріп,  
 Жасыл шалғын тұрсын безеп тұр беріп.  
 Таңымасын, таңырқасын жат дұшпан,  
 Жарым жылда қарағанда бір келіп.  
 Жауыздардың жүрер жолы бөгелсін!  
 Бөгелген соң ұні өшкенін көрерсің.  
 Мұгедектеп, жалтақтамай, жасқанбай,  
 Сорлы қедей бой жазып бір кенелсін!  
 Гүлденсе ауыл – гүлденеміз бәріміз,  
 Ауыл – дене, біз қозгатар жанымыз.  
 Кел, еңбекші, тендік туын қолға ұстап,  
 Келгенінше тырысайық әліміз!..



1. Өлеңді мәнерлеп оқып, мәнін түсініндер.
2. Ақынның «**ауыл – дене, біз – қозгатар жанымыз**» деген жолдарынан неңі ұқтындар?
3. Жауыздар деп кімдерді айтып отыр?
4. Кешегі күн мен бүтінгі ауыл көрінісін салыстырындар.



## ИЛИЯС ЖАНСҮГІРОВ

**(1894–1938)**

Илияс Жансүгіров 1894 жылы 14 мамырда бұрынғы Қапал уезі, Ақсу болысында (қазіргі Алматы облысы, Ақсу ауданында) туған. Алғашында өз әкесінен, ауыл молдаларынан саут ашқан. Қарағаш ауылында жәдитше бастауыш мектепті бітіреді. 1919 жылы Ташкенттегі екі жылдық мұғалімдік курсқа оқуға түседі. Оны бітірген соң өз ауылында мұғалім болып, кейін «Тілші» газетінде қызмет атқарады. 1922 жылы Верныйдағы (Алматыдағы) Қазақ ағарту институтының менгерушілігіне тағайындалады. 1925 жылы Мәскеудегі Журналистика институтына оқуға түсіп, оны бітіріп шыққан соң, «Еңбекші қазақ» газетіне қызметке жіберіледі. Илияс Жансүгіров шығармашылық жұмыспен қатар Қазақстан жазушылар одағын үйымдастыру ісіне де белсене қатысады. Жансүгіровтің баспа бетін көрген алғашқы туындылары – «Сарыарқа», «Тілек» деген өлеңдері. Бұлар 1917 жылы Семейде шығып тұрған «Сарыарқа» газетінде жарияланған. Осыдан соңғы өлеңдері «Сана» журналы «Тілші», «Ақжол», «Кедей еркі» газеттерінде жиі жарияланған.

Мәскеуде оқып жүрген кезінде «Заводта», «Орақ пен балға», «Отарба» өлеңдерін үлкен ақындық шеберлікпен жазып, қазақ поэзиясын тың тақырыппен байытты. 1928 жылы «Сығанақ» атты тұңғыш жинағы басылып шығады. Осыдан былай қарай Жансүгіров халқына

каламы ұшталған, терең ойлы, талантты ақын ретінде мәшһүр атанады. Ол драматург ретінде де жемісті еңбек етіп, «Кек», «Тұрксіб», «Исатай Махамбет» пьесаларын жазған.

### **Анам тілі**

Қадірлі, бағасы алтын анам тілі,  
Сенімен бағаланған балаң түрі.  
Төрт бөліп түн ұйқысын жұбатам деп,  
Сенімен әлдилеген анам мені.

Бесікте белін буып бітіскемін,  
Сөйлесіп, шешем жүнін түтіскемін.  
«Апа» деп, «Ә» деп жылап, аузымды ашып,  
Емшектен еңбек қылышп, сұт ішкемін.

Маңымды сеніменен танығамын,  
Сеніменен қуанып, налығамын.  
Дене ауырлап, жан жалқау тартқан шақта,  
«Үх» деп шаршап, дем алып шалығамын.

Тілегенім, қорыққаным бәрі де сен,  
Сасқанда да жармасам ойбайыммен.  
Апкәусар<sup>4</sup> болса-дағы ұжмақтағы,  
Тәттілікті көрмеспін сенімен тең.



1. Ақын өз ана тілін қалай бағалайды?
2. Ана тілі арқылы адам өзін қоршаған ортадан бастап байтак әлемді қалай танып біледі?



1. Шығарманы Мағжан өлеңімен салыстырындар.
2. Өлеңді мәнерлеп оқуға жаттығындар.

<sup>4</sup> Апкәусар – жұмашқтағы зәмзәм, мөлдір де дәмді су деген мағынада.

## Домбыра

Домбыра, сенде мін бар ма?  
Мінсіз болсаң – тіл бар ма?  
Тіл жоқ деуге бола ма,  
Тілден анық үн барда?  
Домбыраның күші мол  
Көмейінде күй барда?  
Сылдыр-сылдыр  
Сар қамыстан  
Төгілді жыр,  
Өрді алыстан.  
Келді жақын сен қағысқан,  
Үн шыққандай жолбарыстан.  
Тұншыққандай  
Өлді арыстан,  
Ат шапқандай  
Жер қайысқан.  
Сыңғырады әсем күй,  
Қоңыр Балқаш желімен  
Сылдырады қамыстай.  
Бірде жуық жеделдеп,  
Бірде сарын алыстай.  
Бірде жерді су басты,  
Сел қаптаған дабыстай.  
Бірде жерді су басты,  
Ұрандаған жарыстай.  
Бірде адақтап ақты күй  
Агалаган дауыстай.  
Іңыранып қалды домбыра  
Қамыстағы барыстай.  
Күй шерінде шек тартты,  
Күй найзасы қылтылдан,  
Құлақ түпте – жүргегі  
Қояр ма екен шанышпай?

## Күйге

Күй, сені тәтті көрем жаным сүйіп,  
Тыңдаймын тыным алмай, жанып, күйіп,  
Өмірдің сырын ашып жүрегіме,  
Музаның әміріне басымды иіп.

Алайық, ескі күйдің бәрін жиып,  
Жандырган ой-қиялды, қалың күйік,  
Шерттіріп құнарлырақ домбыраға,  
Тербеліп ырғағына тамылжиық.



1. Қазақтың күй өнері туралы не білесін?
2. Ақын күй өнерін қалай бағалайды?
3. Күй тыңдағаннан өзін қандай әсер аласын?



1. «Домбыра – қазақ халқының ұлттық аспабы» тақырыбында ой толға.
2. Өлеңде домбыра тілін, құдіретін суреттеу үшін колданылған бейнелі сөздерді тап.
3. Өлеңнің динамикалық қуатын арттырып тұрған тіл шеберлігі, үйқас түрлеріне назар аудар.
4. Өлеңді мәнерлеп оқындар.

**Градация** – дамыту – алдыңғы сөзден соңғы сөзді, алдыңғы ойдан соңғы ойды, алдыңғы құбылыстан соңғы құбылысты асыра, асқақтата түсу.

Мысалы, «Қобыланды батыр» жырындағы Тайбурылдың шабысын естерінде алындар. Илиястың «Домбыра» өлеңіне назар аударындар.



## МҰХТАР ӘУЕЗОВ

(1897–1961)

Ұлы жазушы, қоғам қайраткері, ғұламағалым, Қазақстан Фылымдар академиясының академигі, филологияғылымдарының докторы, профессор М.Әуезов бұрынғы Семей уезі, Шыңғыстау болысының 8-ауылына қарасты Аяққараған ауылында орта дәүлетті отбасында дүниеге келген. Экесі Омархан мен атасы Әуез сауатты адамдар болған. Алты жасында атасының үйретуімен Абайдың өлеңдерін жаттап, оны ұлы ақынның өзіне айтып берген. Бұл оқиға бала Мұхтардың есінде мәнгі сақталып қалады. Жеті-тогыз жас аралығында ауыл мектебінде сауатын ашқан. 1908 жылы Семейдегі Камалиддин хазрет медресесінде оқып, одан орыс мектебінің дайындық курсына ауысады. 1909 жылы әкесі Омархан қайтыс болып, ауылына оралады. Семей мұғалімдер семинариясын бітірген Әбіш Хасенов деген мұғалімнен бір жыл дәріс алады. Немере ағасы Қасымбек оны жаз бойы өзі дайындалған, 1910 жылы Семей қалалық бес сыныптық орыс-қазақ училищесіне оқуға орналастырады. Сол училищенің соңғы сыныбында оқып жүргендеге «Дауыл» атты алғашқы шығармасын жазады. Училищені 1915 жылы аяқтап, Семей қалалық мұғалімдер семинариясына түседі. Семинарияда оқып жүріп те шығармашылықпен айналысады. Шәкәрім Құдайбердіұлының «Жолсыз жаза» дастанының негізінде «Еңлік-Кебек» пьесасын жазып, оны 1917 жылы маусым айында Ойқұдықта сахналастырады.

1922 жылы күз айында М.Эузев Ташкент қаласындағы Орта Азия мемлекеттік университетіне тыңдаушы болып оқуға түседі, әрі «Шолпан» және «Сана» журналдарының алқа мүшесі болып жұмысқа орналасады. 1924–1926 жылдары Семей қаласындағы мұғалімдер техникумына оқытушылыққа қалдырылады. Сонда жүріп «Таң» журналын шыгарған.

### **Біржан сал Абай ауылында**

*(«Абай жолы» романынан үзінді)*

...Абай Эйгерімді осыдан үш ай бұрын ұзатып әкелген еді. Қазір басында желегі бар жас келіншек қалың қонақ ортасында, Абай қасында отыр.

Бұл екеуінің осы жолғы қонағы да өзгеше. Ол – өншең қызы-келіншек пен бозбала. Жиын бастығы Абай болып қазіргі сэтте мына ауылдың өзге тірлігінен оқшау бөлінген бір топ тәрізді. Осындаи ойын-сауық жиынның ортасында ең қадірлі бір топ қонақ бар. Шет елден келген қонақ. Бұлар – қазір төрдің тап ортасында, жағалай көрпе үстінде, ұлken ақ жастықтарды шынтақтаған сал-серілер. Солардың ішіндегі ең көрнектісі – мынау қос ішекті домбыраны безілдетіп отырған орта бойлы, қызығылт жүзді, кен ақ мандайлы, нұрлы жігіт. Ол – Арқаға аты шыққан, бүкіл Орта жүзді асыл саз, әсем үнімен ұйытқан Біржан сал.

Тобықты ішіне сонау алыс Көкшетаудан келген сирек, сый қонақ. Өзі ақын, өзі әнші, өзі сері–Біржан. Үстінде қара мақпал, кен, женіл шапаны бар. Омырауы ағытылған, «сері жаға» ақ көйлектің сыртынан киген сарғылт түсті, қытайы жібек кемзалы бар. Оқалы тақиясының жібек шоғы ыргала түседі. Құйқылжыған әніне қалың жиын қыбыр етпей үйіп, мұлгіп отырғанда, кербез әнші өзі де жүзіне бір жылтыр майда рең бітіп нұрлана құбылады.

Эншінің «Біржан сал» атты осы бір әні өзінің майда қоңыр, сырлы қоңыр сазымен бастала жөнелгенде, өзге көп жұрт ішінде демін тартып, қатып тындаған кісінің бірі – Абай.

Қадірлі ақын, құрметті қонағына Абай қадала қарап қапты. Ақ-қарасы әлі де айқын, таза, ұзынша көздері өзгеше бол телміре түсіп, шарасынан асып ұлкейіп қарайды. Бірақ қазіргі сәтте кірпік қақпай қарағанмен, бұл көз, әнші жүзін көріп отырған көз емес. Ән мен өлең сөзді, өнерлінің түгел өзін қосып, бір бітім, біртұтас тұлғадай қиял суретімен елестетіп, көріп отырған көз.

Ерекше әсері бар күй мен аса ұнаған ән тындаған уақытта Абай сол сарын сөзбен қатар, өзге бір дүниені жарыса ойладап кететін. Өмір, қиял суреттерін, уакиға тасқындарын, жаратылыс, құбылыс толқындарын көріп, соған шомып кетеді.

Қазір де, міне, белгілі әр қиялы бар ән, ірі туысты әншіні мынау ортадан бөліп, жырып, аулаққа әкетті. Шырқау алыс қияға әкетті. Тұлғасы ерен, кең кеуделі, асқақ үнді әнші сахараның гажайып бір алыбы бол апты.

Сол алып, өнер алыбы, Сарыарқаның ең занғар биігі Көкшениң басына шығып тұрып, бар ұлан ұзак Сарыарқа, сахараның салқын бел, самал көліне қонған елі-жұртына көз тастайды. Жуансып күштісі, артықсып асқағы, күніреніп көбі жүрген жон-жотаға көз тастап қоймай, үн қатады. Ән тіл қатады. Ескек, асқақ атойдай қып, зор кеуденің алып күйін азынатып төгеді.

«Мен келемін! Өнер әкелемін! Танымай көрші, андамай бақшы! Сай-сүйегің босамай, алпыс екі тамырың иімей көрші!»... деп, бас идіре ән төккенде, ән емес, нұр төккендей. Әлемнің жүзінен жауыздық зұлымдығын қуып әкетіп, қиялда болса да дүние бетін, Арқа жүзін сан сүмдықтан тазартып бара жатқандай... Ол ән асқақ есіп соққанда, Көкшениң қалың сыпсың қарағайы – мынау әнші басындағы оқалы тақияның жібек шоғындаі болып,

теңсөліп барып, төгіле жапырылып, жол береді, бас иеді... Арқаның қара тұні де мынау ақын үстіндегі қара мақпалдың бетіндегі майды, мейір тұні болады... Сонда ел жүзі де ақын жүзіндегі жылтырап көрінген нұрға толғандай болады. Ел жүзінде қазіргі ақын түсіндегі, ән үстінде езу тартқан жаразтық құлқідей боп, шат қуаныш құлкі көрінеді Абай көзінде.

Сөйткенде үй ішінің сөйлеген, алғыс айтқан үндері шығып жатыр еken... Эн үзіліпті. Абай қиялығана үзіле алмай, аяқтап келген қалпы еken. Ол шарасынан шыққандай болған отты, ойлы көзімен әнші жүзіне әлі аныра қадалып, қарап қапты.

Абайдың тал бойы үйип қалғандай, осы халін елден бұрын сезген Эйгерім қасында отырып, қолын қүйеуінің тізесіне сүйеген боп, шынтағымен Абайды сәл түрте қозғап қалып, ақырынғана күліп ояты... Абай ең алдымен селт етіп, Эйгерімге қарап ес жия бергенде, өзі де күліп жіберді. Бірақ өні құп-құ болған. Құлген демі де дірілдеп шығады. Бұның өзін жақсы бағып, жақсы ұғып отырғаны үшін сезімтал Эйгерімге сүйсіне қарап қалды да енді Біржанға бұрылды:

– Өзге өзгенді не қылайын, Біржан аға, – деп бастап, қонағына жаңа бір қуаныш жүзімен қарады. – Ел ақтаған бір ақын болушы еді. Тілін безеп, жанын жалдап, тіленшілікпен байды сауып, сөз қадірін сол кетіруші еді. Үн түзеген бір әнші болушы еді. Кім көрінгеннің қосшысы. Эр кез, әр мырзаның қосалқысы. Эн қадірін түсіріп, бір атым насыбайдан арзан етіп еді. Сен әнді босағадан өрлетіп, төрге шығардың, соныңғана қуанам. Осының-ақ қадір-қасиетінді тануға жетіп тұр!.. – деді.

Біржан құп тындалап, өзі де сүйсіне көтеріліп:

– Шіркін, айтушы мен болғанда, үнемі ұқтырушым сен болсайшы, Абай! – деді. Эйгерім де, өзге жиын да екеуін дәл ұғынғандай, түгел қостап құлісті. Таңертеңнен бері ортадағы кең дастарқан бойында үш жерден

сапырылып отырган қымыз аздан бері ішілмей, іркіліп қалған-ды. Қазір Ербол, Мырзагұл, Оспан – үшеуі үш жерден құлаштай сапырып, сырлы тостағандарды қонақтарға қыдырта бастады. Эн толастаса болғаны, үй іші жапырлап, әр тұстан сөйлесіп, күбірлесіп, құлісіп жатыр.

Абай жаңағы өз ойын аяқтатып тоқтатпақ боп:

– Бай, бағлан боп, қадірлі болмайды, жігіт өнерлі боп, сол өнерін ұстай біліп, қадірлі болады. «Өнерпаз болсаң өр бол» дейді Біржан аға. Жалқы бол, жарлы бол, ол-кемшілік емес. Өнерлі ақын, асқақ әнші болсаң – ел көңіліндегі мұнды айтып, көзіндегі жасты тыйсан, сенен зор, сенен қадірлі болмасқа тиісті! – деп, Абай өз қасында отырган Әйгерім мен інісі Әмірге қарап, бір түйін тастағандай болды.

Абайдың сөзі Біржан өнерін сонша зор көтеріп, өз елінің бар жасына «бізден бұл артық!» деп отыр. Осыны жалған намыс ойламай, соншалық кең, жақсы көңілмен айтып отырганы Біржанға жаңа бір ой салғандай болды.

Ол тағы да домбырасын біраз бебеулетіп, желдіртіп алып кеп, «Жанботаны» шырқап кетті. Жастар бұл әннің неден туғанын, Біржаның қай жарасын аштынын білуші еді.

Ол – Біржанды жана Абай айтқан «бай, бағлан» дегендердің бірі сабап күйдіргенін ашық айтқан ән болатын.

*Жанбота, өзің болыс, әкең Қарпық,  
Ішінде сегіз болыс шенің артық.  
Өзіңдей Азнабайдың поштабайы  
Қолымнан домбырамды қалды тартып.*

*Тартса да, домбырамды бергенім жоқ,  
Есерді поштабайдай көргенім жоқ.  
Қамишымен топ ішінде ұрып еді,  
Намыстан, уа, дарига, өлгенім жоқ.*

*Жанбота, осы ма еді, өлген жерім,  
Көкшетау боқтығына көмген жерің.  
Кісісің бір болыстың біреу сабап,  
Бар ма еді статьяда көрген жерің?..*

деп қайырды.

Мұң айтып, қүйік шағу. «Сен мені елден асқан десен, менің кеудемді осындағы да, намыс дерті басқан. Жуан содырдың қамшы соққысы басқан!» дегендей.

Бұл саналы көңілдің шер-шермені еді. «Жетіскендей көресің, қарық боп жүрген Біржан қайсы екен?» дегендей. Абай Біржанға жаңы ашып, жұбата сөйлемек боп:

– Сонау Жанбота, эне біреу Азнабай ма, әмірлі, кәрілі дегендері? Бай, бағлан дегені? Солардың сол айуандықты тоңмойындықпен етіп отырса да, дәл жаңағы Біржан ағамның «Жанбота» әнінен соң «бота» түгіл, «бұта» құрым болмай, жапырылып, тапталып қалған жоқ па? – деп, тағы бір түкпірлі алыс ойға кеткендей сөйледі.

– Азнабайлар мынау жерде бүгін ғана аз나итын шығар. «Мен – жер құдайымын» дейтін шығар. Бірақ ертең олардан із де, тозаң да қалмайды, қалмасы хақ! Сонда тек Сарыарқаның атырабынан атығай, қарауыл, керей, уақтың шежіресінен өзінің ғана атың қалады. Және сол Азнабай жауыздың, Жанбота жуанның бетіне соққан соққың қалады. Кейінгі нәсілді олардан жиренеттін ұят таңба, шақпақ таңба боп қалады. Қалады сол, не қыласың, Біржан аға! – деді.

Бұл сөздерді жиынның бәрі ұқпаса да, естияр жағы түгел қостағандай болды. Әсіреле, төрде отырған аға жастар – Базаралы, Жиреншелер құпттай жөнелді.

Аты қалған деген сол емес пе, осы мынау отырған өңшең әнші болам деген жалынды жас екі айдан бері еріп жүріп, Біржан әнін үйренген екен. Енді сол алғанын әсте ұмытар емес. Әнді ұмытпаса, айтушысы, үлгісі Біржанды ұмытар ма? – деп, Жиренше осындауда көрінетін зерек

ұғымталдығымен жаңағы Абай сөзін іліп алғып, дұрыс өрістетті. Сонымен ілесе, өз сөзіне дәлел болсын дегендей, Әмірге қарап:

Міне, мынау Әмірдің Біржаннан артық дейтін өнерлісі бар ма екен? – деді.

Жүрт көзі тегіс Әмірге қараған еді. Ол ақырын тыңқылдатып, өзі домбырасына Біржан үйреткен «Жиырма бес» дейтін әнді салып отырған.

Біржан жас жігіттің жүзінен жақсы бір шабыт көргендей боп:

– Басып жіберші, кәне, осыған! – деп аға бұйрық етті.

Әмір іркілген жок. Ақ сұр жүзі біраз толқына түсіп, шырқап кетті. Үні жіңішке, таза, сәнді екен. Біржанның өзі үйреткен нақыштарын зор ықыласпен діл шығармақ боп, ынта салып айтады. Сөзін де әнімен бірге қызыға сүйсініп, Біржаннан ұққан. Жаңа замандарда Зілқара шығарған әсем «Жиырма бес» тобықты елі естімеген толқыны, сәні бар, нағыз тамыр бойлар ән еді. Сөзі де жас жиынға жалын тастағандай болатын:

*Беріп кет, сақинаңды мыс та болса,  
Жүрейік күліп-ойнап, қыс та болса.  
Шеш-тағы етігіңді байпақшаң кел,  
Көрейін өз сорымнан, ұстап алса...*

Абай мен Әйгерімнің бұл жолғы қонақтары, шынында Тобықты жастарының ең бір өнерлі, нәрлісі болатын. Осыдан екі күн бұрын осы Құнанбай ауылы отырған Барлыбай өзеніне Ырғызбайдан, Торғай-Көтібақтан және Жігітектен, одан арғы Бөкеншіден көп қыз-келіншек, жас жігітер әдейі шақырылып, арнаулы қонаққа келгенді.

Абайдың қасында отырған – інісі, жас бозбала Әмір, Құдайбердінің баласы. Ол өз нөкерімен келгенде, Үмітей сұлуды ерте келген. Базаралы қасында отырған Балбала – Әнет қызы. Ол да бір топ қыз нөкерімен әдейі шақырылған.

Бөкеншіден Сүгір баласы Әкімқожа – мынау. Ол өз қарындасты Керімбаланы ертіп, Жігітектен Базаралының әнші, сері інісі Оралбайды ала келген.

Сол жастың бәрі де өнеркүмар және тегіс жақсы әнші. Олар Біржанды бұл жолы ғана көрген емес.

Осы құндерден екі айдай бұрын тобықтының шетіне келген Біржанның хабарын Абай естіп, алдынан Әмірді жібергенді. Абайдың ең бір қадірлес ағасы Құдайберді жастай өлгенде, содан жетім қалған бес баланың ортанышы Әмір болатын. Құдайберді өлерде, Абай оған: «Балаларыңды әке орнына бағу қарызыым болар» деп, «жетімдік көрсетпесін» деп ант еткендей болатын. Айтқанындай, Абай содан бері Құдайберді балаларын өзімен туысқан Оспаннан да, өз балаларынан да қатты еркелететін.

Ал Әмір болса, сол балалар ішіндегі әнші, өнерлісі болп келеді. Ерке, серілігі де бар. Өзіне шалқып, серпіп шығарлықтай бір шығым бар, дәмелі жас. Аса тілеулес ағасы Абай оның алдынан шықпайды және ешкімге бетін де қақтырмайды.

Сол Әмірді Біржанға құр шақырушу етіп жібермегенді. «Бар, көр. Шын өнерлі, қызықты болса, елге әкел. Еркімен көсілтіп ойын-сауық ет. Жас буын өнер үйренсін, үлгі алсын. Мен де көмекші болармын» деген...

Әмір Біржанмен ел шетінде кездесіп, екі-үш күн бірге болып, өз ортасына шақырып қойып, өзі үй тіктірмек бол және сал жөнімен, баппен қарсы алмақ бол, алдымен келген. Аялдамастан Абайға кеп, өзгеше бір қызғын жайын көңіл мен жүзден танытқан.

Абай содан соң-ақ Біржанды әуелі Әмірдің қонағы етіп, Құнанбайдың осы үлкен аулына әдейі келтірткен-ди.

Содан бері екі ай өтті. Біржан Әмірге ғана емес, Абайға да ерекше ұнады. Екеуі ескі мұндас достай кездесіп, тез табысып кетті.

Абай осы бүгінгідей етіп өз аулына Тобықтының әнші,

күйші жасынан жігіт-желең, қыз-келіншегінен талайын талай рет жинаған. Біржанға оларды танытып, көп қызық мәжілістер құрган.

Өздері әнін үйретіп, сыйластық, құрметтестікке жеткен соң, көп ауылдардың жастары Біржан мен Абайды өз ауылдарына шақырып, үзілмеген ұзақ сауық күн-түндерін өткізген.

Біржандар Әмірдің, Үмітейдің де қонағы болған. Сүгірдің әнші қызы, сәнді бойжеткен Керімбала мен Әкімкожаның қонағы боп, ол меймандос ауылда да көп сый көрген. Одан қайтар жолда Базаралы, Оралбайлар Жігітек ішінде көп күндер қыдыртып, қонақ еткенді. Бекенші, Жігітек жастары үнемі бірге араласып, айырылышпай күтісken.

Сонымен қазір Біржандар қайтатын шақ жеткен соң, Абай осы тұрған төрт үйді әдейі қонақтарды шығарып салу тойына арнап тіккізген. Енді бүгінгі тұстіктен кейін, кешке қарай көп қонақ атқа қонбақшы боп отыр. Әйткені ертең Біржандар еліне қарай аттанбақ. Соның алдында «сый қонақтар бір кеш көпшіліксіз болып, тынығып аттансын» деп, Абайға Базаралы, Ербол, Жиреншелер айтқанды. Абай да соны макұл көрген.

Сөйтіп бұл мәжіліс жаздай асыл аға, үлкен ұстаз болған Біржан мен Тобықты жасының айырылар мәжілісі еді. Сол себепті жаңағы Әмірді «Жиырма бестен» сынап тындағандай, өзге әнші жастардың бәрі де бір-бір жаңа әнмен өз өнерін көрсетпек керек.

Әмір айтқаннан кейін, әлгі қалжын-әзілдер басылған соң, Оралбай домбыраны біраз құйлеп кеп, қасында отырган Керімбаланың әніне жетекші болды.

Шашақтау боп біткен үлкен қой көзді, ақ-қызыл жұзді, қалың шашты Керімбалада саналы қайрат бар, ұстамды, сырлы салмақ бар. Сонысымен ол әрі сәнді, әрі өзгеше біткен сұлу.

Керімбала да Біржаннан өзі сүйіп ұққан әнін айтты.

Ол да Тобықты ішіне Біржан әкеп үйреткен бұрынғы бір ән. Біржандай көп әнші, ақынның айтуынан өтіп, сырла-нyp жеткен, атсыз бір әнші шыгарған – «Қарға».

*Қарғам-ау, сен қалайсың мен дегенде... –*

деп сөзі кетті. Бұғінгі әнші, өнерлі жастардың біріне-бірі көрсетіп жатқан құрмет, физзат, сый-сұхбат арасындағы нәзік жаразтық күйі болды. Біржан мен Абай үлкен ілтипатпен тындастып еді.

Керімбаланың осы әніне орай қып, Оралбай да бір кербез әнге шырқай жөнелді. Оның әні – «Гауһартас».

*Басасың аяғыңды ыргаң-ыргаң,  
Артыңда таққан шолпың, күміс сыргаң...*

Ән зор дауысты, сұлу пішінді, аққұба жігіт айтқанда жаңа сыр тапқандай. Әсіресе Оралбайдың айтуында сол өзі суреттеп отырған «шолпылы» сұлуды нағыз ынтығындаі сезіну бар. Жан тартып, демін, лебін сезіп отырған ыстық жалын білінеді.

Жұрт Оралбай әніне қатты сүйсініп, аласұрып, тоя алмай қапты. Біржаннан бұрын Кемпірбала бұрыла қарап, сүйсіне құлді. Көп сақиналы, үлкен білезікті аппақ қолын сәл көтере түсіп, жігітке сыпайы тілек етті.

– Тағы бір ауыз! – деп еді.

Оралбайга:

– Тағы! Тағы! – деп Біржан да ықыласпен айтты. Әнші алғашқы қайырмасының аяғын ұзбестен ілгері өрлең, тағы да сәнді үнмен шабыттанып, толқытып кетті...

*Есілдің ар жағында көрдім сени,  
Сыргаңды қайық қылып өткіз мені.  
Сыргаңды қайық қылып өткізбесені,  
Болсаң да хордың қызы, көрмен сени.*

Жігіт ерке тілек айтады. Дос жүргегіне сенеді... Інтыға тұрып еркелейді. Күн көзінде керіліп еркеленген жастағыдай өз отына, оның отына да қуанып сенеді. Он-

сыз жас жігіттің қуанышы қуаныш па? Еркелет те еркеле!  
Жалын мен жалын ойнап, жарысып қосылсын!

Бар жиын, әсіресе Базаралы, Жиренше, Абайдай аға жастар шіміркене түседі. Ақ қызығылт рең Керімбаланың да жүзіне бір толқын соғады. Ақырын ғана көркем сыңқыл, әсем әнмен Әйгерім күліп, қызарады.

Аппақ, кесек ақ тістерін сұлу қызыл еріндері аша түсіп, қайта жасырып, Балбала езу тартады.

Өз қасында отырған шабытты әнші, көрікті құрбысы Әмір жасқа көз алмай Үмітей қарайды.

«Осы жас-ая! Сондай еркелікті батыл айтатын, жарас-тыра айтатын жас, осы Әмір-ая!» дейді ішінен. Тоңазыта діріл қақтырған бір толқынға бой бергендей. Ақша мандайлы, кен сұлу жүзді Үмітей ашық үнмен сыңқ-сыңқ етіп, үй ішіне естірте күледі.

Ән, домбыра кезегі қыдыра жағалап, осы Үмітейдің өзіне келгенде, о да іркілмей «Баянауылына» бастады. Әмірдің домбырасы қоспай ереді. Қоңыр ғана, ақырын ғана тартса да, шынында бүліне «беубеулеген» тілеулес, үндес бір күй бұралады.

*Баянауыл басынан бұлт кетпес,  
Киядагы тулкіге құсым жетпес.  
Ақ боз үйдің сыртынан аттандырып,  
«Қош, қалқатай!» дегенің естен кетпес...*

Үмітей бұл әннің сөзін арманды күдікпен, аса бір құпия сыр етіп айтады. Сондықтан осынау сөз, саз бұрын емес, дәл осы арада ең алғаш айтылғандай болады. Бір туған айдай, қылдай нәзік, бірақ емеуріндей анық сыры бар. Дәл көнілдің өз үні боп шықты.

Соны кәмшат бөрік, алтын сырғалы, ең сәнді киімді сұлу қыз айтты да, жүзіндегі әншейіндегі жұқалау қызылынан айырылып, аппақ тартты. Оң жақ бетіндегі әдемі қап-қара меңі айқындаپ барып тоқтады.

Мұны да үй жиыны үнсіз мейірленіп тыңдалап еді...

Үмітей үзіліп, ақырындал, бәсендетіп кеп, «енди осымен токтадым» дегендей етіп, бетін жарқ еткізді. Есіктен төрге дейін ентелеп отырған, тұрған жиынға қарап, тағы да ашық үнмен сыпайы құліп жіберді.

Ол осылай өзі айтып тоқтасымен, дәл қасында он жағында отырған жас келін Әйгерімге бұрылып:

– Эн жағалап, әншісіне де кеп қалыпты-ау! Сонымен, кәні, енді өзің айт! – деді.

Үй іші осы әзілмен ілесе тегіс Әйгерімге қарады.

Есік жаққа бағана кеп орналасқан шеткі үйлердің карташ әйелдері де ентелей тұсті:

– Келін, келін айтады! – десіп, күбірлесіп үн қатысты. Әйгерім әніне де Әмір домбырасы жетекші боп, төменгі пернелерден безек қағып, «жүр-жүрлөп» тұр.

Әйгерім Үмітейге қарап, қысыла қызырып:

– Қой, қалқам. Қой, лайығы жоқ... – деп тартынып қана ақырын құліп еді...

– Сенің де кезегінен қалатын жөнің жоқ. Тым құрыса ауылдың алты ауызы болсын! – деп Абай емеурін жасады. Өзі де ықыласпен тыңдайтын шырай көрсетті. Біржан, Базаралылар да, Балбала, Үмітейлер де Әйгерімнің аса нұрлы жүзінен көз алмай қарап қапты.

Бұның жас сәулелі жүзінде кішілеу қара көзі, әсіресе естен кетпестей.

Аса сыпайы қарайтын ойлы, нұрлы көзінде бөлек бір шұғыла бар. Жаңа жеткен жастық, тазалық шағында, ақ жүзді, сұр жүзді қара көз әйелдер де оқта-текте кездесетін осы шұғыла, кейде қоңырқай қоленқе реңденіп, көзінің астына ұялап тұрады.

Кірсіз, міңсіз тазалықтың, нәзік жастықтың шақ қана бір дәурені сақталып тұрып, кейін ұшып кеткендей өшіп кететін бір нышаны еді ол.

Қара көз сұлу көп болса да, бұл бітім, қасиет анда-санда біреудеған болатын.

Абай Әйгерім жүзіндегі осы бір өзгенің бәрінен бөлек

нысанаға әр кезде көп қадалып, қызығып қарайтын. «Ұялы қара көз», «Нәркес көз» деп осыны айтса керек деп, ішінен ойлаушы еді.

Сондайлық нұрлы, шұғылалы көзі төрдегі Балбалаға қарап, Әйгерім ән шырқады. Мұның айтуында ең алғашқы ұзақ «ахаудың» өзі де нақысты ырғақтайды.

Жас жарына көлденең қарап отырған Абай тағы да Біржан ән салғандығы сияқты өзгеше сезіммен толқып, тағы бір жақсы созылған өмір-сурет дүниесіне шомып кетті.

*Ал, бибай, саган айтам игайымды...*

Арғы сөзі Абайдың құлағына кірген жоқ. Барды айтып жатқан сөз емес, әуен мен үн... Көп күміс қоңырау сән түзеп, бір үн сала ма? Әлде нендей ғайып текті, ақ қанатты асыл зат көк жүзінде құнге шағылыса ма? Күміс сыйбыр нұр шашып, сырлы аспанға, мәлімсіз сапарға, серікке шығар ма? «Берші сараң, сырдан бойынды! Түйіліп қалған жүрегің, тартылып қалған, ашылмай тығылған жан сырың бар. Ашшы сонынды өрге, өнеге шақырайын бір үніммен. Иықтан басқан зілден, мынау дел-сал күйден өтші!.. Сонда... сонда осы толқынды торғын желек астындағы жас сұлудай, жанындағы жарындар, осының нәркес көз, бұлбұл нақыс үніндей, ақтамақ алгүл жүзіндей жас жарастық, жарқын өнер төгілер еді өзіннен! Шықты іркілмей, бұқпашы баяу! Мені де еліктір, өзің де өрлеп желікіші, желлінші! Мынау нәзік қоңыр сәулелі көлеңке сияқты қорғалақ асыл өнерінді ашшы!» ... дейді. Жұртқа қарап шырқаса да, Абайға арнап наз тілек тастанап отыр.

Ән үзіліпті... Абай Әйгерімнің жүзінеге: «Ақ жұмыр иегің неге қозғалмай қалды? Жұқалан, сұлу, қып-қызыл еріндерің неге жаңағы назынды қайталамайды? Кіршік-сіз, аппак, мінсіз сұлу тістерің неге іш қайнатқан қатарын жасайды» дегендей, ұзақ сұрақпен қадалып қалған екен...

Эні тоқтаған Әйгерім күліп қана қымыз ұсынып, қабақ шытып барып, қалпына келді де, ұзак созып:

– Япыра-а-а-ай! – деп күліп жіберді.

Ұсынған қымызды алмаған қүйеуінен Әйгерім қысылып, қызырып, ұяң қүліп отыр еді. Абай соны енді тез аңгарып барып, оның қолындағы тостаганды да бассалды. Және екінші қолымен келіншегін құшақтай қошеметтеп, торғын шәлісінің сыртынан құрметтей сипады. Есік жақтағы бағанағы Иіс кемпірден бастап, барлық картан әйелдер:

– Айналайын келінжан, өркенің өссін!

– Құдай көнілінді өсірсін...

– Осы әніңмен, осы сәніңмен өт жалғаннан!... – десті.

Сонғы алғысты Иіс айтып еді. Абай елең етіп, Иіске қарады да:

– Апымай, мына Иіс шешем алғысы қандай жақсы еді! Әмин деші, Әйгерім, осыған! – деді.

Әйгерім аса бір сыпайы алғыс жүзімен Иіске қарап:

– Әмин, әже! – деп өзі кейінрек қағылды да, Иіс кемпірді қасына шақырып ап, қымыз ұсынды.

Әйгерім әні Біржанды да ұйытқандай. Ол қошемет болар деп, сыртына сыр шыгарған жоқ.

Тек Жиренше шыдай алмай, қозғалақтап:

– Жаным-ау, Әйгерімнің үні осы Қызыл көмейінің үні ме, жоқ бейіс үні ме? – деп үй ішін күлдіргенде, Біржан ақырын фана Базаралы жаққа үн қатып:

– Эн салса, Әйгерім фана салсын да! – деді.

Шыншыл өнерпаз өзге жастармен қатар өзін де аяған жоқ.

Үй иесінің әні ас алдындағы тойтарқар үні есепті болды.

Ас піскен еді. Жиын серпіліп, есік жақ астан хабар алып, шығыса бастады. Қонақтар да осы орайда желпініп келмек боп есікке беттеді. Әйгерім тұрып, қымыз ыдыстарын жигызуға белгі берді.

Дәл осы кездे есіктен шығып, қонақтарға қарсы жұріп, сыйылыса кірген Қалиқа Абайға жақындаپ кеп:

– Телғара! Қалқам, сені апаң шақырады! – деді.

Абай Әмір мен Оспанға, Әйгерімге қарап:

– Мен бөгеліп қалсам, тоспандар! Қонақтарға ас бере беріндер! – деп шығып кетті.

Сонымен Абай қайта қайтқанда, отаудағы қонақтардың аттары ерттеліп, көрмелердің бәріне байланыпты. Абай құрбыларының асығысына танданса да: «Ертең жүретін Біржан оңашада тынығып алсын дескен шығар» деп, өзге мән бермеді.

Ол үйге келісімен, соңғы қымыздарын ішісіп болған қонақтар ырза-қоштарын айттысып, Абай, Біржанға соңғы алғыстарын да білдіріп, қимас жүзбен жүрмекке беттеді.

Жан-жаққа топ-топ боп тарап кетіп жатқан жиынды Абай, Біржан, Ербол, Әйгерімдер тысқа шығып тұрып, аттандырып жатыр.

Сол кеште Барлыбай жазығындағы Құнанбай ауылдан жан-жаққа шашырай тараған жастар топтары осы атырапта иін тіресіп отырған талай жүздеген ауылдар үстінен, «шимандай» ел арасымен өтіп бара жатып, еркін, әсем ән шырқады. Біресе бұлбұл нақышты, көп ырғақты «Жырма бесті» созады. Бірде назды қоныр, кең тынысты «Жанбота» шығады. Тағы бірде екпінді өршіл, сегіз сырлы «Жамбас сипар» кетеді. Ыргала қалқып, дария толқынындаі атырапқа тарап кетіп жатқан – асыл Біржан өнегесі мен өнері. Сол әкелген қазынасына, кейде шырқап өрлеген Әмір, Оралбай үндерімен шығады. Кейде сызылта, жіңішкерте бұралтқан, бірақ соншалық күшті және сонша алысқа тарап естіліп жатқан бойжеткен Балбала, сері сұлу Үмітей, сыпайы сынды Керімбала үндерімен сыр баяндайды.

Барлық ерке, еркін әндері: «Әмір, өмір, сені сүйем! Әнші өнерпаз, бойынды кер, қанат қақ. Сазды кеште назды

көңіл сыр ашады. Азат, асыл шын жүрек шер шағады». Кейде: «Қайдасың, таны, тап мені, қадірлі жар, қалқатай, қасиетің асқан қара көзім!» дейді.

*Көрейін өз сорымнан ұстап алса...*

Осыны айтып жатқан қыз құрбандығы қандай!

*Тұскенде сен есіме, ей, қарагым,  
Жортайын аш бәрідей тау жебелеп, –*

дейтін жалынды жігіт ше?

Немесе:

*Ақ боз үйдің сыртынан аттандырып,  
«Қош, қалқатай» дегенің естен кетпес, –*

дейтін опалы жігіт қандайлық?!

Не болмаса:

*Ақ дидарың көргенде балқыдыым-ай! –*

дейтін жүрек тыныстары толқынады! Қайырмалар болса, «қаракөз», «кайым», «сәүлетайым», «қалқатайым», «сабырым қалмас» деп үздігіп барады. Жан бергендей ұсынып, тірлік барлығымен, соңғы тынысын ашық жарға арнап, жан мінәжатын, жас дұғасын айтып жатады.

Тіл көмейден бал беріскең, балбұл жанған жастық отары Тобықты жайлауларының қоныр, бейуақ кештерін жай отындай сара тіліп өтіп жатыр. Біржанның бұл ел жасының бір алуанына әкеліп берген жүрек тілі, сезім нұры осы еді.

Біржанға дәл жүрер кезінде Ұлжан өз үйінен, өз алдынан дәм татқызып отырып, бата берді де, оң сапар тіледі. Сонымен қатар Айғыз, Нұрганымдарга әкелгізіп, тогыз-тогыз сый ұсынды. Біржанның өзіне өз қолынан үлкен күміс тайтұяқ сыйлады. Қасындағы бар жолдасына қоржын тола манат, мақпал сәлем-сауқат берілді.

– Ауылыма келіп, мұндағы үлкен аға, кіші ініні өнерінде қарық қылышп барасың. Қайда жүрсөн, жолың болсын!

Өнерің, қадірің ассын, шырагым! Біздің апа, женге боп саған ұсынған жол-жорамыз – осы. Ырзалықпен аттан!.. – деді.

Бұл үйге Біржан үлкен алғыс айтып:

– Ұл-қызыңың игілігін көр, жақсы ана. Ауылында, елінде көрген сый-құрметім қайда жүрсем де есте болар. Құдай ырза, мен ырза! – деп Ұлжан, Айғыздардың қолдарын қос қолымен кішілік құрметпен тұтып, қош айтысып шықты.

Абайдың сыйы – Біржанның өзіне тартқан сары жорға ат, сонаң соңғы бар жолдасына жетектеткен және бірнеше жуан тұғыр екен.

Сондайлық қос-қосармен Біржандар Пұшантайға, Әмірдің қонағына жөнелгенде, Абай, Ербол, Эйгерім де бірге аттанды. Эйгерімді қалдырмай, бірге ала кел деп, Абайға көп тапсырған Үмітей мен Әмірдің тілегі барды.

Соны ескеріп, Абай Эйгерімнің тартынғанына, ұяланына болмай, ертіп алған.

Осы топ сол күні кешке Құнанбайдың үлкен әйелі Күнкенің ауылында, Әмір тіккізген үйде болды.

Бұл соңғы тұнде де ән мол айтылып еді. Бірақ еттен кейін таңға шейін созылған Біржан, Абай мәжілісі де ұзақ болды.

Жаз бойы Біржанды тыңдал, ән қадірін, әннің қасиетін азамат өнерінің бар зор биігі деп бағалаған Абай күйден толқынған көңілінен естілмеген бір сыр жырын шыгарған еді:

*Құлақтан кіріп бойды алар,  
Жақсы ән мен тәтті күй.  
Көңілге түрлі ой салар,  
Әнді сүйсөң менше сүй!.. –*

деп басталған өлеңін Біржанға осы мәжілісте оқып берді. Біржан Абайды өз ішінен ойшыл, кемел жас көретін. Мынау өлең оның саналы ақын өнерін де шын өзгеше етіп танытты.

– Абайжан, менің әнім саған жақсы қозғау салды деуші ең. Сен болсан, әндегі біздің өзіміз байқамай, елемей жүрген тұкпірді ашасың. Ендігі өміріме борыш артың гой! – деді.

– Ендеше, мұддеміз бір жерден шыққан екен, Біржан аға!

– Мұдде жолында біріміз ары, біріміз бері шығамыз. Бір ғана саған айтып кетсем дегенім – өзіңнің әнді көтеріп қадірлекеніңдей өлең-сөзді мен де ең алғаш бағалағаным осы десем, не дейсің? Саған менің бергенім көп десен, маған сенің бергенің, жол азығың қанша екенін өзің де бір анғарсаңшы! – деді.

Жаз бойы Біржаннан Абай барлық Орта жұз: арғын, найман, керей, уактагы күйші, әншіні, ақын, ақылгөйді көп естіп, көп ұғынып еді. Соның бірі қазір есіне тұспіп:

– Біржан аға, тек өнер қадірін білгеніміз анық болса, өмір тірлікте басқа шауып, төске өрлеген өнерді ғана қадір тұттайық. Рас, онда сіздің аз болып, жалғыздық көруіңіз де хақ. Бірақ сол жақсылық жолы жаманшылықпен жарғыласу екенін ұмытпай сақтайық! – деді.

Бұл екеуінің де табысып, түйіскен жеріндегі болатын. Жанботаның, Азнабайдың ашысын әнмен қуырған Біржан осы жолда өзінің бір қимылын көрсеткен де кісідей.

Әнгіме сырлары сондайға кеп сарқып, екі шабытты қоңіл ұғысты да, сәл тыным тапты.

Кеш жатқан қонақтар түске жақын тұрып, шай ішіп болған соң, тез жүруді талап етті.

Аттар ерттелгелі де бірталай уақыт болған еді.

Ақыры Абай бастаған барлық Біржан достары, еркек-әйел боп тысқа шығып, сал-серілерді қолтықтап тұрып аттандырған кезде, Біржан ең соңғы бір ағалық тілекті жас әншілерге жолдады.

– Әмір, өзің бастап, Әйгерім, Үмітей қосылып тұрып, «Жиырма бесті» бір шырқандаршы! Менімен сендердің айтқан қош-қошың сол болсын, асыл інілерім! – деді.

Окшау тілек. Бірақ Біржанның бойына сиятын серілік, ерке тілек.

Абай мақұл көріп, түсініп тұр. Жастар да іркілген жоқ, әсем қосылып шырқап кетті. Осылар бір ауыз айтып шыққанша, көзін жұмынқырап, аз фана езу тартып, ұйып тындаған Біржан атының үстінде тұрып, «Енді бір сәт токтандаршы» дегендей белгі етті. Құндыз жиекті, жасыл барқыт, пұшпақ бөркін мандайынан кейінірек шалқайтып тұрып, жаңағы жастарға еңкейіп бас иіп, енді өзі бір ән шырқады. Бұрын бұл жаз бойы айтпаған ән болатын. Арманды, мұнды, кербез әннің қайырмасы шынды ашты.

*Ей, бозбала-ай,  
Өтті-ау, заман-ай,  
Қош бол аман!..—*

деп күлді де, өні ағарып, қобалжыған Біржан атының басын алыс сапарға қарай бұра берді

Артынан қарап, қатып таңырқап тұрып қалған Абай-ларға әнін әлі тыймай, арнап шырқап барады. Өзгеден бұрын бұл жөнді үққан Абай еді.

— Мынасы жаңа әні... Дәл осы арада туған, бізben қоштасып айтқан әні fой! Шын шабыттың өзі fой!.. — деп қызығып, тындал қалды.

Абайдың осы сөзінен жаңа ән туып кетіп бара жатқанын анғарған Әмір, атта жүгіріп кермеге барыш, ерттеулі тұрган ала атқа қарғып мініп алды.

— Үйреніп қалам! Есте қалмай кеткені обал да?! — деп шаба жөнелді. Ол сонымен қонақтарын куып жетіп, бірге жанасып кете барды.

Біржан осы әнін тыймастан шырқап, қалқытып айтып бара жатты.

-  1. Үзіндіде ұлы Абай мен Біржан сал арасындағы көніл жарас-тығы, шынайы сыйластық қалай суреттелген?
- 2. Біржанның: «Шіркін, айтушы мен болғанда, үнемі ұқтыру-шым сен болсайшы, Абай» деуін қалай түсінесіндер?

3. «Жанбота» әніне байланысты Абай Біржанға қандай пікір айтты?
  4. Әмір бастаған әнқұмар, өздері де өнерлі жастар тобынан кімдерді атап едіңдер?
  5. Әйгерімнің әнін Абай қандай сезіммен қабылдады? Біржан әншіге қандай баға берді?
- 
1. Абай мен Біржанды жақындастырып, табыстырған ән құдіреті, өнер құдіреті екендігін, осынау екі ұлы адамға ортақ бір қасиет – асыл өнерді ардақтау, құрмет тұту болғандығына ой жіберіңдер.
  2. Біржан салдың өзінің «Жанбота» әнін қандай көніл күйде, қандай жағдайда шығарғанына назар аударыңдар. Олар шырқаған әндерді атандар.
  3. Біржан салдың әсsem әндері Абай жүргегіне қозғау салып, жалынды жыр туғызғаны туралы әңгімелеп беріңдер.

### Типтік образ

Көркем шығармада адамның өмірі, олардың өзара қарым-қатынастары, наным-сенімдері, ой-сезімдері, мінез-құлыштары жинақтала суреттеледі. Бірақ жазушы шығармада өзіне белгілі бір адамның фана сипатын көрсетіп қоймайды, сол адамның өмір сүрген кезіне, есken ортасына дәл келетін көп адамдарға тән ең керекті, ең жиі кездесетін іс-эрекет, мінез-құлыш, наным-сенімдерді жинақтап, бір адамға тән сипат етіп көрсетеді және солай болуы мүмкін екендігіне оқушыларын сендереді.

Көркем шығармадағы осындай жинақталған адам образын типтік образ деп айтамыз.

Көркем әдебиеттегі типтік образдарға қарап отырып, белгі-лі бір уақыт пен ортадағы қоғамдық дамудың негізгі және ше-шуші сипатын байқауға болады. Айталық, қазақ қоғамының өткен ғасырдағы ұнамды қасиеттерінің бір алуанын Мұхтар Әузов Абай тұлғасына шоғырлап тұтастыра білген. Сонымен қатар, Абайдың басқа ешкімге ұқсамайтын дара тұлғасын бейнелеген. Демек оның типтік образ ретіндегі кесектігі де, күрделілігі де осындай «жалпы» мен «жалқының» бірлігінде деп білген жөн.



## ФАБИТ МУСІРЕПОВ

### (1902–1985)

Фабит Махмұтұлы Мұсірепов 1902 жылы қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы, Жамбыл ауданы «Жаңа жол» ауылдында кедей шаруа отбасында дүниеге келген. Қазақстан Фылымдар Академиясының академигі, Еңбек Ері, Қазақстанның халық жазушысы Фабит Мұсірепов 1908–1910 жылдары ауыл мектебінде дәріс алғып, діни сауат ашқан. Оқуын Қостанай уезінің Обаган болышындағы 2 сыныптық орыс мектебінде жалғастырған. Ауыл мектебіндегі әдебиет пәнінің мұғалімі Бекет Өтетілеуовтің әсер-ықпалымен әдебиетке ықыласы ауады. 1923–26 жылдары Орынбордағы жұмысшы факультетінде С.Мұқановпен бірге оқиды.

1927–28 жылдары Бурабай техникумында оқытушы, Қазақ мемлекеттік баспасының бас редакторы, «Қазақ әдебиеті», «Егемен Қазакстан» газеттерінде бас редактор қызметін атқарған.

Фабит Мұсіреповтің тұңғыш повестерінің қатарына 1928 жылы Қызылорда қаласында жарық көрген «Тулаган толқында» мен «Американ бидайығы» атты шығармалары жатады.

Ф.Мұсірепов әңгіме жанрының өркендеуіне үлкен үлес қости. Ол алғашқы шығармаларынан-ақ жазушылық шеберлігімен танылады. «Қос шалқар», «Көк үйдегі көршілер», «Өмір ертегісі», «Алғашқы адымдар»,

«Шұғыла», «Жайлау жолында», «Тұтқын қызы», «Женілген Есрафил» т.б. әңгіме, повестерінде еңбек адамдарының қыындыққа толы қажырлы өмірі мен азамат соғысы, ұжымдастыру кезіндегі дүрбелен өқіғалар легі суреттелген.

### **Автобиографиялық әңгіме**

Мен ескіше жыл басы деп есептелеғін «Наурыз күні» киіз үйде туыппын. Қазақ даласының ең суық жағын жайлайтын біздің елдердің бірсынырасы XX ғасырдың бас кезінде де қыс айларын киіз үйде өткізеді екен.

Ол күні жер сілкінбеген, күн тұғіл ай да тұтылмаған, есте қаларлық боран да болмаған, ең аяғы қалжа сүйегіне иттер де таласа алмаған. Менсіз де үбірлі-шұбірлі бір қара үйде тағы бір бала туа салған да, басқа балаларының атына ұйқастыра ат берілген.

Эрине, ол күннен менің есімде қалған еш нәрсе жоқ...

– Қайсар болушы ең, жыламайтын едің, – деп шешем әр кезде айтып отыратын...

Әке-шешеден күнде еститін көп жақсы тілектердің өзгесі келмесе де, «оқу оқисындар» дегендегі екі жылдан кейін келіп еді... Жаз бір көлдің басында, қыс айларын әр ағаштың қойнауында өткізетін бес-алты ауыл «балалардың тілін сындыру үшін» молда жалдапты.

Молда әр үйде жетілеп оқытады. Оқуға бала берген үйлер кезектесіп, бір жеті молданың тамағын да көтереді, балалар оқытын мектеп те болады. Бір жеті өткеннен кейін молда басқа үйге ауысады. Жиырма шақты баланың ең кішісі алты жасар мен едім, маған орын босағадан тиді. Кей үйде қозы-лақпен етектесе отырамын.

Екі жыл оқытып, екі бұзаулы сиыр алып, молда еліне қайтар кезде де, біз ол оқудан еш нәрсе аңғармап едік.

Белгілі 16-жылғы қара жұмысқа іліккен нағашым мені шаруасына бас-көз етіп қалдыруға сұрап әкетті... Ол ел

Обаған өзенінің жағасында отырады да, қысы-жазы балық аулап, аздап егін салады екен.

Мен бұл елге егін жинау үстінде келіп едім. Егіннен кейін балық аулап кеттім.

Балық аулау науқаны қыс ортасында саябырлады. Көрші ауылда екі сыныптық орысша мектеп бар екен. Мені бірінші сыныпқа кіргізді.

Ұзамай мектеп белгілі оқытушы Бекет Өтетілеуовке көшті. Ондай жақсы оқытушыны мен кейін де сирек кездестірдім. Ол Ұлken мағынада ағартушы болатын тілегі бар адам еді.

Кейде сабақ біткеннен кейін оқуға, білімге шақыратын әңгімелерді айтады. Көбінесе өзі аударған Крылов мысалдарын оқып береді. Абай, Ыбырай шығармаларын оқиды. Не түсінгенімізді сұрайды. Бірақ ойын балалары ұғындырғанды да ұмыта береді. Бекеттің өз айтқандарынан есте қалған бір ауыз сез:

– Қандай іске кіріссең де таза қолмен кіріс! – дегенді көбірек айтушы еді. Тақтага барып есеп шығарғаннан кейін, болмаса жазуға отырарда біз ылғи қолымызды жуып әдеттендік. Оның айтатыны бұл фана еместігін мен кейінірек анғардым. Қолдың таза болуы, шынында да көп нәрсені анғартпай ма?

Бекет Өтетілеуов – 1883–1949 жылдары өмір сүрген, Пушкин, Лермонтов, Крылов шығармаларын Абайдан кейін қазақшаға аударған, қазақ балаларына орыс тілін үйрету мәселелерімен шұғылданған педагог – жазушы.

Бекет менің қиссаға құмарлығымды білгеннен кейін, мені әдебиетке тарта бастады...

Бұрын бірер жыл молда алдын көрген балаға бірінші сыныптың сабагы өте жеңіл болып еді. Оның үстінен аздаған мақтаншақ та болуым керек, мені өзіне жақыннырақ ұстайтын оқытушыма еркіндік жасап, айналасы бір айдан кейін былай дегенім әлі есімде:

– Мен бірінші сыныпты бітірдім... Екіншінің кітаптарын оқып жүрмін, – дедім.

– Қалай бітірдін? – деп ақ көңіл оқытушым таңданып та, абыржып та қалды.

– Оқытып көріңіз... Букварь да бітті, есеп те бітті,— дедім.

Оқытушының өз почеркіне еліктей-еліктей көркем жазуды да түзеп алғанмын. Букварьды қиссадай заулатып, әлденеше рет сыдырып шыққанмын... Осы жайларымды көтере айттым...

Оқытушым азғана жымиды да:

– Қалай оқитыныңды сен емес, мен білуім керек емес не?...— деп мен қызарғанша едәуір кідіріс жасады да, — Жақсы оқитының рас, мақтаншақтығың да бар... Осы екеуінің бірін мықтап ұста да, біреуін таста,— деді.

Мен үндей алмай, жүденкіреп қалдым... Әлдене шымшым етіп, өн бойымды күйдіріп бара жатыр. Сол шымшым жеріне жеткенше оқытушым үнсіз, елеусіз, ар жағына қарай қырындай берді.

– Айтпақшы, арғы күні инспектор келеді, — деді оқытушым, аздан кейін маған қарай еңсеріле бұрылып:

– Жақсы балаларыңды көрсет дейді. Есептеп әзірлен. Тақтаға сені де шығарамын,— деді. Мен селк етіп, тез сергіп кеттім

Инспектор келгенде біз әзір едік... Өте жарамды формада киінген, халық ағарту жұмысында екендігі барлық бейнесінен аңқып тұрган, сұлу мұртты, шоқша сақалды инспектор балалармен жұмсақ амандасты. Инспектор мені тақтаға шақырды. Көбейту ережесінен бірер сұрақ берді де, қатарынан екі түрлі есеп шығартты. Онысының бәрі де бұрын талай кездескен есептер еді, мен мұдір-генім жок...

Келер жазда Бекет Өтетілеуов өз атынан өтініш жазып, мені Пресногорьевская селосындағы бастауыш мектебіне түсірді. Орысшадан екі алып, есептен бес алып түстім...

Мен Пресногорьков жоғары бастауыш мектебін жиырма бірінші жылы бітірдім...

Ол мектепті мен әлі күнге дейін үлкен алғыспен еске алам. Орыс тілі, орыс әдебиетін ұғындыруға аса бір ұқыптылығы бар еді. Суффикске екі жыл бойы тілім келмей қойғанда, сол дәкір тілді еріксіз икемге келтірген, түріне тілім келмесе де, мағынасын терен ұғындыруға жанын салған оқытушыларымды алғыспен еске алам. Үйрене алмаған өзім кінәлі, ол мектеп етік тігу, есіктерезе жасау, кірпіштен үй салу өнерлеріне де үйретіп еді...



1. И.А.Крылов мысалдарын қазақшаға аударған қандай ақын-жазушыларды білесіндер?
2. Жазушының сүйікті ұстазы Б.Өттетілеуов туралы сенің пікірің қандай? Оның шын мәнінде жақсы ұстаз екендігін неден көруге болады?
3. Жазушы неліктен өзін оқытқан ұстаздарын, оқыған мектебін ерекше ілтипатпен, зор алғыс сезіммен есте сақтады деп ойлайсындар?



Берілген әңгімеде суретtelген XX ғасырдың бас кезіндегі ауыл өміріне, бала оқытуға жалданған молданың тұрмыс күйіне ой жіберіп, өз сөздеріңмен әңгімелеп беріндер. Олардың аударған мысалдарын атандар.

## ӘБУ СӘРСЕНБАЕВ

### (1905–1997)



Әбу Сәрсенбаев (Әбугали) 1905 жылы қазіргі Алматы облысы, Құрманғазы ауданы Алға ауылында дүниеге келген. «Тұрксіб» газеті редакторы, Қазақ мемлекеттік баспасының директоры қызметтерін атқарған.

«Жүрек сыйы», «Ант» жыр-жинақтарында замандастар өмірін жырлайды. Майдан тақырыбында жазылған «Ақша бұлт» жинағына отандастарының басқыншы жаумен шайқастағы ерлігі өзек болады. Соғыстан кейінгі жылдары жарық көрген «Туған өлке», «Отан таңы», «Миллиардтың ізімен», «Баспалдақтар, биіктер» жинақтарында халықтың бейбітшілік жолындағы қажырлы құресі суреттеледі. Алғашқы дастаны «Ақмаралдың жүрегі» төңкеріске дейінгі кезендегі қазақ қызының тағдырын бейнелесе, соғыс жылдары жазылған «Шие ағашы», «Намыс ұлы» поэмаларында өз отандастарының патриоттық, жауынгерлік тұлғасын сомдайды. «Ал ұлым туралы ой» дастаны әке толғанысын бейнелесе, «Жазылмаған дастан», «Отыз үшінші көктем», «Ақырғы гранаталар» атты дастандарында замандастарының құрескес tolы өмірін шынайы жырлайды. «Қасиетті махаббат» жинағы қазақ поэзиясын көркемдік түрғыдан байытты.

Деректі әңгімелерден тұратын «Сенің бақытынды қорғағандар», «Офицер күнделігі», «Жауынгер монологи», «Батырлар ізімен» атты жинақтары алапат соғыстың ел басына түскен ауыр зардабы мен қаһармандықпен даңққа бөлөнген жандар жайлы сыр шертеді.

## Туған жер

Уа, туған жер, топырағынан жаралдым,  
 Алабынан арманыма нәр алдым.  
 Тұнығынан жүзіп іштім сендері  
 Алтын арай таңғы жұпар самалдың.  
 Сәл ұмытсам, қарға мені, кешірме,  
 Қайда жұрсем өзің тұрдың есімде.  
 Өзің тұрдың қарлы окоптан сығалап,  
 Сонау қатаң қаһарлы жыл кешінде.  
 Мен қатерге қарсы бардым сен үшін,  
 Көкірегімнен қан төгілді жер үшін.  
 Саған жетер қасиет бар ма жиһанда,  
 Сен – ұлсысың, адам – сенің жемісің.  
 Сенен артық қасиет жоқ-ты, жер, тегі.  
 Сен – ұрпақтың күліп атар ертеңі,  
 Тағдырынды тапсыр маған, туған жер,  
 Көркейтуге міндettімін мен сені.



- Ақын өленде азаматтың Отан алдындағы борышын қалай көрсеткен?
- «Туған жерді көркейту міндет!» дегенді қалай түсінесіндер?



- Ақынның туған жерге деген ыстық ықыласын, сүйіспен шілігін танытатын сөздерді жеткізіндер.
- «Көкірегімнен қан төгілді жер үшін» деген сөйлемнің мағынасын түсіндіріндер.
- Өлеңдегі эпитет, теңеу метафораларды табындар.

## Лирика туралы

**Лирика** – көркем әдебиет жанрының бір түрі. Лириканың басты ерекшелігі – адамның көңіл-күйін, сезім дүниесін тікелей бейнелеп көрсетеді. Лирикалық шығарма өлеңмен жазылады, онда автордың немесе кейіпкердің дүниеге қатысы, көз қарасы, оның сезімін нақты ойы, көңіл-күйін суреттеу, әсерлеп

бейнелеу арқылы көрсетіледі. Лириканың басқа жанрлардан айырмасы да, өзіндік артықшылығы да осында.

Лирикалық шығармаларда негізінен жеке адамның көңіл-күйі, сезімі суреттеледі. Лириканың бас қаһарманы – ақынның өзі. Ақын өз жайын, өз басының мұңын, өзінің арманын, қуаныш сезімін жыр ету арқылы халықтың тағдырын, қайғымұнын, күйзелісін, қуаныш-шаттығын, тілек-мақсаттарын білдіреді.

Лирика көлемі жағынан шағын болып келеді.

Ақын Эбу Сәрсенбаев:

*Уа, туган жер, топырагыңナン жаралдым,  
Алабыңナン арманыма нэр алдым.  
Тұныгыңナン жүзін іштім сендері  
Алтын арай таңғы жұпар самалдың, –*

деп оқушыны туған жерге деген өз сезімімен ортақтастырса, ал оның «Сен құрметте оны, қарагым!» өлеңінде бабадан атага, атадан әкеге, одан балаға мирас болар адамгершілік қасиетті бүтінгі ұрпақтың бойынан көру үміті жатыр.



## ҚАСЫМ АМАНЖОЛОВ (1911–1955)

Қасым Рақымжанұлы Аманжолов 1911 жылы қазірға Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданында туған. Жастайынан жетім қалып кейін Семейдегі балалар үйінде тәрбиеленген. Сол жерде алғашқы бастауыш білім алады. Одан соң мал дәрігерлік техникумын үздік бағалармен бітірген. 1931–1941 жылдары Орал облысында «Екпінді құрылыш» газеттері редакцияларында, Орал облысы театрында жұмыс істеген. Отан соғысы басталысымен әскер қатарына шақырылып, майданнан 1946 жылы оралды. Әскерден қайтқан соң біраз жылдар «Әдебиет және өнер» журналының поэзия бөлімінің менгерушісі болды.

Қ.Аманжоловтың тұңғыш өлеңі Оралдың «Екпінді құрылыш» газетінде басылды. Тұңғыш жинағы «Өмір сыры» 1938 жылы жарық көрді. Ақынның соғысқа де-йінгі кезеңдегі көркемдік сапасы аса биік туындылары қатарына «Ақын», «Бірінші май», «Жалғыз жалау», «Орамал», «Мен табиғат бөбекі» тәрізді өлеңдері жатады.

Ақынның «Байкал», «Оралым», «Дарига, сол қыз», өлеңдері, «Ақын өлімі туралы аңыз» поэмасы жазылды. Қ. Аманжоловтың «Ақын өлімі туралы аңыз» поэмасын F. Мұсірепов қазақ поэзиясындағы жаңа бетбұрыс деп бағалаған.

## Елге хат

Есімде жөнелгенім қанды жолға,  
Туған жер қимағандай мені сонда,  
Жалтақтап, жалпақ дала қарай бердің,  
Жұғіріп еріп зорға әшелонға.

Сықылды сынып-құлап аққан жұлдыз,  
Мен кеттім қарауытып үнсіз-тілсіз.  
Білмедім қош дерімді, күт дерімді,  
Елестеп екі жақтан мыстан мен қыз.

Тұтқілеп жапырағын оқ жегенде,  
Қараушы ем аянышпен сорлы еменге.  
Жанымның жаннат туын жалын шарпып.  
Достарым, сол емендей болдым мен де.


Қан соқта арасында өліктердің,  
Ажалды өз көзіммен талай көрдім  
Достасып бір ыдыстан тағам ішіп,  
Астында бірге ұйықтадық сұр шинельдің.

Немене айтып-айтпай көрген азап  
Қалмадым қирап-қаусап тек жалғыз-ақ.  
Мың есе білдірдің фой қадірінді  
Атыңнан айналайын, ата қазақ.

Жалбыр тон жетім болып жүргенімде,  
Көтеріп қаратып ең мені күнге,  
Әкем де, анам да сен, туған елім,  
Сен үшін ырысым да, қасіретім де.



1. Өлеңнің екінші дүниежүзілік соғыс тақырыбына арналғанын байқандар.
2. Соғыс кезіндегі ақынның көңіл күйі қалай суреттелген?  
Елге, Отанға деген сүйіспеншілік қандай жолдармен берілген?
3. «Жапырағын оқ жеген емендей болдым» – деген сөзді қалай түсінесіндер?
4. Өлеңде достық қалай суреттелген?
5. Өлеңді мәнерлеп оқындар.



## БЕРДІБЕК СОҚПАҚБАЕВ (1924–1992)

Қазақ балалар әдебиетінің классигі – Бердібек Соқпақбаев 1924 жылы Алматы облысы Нарынқол ауданында дүниеге келген. Ол қыруар әдеби мұра қалдырган. Оның қаламынан туған «Он алты жасар чемпион», «Менің атым Қожа», «Қайдасың Гауһар», «Балалық шаққа саяхат», «Өлгендер қайтып келмейді», «Жекпе-жек» атты повестері мен көптеген әңгіме, өлеңдері балаларға арналған. Жазушы «Жұлдыз», «Балдырган» журналдарында қызмет еткен. «Менің атым Қожа» повесі оқырмандардың сүйікті шығармасына айналса, осы повесі бойынша түсірілген фильм 1967 жылы Канн фестивалінің жүлдегері атанады.

Бердібек Соқпақбаев – талантты ерте бүр жарған қаламгер. Ол сонау елуінші жылдарда, яғни ширек ғасыр бұрын қазақтың Абай атындағы педагогика институтында оқып жүргенде-ақ газет-журнал беттерінде өлеңдері жарық көре бастаған жас талап болатын.

«Менің атым Қожа» повесі арқылы Б. Соқпақбаев талантты балалар жазушысы ретінде республикаға ғана емес, көршілес елдерге де танылады. Оны осы повесі көптеген тілдерге аударылып, Москвада, Киевте, Ригада, Кишиневте, Ташкентте басылып шығады.

Бердібек Соқпақбаев шығармалары мінезі қатал болатыны, кейіпкерлерінің қат-қабат қыншылықтың бек ортасында жүретіні осының айғағы секілді. Оның

шығармаларында суреткерлік пен фотографтық дәлдік жарысып қатар жүреді.

Әдебиетіміздің қай жанрында қалам тартпасын өмірдің өзінен ойып алғандай шынайылығы, иланбасына болмайтын шыншылдығы, тебіренбесіне қоймайтын сыршылдығы, сонымен қатар оқырманды сүйсінтер тіл шеберлігі – Бердібек Соқпақбаевтың ұлженді-кішілі көркем туындыларының бәріне ортақ қасиеттер.

Көрнекті қаламгердің қолынан шыққан көркем туындылардың бәрі де өзі қуәгер болған өмірден жазылған, тіпті бас қаһарманы да өз тұлғасына өте үқсас келеді.

### **Менің атым Қожа**

*(Хикаяттан үзінді)  
Бірінші тарау*

Менің атым...

Атымды айта бастасам, тілім таңдайыма жабысып қалғандай болады да тұрады. Адамның атының сүйкімді болуы да зор бақыт па деймін. Мәселен, Мұрат, Болат, Ербол, Бақыт деген аттарды алып қараңдаршы. Айтуға да ықшам, естір құлаққа да жағымды. Эрі мағына жағынан да, қазақ тілінен сабақ беретін Майқанова тәтейше айтқанда, бұлар жоғары идеалы есімдер. Мұндайлар өз атын кәдімгідей мақтаныш көріп, біреумен таныса қалса, мәнерлеп көтерінкі дауыспен айтады. Ал енді айтуға да, естуге де қолайсыз есімдер бар. Өзге түгіл өзінде де ұнамайды-ақ. Әттең қолдан келсе, табанда өзгертіп, әдемі аттардың бірін иемденіп алар едің. Бірақ амалың нешік, сен қызылشاқа болып, жөргекте жатқанда, сондағы ақымақтығынды пайдаланып, әке-шешенә немесе шілдеханага келіп, дуылдаپ отырған басқа біреу солай атап жіберген. Өскембайдың баласына Тыңжыртар деп ат қойған секілді, өзге қызу жұрт сол арада ду қостап, осы болсын, баланың аты, осы болсын, мұнан жақсы

атты дұниені шырт айналсақ та таппаймыз дескен. Міне, сол күннен, сол мезеттен бастап, әлгі ат сенімен бірге туғандай мандаіыңа шапталған да қалған. Енді одан көзің тіріде қашып құтыла алмайсың. Ұнатпасаң да, мойныңа іліп жүре бересің.

Өмірде осы тәрізді әділетсіздіктер толып жатыр. Жуырда мен газеттен оқыдым, қытайлардың ат қоюы қызық болады екен. Бала бес-алты жасқа толғанша, оның тәуелді аты болмайды. «Ортаншым», «кенжем», «сүйіктім», «Жұпарым» деген секілді шартты атаумен атап жүреді. Ал есі кіріп, бес-алты жасқа толғаннан кейін, бала өзіне қандай есім ұнаса, соны таңдал алады. Міне, әділдік деген. Осы дұрыс емес пе?

Жарайды, өткенге өкініш жоқ дегендей, істің тура-сына көшелік. Менің атым Қожа. Көріп отырсындар, пәлендей әйдік ат емес.

Шынын айтсам, бұл о баста Қожа емес, Қожаберген екен. Туу куәлігімнің өзінде солай деп жазылған. Бірақ дұниеде не қылыштар бола беретін тәрізді, бертін келе «Қожабергеннің» құйрығы үзіліп түсіп қалыпты. Бұл құбылыстың дәл қай жылы, қай айда, қай күні болғанын тап басып ешкім де айтып бере алмайды.

Сонымен мен өзім ес білгелі Қожамын. Ауыл-аймақтың бәрі солай деп атайды.

Біз бір сыныпта екі Қожа бармыз. Сүттібайдың үлкен баласының аты да Қожа. Оқушылар екеумізді шатас-тырып алмас үшін өнімізге қарап, мені Қара Қожа, оны Сары Қожа деп атайды.

Әуел баста мен бұған да шамданып қалатын едім. Бірақ жүре-бара құлағым үйреніп, дағдыланып кеттім. «Қара Қожа» дегендерге «әү» деп жалт қарайтын болдым.

Жантас тәрізді қу жақтар осының өзін де дұрыс айтпайды. Әдейі бұзып келемежедеп, «Қара Қожа» деудің орнына «Қара көже» дейді.

Мен байқамай қалып «әү» деймін. Бірақ бұл қылығы

ұшін, бейшараның обалы нешік, тиісті сыбағасын менен талай рет алды...

Фамилиям Қадыров. Бір кезде «Қадырұлы» деп те жазып жүрдім. Бірақ жұрттың бәрі «ов» болып жатқанда, менің олардан ала-бөтен жырылып, шыққаным жарамас дедім де «Қадыровқа» қайтып келдім.

Қадыр – менің әкем. Eh, шіркін дүние-ай десейші! «Әке» деген сөзді айтқанда, жүргегім қарс айырыла жаздайды-ау. Қандай жақын, қандай ыстық. Балалар менің әкем өйтті, менің әкем бүйтті, менің әкем ананы сатып әперетін болды, менің әкем мынаны сатып әперетін болды деп, мақтаныш етіп жатады. Ал мен болсам, әкемнің қандай адам екенін де білмеймін. Өйткені, ол майданға аттанғанда мен екі жастамын. Екі жасар ақымақ не біледі, не түсінеді? Сол кеткеннен абзal әкем мол кетті, оралмады...

Eh! Қайран әкем! Егер сен тірі болсан, мүмкін, мен бұдан гөрі басқадай болар едім. Кім біледі, жер-әлемді шулатып, сотқар Қожа атанып жүргенім әкесіз жетім өскендігімнен де шыгар.

Кімге де болса бір әке әбден керек. Тіпті селкілдеген шалдардың өздері кейде: «Жарықтық, әкем анадай еді, әкем мынадай еді», – деп, еске алып, армандал отырмайма?

Кейде Миллат мамам әкемнің суреттерін ақтарып қарап отырады да, мұнға батып, бір түрлі егіліп кеткендей болады. Кірпігі жасқа шалынады... Мен сол кезде маматайымды керемет аяп кетем. Бірақ аяғанмен не пайда, білем, сезем неге күйзелетінін...

### *Төртінші тарау*

#### Ағаттық аяқ астында

Таңертенгі шайымды ішіп алғаннан кейін аяндан, мектептің спорт алаңына қарай келе жаттым. Қолты-

ғымда добым бар. Біздің «Спартак» кеше «Қайраттықтардан» жеті де бес болып ұтылған еді. Бүгін оларды қалай да женуіміз керек. Команданың капитаны ретінде соған қатты ширығып, іштей дайындықпен келе жатырмын.

Мектептің қасында Жантас ұшыраса кетті. Қолында мөр басылған бір жапырақ жазулы қағазы бар. Соны шертіп-шертіп қойып :

– Қара Көже, мынаның не екенін білесің бе? – дейді.

– Ол не?

– Лагерьге жолдама. Біз лагерьге баратын болдық. Ал сен көшедегі иттерді тәртіпке салуга ауылда қалатын болдың.

Тілінің қыршаңқылығы үшін Жантасты мытып алғым келіп бір тұрдым да, әуелі жолдама жайын тиянақта-мақшы болдым.

– Оны саған кім берді?

– Кім беруші еді. Майқанова апай берді. Бірақ сен жоқсың тізімде.

«Неге жоқпын?» Жантастан Майқанованаң қайда екенін сұрап едім, мектепте деді.

Бұдан былай біреуді келемеждеп сөйлеудің қандай екенін білуі үшін Жантасты мұрынға сырт еткізіп бірді шерттім де, жүгіре жөнелдім. Сол бойда екпіндеген қалпыммен мұғалімдер бөлмесіне алқынып кіріп бардым. Майқанова бірдеме жазып, жалғыз отыр екен, маған басын көтеріп алыш, таңырқаған кейіппен қарады:

– Не болды? Не болды, Қадыров?

– Лагерьге жолдама беріңізші маған.

– Саған бұл жолы жолдама берілмейді. Екінші кезекте барасың?

– Неге?

– Неге болушы еді: барлық окушыға бірден жетіс-пейді. Ал, екіншіден, ең әуелі біз лагерьге үлгілі, тәртіпті окушыларды жібереміз.

– Жантас немене... менен артық болғаны ма?

Майқанова екі бүйірінен біреу қысып қалғандай еңсесін кілт көтеріп алды:

– Сен немене? Мені тергегелі тұрысқа ба?

Майқанованаң көкшіл көзі шатынай бастады. Оның бір ашуланса шыпылдалап, жуық арада толас бермейтінін білем.

– Бермесеніз, қойыңыз, – дедім де, жалт бұрылып, есікті бар күшіммен тарс жауып, жөнеле бердім. Осындай әділетсіздікке қаның қалай ғана қайнамайды. Жантас, біреуді біреуге атыстырып, от тастап жүретін қу, сабак үстінде сыйырлап-сыпсындағыш; өзі тақтаға шыққанда көрінгенге құлақ тұргіш Жантас ұлғілі оқушы болғаны да, мен үлгісіз болғаным. Менің сабак үлгеруім одан көш ілгері екені, екпінділігім ешқандай есеп емес.

Сонынан ілесе шықты Майқанова:

– Қадыров! Бері кел.

Мен бұрылып та қарамадым.

– Қадыров!

Есіктен жүтіріп шығып кеттім.

Турникке сүйеніп, жылмия қарап Жантас тұр. Зырыданым одан бетер қайнап кетті.

– Немене, жолдама алдың ба? – деп, сиқырланып, жолымды тосқауылдай қалыпты.

– Алдым, – дедім.

– Кәне, көрсетші?

Сарт еткізіп танаудан тағы бірді шерттім.

– Міне.

Тұsten кейін төсегімде демалып жатып, ойға қалдым.

Бағана Майқановага істегенім тұрпайылық болды-ау деймін. Эрине, Жантасқа жолдама беріп, маган бермеген онықі де әділдік емес. Ызамды осы келтірді. Дегенмен Майқанова – мұғалім, сынып жетекшісі. Жә, қазір оқу кезі емес қой. Ол маган не істей алады? Үш айға дейін кім бар, кім жоқ. Мүмкін, жаңа оқу жылында біздің

сынып жетекшіміз басқа біреу болар. Онда мен Майқановың шеніне де жолай қоймаспын...

Біздің кикілжіңіміз күзде ол осында мұғалім болып келген бетте-ақ басталды. Былай болды. Жаңа оқулықтар, дәптерлер сатып жатыр дегенді естідім де, әжемнен ақша ала салып, самғап дүкенге келдім. Рас, сатып жатыр еken. Бірақ адам деген лық толы. Кезектің соңы далага шығып кетіпті.

Қайтсем еken деп біраз ойлап тұрдым да, тәуекел деп, ішке кезексіз кіrmекші болдым. Өйткені соңындағыларға жетпей қалатын азабы да болушы еді. Соңан соң көрінгеннің оқулығына міngесіп, жалынасың да жүресің, бұл – күн емес. Өзге ештеңең болмаса да, әуелі оқулықтарың сай болсын. Мен былай деп мақалдаған болар едім: «Оқулығы сай бала – көңілі жай бала».

Сығылысып есіктен енді кіре берсем, бойы менің бойымдай ғана тықылдаған бейтаныс көк көз келіншек алдыымды тосқауылдан жібермейді.

– Қайда кимелеп барасың? Кезекке тұр, – дейді.

– Осы арада тілі құрғыр өтірікті менің еркімнен тыс айтып салды:

– Мен оқулық емес, қант аламын, – дедім. Өйткені дүкеннің арғы азық-түлік сататын бөліміне қарай адамдар еркін өтіп жатыр.

Көк көз келіншек мені жіберді. Мен сыр бермейін деген оймен әуелі қант сататын жаққа өтіп кеттім. Бірақ қанттың қазір маған түкке керегі жоқ. Маған қажеті – бесінші сыныптың оқулықтары. Дүкен сөресін жағалап, адамдардың арасымен ептеп, кітап сатып жатқан жаққа қарай сырғи бастадым. Енді бір ұмтылғанда жетіп те қалатын едім. Кенет әлгі көк көз келіншек желкемнен бүріп ұстап:

– Сен адасып барасың. Қант ана жақта сатылады, – дейді.

Сіздің не шаруаңызбар, қоя берініз, – деп жұлқынып қалдым да, дүкен сөресіне бірақ барып жеттім.

Көк көз келіншек сатушыға дауыстап жатыр.

Анау сұр кепкалы балаға берменіз. Ол кезексіз кіріп кетті.

Ол бұл сөзді айтып үлгергенше Қожекең сұр кепканы қойнына сұңгітіп жіберіп, тақыр бас қара бала болып шыға келді. Балалар ананы-мынаны сұрап, азан-қазан болып жатқанда мен ләм деместен сақ еткізіп, ақшаны сатушының қолына ұстата салдым. Сөйтіп қажетті оқулық-дәптерлерімді бір құшақ етіп алдып, шыға бердім.

Есік алдында көк көз келіншек иығымнан қатты ұстап:

– Ой, ұятсыз! Қай сыныпта оқисың? – деп бір жұлқыш қалды.

Мен оған жөнімді айтып жатырмын.

Бірнеше күн өткеннен кейін оқу жылы басталды. Мәссаған, керек болса, әнеугі маған дүкенде жекіретін көк көз келіншек тыптың-тыптың етіп, қағаздарын қолтықтап, біздің сыныпқа кіріп келе жатыр. Қожекенің сол мезет қандай күйге түскенін көрсөніз. Бірақ бойымды тез жиып ала қойдым да, сыр бермеуге тырыстым. Мүмкін, ол мені танымас деп ойладым.

– Жаңа оқытушы бізді оқу жылының басталуымен құттықтады, өзін таныстырды: «Сәбира Майқанова. Мен сендерге қазақ, тілінен сабак беремін және класс жетекшілерің боламын» – деді.

Соңғы сөз Қожекенді тағы бір сілкіп алды. «Ал, бәлем, сақтана бер» дегендей болдым өзіме-өзім.

Майқанова тізім бойынша бір-бірлеп оқушылармен таныса бастады. Кезек маған келді.

– Қадыров.

– Мен.

Майқанова тесірейе қарап тұрып қалды.  
 – Біз екеуміз таныс шығармыз деймін? Мен еріксіз жымышп күлдім.

Мүмкін.

Мен сенімен әлі сөйлесемін дегендей Майқанова:  
 Отыр, – деді зілді дауыспен.

Міне, осыдан кейін Майқанова маған қымс етсе, қаһарын тігіп тұратын болды. Қанша рет қыс бойы директордың алдына сүйреп алып барды. Ақыры, жыл аяғында тәртібіме де «төрттік» баға қойып отыр.

Осының бәрі мені, әрине, ашуландырады...

### *Он жетінші тараяу Бір сәтті кез*

Кешегі күні бойғы балық аулаудан кейін тұяқ серіппей қатып ұйықтап қалыптын. Әжем жүлқылап оятты.

– Қожа, Қожатай, әкем-ау, сен бүгін сабағына бармаушы ма едің?

Көзімді ашып алып, қабырға сағатқа қарасам, сегізге он бес-ақ минут қалған еken. Атып түрегеліп, тез киіндім де, беті-қолымды шайып жіберіп, бір кесе айранды тік тұған қүйде қотара салдым. Кеше титықтап келіп, сабак қарауға мұршам болмап еді. Бүгінгі болатын пәндерді сумкаға асығыс салып алдым да, мектепке жүгірдім.

Қоңырау соғылып кетіпті. Бірінші сабак орыс тілі болатын. Анфиса Михайловна сыныпқа кіріп барады еken, тасырлатып жүгіріп келе жатқан мені көріп, тоқтай қалды. Мұғалімдердің ішінде бұл өзі – алтын адам. Былтыр біздің мектепке педучилищені бітіріп келген. Жазда барып институтқа сырттай окуға түсіпти.

– Қадыров, немене, ұйықтап қалғансың ба? Тоқта, галстугінді түзе!

Омырауымды сипалап таппаған галстугім, сөйтісем, иығыма шығып кеткен екен. Бұрып әкеп, орнына қойдым да, зып беріп сыныпқа кірдім. Балалар дүретіп түрегелді. Маған емес, әрине, артымда келе жатқан оқытушыға құрмет көрсеткендегі ғой. Бірақ мен оны басқаша қабылдадым. Бір секундқа кідіріп, мұрнымды көкке шүйіріп, маңғаздана қалдым да, қолымды кеудеме қойып, тәжім еттім. Мұным балалардың құрметіне сыпайыгершілікпен қайтарылған жауап болды да шықты. Балалар да күліп жіберді. Анфиса Михайловнаның қас-қабағын андамаққа, артыма жалт бұрылып қарап едім, оның да күлімсіреген жүзін көрдім. «Әй, Қадыров, шығармайтының жоқ-ау» дегендегі Анфиса Михайловна жымиып, басын шайқап қойды.

Адам жанын ол керемет түсінеді!..

Мақтанғаным емес, сыныптағы орыс тілін тәуір біледі дейтін оқушының бірі менмін. Откен жылдың барлық тоқсанында да бұл пәннен ауызша, жазбаша ылғи «бестік» бағалар алдым. Анфиса Михайловнаның мені тәуір көретіндігіне, мүмкін, бұл да себеп шығар.

Жана сабакты түсіндіріп болғаннан кейін, ол:

– Ал, балалар, Пушкиннің «Қысқы кешін» жаттап келдіндер ғой? - деді.

Жаттап келдік.

– Тәтей, мен айтайыншы!

– Мен айтам!

– Анфиса Михайловна, менен сұраңыз, – деген дауыстар бірін-бірі баса-көтеп, жамырап кетті.

Сендер дәл осы сәттегі Қожекенің халін білсендер етті. Менің кеше сабак қарауға мұршам болды ма? Үйге ел орынға отыра келіп жеттік...

«Қысқы кешті» жаттап келмек түгіл мен ондай тапсырма берілгенін ұмытып та кеткен екем. Есіме мұғалім айтқанда фана түсіп, бүйірімнің түп жағы қып ете қалды. «Маскара! Сұрай қалса, масқара болдым-ау!»

Анфиса Михайловна тақтаға шақырып сұрай бастады. Әуелі: «Балабекова» деп Жанаарды атады. Жанаар сабакқа дайындалмай келуші ме еді:

*Буря мглою небо кроет.  
Вихри снежные крутя, –*

деп бастады да сыйыртып, тоқталмай айтып шықты.

– Жарайсың, Балабекова, отыр!

«Жарайсыңды» Жанаарға ішімнен мен де айтып жатырмын. «Япыр-ай, енді мені шақырып қалмаса игі еді. Жазған басым кеше осы өлеңді бір жапырақ қағазға көшіріп, балыққа ала кетсем ғой, ерігіп демалып отырғанда, теп-тез жаттап алам».

– Тұрсынбаев, – деді мұғалім.

Менің желкемнен қылқыып, арт жағымда отыратын Жантас орнынан түрегелді.

– Буря мглою...

Тақтаға шығып айт.

– Бәрібір емес пе?

Ох, сұмпайы Жантас! Сұмпайысын қарай гөр. Партаның астына кітап ашып қойып, бір көзі мұғалімде болса, бір көзімен соны сығалап түрмақшы ғой. Өйтіп көрген күнім құрысын да! Жантастың пасық құлығына жем бола қоятын адам Анфиса Михайловна емес.

– Тәртіп жүртттың бәріне бірдей. Тақтаға шығып айт, – деп ол дегенінен қайтпады.

Жантас мұрнын ұқалап, тырп-тырп басып, тақтаға шықты.

– Ал енді айт.

– Буря мглою... – Жантас осыны айтты да, жым болды.

– Даљше?

– Мұғалім, мен жаттамай келіп едім...

– Анфиса Михайловна Жантасқа біраз қарап тұрды да:

– Мүмкін, орныңа барып айтатын шығарсың? – деді. Біз ду құліп жібердік.

– Отыр, Тұрсынбаев. Осымен, міне, екінші рет «екілік» баға алыш отырысың. Үйге берілген тапсырманы орындамай келгеніңмен қоймай, құлыққа басып, мұғалімді алдамақ боласың. Бұның жаман. Білсен, білемін деп, білмесен, білмеймін деп, шынынды айт!

Сол керек залым Жантас. Кірмегенің қара жер, сауап болды. Біреуді атыстырып, зымияндық ойланша, сабак оқысаң болмас па еді.

Бір ойым осылайша Жантасты табалап, жетісіп жатса, екінші ойым төбемнен тас құлауын күткендей үрейлі халде. «Қазір тақтаға сені шақырса, қайтесің? Сен не деп сұлтау айтасың? Сұltтан екеуміз балық аулап, қарақшылық өмірдің қамын жасаумен болдық демекшімісің?»

– Жақанов, – деді мұғалім.

Тағы бір қатерден қалғандай «уһ» деп демімді шығардым. Менің байқауымша, әр мұғалімнің сабак сұрау тәсілі әр түрлі. Мәселен, Майқанова тізімнің басынан төмен қарай қуалап сұрайды. Онысы біз үшін рақат! Өзіңе дейін неше оқушы қалғанын, сенен қашан сұрауы мүмкін екенін біліп отырасың.

– Ал Анфиса Михайловна өйтпейді. Алфавитті кумай, тәртіп сақтамай сұрайды. Қазір тізімнің басындағы біреуді атаса, одан соң соңғы жағынан біреуді атайды. Бүгін сұраған адамнан ертең тағы да сұрауы мүмкін. Қысқасы, ол кімнен сұрағысы келсе, содан сұрайды.

Менің ендігі бар үміт артқаным қонырау үні болды. Шіркін-ай, сол сыңғырлап қоя берсе, жаным қалар еді-ау!.. Келесі жолы «Қысқы кешті» қатырып жатташ келіп, бірінші болып айттар едім. Әне, мұғалімдер бөлмесінің есігі ашылғандай болды. Дәу де болса, бұл шыққан кезекші әйел. Жұдырықтай ғана сүйкімді сары жез қонырау соның қолында. Қазір сыңғырлап қоя береді.

– Жоқ, бұл шыққан кезекші емес көрінеді. Басқа біреу болды. Япыр-ай, қырық бес минут уақыт ендігі өтсе керек еді ғой. Бұл мұнша неғып созылып кетті. Әлде кезекші әйел тыскә шығып кетіп, біреумен сөйлесіп тұрып қалды ма. Әне қонырау... Жоқ, бұл арба екен өтіп бара жатқан.

Жақанов та зулатып айтып шықты. Бұның бәрі бүгін тез айтқыш болып кеткен екен. Мұғалім еңкейіп, оған баға қойып жатыр. Жаным қылпышадап тырнағымның ұшына келді. «Енді кімді шақырап екен?»

– Қадыров...

– Төбемнен шатыр етіп, жай түскендей болды. Не істерімді білмеген меніреу халде орнымнан сүйретіліп түрегеле бердім. Маңдайымнан бұрқ етіп, сұық терім шығып кетті. Ох, шіркін-ай! Адам өмірінде сипаттап айтуға тілің жетпейтін неше алуан бақытты минуттар бола береді-ау. Соның бірін дәл осы сәтте бастан кештім. Мен ләм деп үлгергенімше, дәлізден қонырау үні сыңғырлап қоя берген. «Ух!»

– Жарайды, отыр Қадыров. Сенен басқа жолы сұраймын, – деді Анфиса Михайловна.

Буын-буыннымнан әл кетіп, орныма сылқ ете қалдым...

## Жиырма үшінші таралу Агаттықтың азабы

– Келесі сабакта қайсың бақа ұстап әкелесіндер? –  
деп сұрады зоология пәнінің мұғалімі Оспанов.

- Мен әкелем, – дедім.
- Қадыров, сен әкелесің. Ұмытып кетпе бірақ.
- Ағай, неше бақа әкелейін?
- Бір...екеу әкелсөң жетеді.

Мен бір, екеудің орнына тіс порошогынан босаған қаңылтыр қобдишага толтырып, бес бақа әкелдім. Оның біреуі фана үлкендеу еді де, басқалары кішкентай ұсақ бақалар болатын.

Бірінші сабак қазақ тілі. Сыныпқа Майқанова кірді де, сыннып журналы мен сумкасын менің алдыма стол үстіне қалдырып өзі тысқа шығып кетті. Қоңырау әлі бола қоймаған. Сол кезде сап етіп, басыма бір қызық ой келе қалды. Кішкентай бақаның бірін Майқанованың сумкасына сұңғіттім де жібердім. Не болар екен?

Қоңырау соғылды, сабак басталды. Тізім шақырып болғаннан кейін, Майқанова сумкасын ашып, қол орамалын суырып алды. Сол кезде кішкентай қара сұр бақа қол орамалмен қоса секіріп шығып, секемшіл мұғалімнің қолының дәл үстіне қонбасы бар ма. Майқанованың шаңқ еткен даусы бір-ақ шығып үлгерді. Өні құп-құ болып, сылқ етіп құлап бара жатыр...

Майқанова содан сабакқа екі күн бойына келмеді. Шошынып ауырып қалыпты. Жұмысқа бүтін фана шығып отыр. Бүкіл мектепті даңғаза қылған бақа оқигасының мән-жайы, міне осындаі.

...Көз байланып кетті. Жонышқаның төбесінде дөңбекшіп әлі жатырмын. Не істеймін? Қалай көрінемін мамама...

Әр нәрсенің шегі бар, мен қашанғы жата берейін. Тәуекел деп, үйге кірмекші болдым. Қораның арт жағынан жерге түсіп, үстімнің шөбін қағып, бойымды тәртіпке

келтіріп алдым. Жүрегім лұп-лұп етіп, алқымыма тығылады.

Есікті аша бергенімде, тынысым мұлде бітіп, жүргімнің соғуы тоқтап қалғандай болды. Сол кездегі келбетім көлденең көзге тірі аруақ тәрізді қыбырлаған бірденеге үқсар деймін, ауыз үйден әжем ұшырасып:

Сен қайда қаңғып жүрсің? Шешен келді,— деп төргі үйді нұскады. Сонан соң құлағыма сыйырлап:— Байқа, шешен саған ашулы,— деді.

Төр үйге кірдім. Мамам киімшен күйі өз төсегінде бір уыс болып, әрі қарап, бұк түсіп жатыр.

— Мама.

Мамам жауап қатпады. Мен жақындай түсіп, оның уысында көзіне басып алған қол орамалы бар екенін көрдім. Жүрегімді біреу ұстарамен тіліп жібергендей болды.

— Мама, сен жылап жатырмысың?

Мамам басын жайлап көтерді де, маған қарай бұрылды. Жақсы шыланған қоңыр көздері бір түрлі бөтен, сүйк.

— Иә, жылап жатырмын, — деді ол. Даусы қарлығып, бітіп шықты. — Қайтейін жыламай... Қу жалғыз, сенен-ақ өлеңтін болдым фой. Осы сен не боп баrasың күннен — күнгे. Бұл не сұмдық? Жүрген жеріңе шөп шықпағыр боп барасың фой. Ұялмайсың ба, бір мезгіл елден-жүрттан. Қу жалғыз-ау, айтшы, не болды мұнша саған бұзылып? Өлтірдің фой мына сорлы анаңды. Ел бетіне қарагысыз қылдың фой. Қайтем сені? Қайтем?! Неге тыныш жүрмейсің. Осы саған не жетпейді?

— Маматай, қойшы! Ендігәрі...

Маматай менің жалбарына созған қолымды қағып жіберді:

— Жолама! Мамам деуші болма мені. Құдайдың сендей бала беріп, азапқа сап қойғанынан да, қу бас тастағаны артық еді фой.

– Қойшы, маматай... Ең соңғы рет кешірші! Ант етемін!...

Мамамның тізесін құшақтай жығылған қалпым еңіреп жылап жібердім.

*Жиырма төртінші тараяу*  
**«Тұбі адам болатын бала»**

Жұмыр жер күндегі дағдысы бойынша тынбастан зырлап, кіндігін және бір айналып шықты. Тарих тағы бір тәулікке ұзарды. Осы бір тәуліктің, яғни жиырма төрт сағаттың ішінде мынау ығы-жығы күнәшар дүниеде кімнің басынан не көшіп үлгермеді дейсің. Қанша адам өмірге жаңадан келіп қосылды, қанша адам оларға орын босатып, о дүниедегі мәңгілік мекендеріне сапар шекті. Осы бір тәуліктің ішінде қаншама бақытты кеудеде қуаныштың оты маздал жанбады, қатал тағдыр қаншама басы жұмыр пендесін қайғының қара суығында бүрсендептеді. Осы соңғы топқа мен де қосыламын.

Мен өзімнің он үш жыл өмірімнің ішіндегі ең бір қатыгез күнді бастан кештім.

Тыста қарандырылған, ауыл үсті тыныштық. Ақымақ иттер ғана әр жерден әуп-әуп үріп басылады. Көшениң басынан бір ит шәү ете қалса, соңынан оған басқа бір ит үн қосады...

Мамам алдында біреу шылым шегіп тұр. Мен оны көкшіл аспан айнасындағы келбетінен анадайдан таныдым – Ахметов. Галифе шалбар киген жіңішке аяқтары сидишип, шашы қақ жарыла желбіреп, қаздышип тұр. Сізді күтіп отырмыз деп, мамамды қолтықтап дереу ішке әкетті. Маган өзіміз шақырамыз, осы арада күте тұр деді.

Мен сол арадағы тақтай орындықта тосып отырдым.

Осы кезде үй пүшпағынан біреудің келе жатқан тысыры естілді. Тырп-тырп басқан аяқ дыбысына тықтық қадалған таяқ үні қабаттасты. Көп ұзамай аяқ пен

таяқтың қожасы да көрінді. Мектеп күзетшісі – Сәйбек қарт. Сәйбек кілт тоқтай қалып, шекарадағы сақшыдай қатал үн қатты:

- Бұл кім?
- Мен фой, ата. Мен Қожамын.
- Мұнда неғып отырысың?
- Педсоветке келдім.
- Онда сенің не шаруаң бар?
- Мен жөнінде мәселе қарап жатыр.
- Мәселе. Қандай мәселе? Сені мұғалім етеміз дейіме?

– Директор етеміз дейді.

– Онда тіпті жақсы. Жалақың көп болады. – Сәйбек менің қасымға келіп отырды. – Эй, Қожа. Сенің әкең марқұм азамат еді фой... Бірақ оған тартпағансын.

Мен сенің әкене қарыздыгер адаммын. Менің мойнымда оның тыын емес, теңге емес, бақандай бір қарасы жүр. Қалай дейсің фой. Міне, былай, алғаш колхоздасқан жылдың күзінде мен, – оның келіскең бір жорға күрең аты бар еді, ол кезде жүрттың көбі қара жаяу – соны диірменге мініп барып, сазға батырып өлтіріп қойдым. Суып, қаңсып тұрган атты суармай отқа қоям деп, өзімнен болды. Аяғы шідерлеулі еді. Су ішем деп барып, оппаға тұсіп кетіпті.

Ертегісінде қарасам, суға сұнгіген үйректей арт жағы ғана көрініп, тоңқайып жатыр. Он шақты жігіт жабылып, арқан сап әрең суырып алдық. Міне, басқа біреу болса соны қынқ еткізбестен төлетіп алар еді фой. Ал Қадыр марқұмның кеңпейілдігі соншалық, сіз қас қып өлтірген жоқсыз фой, ажалы солай тұра келген шығар деді. – Сәйбек осыны айтты да сәл ойланып барып: – Ал, сен... сен ғана емес-ау, қазіргі осы оқып жүрген балалар, көбің ақымақсың, – деді. – Неге дейсің фой. Ақымақ емей немене, тәртіпті жүр, оқуынды жақсы оқы, адам бол десе, сендер соның бәрін керісінше істейсіндер.

Осы кезде іштен Оспанов шығып:

– Қадыров, қайдасың? – деп дауыстады.

Директор кабинетіне осы мектепте бір оқушы ең көп бас сұқса, сол мен болармын деймін. Майқанова талай сүйреп әкеп, ендігәрі қой аузынан шөп алмай жүрге талай рет уәдемді берген үйреншікті орын фой. Бірақ бұл жолы мен мұнда шын мәнінде күйзеліп, тебіреніп кірдім де, босағадағы сұық голлен пешіне сүйеніп тұрып қалдым. Төрде сарғыш шашы қақ айырыла желбіреп Ахметов отыр. Тұсі өрт сөндіргендей, қасының арасынан қатарынан тіке тартып түскен екі сызық әдеттегіден терең де қалын.

– Берірек кел, – деді ол қолындағы автокаламымен бөлменің ортасынан нұсқап. Алдымға қақпан құрулы тұрғандай жыбырлап бір-екі аттадым. Екі жақ қабыргада тізіліп отырған мұғалімдердің барлық көзі жан-жымнан найзадай түйреп қадалып барады. Әсіресе он жақта директорға таман отырған Майқанованың сұзықатал да сұрапыл көрініп кетті.

– Қадыров, сені біз мұнда не үшін шақырып отырмыз, білесің бе? – деді Ахметов.

– Білемін, – дедім.

– Не үшін шақырып отырмыз?

– Тәртіпсіздігім үшін шақырып отырсыздар.

Екі-үш жерден мырс етіп күлген үндер естілді.

– Сені мектеп өмірі тойдырды ма? Бұдан былай оқығың келмей ме? – деп сұрады Ахметов.

– Жоқ, оқығым келеді.

– Ендеше неге қоймайсың тәртіпсіздікті?

– Қоямын енді... кешірініздер!...

– Бұл нешінші... Жүзінші рет уәде беруің бе? – деп кейіп кетті Майқанова.

– Бұдан былай ешқашан да тәртіп бұзбаймын...

Менің қазіргі талқыға салып отырған тәртіпсіздік қылықтарымның қай-қайсысының да себебі бар еді.

Бақаны мен сумкаға Майқанова талып, жығылып қалсын деп, оның соншалық шошымал адам екенін біліп салған жоқпын. Салғым келді – салдым. Осындай бір акымақтық кейде ақылға мұрша бермей дедектетіп әкететіні бар. Істеп алып, әмәнда соңынан бармағынды тістейсін.

Осының бәрі осылай бола тұрса да, мен өзімді ақтап, бір ауыз сөз айтпадым. Ақталудың тіпті қисыны бар ма? Бәрін мойындағым. Бір айтқаным: «Кешіріңіздер! Соңғы рет тағы бір кешірім жасап, сынап көрініздер. Бұдан былай қарай тәртіпсіздік істейтін болсам, қандай жаза қолдансаныздар ризамын!»

– Жоқ, Қадыров түзелмейді. Ол уәдесін бізге талай берген. Қадыровты оқудан шығару керек, – деді Майқанова.

\* \* \*

Мандайдан бұым бұрқырап есік алдына шықтым. Сәйбек көрінбейді. Омырауымды ағытып, желпініп, ойланып тұрмын.

«Не деп шешер екен? Мектептен шынымен-ақ шығара ма?»

Қайта барып, есіктегі кілттің орнына құлағымды тосып, мұғалімдердің не айтып жатқанын тыңдағым келеді. Әрине, Майқанова мені құрту, оқудан шығару жағында болар. Ал басқа мұғалімдер не айтады? Анфиса Михайлова, Оспанов, Дәүірбаев... бұлар мені жақсы көретін мұғалімдер емес пе? Ахметовтың өзі де осыдан он шақты күн бұрын ғана аудандық оқу бөлімінен келген инспекторға мені:

«Мынау біздің мектептің ақыны, болашақ Сәбит Мұқановымыз» деп дәріптемеді ме? Сөйте тұрып, мені оқудан қалайша шығарады?

Есікке барып тыңдағаным жарамас, мұғалімдердің біреуі шыға келуі мүмкін ғой деген оймен үйді айналып, педсовет өтіп жатқан бөлменің терезесіне қелдім. Үйдің бұл ойпаң тұсы, фундаменті биік. Терезеге бойым түгіл, ұсынсам қолым әзер жетеді.

Форточка ғана ашық түр, не сөйленіп жатқаны күмбірлеп жөнді естілмейді.

Терезенің тұсында мектептің бағы бар. Осыдан бесалты жыл бұрын өз қолымызбен отырғызылған қайыңтеректер бұқ күнде қолдың саласындаған тізіліп, асқактап түр. Шарбақтың көп кетігінің бірінен зып беріп осы баққа кірдім де, бір теректің басына маймылша өрмелеп, шығып алдым. О, бұл арадан мұғалімдер үйінде не болып жатқаны сайрап көрінеді: әне, Ахметов сөйлеп түр. Екі қолын кеңінен сермел, ара-тұра жұдырығымен столды ұрып та қояды. Басын бірсесе онға, бірсесе солға бұрып сөйлейді. Егер мен оның желкесінен қарап отырмасам, не айтып жатқанын мүмкін емеурінен түсінген болар едім...

Ахметов сөзін бітіріп отырды. Мамам түрегелді. Бала-жан байғұс анам, мен үшін отқа да, суға да түседі шырылдалп. Оның қазіргі кейпі: айналайындар, баламды окудан шығара көрмендер, тағы бір жолға кешірім жасандар деп, жалбарына сөйлеп түрған тәрізді.

Мен мамамды ғажап аямын. Ойпыр-ай, неге мұндай тынымсыз, сотанақ болып тудым! Темір секілді жер қозғалса да қозғалмайтын, маңқып жайына жүретін момын болып неге тумадым?

Майқанова сөз алды. Оның не айтатыны маған былай да белгілі. «Қадыровты шығару керек мектептен! Мұндай баукуспе оңбағанға біздің тату ұжымымыздың арасында орын болмауға тиіс!» Отырғандардың бәрі күлді. Тісі жарқырап мамам да езу тартты. Неге күледі? Иығы селкеселк етіп, Анфиса Михайловна басқалардан өзгеше мәз. «Мысыққа – ойын, тышқанға – өлім» деген осы да.

Тағы да мамам тұрып, басын изеп, мақұлдап, бірдене айтты. «Шығарсандар, шығарындар мектептен! Кетсін қаңғып. Мениң де жүйкемді жұн етіп, құртып бітті бұл оңбаған!»

Сөйлеушілердің не деп жатқанын мен өзімше осылай жорамалдаймын.

Педсовет аяқталды, жұрт тарай бастады. Мен ағаштан тезірек түсіп кетпекші болып едім, бір бәтеңкем екі бұтақтың арасына кептеліп қалып, шыға қойсайшы. Жұлқи тартып калғанымда, мәссаған, табаны дыр етіп, қақырап түсті...

Мұғалімдердің алды тыска шығып та үлгерді. Дымымды ішіме бүгіп, теректің діңіне жабысып, қаттым да қалдым. Ахметов пен Майканова оқшауланып, бермен қарай бұрылды. Екеуі мен тұрган теректің түбінен өтіп бара жатыр.

Қадыров түбінде адам болатын бала, – деді Майканова.

Оты бар, – деп қостады Ахметов.

Екеуі былай үзай беріп, мен жөнінде тағы бірденелерді сөйлесіп бара жатты, бірақ мен анықтап ести алмадым. Әлгі естігенімнің өзі қолқа-жүрегімді солқ еткізгендей әсер қалдырды. Мен Майқанованы қас дүшпаным санап жүрсем, ол мені «түбінде адам болатын бала» деп, директорға мақтап бара жатқаны қалай? Ап-айқын, тап осылай деді. Міне, жұмбақ...

Бәріне өзім айыптымын!

Астын-ұстіне келтіріп дауыл сапырған көк теңіздің тепкісінде жалғыз қайықшы қаңғалақ ойнайды. Бірін-бірі тықсырған арқырауық ақжал толқындар әлгіні бірде жаңқадай ұшырып, аспанға алып шығады да, бірде теңіздің шынырау түбіне тастан келіп жібереді...

Мен өзім соңғы күндері бастан кешкен халімді көз алдыма осылай әкелемін. Дауыл сапырып өтті, жан қалды. Енді ес жиып ойлануыма, өзіме-өзім есеп беріп толғануыма болады!

Әрине, бәріне өзім айыптымын. Осының бәрі тәртіп-сіздіктің, мінез-құлқымның нашарлығының кесепаты. Әйтпесе ана Темір құсан өзімді-өзім үлгілі ұстап тек жүріп, тек тұрсам, мұндай жағдай болар ма еді? Жоқ, жетеді! Ақымақтықты енді доғаруым керек!

Бұл менің түзелемін деп, өзіме-өзім бірінші рет уәде

беруім емес. Талай рет уәде бердім, шындаپ бердім. Бірақ қанша тыныш жүрейін деп тырыссам да, олай болмай шығады. Не ет қызыымен, не басқа бір себеппен тәртіпсіздік істеп қойғанымды өзім де байқамай қалам. Жоқ, енді олай болмауға тиіс.

Таңтерең мамам жайлауға қайтпақшы болды. Атын әкеп ерттеп бердім. Ол менің басымнан сипап тұрып:

– Ал, Қожатай, ақылың бар баласың. Бәрін өзің түсінуің керек. Егер сен тағы бір шу шығаратын болсан, онда маған өкпелеме... Әкеңнен қалған үй-мұлікке өзің ие бол, мен бұл үйден кетемін, – деді...

Мамамды құшақтай алдым:

– Жоқ, маматай, кетпеші, жаным мама! Ендігәрі тәртіпсіздік істесем, оңбай, көгермей кетейін... – Көңілім босап, көзіме жас қаймақшып келіп қалды.

Мамам қолын иығыма салды.

– Сен жақсы жүрсөң, мен ешқайда да кетпеймін... Мен үшін сенің адам болғанынан артық ешқандай бақыт жоқ, – деді мамам.

Мамам жайлауға жүріп кетті. Мен мектепке келе жа-тырмын. Көңілім көтеріңкі, бойым сергек. «Мен үшін сенің адам болғанынан артық ешқандай да бақыт жоқ» деген сөзі құлағымнан кетер емес. «Сенші маған, маматай! Адам боламын. Мен енді кешегі Қожа емеспін, басқа Қожамын. Өзгерген Қожамын. Бүгін – менің жана өмірімнің бірінші күні».

Нұри кемпірдің үйінің алдында қара қаншық сүйек кеміріп жатыр. Оған байқатпай, жерден жұдырықтай тас жіберіп қалмақшымын. Кенет сап етіп бір ой келді басыма: «Япыр-ау, бұл ит маған не істеді? Мен оны неге ұрамын? Сосын үйден иесі шықпай ма жүгіріп? Қарғап, тілдемей ме мені? Тәртіпсіздік деген міне осындаидан туады екен ғой».

Қолымдағы тасты былай лақтырып тастап, өзімді-өзім іштей сөгіп, жөніме кете бардым...

\* \* \*

Кешкі астан кейін төр үйге кіріп, үстел шамды жақтым да, сырттан ештеңе көрінбестей етіп, терезе перделерін тұсірдім. Бұрышта кісі бойы үлкен айна тұр. Үстелімді соның дәл алдына жақын қойдым да, дүниені шулатып, сойқандап жүрген қылмыскер Қожамен бетпебет келіп отырдым.

– Қадыров Қожаның жеке бас құпия кенесі ашық деп жариялаймын. Құн тәртібінде бір-ақ мәселе: тәртіпті, үлгілі оқушы болу үшін мен бұдан былай не істеуім керек?

Құн тәртібін хаттамаға мәнерлеп жаздым да, қылмыскердің жүзіне қарадым:

– Ал сөйле, батырым?! – Оларсыз мұның бәрін қалжың деп ойлайтын болу керек, күледі маган қарап. Көзін бағжитып, ернін шығарып, аузын қисайтып, келекелейді өзімді. Оның бұл қылығына менің ызам келіп, ашуым қайнап кетті. Қабагымды қарс түйіп, Ахметовке еліктеп үстелді тарс еткізіп қойып қалдым:

– Түрегел!

Батырына жан керек екен, ұшып түрегелді.

– Отыр!

Кайта отырды.

– Неге шақырдың, Қожатай? – деп әжем кіріп келе жатыр.

– Сіз емес... Жайша. Мұнда құпия кенес өтіп жатыр. Бөгет жасамаңыз.

– Кенесі несі?

– Кенес дегеннің не екенін түсінбейсіз бе? Жиналыс, жиналыс өтіп жатыр.

Әжем бір сәтке анырып, үркे қарап қалды.

– Әкем-аяу, мынау не айтады? Жиылышы несі? Үстелді айнаның алдына неге қойдың?

– Ту, жарықтық-ай! – деп кейідім мен. – Өзіңізге тиісті емес нәрседе не шаруаңыз бар. Мен құпия кенес өткізіп жатырын. Сізге қатысуға болмайды.

Эжем менің қасыма келді. Шаrasы қызылттанып, жасаураган қоңыр көздері өнменімен өтіп барады.

– Қожатай, шыбыным... Сен бисмилла деші. Бис-милла деші шыбыным... Тұнде де үйиқтап жатып, жиылды ашық, талқылаймын деп, бірденелерді айттып шығып едің, шошымалданып жүрсің фой деймін. Бис-милла деші.

Іза болғаным соншалық:

– Бисмилла! Бисмилла! Бисмилла! – деп нығырлап үш рет айттым.

– Болды ма? Жоқ, тағы айтайын ба?

– Шыбыным, жалғыздан-жалғыз отырып та жиналыс өткізе ме екен? Тұн болса, сарылып көп оқисың. Осы сенің үйқың қанбай жүр фой деймін?

Мен орнынан үшып түрегелдім.

– Айналайын әжетай, барыңызшы! Бөгет жасама-нызшы! – Тартыншақтағанына болмай әжемді шығарып жібердім де, есікті іліп алдым.

Құпия кеңесі бір сағаттай уақытқа созылды. Ақыры төмендегідей тұжырымға келіп, бір ауыздан қаулы қабылданды.

**Қаулы.** Қадыров Қожаның жеке бас тәртібіне байланысты мәселені талқылай кеп, құпия кеңес мынадай қаулы алады:

Бірінші. Тәртіпсіздік кісіні жексүрін көрсетеді екен. Оған көзім жетті. Эрі бұл адамның келешегі үшін зиян. Сондықтан қалай еткенде де тәртіпті болуым керек. Ол үшін:

а) Бұдан былай ешкімге тиіспей жайыма жүремін. Досым болсын, қасым болсын, бейбіт қатар өмір сұруге тырысамын.

**Ескерту.** Егер тиісуши мен болмай, басқа болса, оған: «Аулак жүр. Жақсылық көрмейсің» деген тәрізді ескертпелер жасауым керек. Онда да тыңдамай баса-көктеп келе жатса, мұндай жағдайда, қажет деп тапсам, қол да жұмсау арқылы қорғануға еріктімін деп санаймын.

ә) Осыдан былай ешқандай тәртіпсіз, тұрпайы сөзді аузыма алмаймын. Үлкенде аға, кішіні іні деп тұрам.

Екінші. Эрбір тәртіпсіздік қылышын үшін дер кезінде аяусыз жазаланып тұруым тиіс. Жазаның тұрі төмендегіше болады:

а) Егер біреуге өзім тиісіп шатассам. ол күні мезгіл ас ішпеймін.

ә) Біреуді жазықсыз тілдейтін болсам, кезекті демалысымда ешқандай қия басып шықпаймын, үйде отырамын. **Яғни** өзімді-өзім үйге қамаймын деген сөз.

б) Сабак үстінде тыныш отырмаданықтан мұғалімнен ескерту еститін болсам, ол жолғы үзілісте тысқа шықпай, орнымда отырамын.

в) Егер біреу-міреудің лақ-қозысы, тауық, қазы, иті біздің үйдің маңына жолап кетсе, аямай таспен ұрып қуалайтын жыным бар. Алмастың қызыл қоразын сөйтіп өлтіріп қойдым. Бұным да жарамайды, жай айдал жіберуіме де болушы еді фой. Ендігәрі бұндай қылыштарым қайталанса, екі рет жүгіріп барып келем.

Үшінші. Сұлтанмен жолдастық қарым-қатынасым бұдан былай үзіледі. Ол екеуміздің сертіміз бүгіннен бастап күшін жояды. О дүниедегі қызыл ошақ жайына келестін болсак,.. мені дозақ оты да сессендіре алмайды.

Төртінші. Сабақты жақсы оку – үлгілі оқушының бірінші белгісі. Мен осы тоқсанның ішінде қалай өткенде де озат оқушылардың қатарына қосылуым керек. Ол үшін:

а) Сабақтан бір сағат та себебсіз қалмаймын.

ә) Үйге берілген тапсырманы мезгілінде орындалап отырамын.

Бесінші. **Жоғарыда** қабылданған міндеттемелердің мұлтіксіз орындалуын қамтамасыз ету үшін күн сайын үйшіктар алдында өзіме-өзім есеп беріп, жақсы-жаман қылыштарымды осы дәптерге жазып отырамын.

Осы айтылғандарды жүзеге асыру – мен үшін ұлы сын.

Егер осы сыйнан өте алмайтын болсам, онда маған бұдан былай оқу оқып қажеті жоқ. Анам байғұсқа күйігімді тартқыза бермей, адам болатын басқа бір жолды іздеп жоғалуым керек.

Қаулы бір ауыздан қабылданды.

Осы кезде ауыз үйден тысырлаған аяқ дыбысы, біреулердің сөздері естілді. Есікті тартқылап қара бастады.

– Қожатай, аша гой, шыбыным!...

Тұрегеліп барып есікті аштым. Әжем мен Әубәкір шал тұр. Қозқараастары бір түрлі үрейлі, жұмбақ.

– Салаумәләкем, қария!

– Сәламат бол, балам! Сен, немене, жападан-жалғыз есікті іліп алып отырғаның?

– Жайша.. сабақ оқып отырғаным фой.

– Қожатай, мына атаңа тамырыңды ұсташы, шыбыным, – дейді әжем.

Шошып қалдым.

– Неге? Не бопты?

– Тұнде үйкесірап, сөйлеп шығып едің, кім біледі..

Мына атаң ұстап көрсің тамырыңды. Өзің де бір түрлі балбырап тұрган тәріздісің. – Мен еріксіз құліп жібердім.

– Әй, әжем, қаранды әжем, мені ауру гой деп тұрмысыз? Ауру түгіл дәнемем де жоқ. Сап-саумын.

– Әжемнің әжімді мәндайынан шөп өткізіп бір сүйдім де, жүгіріп тысқа шығып кеттім. Шіркін, бүгінгі кеш қандай әсем еді! Ай жарық. Аспанның тұп-тұнық көк жібек шатыры бар жиһазын тағынып мөлдіреп тұр, клуб жақтан гармонь үні, балалардың шуылдаپ ойнаған дауыстары естіледі. Бойымда керемет бір жігер оты лапылдаپ, солай қарай бет алдым. Ай нұрынан орнаған күміс көпір белдеуlep бет алдымда ауылдың дәл іргесінде өзен жатыр жарқырап. Мөп-мөлдір мына ғажап дүние! «Ұш! Самға!» деп, қолтығымнан қанат бітіретін, арман

нысанасына қарай алып ұшатын тәрізді. Лаула! Лаула жігер оты! Самға қиял құсы! Асығатыным да, аңсайтыным да ертеңгі болашағым...



1. Өздеріңе қандай есімдер ұнайды? Ат қою туралы қандай озық дәстүр білсін?
2. Майқанова жайында Қожада теріс пікірдің қалыптасуына не себеб болды?
3. Оқулық сатып алушағы Қожаның ісі дұрыс па, оның орнында өздерің болсандар қайтер едіңдер?
4. Қожаның лагерьге жолдама сұрауына кімнің ісі желеу болды, тілегін орындағаны үшін оның сынып жетекшісін кінелауы дұрыс па?
5. Сәйбек қарттың әңгімесі Қожаға қалай әсер етті, неліктен? Екеуінің тіліндегі зілсіз әзілді қалай түсінесіндер?
6. Қожа Майқановың «Түбінде адам болатын бала» деген сөзін естігенде неге таң қалады?
7. Қожа анасына соңғы рет қандай уәде берді, қайтсе тентектікті тежеуге болады екен?
8. Қожаның құпия кенесін әжесі неге жорыды, одан иені аңғаруға болады?



1. Сабакқа дайындалмай келген Қожаның көніл күйі мен дайындығы мықты болмаса да, өзін көрсеткісі келген мактапқұмар Жантастың ісін салыстыра әңгімелендер.
2. Қожаның ісіне мұғалімдер наразылығын жазушы бірде күлкілі, бірде үкімдей қатаң, бірде ызалы, уытты сөздермен бергіндігін ескеріндер.
3. Қожаның «Осындаі бір ақымақтық кейде ақылға мұрша бермей дедектетіп әкететіні бар. Истеп алыш, әмәнда соңынан бармагынды тістейсің» деген сөзінің мәнін түсіндіріндер.
4. Қожаның құпия кенесі, онда Қожаның өзін-өзі сынауымен алынған міндеттемелерге көніл аударындар.
5. Хикаятын тұтас оқып шығындар, Қожа мен Жантасқа мінездеме беріндер.

## ***Повесть туралы***

Баяндау түрінде қара сөзбен жазылған оқигалы көркем шығарманың түрін **повесть** (хикаят) деп атайды. Ол көлемі жағынан әнгімендегі ұзақтау, романға жақындау болады. Бірақ романдағыдай қат-қабат шиеленіскең оқигалар тізбегі бола бермейді. Мәселен, әнгімеде көбіне өмірдің бір мезеті, қысқа оқигалар суреттелсө, романда аса күрделі әрі көлемді, бүкіл бір кезеңнің оқигалары тұтастырыла суреттеледі.

Ал повестегі оқигалар жинақы, сюжеттік желі негізінен бір арнада өрістейді, кейіпкерлер саны да аса көп болмайды. Оған Б. Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» повесін оқи отырып, көз жеткізуге болады.



## МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ (1931–1976)

Мақатаев Мұқағали (Мұқаметқали) Сүлейменұлы (1931–1976) – қазақтың әйгілі ақыны. Туған жері Алматы облысының Нарынқол ауданындағы Шалкөде ауылы, топырақ бұйырған жері – Алматы қаласы.

Балалық бал дәурені соғыс жылдарының ауырлық тауқыметімен тұспа-тұс келеді. Әкесі Сүлеймен соғыста қаза болып, анасы Нағиман Мұқағалидың өкшесін баса туған үш ұлды өзі асырап, жеткізген. Орта мектепті интернатта жатып бітірген Мұқағали еңбекке ерте аласып, ауылдық кеңестің хатшысы, жеті жылдық мектептің мұғалімі болады. Содан Нарынқол аудандық газетіне орналасып, қаламгерлікке ден қояды. Мұнан соң қазіргі «Егеменді Қазақстан», «Мәдениет және тұрмыс» (Қазіргі «Парасат»), «Жұлдыз» журналдарының редакциясында, Қазақстан жазушылар одағында қызмет атқарады.

Мұқағали Алматыдағы қазақ әдебиеті мен өнерінің қаймақтары шоғырланған ортада өткерген аз ғана жылдар ішінде өзіндік дара әнін, суреткерлік қайталанбас дарынын танытып, өнімді еңбектене біледі.

Оның «Армысындар достар», «Қарлығашым келдің бе?», «Мавр», «Аққулар ұйықтағанда», «Шуагым менің» атты жыр жинақтарын көзі тірісінде жариялад үлгереді.

Мұқағали поэзиясының қайнар көзі, шабыт тұғыры – туған елі, өскен жері, Отан тағдыры, замана тыны-

сы, замандастарының арман-ансары. Осының Мұқагали жас дарынға тән қайталаңбас шеберлікпен түсірді, таңдайынан төгілгендей поэтикалық мінсіз үйлесіммен, өр жүрекпен тіл табысар сыршыл да шыншыл сезіммен нағыз поэзияға фана тән бейнелі образдармен бедерлеп, өлмес өнер деңгейінде туындастып отырған. Ол өз шығармалары арқылы қазақ поэзиясын жаңа биіктеге көтеріп, мазмұнын байытты. Мұқагали поэзиясы тек өнер үшін туындаған өнер деңгейіндегі фана құбылыс емес. Оның өлмес өнері, қанатты поэзиясы қазақ халқының сезімін байытып, кіслігін биіктетіп, парасатын кемелдендіре түсті.

### Тұған жерге

Таныс өлке.  
 Таныс аймак,  
 Таныс маң,  
 Анау жерде – құрбылармен алысқам,  
 Анау жерде – құрбы жанмен табысқам.  
 Алба-жұлба ақша бұлттар жарысқан,  
 Таулар әне, ұйықтап кеткен данышпан.  
 Жолдар анау, шұбатылып шаңы ұшқан,  
 Таныс өлке, таныс аймақ, таныс маң.

Шабындықтар,  
 Егістіктер,  
 Тоғайлар.  
 Төбелердің төбесінде – көк айдар .  
 Ақ сағыммен араласып, аулаққа  
 Сағым болып бара жатыр көп айлар.

Бір тынбайды шегірткенің шырылы,  
 Жел қозғаған ақ шилердің сыйры.  
 Бәрі таныс – кісінеген құлышы,

Ін аузында шаңқылдаған сұры.  
...Айналайын!  
Ата мекен, ақ мекен!  
Қандай қазақ іздеп сені тапты екен?!



1. Өлеңді мәнерлеп оқындар. Ақынның туған жерге деген сүйіспеншілігін суреттендер.
2. «Туған жерім», «Туған ауылым» тақырыптарының біріне шағын шығарма жазындар.
3. Өлеңді жаттап алындар.

### Арман қуып...

Айтпашы,  
Айтпасаң да білем, білем,  
Білемін де күлемін, ренжимін,  
Әзірге көзім де ашық, көңілім де ашық,  
Жыланды ажыратам жылы өндіден.  
Мүмкін, қақым бар шығар мақтануға,  
Алайда, асып-тасып ақтарылма.  
Кімдер болып, ал кімдер болмай жатыр,  
Аумалы да тәкпел шақта мына.  
Бақытты бол, жұлдызың жанған шығар,  
Кез емес қой, бірақ та арман тынар.  
Бір арманның желіне мінгеніңмен,  
Бір арманың бұланғап алдан шығар.  
Адам, сірә, бақытын місі еткен бе,  
Армандайық, армансыз кісі өткен бе.  
Байламы жоқ бақытқа құлдық ұрмай,  
Не жетсін арман қуып, іс еткенге.  
Көңілімізді бақытпен алдандырып,  
Арман қуып келеміз, арман қуып.  
Арман барда, арманға тоқтау бар ма?  
Жан бар ма екен арманға салған құрық?!



1. Ақынның өлең өрнектеріндегі асқақ арманын, шынайы сезімін түсініп оқындар.
2. Арман дегенде нені ұғасындар? Өзара диспут өткізіндер.
3. «Менің арманым» тақырыбында шығарма жазындар.

### ***Табигат лирикасы***

**Табигат лирикасы** – лирика жанрының бір түрі, ақынның ішкі жан-дұниесі оның әр түрлі табигат құбылыстарын сезінуі, бейнелеп суреттеуі арқылы танылатын өлең-жырлар. Табигат лирикасының алғашқы белгі, нышандарын фольклорлық поэзиядан байқауға болады. Өйткені қашанда адамзат табигатпен етене жақын. Сондықтан айнала қоршаған орта және оның түрлі жаратылыс сырлары адамның назарын өзіне аудармай қоймаған. Осындай жағдайда ақындар табигатқа арнап лирикалық өлеңдер жазып отырған. Біреулер табигаттың пейзаждық суреттерін жасаса, енді бір ақындар сол табигат арқылы қоғамдық өмірді, адамның ішкі көніл-куйін астастыра жырлаған.



## ШЕРХАН МҰРТАЗА

### (1932 жылы туған)

Шерхан Мұртаза 1932 жылы Жамбыл облысының Жуалы ауданында туған. Мәскеу университетін бітірген. Оның «Табылған теңіз», «Белгісіз солдаттың баласы», «Қырық бірінші жылғы көлінишк» т.б. хикаяты оқушы қауымга кеңінен танылған. Жазушының «Қара маржсан», көрнекті мемлекет қайраткері Тұrap Рысқұловтың өмір жолына арналған «Қызыл жебе» атты романдар циклы бар.

### ТҮТҚЫН БАЛА

(«Қызыл жебе» романынан үзінді)

Баланың Алматы абақтысынан қашқанына жылға жақын уақыт болды. Бірақ миына сіңіп қалған дағдыдан әлі арыла алмайды. Темір сылдыры етсе, кісен сылдырлағандай көрінеді. Тәуірлек киінген адам кездессе, Саймасайдың жақындары сияқтанып елестейді. Пагон таққан, қылыш асынған ұшырасса, Приходько мырзаның жұмсаған жендеті екен деп қалады.

Ара екеш араға дейін масандап, мамырлаған көктем. Құрқылтай жерге түспей шексіз кеуек аспанды шарлаған көктем. Кеше Мыңаң аулына Меркеден екі салт атты келді. Бірі – қазак, бірі – орыс.

Әлгілер әкірендереген әкім емес, мұғалімдер екен. Меркеде орыс түзем мектебі ашылады екен. Жанында интернат дегені бар дейді. Осы алдағы күзден бастап оқу

басталады екен. Соған мына екеу ауыл-ауылдан оқуға баратын балалардың тізімін алыш жүргенге ұқсайды.

Мұғалімдер жағалап Қырғызбайдың үйіне келді. Аттан түсті.

**Ассалаумағалейкум!**

Әліксалам! Қай балаларсыңдар? Жол болсын? – дейді Қырғызбай. Жапалақ көз жарықтық бұл да атқамінерлерден запыста. «Әлдене болыш қалды» деп қипалақтап түрді.

Әлей болсын. Оқуға түсетін балалардың тізімін алыш жүрген, – дейді Әліпбек деген қазағы. – Оку жасында балаларыңыз бар ма?

Шал ойланып қалды. Өз кіндігінен оқуға түсер бала жоқ. Ал Тұрардың оқуға дер шағы. Бірақ оны жұрт көзінен тасалап жүргенде, жария етіп не жаны бар?

**Қандай оку, қарағым?**

Оу, отағасы, естімеп пе едіңіз, таяуда Әулиеата оязының өзі келіп, жеті болыс Меркеге арнап орысшамұсылманша мектеп аштырып кетті ғой. Мектеп үшін Айбар байдың түнкелі үйін сатып алды.

**Ал оку не береді?**

«Не береді?» Балаңыз сот, прокурор болады.

Шал сескеніп қалды. Сот, прокурор болады. Оған шатасар жайы жоқ.

Біздे оқуға беретін бала жоқ, қарағым, – Қырғызбай қипақтай береді..

Бұл әңгімені естіген Салиха бәйбіше меймандарға құйып отырған қымыздың ожауын шараға шалп еткізіп тастап жіберіп, ернін сылп еткізіп, бетін шымшыды.

О не дегениң, байғұс-ау, алжиын дегенсің бе? Тұрарды қайтесің? Ол бала емес пе екен?

Шал кемпіріне алақандай көздерін алартып, ернін қымқыра тістеді.

Қой әрі! – деді Салиха оған айылын жимай. – Аруақ, құдай алдында күнәға қалма. өзі тірі жетім байғұсты ту-май жатып құдай қыспаққа алғаны аздай, о несі-ай...

Оқысын. Өз қолы өз аузына жетіп, адам болып кетсе әжеп емес. Басын байлама баланың!

Салиха ақ шарадағы қымызды ожаумен шамадан тыс атырыла сапырып-сапырып жіберді. Қымыздың көбігі бүркүрады.

Басқан ізінен садаға кетейін, мырза аға! Қайда ғана жур екенсің жалғыз жәдігерінді жаутаңдатып бізге тастап кетіп... – Салиха «аһ» күрсініп алды.

Болды енді қай-қайдағыны көйбетпей, – деп Қыргызбай орнында отыра алмай қопандай берді. – Мейлі оқыса оқысын, бәле шақырып зарламашы.

Бала қайда? – деді бұл түсініксіздеу шайпасудан секем алған Әліпбек.

– Мен шақырып келейін, – деп Салиха орнынан оқпан құстай ордандай көтеріліп далага шықты.

Тұrap! А, Тұrap! Қайдасың, жуәрмек? Шапшаң кел үйге!

Сөз тірі болса да, зілі жоқ, кескін-кейпі келеңсіздеу келсе де, кеудесінде мейірлі шуағы көп кемпірдің «жуәрмегін» кек көрмей, Тұrap қамыстың арасынан шығып, үйге беттеді.

Міне, бала оқытсандар, – деді Салиха Тұрапды қолынан «қашып кетпесін» дегендей, мықтап ұстап тұрып. – Орысшаң да, мұсылманшана да ағып тұр. Байғұска тіл-көз тиіп кетпесе, болайын-ақ деп тұр?

– Аты кім? деді Әліпбек қағаз-қаламын алыш.

– Тұrap.

– Әкесінің аты кім?

Кемпір жақсы көретін қайнұсының атын атай алмай, амалсыз тілі байланып тұрып шалына:

Айтсаңшы, ей! – деді.

Қыргызбай, әкесінің аты Қыргызбай, – деп шал шамадан тыс асыға айтты.

Салиха бетін шымшып:

Байғұс-ау, о не дегенің? – дей беріп еді, Қыргызбай қопалақтап бой бермеді.

Қырғызбай деп жаз, қарағым.  
Бала сазарып қалды. Бұл ел оның әкесінің атын атаудан да қорқады.

Туған әкесіне опасыздық жасағандай бір беймаза сезім жауқазын жүрегін жаралап, жөңгедей қадалды да қалды. Әкеңнің атын айта алмай күмілжіген не қорлық!

Орыс мұғалім Тұрардың өзіне қарап:

Жасың нешеде? – деп орысша сұрады.

Он бірде, – деді бала да орысша мұдірместен.

О, сен шынында зерек шығарсың, Тура Түркістан Киргизбаев, – деп орыс мұғалім сүйсінгендей болды. – Алдағы күзден бастап Меркедегі интернатта жатып оқитан боласың. Ал, көріскенше, сау тұр!

Сөйтіп, Тұра «Киргизбаев» болып тізімге ілігіп кете барады.

\* \* \*

Күзде оқу басталды. Мұғалім тізімі бойынша шәкірттерді тексеріп шықты.

Нұршанов!..

Сармолдаев!..

Токбаев!..

Қырғызбаев!

Ешкім орнын тұра қоймады.

Қырғызбаев! – деп дауысын қатайта қайталады орыс мұғалім. Ешкім тұрмады. Балалар бірі үрпіп, бірі таңданып жан-жақты қаасты.

Қырғызбаев бар ма? – Бұл жолы орыс мұғалім тіптті айқайлады жіберді. Тұра терезе алдындағы теректен көзі еріксіз тайып кетті, айқайлаған дауыс құлағына енді жеткендей, мұғалімнің кімді шақырып тұрғанын түсінбей, жан-жағына қарай берген. Сонда қара мұртты қара мұғалім Тұраға қолын шошайтып:

Әй, бала, Қырғызбаев сен емеспісің? – деді. Сонда барып санасын көмескі бір сезік селт еткізді.

Ә, иә, мен...

Мектеп менгерушісі Иван Владимирович Андреев пен мұсылман пәннің мұғалімі Әліпбек жазда балалардың тізімін ала барғанда Қырғызбайдың үйінде осындай бір түсініксіз жағдай болып еді. Сол қайталанып тұр. Иван Владимирович көзілдірікке сенбестен алтын жиек әйнекті қоңқақтау мұрнының үстіне нығарлай түсіп, Тұрарға таяп келіп, ұзақ қадалда.

Дас-с, – деді баланың сәбиге тән емес, ерекше байсалдылығын андан алыш.

Жасың нешеде?

Он бірде, – деді Тұрар таза орысша.

Басқа балалар енді бұрынғыдан бетер таңдана, ауыздары аңқайып қарап қалды.

«Бірінші сынып үшін он бір жас ересектеу, – деді ішінен Иван Владимирович. – Бірақ он беске келгендер де отыр ғой осында. Ал мына балада бір құпия бар. Не еken? Бұл орысшаны қайда жүріп үйренген?»

Мұғалім үнсіз, бала да үнсіз. Сынып сілтідей тынып қалған. Осындайда тағдыр шешіледі. Түйіннің ұшы қазір мына орыс мұғалімнің қолында «Осы сен шыныңды айтшы, шырағым. Рас, Қырғызбаевпысың?» – десе, бітіп жатыр. Ар жағын жасыра алмайсың. Меркенің приставына<sup>5</sup> бір сыйырлап қойса болды. Қош бол, мектеп. Содан соң қой бағып, бұзау бағып, анадан қанша асыл тусанда, білімсіз болсаң, топастау тор шолақтың санатында салпақтап ғұмыр кешесін...

Балалар, – деді орыс мұғалім шәкірттерін түгендеп болған соң, – сендер Мерке Мерке болғалы осында тұңғыш рет түземдерге арнап ашылған мектептің алғашқы қарлығашысындар. Қадамдарың құтты болсын!

Әліпбек оның сөзін қазақшалап шықты.

Сендер бұл мектептен әліппені үйренесіңдер, хат танисындар. Одан соң тарих, ана тілі, орыс тілі, география

<sup>5</sup> Пристав – патша өкіметі кезіндегі полиция қызметкерінің шені.

фия, арифметика сияқты ғылымдарды менгересіндер. Сөйтіп, өз еліне қызмет ететін, халыққа сәуле шашатын азамат болып шығасындар. Іске сәт!

\* \* \*

Әлгінде Иван Владимирович айтқан «тарих», «география», «арифметика» деген сөздер шәкірттердің көбінің құлағына тосын еді. Ал Тұrap бұларды түрмеден біletін. Бірінші сыныптықтар «а»-ны, «б»-ны жазып, оның мәніне түсініп болмай жатқанда, Тұrap іші пысып терезеге қарап отырды.

Қырғызбаевтың сабакқа селсоқ екенін аңғарған Иван Владимирович оның партасына таяп келіп, алдындағы дәптеріне үңілді. Қара тақтадағы «а», «б» деген белгілерді балалар көшіріп жазуға тиіс болатын. Ал Тұrapдың дәптерінде жеке әріптер емес, сөздер жазулы екен. Мұғалім дәптерді қолына алып, шала сауатты адамдай әлгі бейтаныстау сөздерді ежелеп оқып шақты: «Аспара, Қызыл Жебе, Көке».

Өзің жаздың ба?

Иә, – деді Тұrap орнынан тұра беріп.

Мұны қалай түсінуге болады? «Аспара» – таудың аты. Ал «Қызыл Жебе», «Көке» дегендерің не?

«Қызыл Жебе» деген ерен жүйрік еді, Иван Владимирович. Ауылдың балаларымен жалаң аяқ жаяу жарыста мен де жүйрік болдым. Содан мені балалар «Қызыл Жебе» – деп атап кетті. Ал «Көке» дегенім–сол Қызыл Жебеге мініп көкпар шапқан кісі.

Жазуың өте сұлу, Қырғызбаев. Мұны кімнен үйреніп жүрсін?

Наташа деген орыс қызы үйреткен...

Иә, бауырым, саған бірінші сыныпта отыру, эрине, іш пыстыратын жұмыс. Амал не бізде әзір екінші сынып жоқ. Бірақ сен дандайсып кетпе. «Қайталау– білімнің анасы»

деген бар. Әрі десе мектепте сабақ жүйелі түрде жүреді. Кәне, тақтаға шықшы.

Тұрар тақтаға шыққанда, бүкіл сынып тына қалды. «Не болар екен?» – деген сұрақ бәрінің көзінде жазулы түрған сияқты.

Бор ал, – деді мұғалім, – Жаз. Жоғарыдағы әріптерді қайталарап жаз.

Бала оң қолын көтеріп, «а», «а» деген әріпті әдемілеп, мұғалімдердікінен айнытпай сызып жатқанда арт жақтанда жырқ-жырқ құлген дауыс шықты.

Мұғалім көзілдірігін қолымен демеп тұрып, әлгі қүле-гешке:

Тұр орнынан! – деді.

Тайқы мандай бадырақ көз қара бала сүйретіліп әрен-мәрең тұрды.

Сен, ұмытпасам, Айбаровсың ғой?

Бала: «Иә» – дегендей басын жалқау изеді.

Неменеге құлдің?

Жай, әншейін, ананың шынтағына қараңызшы, – деп Тұрарға қолын шошайтты.

Көне бешпенттен байғұс баланың шынтағы көрініп тұр екен.

Оның несі құлкі, – деді Иван Владимирович. – Орыстың Ломоносов деген аскан ғалымы өткен. Кедейден шыққан. Немістің бір менмен профессоры Ломоносовқа бірде дәл сен құсан қолын шошайтып құліпті. Ломоносов: «Неге құлесің?» – дегендеге, әлгі неміс: «Шынтағыңыз жеңіңізден жылтындалап қарайды», – депті. «Жоқ, шынтақ жеңінен жылтындалап қарамайды, оған надандық үніліп қарайды», – деген Ломоносов. Кәне, Айбаров, тақтаға сен шыға ғой. Атың кім, сенің?

Атамырза.

Ал, кәне, Атамырза, Қырғызбаевтың қалай жазғанын көрдің ғой. Тамаша. Оған мен «бес» деген баға қойдым. Мә, қолыңа шүберек ал, Қырғызбаевтың жазғанын өшір.

Атамырза шүберекпен айбақтатып ары-бері сұртіп еді, тақта тазара қоймады. Атамырза сидигандау бойшаң еді, үстіндегі қара костюмі су жаңа әдемі тігілген. Қолын ебедейсіз ербендетемін деп, жеңіне бор жағып алды. Тазара қоймағанына ызаланып тақтаға түкіріп-түкіріп жіберіп, қайта сұрте бастағанда, балалар ду күліп жіберді. Бетінен ешкім қағып көрмеген саудагердің асау міnez баласы аяғын тепсініп:

Неменеге ыржақтап күлесіндер! – деп айқайлап жіберді.

Е, бауырым, күлген қандай екен? Ұнамады, ә! – деп Иван Владимирович шүберекті алып тақтаны өзі сұрте бастады. Атамырза «А», «а» деген әріпті арбитып, арық түйенін өркешіндей етіп әрең сызды.

Отыр, – деді мұғалім селқос қана.

Тұрарды мақтап, мұны мақтамағаны Атамырзаға ұнамады.



1. Тұрар оқуга қалай алынды?
2. Ол орысша оқуды кімнен үйренген?
3. Неліктен жалған фамилияда оқыды?
4. «Қазақ та өз атына ие болар, Тұрар. Ол заман да туар», – деген мектеп директорының сөзі қашаннан бастап жүзеге асты.



## МҰХТАР МАҒАУИН

(1940 жылы туған)

Жазушы, әдебиет зерттеушісі, ғалым Мұхтар Мұқанұлы Мағауин 1940 жылы ақпанның екінші жүлдізында Шығыс Қазақстан облысы, Аягөз ауданында туған. ҚазМУ-ды 1962 жылы бітіріп, осы университеттің аспирантурасын 1965 жылы бітірген. 1965–86 жылдары «Қазақ әдебиеті» газетінде бөлім менгерушісі, «Жазушы» баспасында, «Жалын» альманагында бас редактордың орынбасары болып қызмет істейді. Әдебиет және өнер институтында, ҚазПИ-де ағағылыми қызметкер, доцент, «Жазушы» баспасында бас редактор қызметтерін атқарған. 1988 жылдан «Жұлдыз» журналының бас редакторы. «Кешқұрым» атты тұңғыш әңгімесі «Жұлдыз» журналында жарияланды. Соғыстан кейінгі ел өмірі бейнеленген «Ақша қар», «Бір атаның балалары», «Көк кептер» әңгіме, повестер жинақтары мен «Көк мұнар», «Шақан шері» атты романдары басылып шыгады. Ол «Алдаспан», «Бес ғасыр жырлайды», «Ай, заманай, заман-ай» атты ақын-жыраулар шығармаларының антологиясын құрастырып, жарыққа шыгарған.

## Бір атапың балалары

*(Повестен үзінди)*

### Бастау

– Ал, ағайын, тегіс жиналсаң, сөзіме құлақ сал, – деді басқарма. – Өздерің білесіндер, мен жұмысшы әкелем деп кеттім. Ақыры былай болды. Өкімет біздің ауданың тоғызы колхозына елу төрт бала жіберген екен. Жер аяғы шалғай, мен барғанша ересектерін бөлісіп әкетіпті. Соның өзі жақсы болды. Жетісіп отырган ешкім жоқ, түгел кем-кетікпіз. Төрт-бес жұмысшы қосылғаннан азаматтың орны толmas деп, ең ұсағынан таңдап алдым.

Жұрт дабырлап кетті. Басқарма мен есепші екеуі бір арба бала әкелді дегенді мана, жұмыс басында естіген. Рас болып шықты.

– Сабыр, сабыр, ағайын, – деді басқарма қолын көтеріп.  
 – Менің әкелгенім алты-ақ бала. Бәріне жетпейді. Және қазір бауырыма салдым деп алыш, ертең өгейсітіп жүрсек тағы қазақшылыққа жатпайды. Мүмкін, үкімет әлі де жіберер, сонда қалғаныңа тиеді. Әзір қолда барын құдай жолымен бөлем. Ай, бәйбіше, – деді сонан соң дауыстап.  
 – Тамағын ішіп болса, балаларды алыш шық.

– Қазір, ақсақал, – деген дауыс естілді киіз үй ішінен.

– Ал былайырақ тұрындар, балаларға орын беріңдер, – деді басқарма. Жұрт жапырыла шегініп, есік алдын қоралай тұрды. Орталарын ашқанымен, кимелесіп, мүмкіндігінше алға шығуға тырысады. Бірі қызық көрмек, бірі үміт жетегінде.

Ақыры басқарма әйелінің ақ шаршысы көрінді. Бірақ сыртқа шықпай, көтерме киіз есікті жамылған күйі бөгеле берді.

– Жүріндер, айналайындар, бері жүріндер.

Аппақ қаздың бауырынан тұрган сары үрпек балапандай, шашы сап-сары бала көрінді. Жұрттың дабыры

пышақ кескендей тиылды. Артынша бірінің сонынан бір тізіліп, қара шашты, қоңыр шашты, жирен шашты балалар өріп шыға бастады. Құнғе шағылысты ма, әлде жадау киінген жат топтан именді ме, бәрі есік алдына ұйлығып қалды.

– Өй, қалқабастар, қорықпандар, бері жүріндер, – деді басқарма. Қолынан бір-бірлеп жетектеп әкеп, киіз үйдің құнес жақ қабыргасына қатарлап тұргызы.

Жаңа сілтідей тына қалған жұрт балалар ішінен қоңырқай өнді қара көздері барын андаған соң күбір-күбір сөйлесіп, гуілдеп кеткен.

– Ал, Дәуренбек, – деді басқарма екі қолын қеудесіне айқастырып, алдыңғы қатарда сіресіп тұрган қара галифе шалбар, әскери гимнастеркалы жігітке қарап. – Дүкіметінді оқы, балалардың мән-жайын айт.

Дәуренбек солдат етігімен сарт-сұрт басып, екі-үш қадам алға шықты да, бас бармагы мен жарты шынашағы бар сол қолымен қармалап, тәс қалтасынан төрт бүктелген бір жапырақ қағаз алды. Бес саусағы да бүтін он қолымен қағаздың бүктемесін жазып, ернін жыбырлатып, ішінен оқып аз бөгелді. Содан соң шолақ қолының кеміс шынашағымен балаларды санап шықты. Қағазына тағы бір қарады да, балаларды орнын алмастырып, қайта тұргызы. Тамағын кернеп екі-үш мәрте жөткірініп алды, қағазды мұқият бүктеді де, қайтадан қалтасына салды.

– Басекен дұрыс айтады, баланың саны алтау, – деді содан соң. – Смирна тұрып, внимательна тындандар. Мен таныстырып шыгайын. Тылдағы еңбекшілерге көмекке жіберілген жолдастар төмендегіше. Стройдың басында тұрган екеу – қазақ балалары, үлкені сегізде, кішісі алтыда, мынаусы – Нартай, анаусы – Ертай, екеуі ағайынды. Бұлардан соң татар баласы, аты Рәшит, жетіде. Көзі сығырайған жалпақ бет, тақыр бас қара – қыз бала, қалмақ, я дүңген, жасы алтыда. Қасындағысының аты Яков, тоғызда, қолағаштай мұрнына қарағанда жойыт

тәрізді, бірақ документте орыс деп жазылған; қайдан кеп, қайдан тұрганы белгісіз әрі мылқау. Ең сонындағы – жаңа алдымен шыққан қасқа, жетіде. Сіздерден жасыратын несі бар, тегі жаман неміс. Бұл баланың орны детдом емес еді, әке-шешеден бірдей айрылып, панасыз қалған соң алынған екен. Өкіметтің кеңшілігі көп. Енді осы араға келіп тұрган жайы бар.

- Сонда қалай? – деді біреу.
- Не қалай?
- Мына бала...
- Қай бала?
- Мына балалар... не... алған адам... алам деген адам... нетіп...
- Мен бәрін де айттым, – деді Дәуренбек. – Тағы қандай сұрақ бар?

Ешқандай сұрақ болмады.

- Түсінікті, – деді Дәуренбек. – Мен болдым. Басеке, сөз өзініздікі.

– Сөз дейтін не сөз бар... Осы ауылдан соғысқа сайдың тасындағы қырық үш азамат кетіп еді. Эзірге оралғаны екеу-ақ. Дәуренбек қолдан, Берден аяқтан айрылып қайтты. Жиырма төртіне қара қағаз алдық. Хабарсыз қаншама. Тегіс жетімбіз. Жетім болмасақ, әліпті таяқ деп білмейтін Тоқажан колхоз басқара ма. Жетім болмасақ, жетпіске келген Ахмет күндіз мал қарап, тұнде күшкөлік баға ма. Эйтеуір артының қайырын берсін... Сөз дейтін не сөз бар, біз баладан айрылсақ, мына алдарында тұрган – атадан айрылған жетімдер. Екі жарты – бір бүтін... – Даусы жарықшақтанып, мұрты селтендеп, бұдан ары сөйлей алмады.

– Тоқта! – деді сол аяғына көнетоз саптама етік, он аяғына былғары тысты жаңа протез киген сырма күртелі қара мұрт. Бұл бригада Берден еді. – Тоқта, осы тұрган жұрттың көбі бала алғысы келеді. Мен де, ана Ақан да, мына Тілеубай да, өзініз де құр қалмассыз. Тегіс сәби

жасындағы кішкентай балалар көрінеді. Шыққан жерін ұмытып, ертең-ақ етбауырымыз бол кетеді. Өз қолыныз-бен үлестіріп беріңіз.

– Ләббай, – деді қайтадан қатайып алған басқарма, – мен бөлмеймін, өздерің таңдандар. Тек ретін айтайдын. Реніш-өкпе болмасын. Ақа! Жол сіздікі.

Тысы тозған сенсөн тымағын құлағын қайырып, бір жақ шекесіне қисайта киіп, жүрттың басынан аса қарап, ат үстінде тұрган Ахмет шал қарына қыстырган құрығын лақтырып тастап, жерге ырғып тұсті. Қимылы ширақ.

– Таңдаған баланызды алыңыз.

Ахмет ысырылып жол берген жүртты киіп-жарып балалардың алдына барды да, қалт бөгелді. Қайсысын алсам екен деп ойлагандай. Жетімдерді жағалай шолып шықты да, ең баста тұрган ағайынды қазақ балаларының қасына келді. Екеуі біріне-бірі тығылып құшақтасып тұрган. Қолдарынан тартып еді, айырылмады. Ақаң тізесін бүгіп екеуін бірдей бауырына басты. Кезек-кезек мандайларынан сүйді. Содан соң орнынан көтеріліп балаларды бастарынан жағалай сипап өтті де, ең шетте тұрган неміс баласының қолынан ұстады.

– Мен осы мықтының өзін қаладым.

**Жүрт ду ете түсі.**

– Еркінің білсін, – деді басқарма.

– Баланың аты кім? – деді Ахан Дәуренбекке қарап.

– «Жауды аяған жаралы» дегенді білмеуші ме едініз? – деді Дәуренбек ызбармен.

– Эй, не шатып тұрсың, мен сенен ақыл сұрадым ба! – деді Ахан морт кетіп.

– Сақалыңыздың ағында жаңсақ іске аяқ бастыңыз, – деді Дәуренбек. Ақсақалға емес, әлдекайда алыстағы егін жайға қарайды.

– Құйысқанға қыстырылмай, қой, шырағым, – деді Ахмет. Екі бүктеп, білеулей ұстаган қамшысының сабымен тымағын түзеп киді. – Еміске сен үш саусағынды

берсен, мен үш ұлымды бергем. Мына жұртты бөгемей, баламның атын айт.

– Зигфрид Вольфганг Вагнер. Қарық болдыңыз, – деді Дәуренбек мырс етіп.

– Зекпри Болыпкен... Қалай, қалай?

– Зигфрид Вольфганг Вагнер.

– Е, жөн-ақ, – деді Ахмет ақсақал. – Келісті жақсы ат екен. Айналайын, жүр, үйге кеттік. Апаң күтіп отыр. Жұрттың сөзін ұрғаның бар ма, жүр үйге.

Қызыққа жиылған балалардың ересектеу біреуі шылбырынан ұстап тұрған атына барды да, Зигфридті аяғын тарбита көтеріп алып жерге отырғызды. Еңкейіп жерден құрығын алып, сол жақ қарына қыстырды. Үзенгіге аяғы тиер-тиместен лып етіп өзі де ат үстіне қона кетті. Күміс қасты қазақы ер, екеуі де сыйды: алдында – жалбыраған ұзын сары шашты, көккөз сары бала, артында – ширатылған ұзын бозғыл мұрт, шоқша сақалды, өні жел мен күнге тотыққан ақ сұр шал.

Иесінің жүріс маршруттарын жатқа білетін жирен қасқа ат оңға, колхоздың соқаға, тырмаға жегер, егін шабуға, қырман айдауга пайдаланар күш-көлігі жайылып жүрген қыр жаққа қарай беттемек еді, шал тізгінді тартып солға қарай бұрды да, қатты тебініп қап, бұрын өзінде жоқ, тіпті қазақта болмаған әдетпен ауылды қақ жарып шаба жөнелді. Абалай қосылған иттерден арыльп шетке шыққан соң фана аяңға көшті. Оңашарақ тігілгені болмаса Ахметтің өз үйі де осы ауылдың шетінде еді. Төбесі көрініп тұрған.

Ұзағынан сүйіндірсін, – деді үйіне жетіп, атынан түскенге дейін Ахметтің артынан қарап тұрған Тоқажан. – Шоғырлы жердің шоқысы болған аруақты атадан қалған қара шаңырақ еді. Ал жұмысқа шығу керек, жол да, жөн де сіздікі.

– Рақмет, Тоқажан шырағым, – деді Бәкен аталған кішкентай қара шал таяғының ұшын шошаң еткізіп. –

Тілеп алған жалғызды маңдайыма сыйғызбаған құдай басқаның зәузатынан<sup>6</sup> опа бермес. Рақмет пейіліне. Көр аузына тақап отырмыз, бір рет ата-анасынан айрылып аныраған баланы екінші қайтара жетім қалдырып, күнә арқалағым келмейді.

Осыдан соң жұрттың көңілі басылып қалды. Абыр-дұбырсыз, у-шусыз келісті. Басқарманың өзі әдеппен кезек күткен соң ешкім кеуделемеді. Бала алғандар да, құр қалғандар да риза болысты. Тек бөлінер кезде ағайынды Нартай мен Ертайдың шырылдаپ жылап, айырылмай қойғаны фана жанға батты. Ертерек ойламаған екем, өкпе, аразға қарамайтын ем деп басқарма өкінді. Эйелдер көзіне жас алып, еркектер үнсіз тұнжырап, үйді-үйлеріне тараспай көп тұрды. Бірақ Ертайды алған бригадир Берден де, Нартайды алған орақшы Тілеубай да баладан айрылғысы келмеді. Қатты сөздерге барып, төбелесер-менге тақады. Ақыры үлкендер басу айтып қойғызды. Балаларының бауы берік болсын, бүгін жылайды, ертең қояды, бәрін ұмытады десті. Сол сөзді медеу қып қалғаны да тарқасты.

### **Зигфрид Ахметұлы**

Ертеңіне Ахмет көрші ауылдан Жақан молданы шақыртып, неміс баласының тілін кәлимага келтіріпті деген сөз тарады. Молда сыйға лақ сұраған екен, Ахаң шарт етіп ашуланып, ішіп отырган шайдың да аяғын құтпестен үйден қуып шығыпты. Хазіреті Қали мың сан кәпірді дінге кіргізгенде кімнен лақ алып еді, азған атаңың аузы деп боктап, алды-артына қаратпай атына мінгізіпті де, ауылдың шетінен асырып айдал тастапты. Араға күн салмай кенсе басына барып, көптен бері сыртқа шығудан қалған Сейітбек қожаны алып кеп, баласын сұндетке отыргызған көрінеді. Жұрт тағы бір сойқанды құтіп еді,

<sup>6</sup> Зәузатынан – баласынан деген мағынада

ондай шетін хабар естілмеді. Қайта керісінше Аханның үйіне қатысы бар әйелдер қожа қозылы қой алып кетіпті десті.

Кешіне Ахаң бұқіл ауылды баласының асық жілік ұстар тойына шақырды. Қоңған қызылсырап жүрген жұрт үлкен-кіші, кәрі-жас демей, тайлыш-таяғы қалмай тегіс жиналды. Ахаң жалғыз ісегін сойған екен, бас-сирақ, ішек-қарынға дейін асыпты. Молынан жетті. Семіз ет пен нәрлі сорпаға лық тойған жұрт шай келгенде дастарқанға төгілген ірімшік, құртқа қарай алмады. Тек шөлдерін басу үшін бір-бір шыны ақ су ішті.

Астан соң бригадир Берден ертең жұмыс барын еске салып еді, басқарма тоқтау айтты. Отырып көңілдерін көтерсін деген. Әйелдер жағы қосылып өлең айтты. «Бір баладан» басталған ән әуені көп ұзамай мұнға ауысты. «...Қай жерімнен келеді ойын, күлкі, Жеті арал жерім-ай, сауықшыл елім-ай...» Осыдан соң-ақ кім шығарғаны, қайдан тарағаны белгісіз, сөзі де қоращ, әуені де олақ, бірақ жұрттың дәл қазіргі күйіне сәйкес жаңа әндер айтыла бастады.

Ересектер жағы шыдай алмай сыртқа шығысты. Не істерін білмей, ананы-мынаны әңгімелеп, күнкілдесіп тұр. Көзге тұртсे көргінсіз қаранғы тұн. Биікте сансыз жұлдыздар жымындаиды. Бұдан бес, он, жиырма жыл бұрынғыдай. Жас. Қайғы-мұнсыз.

Іште әйелдер жамырай сұнқылдайды. «Ахай айдай ақынным, – Армияда жақынным, – Қолдан келер қайран жоқ, – Алла білсін ақырын...» Ән емес, дауыс айтып жатқандай.

– Ау, не тұрыс, күрестепмісіңдер, – деді Тоқажан.

Белсенуші болмады. Өншеш қәрі-құрттаң. Ақыры бірін итеріп, бірін сүйреп, қаумалап, ортаға екі шалды шақырды. Әуелде амалсыздан жай фана ұстасып жүр еді, көтермелеген айғаймен қыза-қыза шын күрестіп кетті. Бірі іштен шалып тастағысы келді, бірі жамбасқа салмақ

болды, әйткенмен ештеңе өнбеді, ырсылдап, күрсілдеп, ұзақ жүрді, ақыры екеуі де шаршап, тұрган орындарына құлай кетісті. Қалғандары қарқылдан күліп, дабырласып барып тоқтады. Сол кезде фана андады, үйдегі әйелдер әлі зар айтып жатыр екен. Дауыстары манағыдай жамырап шықпайды. Бәрінің қайғысы, бәрінің тілегі бір арнаға құйылған.

– Балаларды күрестірейік, – деді біреу.

Балалар әйелдердің әнінде де, шалдардың күресінде де шаруасы жоқ, үй сыртында асыр сап жүрген. Үлкендердің кейбірі солай қарай ойысып еді.

– Қекпар тартайық, – деді әлдекім. Орақшы Тілеубай екен.

– Ойбай, жетіқараңғы тұнде...

– Жер жағдайы белгілі гой, бірақ серке қайда, – деді Тілеубай.

«Бүгін тартылмаған көкпар сірә де тартылмайды» деп ешкімге ырық бермеді. Белдеуде қаңтарулы тұрган аттардың біріне мінді де, жас теріні тақымына басып алып, қырға қарай қиқулап, тасыр-тұсыр шаба жөнелді.

– Қап, мына жүгермектің істегені-ай!.. – Бұл – бригадир Берден еді. – Өзі өлсе ештеңе етпес, атты жазым қылатын болды-ау. Қайт-сй, қайт кейін! – деді айғайлап.

Тілеубай әудем жердегі белеске шыға бере, көлденендеп тұра қалды. Жұлдызды аспанның аясында сұлбасы<sup>7</sup> фана қарауытады.

– Қайтпаймын-ау! – деді ол айғайлап. – Бәрінді жерге қаратып осы бетімде ауылға тартам. Тез енді. Ұзатып аласындар!

– Шыдап көр қорлығына, – деді Берден, астына мінгені қай ат?

– Қекдомбак.

– Құртқан екен гой. Оған бұл арада Аханның жирен қасқасынан басқа ат жетпейді. Әкел бермен, қарасын

<sup>7</sup> Сұл-басы – бейнесі

Үзбей тұрғанда. – Біреу белдеуден жирен қасқаны шешіп әкелді.

– Тез мінгізіп жіберіндер.

Екі-үш адам сүйемелден, атқа мінгізісті. Бұл кезде Тілеубай да жөнеле берген еді.

– Не екі аяқты бірдей ағаш қылам, не көкпарды алыш қайтам, – деді Берден. – Айт, шуу, жануар!

Келесі сәтте қырқадан асып жоғалды.

Кенет жұрт жау шапқандай абыр-сабыр болды да қалды. Бірі белдеуде тұрған аттарға, бірі ертемен жұмысқа жегілмек, қазір таяу манда жусап жатуға тиіс жылқыға қарай жүгірді.

Кейде өр жақтан, кейде ой жақтан шыққан топыр-лаган тұяқ даусы, қиқулаған үзік-үзік айғай түннің бір уағына дейін басылмады.

Жылы қымтаулы төсекте жатқан, ет желініп бітпей-ақ үйқыға кеткен Зигфрид Вагнер ертеңіне таңтертең Зекен Ахметұлы Бегімбетов болып оянды.

– Есім деп, орыс, қазақ деп бөлу пайғамбарға шет, құдайға күнә, – деді Ахаң. Әр үйде өткен той ырымы тарқап, әбігер басылған соң, бірде қырманда, жаңа ғана құйып өткен соқыр жауыннан кейінгі рақат тыныс үстінде отырған жұрт:

– Әйткенмен де, дәл осы баланы таңдауыңызға не себеп? – деп сұрар еді көнілі жақын замандастары.

– Рас, – дейтін Ахаң. – Ойым қазақ балаларында еді. Айыруға қимадым. Әрі үлкені тым есті көрінді. Ұмыттырmas, түбі өзін табар дедім.

– Ал одан басқалары ше?

– Ең тәуірі осы Зекен боп көрінді көзіме.

– Сонда да...

– Маған бәрі бірдей еді, – дейтін Ахаң. – Әйтсе де көп жетімнің ішіндегі шын жетім осы екен. Обалынан қорықтым...

Көп ұзамай Ахаң тұрғыластарымен бас қосқан жерде

бөтен сөзді қойып, баласының жайын әңгімелейтін болды.

– Өзі ұғымтал, – дейтін мақтанып. – Аса зерек. Бірақ биыл мектептен қалады. Тілі бастықсын. Оған да қарамай беріп жіберер едім, келмей жатып кісі үйінде тұрған соң тасбауыр боп кете ме деп қауітпенем.

– Осы атаңның аузын ұрайынның қазаққа бір шатысы болса керек, – дейді тағы бірде насыбайын алшысынан атып отырып. – Жылқыға жаны құмар. Ноқай неме, алды, арты демейді, кеше жирен қасқаның бауырынан өтіп ойнап жүр.

– Тіпті бөтендігі жоқ, – дейді келесіде басын шайқап масаттанып. – Алғашқы құндері үркек еді. Қазір мені мен шешесін қойшы, осы бәріңе, бүкіл ауылға бойы үйреніп қалды.

Үлкендер Ахаңның әр сөзін бәрекелдесіп қостап, бас изеп мақұлдағанмен, бала-шаға жағы Зигфридті бірден мойындарынады. Маңына көп жолай қоймайды. Әкесінің қасында жүрген кезде ғана дүшпандық ниет танытпайды. Онда да беріліп ойнамайды. Үлкендердің көзі тайған кезде қазақ боп бөлініп кетуге, реті келсе зорлық жасауға, бірденесін тартып алуға бейім тұрады.

Бірақ Зигфрид кекшілдігі жоқ, жайдары бала боп шықты. Көбіне жалғыз ойнайды. Әкесін тымағын айналдырып киіп, көк шыбықты ат қып мініп, күн ұзақ үйінің қасында асыр салады. Таю маңда бала көрінсе болды, қол бұлғап шақырады. Қарамаса сонынан жүгіреді. Тек алысқа ұзамайды.

Ептең қазақша сөйлей бастағаннан бері ауыл балаларымен арадағы алалық азайды. Бірлі-жарым балалар өзі іздел келетін болды. Оларды тартқан Зекен бе, Зекеннің апасы алдарына қоятын тостаған толы май, бидай ма, әлде тұлпар даңқы бар жирен қасқа ат па, тек осы арасын мажырату қыын еді.

Зигфрид кім келсе де жақсы қарсы алады. Бар-

жоқтыны адал бөлісіп жеген соң, беті сүйекпен зерленген қазақы ағаш төсекті басына ілулі тұрған, ал ешкінің бітеу сойылған, жұні сыртына қараған мойын терісінен жасалған ұзыншақ дорбаны алып, түбінен көтеріп, ішіндегісін сау еткізіп жерге төгеді. Әкесі атпен үй-үйге арнайы шығып, бір-ақ күнде жинап, өз қолымен тамыр дәріге, қою қынаға бояп берген сарала, қызыл күрен асықтар. Неше жыл жатқан сандық түбінен апасы әперген, атыла-атыла әбден мұжілген, бірақ әлі де қолда ойнап тұрған үлкен қоңыр құлжа.

– Менде де асық бар, – дейді көзі жайнап кеткен қонақ бала.

– Жахсы, – дейді Зифрид. «Қ»-га әзір тілі келмейді, «қ»-мен айтудан қашады. Үйреніп үлгерген сөздерінің ішінде «қ» әріпі кездесіп қалса үнемі «х» етіп жібереді. Басқа қазақы дыбыстардың бәрін де айта алады. «Ғ»-ны да, «ұ»-ны да, «ә»-ні де. Ал «ң»-ды орынды, орынсыз мөлшерден көп қолданады. – Ханша асх сеңкі?

Қонақ бала Қанша асығы барын білмейді.

– Көп, – дейді Зигфрид салмақпен. – Менкі хырх... хырх... апа ханша?

– Қырық тоғыз, жарығым, – дейді жұн тұтіп отырған апасы.

– Менкі хырых тоғыз асх.

– Менің де қырық тоғыз асығым бар, – дейді сан білмейтін қонақ бала әйтеуір көптік мағынадағы сөз болар деген шамамен.

– Жахсы... жахсы... – дейді Зигфрид қонағының арқасынан қағып. – Сенікі хұлжа бар?

Бала өтірік айта алмайды. Үндемей қалады.  
– Хұлжа... архар... білесін?

– Осындей құлжаны мен де тауып алам, – дейді жеңілгісі келмеген қонақ бала.

– Бұл хульжа Нарым... бет ағамдікі. Маған тастаған. Соғыста өлген. Сеңкі неше аға өлген?

– Менің ағам әлі тірі, – дейді қонақ бала.

– Трі... не? Апа, не трі?

– Өлген жоқ, айналайын. Бір жерде жүр.

– О – о! – дейді Зигфрид қуанып. – Менкі өлген.

Қонақ бала біржола жеңіліп, айтарға сөз таба алмайды.

–Менкі үш аға өлген... Кіммен соғыста, апа?

– Кәрманмен соғыста менкі үш аға өлген.

– Менің ағам да өледі, – дейді ағасының тірлігі зиянға шыққан қонақ бала. – Ертең өледі.

– Сеңкі аға тірі, – дейді әбден жеңіп алған Зигфрид, – Менкі үш аға өлген. – Үш саусағын көрсетеді.

– Келім... бет... Жолым... бет... Нарым... бет... – Әр ағасының атын атаған сайын бір саусағын бүгеді. Алдымен бас бармақ, содан соң сұқ саусақ, ең соңында ортан қол. – Енді мен біреу, – дейді жұмылған үш саусағының орнына жалғыз шынашағын шошайтып.

– Мен мынау... – Содан соң бас бармағын көрсетеді. – Мынау болады. Көкем айтқан.

Ауыл балаларымен кездесу үнемі дәл осындағы түсініскен достық жағдайда өте бермейтін. Әсіресе ересектермен, Зигфридті жылқының кепкен тезегімен атқыласты. Сиыр сауып отырган апасы орнынан тұрганша талдың арасына еніп, зым-зия болды. Келесі жолы үй маңынан ұзаңқырап кеткенінде айтқатап күшік қосты. Енді бірде шомылып жатқан үстіне барса, ұстап ап, бет-аузына қап-қара етіп батпақ жағып қоя беріпті. Зигфрид екі көзі ғана жылтырап, бақырып үйге келгенде Ахаң қатты ашуланды. Атына мінді де, басына шауып жетіп келді. Неміс баласы біреуді әкеледі деп ойламаған, ойласа да атпен, әрі мұнша тез келеді деп күтпеген ауыл балалары тегіс тыр жалаңаш таяз суды шалпылдатып, мәрес-сәре боп жатыр екен, тым-тарақай қашты. Бірақ киімдері жағада қалған, ұзай алмай, арғы қабактағы талдардың арасына тығылды. Ашулы аксақал өзеннен өтсе, одан да

ары қашуға ынғайланып, су-су шаштары үрпийп, жылтжылт сыйгаласып тұр.

— Эй, өңшең қара сирақ! — деді Ахан айғайлап. — Сендер кім деп журсіндер? Мынау — менің балам — Нарымбеттің інісі. — Ересектеу екі - үш баланың атын атап шақырды.— Мына Зекеннің бетінің балшығын жуындар Суға малтытып үйретіндер. — Сөзіне жауап күтпеген Зигфридті жерге түсірді. — Бар ойна. — Атының басын бүрдыш да, артына қарайламастан аяндал жүре берді.

Сол күннен бастап Зигфридті ешкім сыртқа теппейтін болды. Өзі де ойынға тоймайтын бала еken. Таңертеннен кешке дейін өзен бойында жүреді. Балалармен бірге у-шу бол суға түседі. Құмнан қорған соғады, балшықтан үй қалайды. Жапырақ желкен керіп, қамыстан қайық жасайды. Тас лақтырып, қаймақ жалатады. Өтірік малтып қақ ойнайды. Ақыры кешке үлкен жұмыс басынан келгендей шаршап жығылады. Таң ата тағы кетеді. Үш-төрт аптаның ішінде аяғын құс басқан қара сирақ, қараторы бала болды да шықты. Шашы ұстармен алынған тақыр басы да қарақүйқа. Бірақ түр-тұлғасы әлі де бөлек. Тұнық көкпеңбек көзі, ақшыл сары кірпігі мен қасының өзінен бұл баланың бөтен расаның<sup>8</sup> өкілі еkenі айқын таныла-тын. Әйткенмен бұған жұрттың көзі үйреніп қалған еді. Көп ішінде бұрынғыдай андағайлап тұрмайтын сияқты. Тілі де біршама бастыққан. Балалардың арасынан жақын достар ғана емес, алты атадан, жеті атадан табысатын қандас туыскандар да табылады. Ел білетін ересектері, тіпті Нарымбет ағаға тартқан десетін.

Аханың үлкен ұлы Келімбет соғыста неміс әйелін алышты, содан қалған бала еken деп те соғушылар болды. Әйтеуір көп ұзамай Зигфрид балалар республикасының тең құқылды, хан сайлауға, «Айгөлек» ойнауға, алысуға,

<sup>8</sup>Раса – Жер бетінде адамдар он түсіне байланысты ақ, қара, сары нәсіл деп бөлінеді. Қазақтар сары, нелістер ақ нәсілді деп есептеледі.

күресуге толық қақысы бар қатардағы азаматы боп шықты. Басқа балалармен қол ұстаса тұрып: «...Қанжығадан қан керек, – Тебінгіден тер керек, – Маған анау тұрған пәлленнің қу басы керек» деп қыза айқайлайтын, иық тірестіре отырып «Хан жаман» деп еркін сөйлейтін дәрежеге жетті.

Ойын ұзаққа созылмады. Қыркүйек тұа мектеп жасындағы, егіс жұмысына жарамайтын балалардың да мойнына құрық түсті. Ойын балаларының өресегі Зигфридтің өзі боп қалды. Ұйымдастырушылары жоқ өңкей ши борбай. Әрі күн салқындай бастаған. Асық ойнаудың да, суға шомылудың да қызығы азайды. Оның есесіне Зигфрид жаңа ермек тапқан.

Алғашқы күндерден бастап әкесінің алдына мініп үйренген еді, ойын сұйылған соң мұлде атқұмар болып алды. Ахаңның өзі де Зигфридті жанынан тастамайды. Үнемі алдына алып жүреді. Мал қайырғанда да, қырман басына барғанда да. Тіпті үй арасында да. Ахаң түскенде Зигфрид ат үстінде қалады. Әуелде ердің қасына жабысып отыратын. Көп ұзамай, тізгін ұстап өз бетімен жүріп-тұратын дәрежеге жетті. Екі-үш жасынан ашамайға мініп, ер-тоқым үстінде жеткен өзі құралыптас балалардай ат құлағында ойнамағанымен, тұмысында жуас жирен қасқаны суарып әкеліп, қырға шығып, арлыберлі аяңдап, тіпті, қопаңдап желіп, әжептәуір боп жүрді. Кемпірінің қарсылық білдіргеніне қарамастан Ахаң Зигфридті егінді қарауылдан келуге, бірлі-жарымды малды қайырып тастауға жұмсай бастады. Ата жолы солай, ат үстінде жүріп үйренсін деген. Көп болса жығылар. Аттан жығылмаған қазақ жоқ. Аттан жығылып өлген қазақ тағы жоқ. Эйткенмен жирен қасқаның айылын берік тартатын да, таралғыға аяқ салмауын қатты тапсыратын. Көп ұзап шықпауын, мезгілінде қайтуын қатты тапсыратын. Кешігіп бара жатса жаяулап соңынан іздел кететін. Онсыз да мазасыз жұмысының үстіне жұмыс қосып, айбойы тынным таппады. Ақыры мақсатына жеткендей бол-

ды. Зигфрид салт журуге әбден үйренді. Әкесі құсап ат үстінде еркін оң жақ жамбасына қарай қисая, немқұрайды отырады. Желгенде онша қопақтамайды. Тіпті ой-қырға қарамай ағыза шапқаннан да қорықпайды.

Тұнде күш-көлік бағатын Ахаң құндіз жөндел тыныға да алмайтын. Егін қору керек. Жегінге ілінбеген немесе көбен тартсын деп екі-үш күнге арқасын босатқан ат, айғыр өз алдына. Ауылда үй басы дерлік сиыр бар. Жаңа астыққа жеткенге дейін, тіпті жеткеннен кейін де қоректерін айыруы – соның арқасы. Молшылық кезде сиырды мал деп білмеген қазақ қазір анық кедейдің қолы осы екеніне көзі жеткен. Бірақ Ахаң үшін бар пәле сиырдан басталады. Күн ұзақ құзететіні–осы он бес сиыр.

Күн шығар-шықпаста күш көлікті ауылға әкелген бетінде, жаңа сауылған сиырларды жиып алыш, қырдан асыра айдал тастайды. Үйге кеп бел шешіп отырып, шайын ішіп бітер-бітпесте: «Ойбай, Нәкеннің... Зекеннің әкесі, сиыр егінге кетіп барады» дейді шай құя отырып, ара-тұра сыртқа шығып, қарауылдан кеп жүрген кемпірі. «Әп-п, мұрны пысылдаған атаңың аузы...» деп бір сибап алыш, Ахаң атқа қонады. Сиырдың алды өзенге жетіп қалған. Сол қабақ – төгіліп тұрған егін. Ахаң барғанша сиырлардың алды ауыз салып үлгерері сөзсіз. «Қайт! – дейді Ахаң ақырып. – Қайт кейін!» Сиырлар алыстан шыққан жарлықты естиді. Тындараса шатақ боларын біледі. Амалсыз қарсы алдында тұрған тәтті тағамнан бас тартады. Ақылсыздары кейін бұрыла қоймайды. Алға да баспайды. Қашан Ахаң өзі барып айдағанша не егінді қимай, не кері кете алмай... Ахаң қамшы үйіріп бар сиырды жайымен айдал, – ұрса, қуса сүті қашады, – тағы қырдан асырады. Бұл жолы манағыдан ұзатынқырап тастайды. Мейлі арада бірер сағат отпей, бар шыр өңкілдеп, тағы да егін жаққа қарай беттейді Соқа тартатын өгіз, лобогрейка<sup>9</sup> жегілетін ат, қырман айдайтын құнан, тай,

<sup>9</sup> Лобогрейка – егіт шабатын техника.

астық артатын түйе – үш-төрт түліктен құралған елу қаралы қүш-көлікті түні бойы қалт еткізбей бағатын, ара-арасында ердің қасына сүйеніп ат үстінде, кейде жерге түсіп, тонына жатып та ұйықтап, тынығып алатын Ахаң құн ұзаққа мынадай өнімсіз тірліктен әбден қажып бітетін.

Зигфрид атқа үйренгеннен бастап Ахаңның арқасы кеңіді. Таңертең ұлын атқа мінгізіп жібереді де, рақаттанып отырып шайын іshedі. Тіпті бірер сағат мыйзып та алады. Күндіз кеп қалды деген қауіппен қайта-қайта атқа қонбайды. Зигфрид шоқытып барып, сиырлардың қай шамада жүргенін байқап келеді. Ахаң төбесі көкке жеткендей мәз болады. Кемпірінің баланы пәлеге ұшыратасың деген сөзін тыңдамады. Қырық шақырымдық бәйгеге шабатын кезі деді. Өз бетімен осылай еркін жүрсе тез есейеді деді. Әйтеуір өз айтқанын істеді. Өстіп тайрандан жүргенде Зигфрид шынында да пәлеге ұшырады. Тек Зигфрид қана емес.

Әкесінің тапсыруы бойынша, Зекен малды алыстанғана карауылдауға тиіс еді. Егінге қарай беттесе үйге тез жетуі қажет. Атқа Ахаң ауысып мінеді.

Әлде тапсырманы ұмытты ма, әлде балалықпен өзімнің де қолымнан келер деп ойлады ма, бірде Зигфрид егінге тақап қалған малды өзі қайырмақ болды. Қолына шоқпар қамшы ұстаған кішкене баладан, оның шіңкілдеген айғайынан сиырлар ыққан жоқ, алға қарай баса берген. Желе шауып жүріп, бірін қайырса екіншісі қашып, екіншісіне беттесе үшіншісі бой бермей, ақыры бар сиыр дүркірей шауып, шарасы таусылған Зигфридпен бірге егінге кеп түскен. Осы кезде лобогрейкашылар мен орақшылардан келе жатқан есепші Дәуренбек те жетті. Жапырылған егінге де, жас бидайды құныға асыған сиырларға да қараған жоқ. Жирен сауырынан тартыптартып жіберіп, Зигфридті алдына салып айдай жөнелді. Қос аттың дүбірімен « Аттан, аттан! Жау шапты! Неміс шапты!» деген ашы айғайдан үркіп далаға шыққан Ах-

мет қамшы үйіріп, Зигфридті тықсыра қуып келе жатқан Дәуірбекті көргенде абдырамай, аял да қылмай қарсы айғай сап, сойылға жармасқан. Жирен қасқа белдеуге кеп, тұмсық тіреп тұра қалғанда-ақ, сойылды көрген Дәуренбек астындағы атын жерошақтан қарғыта жалт бұрылды. Әйтпесе ашулы шалдың қағып түсіруі кәдік еді. Сол бұрылған күйі қайтадан егінге қарай шапқан. Өксіп жылап, жирен қасқадан домалап түскен Зигфридке қарамастан, сойылын сүйреткен күйі атқа міне сала жаудың соңынан қумақ болған Аханды кемпірі жібермеди.

Кешке екеуі басқарма алдында табысты. Дәуірбек: «Қызметімді сыйламай, сойыл ала жүгірдің, қандай қақын бар? Кімге қоқан – лоқы жасамақсың? Маған ба, әлде үкіметке ме?» деді. Ахмет: «Қаршадай баламды қамшының астына алмақ болдың. Жетім көрдің бе, жесір көрдің бе? Неге басынасың?» деді. «Зигфрид Вагнер егінге малды қастандықпен түсірді, – деді Дәуренбек. – Айдал әкелгенін өзім көрдім». Ахаң «Астапыралла!» деп жағасын ұстап отырып қалды. Сөз таба алмай, таңдайын қағып, басын шайқай берді. «Немістің аты неміс, – деді бел ала бастаған Дәуренбек. – Осыны ұмытпауымыз керек. Соғысты шығарған кім? Сенің үш ұлынды бірдей жалмаған кім?» «Балаларымның атын арам аузыңмен былғама» деді Ахаң. Даусын көтермесе де ызбармен айтты. Бірақ бұл Дәуренбек күшейіп алған еді. «Немістің аты неміс, – деп бастапқы сөздерін қайталап. – Сен оларды білмейсің. Мен білем. Мына көзіммен көрдім. Екі жыл от кешіп, соғысқа кіргенде, қатерге бас тігіп, қан төккенде ауылда алдынан неміс шықсын деп жүрді деймісің. Жоқ, көнбеймін бұған. Көнбеймін! Апарып қайта өткіз. Көзін құрт. Әйтпесе сен де жаусың. Халық жаусысың!..» Ахаң қалшылдап кетті. Араға басқарма түспегенде Дәуренбектің басына қамшы оратылары сөзсіз еді. Сабасына түскен соң да ыза буып сөйлей алмады. «Нағыз халық жауы сенсің, – деді бар болғаны. – Сен немістен

де жамансын. Сен нағыз пәшиссің». Енді Дәуренбек кеуделеді. Бірақ басқарма оқыс ақырып қап, оны тез басты. Содан соң Ахаңа кейіді. Бірде ұрса отырып, бірде ақылайтып, екеуін де кінәлі қылды. Дәуренбек қолма-қол ғафу өтінді. «Қателік өтті, қызулық жасадым, неміспен соғыста қаным бұзылыпты, өзімді-өзім ұстай алмаймын» деді. «Айтқан сөз–атылған оқ, қайтпайды, бауырыма салған балама тіл тигізді» деп Ахаң өз кезегінде кешірім сұрамай қойды. Әйткенмен екеуінің де жүзі жылып, татуласқан кейіpte айырылысты.

Бес-алты күннен соңауылғақызылалажағалы біртопадам сау ете түсті. Әлдекім Ахмет шалды сыртынан көрсетіпті. Ата тегі қалмақ деп басқарманы, тағы сол сияқты біраз адал кенес адамдарын ғайбаттады, ұлттар достығына кайшы келетін сөздер айып, үгіт таратып, тылдағы еңбекшілердің арасына іріткі сап жүр депті. Бұл түк емес-ау, үйіне бір фрицті паналатып отыр, шашын алғызып, күмін өзгертіп, жұртшылықты алдамақ, тіпті есіміне дейін жаңадан қойды, бірақ ол адамның аты – жөні Зекен емес, Зигфрид Вагнер, не орысша, не немісше білмейтін таза неміс депті. Қару асынып, сайланып шыққан кісілер Зигфрид Вагнердің кім екенін көрді. Басқарма да, өзге жұртта Ахмет шалдың теріс үгіт жүргізгенін растамады. Кісілердің қаһары қайтып, ашу-лары біраз басылды. Зигфридке тиғен жоқ, әйтсе де Аханды өздерімен бірге әкетті.

Ахаң бес-алты күннен соң оралды. Аудандағы дәкейлердің бірі ұлken ұлы Келімбетпен бірге оқыған, кезінде шалдың өзі үйінен дәм татқан адам екен. Сол шығарып алышты. Аузыңа ие бол жүр деп ұрысса керек. Пәлелі баладан құтыл деген кеңес беріпті. Ахаң аузына ие болуға уаде бергенмен, баладан өз еркімен айыруға көнбепті. Кемпір де, ауыл-аймақ та кәрі шалдың ақталып шыққанына куанысты. Әйткенмен сөз Зигфридке келгенде бәрі де тығырыққа тірелген. Ахаңның айтқанындай, заңның шешілуін күтті.

Келер аптада ауданнан арнайы уәкіл келді. Зигфридтің

әкесі кеңеске қарсы құреспеген көрінеді. Оны аз десеңіз, қызыл әскерде үлкен қәмәндір бопты. Ыспан деген елде қаза тауыпты. Қырық екінші жылы шешесі де өлгөн соң детдомға алыныпты. Балада кінә жоқ депті уәкіл.

«Апыр-ай, – десті фашист атаулының бәрін неміске балайтын жұрт. – Неміс пен неміс те соғысады екен фой. Элде Зекпірейдің әкесі неміс емес пе?..»

Жоқ, неміс көрінеді. Сондықтан Зигфрид Вагнердің бұл ауылда тұруына болмайды. Ойдағы «Қызыл ту» колхозына немістер көшіп келмек. Зигфрид те сол араға орын аударуы қажет. Ахмет Бегімбетов қоса көшем десе қарсылық жоқ.

Көп ұзамай, қараша үйінен барлық мал-жайымен Ахаң төменгі колхозга көшіп кетті.



1. Шығармада соғыс зардабы, ауыл адамдарының көнбіс тіршілігі кімнің сөзімен қалай берілген?
2. Ахмет пен Дәурен арасындағы түсінбеушілік неден басталды?
3. Ахмет отбасында Зигфридтің бауыр басып кетуіне кімдердің қандай әрекеттері мен қарым-қатынастары себеп болды?
4. Үзіндінің алғашқы («Бастау») бөлімі қалай әсер етті, сендерді қандай сезімге бөледі?
5. «Балалар республикасының тәң құқылы азamatы» болудың Зигфрид үшін қандай қыындығы болды? Ол сыннан жана отбасы, оның мүшелері қандай іс-әрекет, мінез-құлқымен сүрінбей өтті?



1. Мәтінді оқып, мазмұнына, тақырыбына көніл аударындар.
2. «Сыртқы тұр-перде. Ішін айт, пиғылын айт» деген Ахмет сөзіне терең бойландар.
3. Кейіпкерлер сөзінен адамдардың бір-біріне «халық жауы» деп жала жапқан баяғы 1937–1938 жылдардың елес беріп қалатындығына мәтіннен мысал келтіріп, өз бағаларынды беріндер.
4. Ахмет пен Зекен бойындағы өнегелі қасиеттерді жинақтап, шағын әңгіме құрастырындар.



## ТӨЛЕГЕН АЙБЕРГЕНОВ (1937–1967)

1956 жылдың тамыз айы болатын. Төлегенмен кездесудің сәті түссе кетті. Қанша сөйлессем де, біраз өлеңдерін тыңдасам да, ангарғаным – оның өлеңге деген шексіз махаббаты! Қайсы өлеңін тыңдасам да тілінің байлығы, ойының терендігі, өлеңінің терендігі жұрт айтқандай, мені бір таң қалдырыды. Төлегеннің тағы бір өзгешелігі – қайсы өлеңі туралы сөз болса да, «оқып берді» деген тіркесті қолдануға болмайды еken. Оған тән қасиет ол өз өлеңін тек қана жатқа айтып береді.

Елдің айтуынша, Төлеген өлеңді жас кезінен шыгара бастапты. Оның табан астында шыгарған өлеңдерін жатқа айтып жүрген үлкенде-кішілі кісілерді көп кездестірдім.

Төлегенмен кездескен кейбір жастар «Ақын болғым келеді. Ол үшін қандай болу керек?» – деген сұрақты қоятын көрінеді. Мен Төлегеннен «Сен оған қандай жауап бердің?» – деп сұрадым. Сонда ақынның берген жауабы былай еken:

*Ақын бол өмір кешіру оңай деймісің, қарагым,  
Аузында болу бұл өзі сыйздалған барлық жараның.  
Көкірегіңе құйып ал әлемнің асқақ бар әнін,  
Қосудың арпағысы бұл – тогыспас жолдар  
торабын.*

Осыдан-ақ Төлегеннің «ақын» деген келелі астаңа қастерлеп, үлкен жауапкершілікпен қарайтынын сездім. Маған ақын деген халықтың жүргегін, жан дүниесін өзгеден бұрын түсінетін барометр сияқты болып көрінді. «Ақын іштеп туады, шешен жаттығудан болады» – деген мақал Төлегенге дәл айтылған сияқты. Тап осы екі үлкен қасиет Төлегеннің тал бойынан табылатындығын онымен сөйлескен, пікір алысқан кім болса да күмәнданбайды. Ойлана оқысан, оны қандай өлеңі болсын – тұнып тұрған ой.

Тілші-әдебиетші ретінде байқағаным – ол өз туындысының тіл шеберлігіне аса көңіл бөледі екен. Сөз байлығы мол, шығыс әдебиетімен де, соның ішінде қазақтың асқақ ақындарын өзіне пір, үлгі тұтатындығы бір байқалады. Ол бір өлеңінде былай дейді:

*Оқысам тарау «Абайдан»  
Хабардар болам талайдан.  
Тілімнің өңі бұзылса,  
Сияқты қарар шар айнам.*

Қарақалпақтың бір шетінде, Қоңырат деген ауданында туып өсken қазақтың қаршадай қара баласы «Тілімнің өңі бұзылса, сияқты қарар шар айнам» деп ұлы Абай атасына әрі еліктеп, әрі пір тұтып жатқандығы менің де жүргегімді қозғап жіберді.

*Әзиза Нұрмаханова*

### **Адамдар**

О, адамдар, біргемін мен сендермен,  
Ықыласыңа ешнәрсені теңгермен.  
Сендер менің бақыттымың бұлағы,  
Сендер менің дарыныма жел берген.

Өздеріңмен өмір шынын бірге астым,  
Жарты құртты бөліп жедім, сырластым.  
Дүниеге келгенім жоқ шет жүріп,  
Рақатын ойлау үшін бір бастың.

Гүлістанға айналдырған тақырды  
Болат қолдар, алғыр милар ақылды,  
Сүйемін мен, сүйемін мен сендерді  
Алар демім қалғанша ақырғы.

Менің үшін бірдей тілің, жынысың,  
Көбің ана, көбің аға-інісің.  
Достық өскен, ерлік өскен ортаңа  
Енген сайын кеңи түсер тынысым.

Не кездессе өздеріңмен көрмекпін  
Қарапайым адамдары еңбектің!  
Барлығың да бағыштар ем сендерге  
Махаббатын маган берсе жер-көктің.



1. Өленді нақышына келтіре оқып шығындар.
2. Ақынның адамдарға деген жан сезімін, махаббатын өз сөздеріңмен баяндаңдар.
3. Өленді жаттап алындар.

### Арал толқындарында

Қарайтын барша құмартып,  
Теңіз бе, ей, мынау тулаған.  
Сыңғырлап келіп сыр айтып,  
Сыпсындал жатыр су маган.

Етегі-жені далиған,  
Осы ма шуга толы әлем!  
Теңіз боп тусам дариға-ай,  
Көрші кеп қонған болар ем.

Көркіңе жұртты таң қылып,  
Жатсың ба, ұлы бекзатым.  
Өзің бол менің мәңгілік,  
Туысым менен жекжатым.

Шаттансын жүрек нұр алып,  
Әкем боп қолды бұлға сен.  
Інім боп жетсөң құба-құп,  
Ағам келсөң бұл да әсем.

Ақынындай арқанын,  
Нагашым болсаң басы аппақ,  
Сый қылып саған тартамын,  
Мәрттік пен жырды қосақтап.

Тебірен достық аты боп,  
Ізгілікпенен жалғасса.  
Теніздің маған жаты жоқ,  
Шіріген көлдер болмаса.

Арманға қанат қақтырсан,  
Тас болсам да егер жұмсарам.  
Шынымен теңіз боп тусаң,  
Татады кінә кім саған.



1. Өлеңді сөздердің магынасына зер сала оқып шығындар.
2. Эке, іні, аға, нагашы туыс атауларының ақын өлеңінде қолданылуының орны қандай?
3. Кешегі Арал мен бүгінгі Аралды салыстырындар.
4. «**Арал тағдыры – менің тағдырым**» атты тақырыпта шағын шығарма жазындар.



## РАХМЕТОЛЛА РАЙЫМҚҰЛОВ

(1913–1978)

1913 жылы 11 мамырда Ташкент облысы Бостандық ауданындағы Қараманас ауылында дүниеге келген. Алматыдағы журналистика институтын бітірген.

1933–1974 жылдарда казіргі «Егемен Қазақстан» газетінің әдеби қызыметкері, «Жұлдыз» журналының жауапты хатшысы және «Қазақ әдебиеті» газетінің бөлім меншерушісі. Әдебиетті жан-тәнімен сүюі Рахметолланы шығармашылық өнерге жеткізеді. Алғашқы әңгімелер жинағы «Уәде» 1958 жылы жарық көрді. Кейін «Жасыл белес», «Түйелі адам», «Перделі пендे», «Балдақты адам», «Бұрылыстар», «Қызы айна», «Бала жігіт», «Жапандығы жаңғырық», сондай-ақ «Ашынған жандар», «Болаттың сыныбы», «Мөлдір аспан», «Бұған сенбе – ертегі» сияқты әңгімелер мен пьесалары жастарды отан сүйгіштікке, табиғатты қорғауға, қажырлы еңбек етуге шақырады.

### Ана құшагы

(«Жасыл белес» повесінен үзінді)

Өз ізінен қарап қалған Қөсебай туралы жақсы ойда бара жатқан Дарқанның көнілі де, жүрегі таза еді. Езуінде, балғын бетінде қуаныш күлкісі бар.

Ымырт жабылып, біреуді біреу жақын келмесе, таны-

мастай уақыт болып қалды. Терезелерден жылтыраған шамдар да көріне бастады. Осы кездे Дарқан, манағы өзгедегі оқшау тұрган, іргесіне биік ағаштар өскен қораға жетті. Жүрек дүрсілі күшейіп барады. Оған қосымша, желмен ойнап күбірлескен көп жапырақ иесінің өзі келіп қалғанын сезіп, «қош келдіңіз» – деп те жатқандай. Дарқан жан-жағына еріксіз қарайлай берді.

Сабагынан үзіліп түсken біr тал жапырақ оның бетіне келіп тиді де, сусып барып, жағасына ілініп қалды. Дарқан жапырақты қолына алып, бейне өмірінде бірінші рет көрген заттай қарады. Ағаш басынан сытырлап үзіліп, қалтылдаپ барып жерге түсіп жатқан сары ала жапырақтар оған мұңын айтЫП, арыз жасағандай. Дарқанның көз алдынан кешеғана өз басынан өткөрген басқа біr өмір кенет жалт беріп өтті. Бар дүние aһ ұра, зікір салып, күйреп жатқан майдан даласы елестеп кетті. Артиллерияның снаряды тигенде, бомба, миналар түсіп жарылғанда қарап қалған талай орман ағаштарын көргені бар еді. Қобырай төгілген жапырақтар сол кездерді есіне біr мезет қайта түсірді.

Бұл Дарқанның әкесінен қалған, үлкейе келе өз қолымен де егіп өсірген әрқиыл ағаштары. Жігіт бойын жиып алды. Енді үйіне қарай беттей бергенде, тіпті жақыннан ат тұяғының сілке басқан күшті серпіні естілді. Ат үстіндегі әйел екен. Дарқанның үйі жаққа жалт етіп біr қарады да, өте шықты.

«Мынау Ақтоты фой!» – деп Дарқан ышқына жүгіре беріп, кілт тоқтады. Рас, ол Ақтоты еді. Жігіт жан даусымен «Ақтоты!» деп айқайлап үлгергенше қақпа жақтан:

– Ауыл малының бәрі келгенде бұл қасқаға не болған!  
– деген жастайынан таныс біr үн құлағына сап етті. Ана үні. Дарқан жалт бұрылды. Өзіне қарай қаннен-каперсіз Раушан келе жатыр.

Ана ойында біr ғана нәрсе. Соңғы құндері сиыры ерістен кеш қайтатын болып жүрген. Ол соны ойлап,

сол туралы сөйлеп келеді. «Көбірек жайылады. О несі екен, даланың оты азая бастағаны-ау, шамасы. Әукім, әу-кім!» – дейді Раушан.

Бес жыл көрмеген баласынан бес қадамдай ғана жерде тұр.

«Ақтоты!» – деп айғай сала жаздаған жігіт жым болды. Жүргегі алқымына тығылды. Небәрі қас қаққандай уақыт ішінде басына талай ойлар оралып өтті. Соның бәрін жалғыз ауыз сөз, бір ғана қимыл женіп:

– Апа! – деп, Дарқан құшағын жая жүгірді.

Мұндай кенет бақыттан қапы жүрген Раушанды бір ауыз жылы үн селк еткізді. Не болғанын түсінбей, есенгіреп тұрган ана замат өзіне қарай асыға басып, құшағын жайып келе жатқан баласын көрді. Ол:

– Я, тәуба! – деген сөздің аузынан қалай шыққанын да байқамады.

– Апа!

– Я, жасаған! Құлышым!

– Апатайым!

– Жалғызым! Жарығым!

– Апатайым!

– Үлым!

Бірте-бірте екеуінің де айтары бітіп, үнсіз еміреніп, айқасқан құшақтары көпке дейін жазылмады. Бір кезде Раушан баласының құшағынан сусып барып, жерге отыра кетті. Қолтығынан сүйемелдеген Дарқанның тіліне «апа», «апа!» – дегеннен басқа сөз оралмай жан даусы шықты. Раушанда үн жоқ. Дарқанға: «Қорыққан мен қуангтан бірдей дейтін еді, жүргегінің қабы жарылып кетпесе еді!» деген ой келді. Анасының айналасында құйынданай үйріліп безек қақты. Бір-екі сөзді қайта-қайта сұрай берді.

– Апатай, не болды, не болды! Зәуреш аман ба? Айт-шы, аман ба, сөйлеші, сөйлеші деймін, апатай!

Дарқан қатты шошыды. Оның әскери құтышасында

су бар еді. Туган жердің қызығына қарайлап келе жатып шөлдегенін де білмеген. Қазір сол сұын есіне түсіп, құтышының аузына апарып, жайлап тамызды. Раушан бір-екі рет жұтты да, кеудесін кере күрсініп, тыныс алды.

– Құлымым, көргенім шын ба? – деп орнынан тәлтіректей қөтеріліп, баласын қайта құшақтап, екі бетінен кезек-кезек сүйе берді. – Жоқ, мен өлмеймін.

Енді шын пейілмен құлімсірей бастаған Дарқан Зәурешті және сұрады.

– Аман жаным, аман. Үйде фой ол, – деп Раушан қақпаға қарай жүрді. – Зәуреш, Зәурешжан!

Осы кездे біреулердің дабырлаған дауыстары тіпті жақыннан естілді.

– Айтып едім-ау, тегін емес деп, бәсе! – дейді біреуі. – Бағбан баланың нақ өзі!

Рас сол! Дарқанжан фой!..

Бұлардың бірі – Раушанның сырлас құрбысы Қалима. Екі баласының үлкені мен қүйеуі соғыста қайтыс болған, қам көнілділеу әйел; екіншісі Ақылбике дейтін зыпталдаң тұрған сөзшең келіншек-ті.

Әр күні осы кезде Ақылбике ең кем дегенде ауылдың жартысын аралап шығатын да, естіген, білгендерін әрқи-лы саққа жүгіртіп, құбылтып айта жүретін. Бүгін де Ақылбике ел кезіп келе жатқанды. Жұмыстан шаршаң-қырап қайтқан Қалимаға көшеде кездесе кетті де, бірден қамқорси қалды.

– Шешей-ау, күн батқанда қайдан келесіз?

– Қайданы несі? – Салқын жауап Берген Қалима аз-кем томсырайып тұрып: – жұмыстан келемдағы, – деді.

– Өзінізге сонша не болған, шешейжан? Жұрттың бәрі бағана-ақ қайтып кеп қалған еді фой. Сізді колхоз жұмысына біреу желімдеп қойған шығар деймін.

Қалима үйіне тез жеткісі келіп, Ақылбикеге әуелі онша ыңғай көрсеткен жоқ. «Сыры мәлім келін фой» деп ойладап, үндемей құтылғысы келді. Бірақ келіні тым зерігіп қалған екен, тоқтау қайда, қайта қыза түсті.

– Тұқымы құрсын бұл тіршіліктің. Дұние кімге ортақ дейсің, шешей-ау, – деп, Қалиманың іші-бауырына кіре сөйледі. – Кеше ғана жұрген қүйеуініз, көзіңіздің ағы мен қарасындағы балаңыз қайда? Кісіге дұние дос болса, солар аман келмес пе еді? Шұқір, әйттеуір құр алақан емессіз. Ана бір тентегіңіз аман болсын. Жаны-ңызды қартайғанда қинай берменіз, шешейжан!

Бітеу жаарының аузын тырнап алғандай, Қалиманың жүргегі дір етті де, көзінің жасы тамшылап кетті. Ішінен: «Құдай-ай, осы қамқоршыға қайдан кез келіп ем» – деп ойладап, зекіп бір тастағысы келіп, Ақылбикеге тіктене қарады. Әлде өтірік, әлде шын, ол да бұл кездे көзін сұртіп тұр екен. Қалима үндеген жок.

– Адырам қалсын бұл алдамшы дұние, – деп күрсінеді келіні. Сөйте, тұра және бір хабарды жеткізіп үлгірді.

– Дәл осы жаңа, әлгі маңғаз шешейге бара жатыр едім, жолда өзі жолыға кеткені. Айтпақшы, өзініз де көрдіңіз фой. Ол кісі сиырын іздей шыққан екен. Сөз туып кетті емес пе! Қызынқырап тұрып, әуелі байқамай қалыппыз. Ыңылданап ән салып бара жатқан бір салт атты алдымызды кесіп өте берді. Бақсам өзіміздің жылқышы қызымыз – Ақтоты екен. Өркөкіректігіне жыным қозып кетті де: «Әй сұлу қыз, сәлемдесуден де қалғансың ба? Яки бізді елемейсің бе?» – деп қағыта сөйледім. Пәле, ақылды қу фой: «ғапу етіңіздер, қараңғыда»... – деп, кілт бұрылып келіп амандасты. «Сонша не, ит қуды ма?»... десем: «Жол жүріп барамын» – деп сызылып тұр. «Көп болса, Бертай шығар асыққаның. Ол жігіт менің інім екенін білесін бе, қазір жанымда емес пе? Фермаңа барды фой ақыр!» – деп едім, қыз не дерін білмей састы.

Ақылбике соңғы сөздерін зор бір женіске жеткен жандай, мақтана айтты.

Тұған баласындағы көретін Ақтотыны әлдекіммен шатастырған келінін Қалима жаңа әзірдегісінен де қатты

жек көріп қалды. Ол біраз жерге дейін үндемей барды. Бірақ шыдамады.

– Аузың женіл-ау, келін. Жас адамның соңынан өсек іліккіш болатынын неге ұмытасың? Тым болмаса, құрғырды, Раушан көңіліне келіп қалар-ау дегенің қате екен, – деп еді, Ақылбике өршелене түсті.

– Бертайды фермаға шақыртқан ол қыздың өзі екені рас. Раушан шешейдің енді Ақтотыда жұмысы жоқ. Баласы әскерден аман оралса, ондай қыздың әкесін тауып алады.

Қалима да шынына көшті.

– Ақтоты шақырмай-ақ, Бертайды сол қыздың маңына жеткізе алмай жүрген сенің күйеуің Жұлдебек болатын. Оны мен түгілі, Раушаның өзі де біледі, – деп салды.

– Менің күйеуім дейсің бе-еї, сен кемпір?

– Дәл солай. Піштеу, жігітіңе. Дарқанның тырнағына да тұрмайды.

– О, алжыған кәрі қаншық. Сен не білем дейсің. Дарқан біздің председательдің қазіргі әйелі Менсұлуды сүйеді екен. Егер тірі келе қалса, оның сайтаны Ақтотыға емес, ең алдымен Менсұлуга түсер. Сонда мені әулие екенсің дейтін мұндардың бірі өзің боларсың, әл!

Осыдан кейін бұлар томсырайыса үнсіз келе жатты.

Расында Ақылбикенің інісі Бертайды жылқы ферманына жылқышы еткізген де өздері болатын. Қыз Дарқанды сүйеді. «Енді ол келгенше мойнын бұрып ал», – деп жіберген. Колхоз председателі Көсебайды да көндірген. Оған Дарқанды мықтап жамандап, тіпті Менсұлуды бір кезде жақсы көрген жігіт екенін де әртүрлі сақта жүгірте айтқан. Ақыры өз адамдарының тілегін Көсебай далага қалдырган жоқ. Дарқанды ішінен жек көріп жүрді. «Ол туралы, әсіресе, Менсұлудан бір ауыз сөз естіsem қалай болар екенмін» – деп кейде ойлап кететін Көсебай.

Үнсіздікті Ақылбике бұзды.

Өкпелеменіз, шешей. Аяндай жүріп сөйлесейік...

Сіз жаңа «жас адамның соңынан өсек іліккіш келеді» – дедініз. Дұрыс-ақ. Бірақ ойланызышы, інімді де өсекке қалдыргым келмейді. Ол Ақтотымен, айта берсөніз, тіпті қосылып та қойған. Шешей-ау, сізге өтірік маған шын, көгершіндегі аймаласып тұргандарын талай рет көргенмін. Оны енді өзінізден несін жасырайын. Мейлі екеуі де жас емес. Көнілдері жарасса болғаныдағы... Кеше бұл сырымды Раушан шешейге де айтқанмын. Ол кісі «балам аман болсын» деді де қойды.

Қалима қатты ойланып келе жатқан. Оның көз алдында Бертай. Соғыс басталар алдында осы колхозда істеген. Соғысқа да осы жерден кеткен. Майданнан демалысқа келіп, басқа бір колхозда тұратын ағасы Асылбай деген-нің жәрдемімен елінде біржола қалып қойған жігіт. Өзін айлакер ағасы үнгірде сақтаған деген де қаңқу бар. Еhe, міне қызық! Енді Ақтотыны иемдене бастапты!

Задында иі жұмсақ Қалима кім болса соның сөзіне сенгіш, анқау да адам еді. У жұтқандай іші әлем-жәлем аши тұра, даусы дірілдей жауап қатты.

– Келін-ау, мынауың шын болса, сұмдық еken. Раушанның бұл тірі өлгені fой. Ол тұғілі қазір менің де төбе шашым тік тұрып келеді. О, бейбақ! О, тәнір!.. Алда қу қарай, Дарқанды шынымен-ақ ұмытқаны ма?

Екеуінің көз қыспайы тіпті соғыстан бұрын-ақ басталған еді. Оның несі бар еken. Бертай кімнен кем? – деп, Ақылбике бастырмалата берді.

– Не дейді, байғұс-ау?

– Ие, ие, шешей. Түк те байғұсы жоқ!..

Бұлар Дарқанның үйі алдына жақындал қалған-ды. «Құлышым!..» «Апатай!..», «Жоқ, мен өлмеймін!», – деген сөздер анық естілді. Дарқанның келгенін екеуі де сезіп, бұрылды. Дабырлап сөйлей де келді.

Дарқанға құшағын жая жугірген Қалима, өз баласын көргендегі қуанды. Оны қапсыра құшақтап, сүйіп алып босатты да, әлі де «өңім бе, тұсім бе» – деп есенгіреп

тұрған Раушанды бара сала сілкілей берді. Ақылбике болса, басқаның бәрін ұмытып: «Сүйінші, сүйінші!» – деп Раушанды жұндей тұтіп, қолындағы білезігі мен сақинасын сипырып та үлгірді.

Осы шаң-шұнды үйде отырып естіген Зәуреш да лаға жүгіре шыққан. Қақпа табалдырығынан аттай беріп ойда жоқта, табан астынан кезіккен қуаныш оның буындарын босатып жіберді де, соның әсерінен екі рет сүрініп, екі рет домалап алды. Сонда да тоқтаған жоқ. Сонда да домалап түскенінен қарғып тұрғаны жылдам боп, құстай ұшты. Сол бойы Дарқанның мойнына орала кетті. Дарқан да қарындасын құшағына көміп, мандағынан иіскең, кеудесіне қатты-қатты қысып тұр.

– Аманбысың, жарығым? Сагындым гой, жұдә!

– Ағатайым?!

Осындағы қарбалас кездे Ақылбике енді Зәурешті де жүлқылай бастады.

Әй, ерке қыз. Ағанды көріп көңілің хош болды гой. Сүйіншім қайда, сүйіншім!

Раушан Дарқанның келгеніне көміл сеніп, енді шын құлді. Ақылбикенің жүлқылағанына да қарамай, ағасын құшақтап әлі де жібермей тұрған Зәурешке ол да жақындей беріп еді. Дәл құлағының түбінен «м-ме!» деп, қапыл шыққан үннен шошып кетті. Өрістен қайтқанын күнде бір белгімен сездіретін өзінің қызыл қасқа сиры екен.

– Тәйт! – деп, Раушан оның тұмсығына нұқып қалды. Құндегідей сылап, сипаған жоқ.

Иесінің бүгінгі сыйы осыдан артық болмасын байқағандай, қасқа сиyr да артық еркелік жасамай, ақырын шегінді де, аяқтарын сырт-сырт басып, бұзауы тұрған жаппага қарай кете барды.

– Ау, шешей-ау, осылай тұра береміз бе? Егер үйлерінен су шығып, безіп кеткен болсандар, барайық сонда! – деп зыпылдады Ақылбике.

Осыдан кейін бәрі үйге беттеді.



1. Дарқанның туған жерге деген ыстық ықыласы мен сүйіспеншілігін жазушы қалай суреттеген?
2. Ана мен баланың сүйіспеншілік сезімі шығармада қалай суреттелген?
3. Жазушының кейіпкерлерді суреттеудегі шеберлігі қандай?



1. «Қорыққан мен қуанған бірдей дейтін еді, жүргегінің қабы жарылып кетпесе еді!» деген сөйлемнің мағынасын түсіндіріңдер.
2. Жазушының суреттеуіне сүйеніп Көсебайға, Дарқанға, Ақылбикеге, Ақтотыға, Раушанға мінездеме беріңдер.

### *Образдың тұрлары*

Образдың тұрларын белгілеудің бірнеше (әдістік, тектік, тәсілдік) факторлары бар. Көркемдік әдіс тұрғысынан келгенде, образ екі тұрлі романтикалық образ, реалистік образ. Әдеби тек тараҧынан келгенде, образ үш тұрлі: эпикалық образ, лирикалық образ, драмалық образ. Ал жалпы жасалу тәсілдеріне бақсақ, образ тағы да бірнеше тұрлі: юморлық образ, сатириалық образ, фантастикалық образ, трагедиялық образ т.б. Осылардың әрқайсысына тән ерекшеліктері бар, оны білу әдебиетшіге аудай қажет.

## ҚАЛДЫБЕК СЕЙДАНОВ

(1941 жылы туған)



Қалдыбек Сейданов 1941 жылы Ташкент облысы Жаңажол ауданы Шоралысай ауылында дүниеге келген. Орта мектепті 1958 жылы үздік бағалармен бітіріп, 1959 жылы Низами атындағы Ташкент мемлекеттік педагогика институты «Қазақ тілі және әдебиеті» бөліміне оқуға түседі. Мамандығын терең менгерген жас шәкірт Өзбекстан Республикасы Фылым Академиясы Тіл және әдебиет институтының «Әдебиеттер байланысы және аударма» бөлімінде агағының қызыметкер болып жұмыс атқарады. 1969 жылы Қазақстан Республикасы Фылым Академиясы Тіл білімі және Әдебиет пен өнер институтының фылыми кенесінде «Қазақ-өзбек халықтары достығының екі ел әдебиетіндегі бейнеленуі» атты кандидаттық диссертациясын сәтті қорғаган.

Әдебиет зерттеушісі ретінде оның тырнақ алды шығармалары 60-жылдарда газет-журнал беттерінде жарияланады. Ол көп жылдар бойы қазақ-өзбек халықтарының тарихи тамырластығын, достығы мен ынтымақ бірлігін сипаттайтын «Адабий қардошлик», «Мухтор Авезов ва қардош халқлар адабиёти», «Адабий хамкорлик», «Достық әуендері», «Дүстлик куйлари», «Ўзбек-Қозоқ адабий алоқалари тарихидан», «Эуезов және Орта Азия әдебиеті» т.б. фылыми еңбектерімен танымал. Сондай-ақ, жалпы орта білім беретін мектептерге арналған бірнеше оқулықтардың авторы.

Қалдыбек Сейданов шығармашылығының қайнаркөзі – махабbat, өскен жер замана тынысы, жастардың арман аңсары. Оның «Ана арманы», «Махабbat машақаты», «Ерте үзілген гүл», «Жалқау бала», «Жылыжылы сөйлесен», «Керемет келін», «Ақ қыз», «Мұндай лар да бар», «Армысың ақ таңым», «Өзбек бауырларыма», «Мен ақынмын», «Жақсылар жүр жанында», «Тәуелсіздік таңында» т.б. өлеңдері мен әңгімелері оқушы қауымға қеңінен танымал.

Ақын аударма саласында да толымды еңбектер тындырған. Ол Әділ Яқубовтың «Жоғалған жүлдэзым», Тahir Маликтің «Еркін», Өткір Хашимовтың «Мен қалай жындандым» атты шығармаларын қазақ тіліне аударған.

Қалдыбек Сейданов 1981-1987 жылдары Низами атындағы Ташкент мемлекеттік педагогика институты «Қазақ филологиясы» кафедрасында менгеруші, 1993-2003 жылдар аралығында «Нұрлы жол» газетінде бас редактор қызметін атқарады. Ол «Шұхрат», «Тәуелсіздік», «Астана» медальдарымен марапатталған.

### **Өзбек бауырларыма**

Тұысқан, бауыр – өзбегім,  
Арнадым жыр мен сөз кенин.  
Тынысым бір – ауам бір,  
Ұқсайды саған өз демім.

Жырын оқып Науайдың,  
Әнін тыңдал Абайдың,  
Ішіне ендік сиқырлы,  
Өлең деген сарайдың.

Он жылдығың бұл күнде,  
Татиды он фасырга.

Табыстарым молайып,  
Женестің бол басында.

Қырда малың маңғырып,  
Мақтага толсын қырманың.  
Қазақ-өзбек мәңгілік,  
Ұқсас өлең, жырларым.

Өлеңнен қамшы өрейін,  
Алтыннан гауһар терейін.  
Өзбек бауырым әрқашан,  
Біктен сені көрейін.

Жарқын мінез-кең пейіл,  
Зиялы қауым-қаймағым.  
Достық туын дамытып,  
Желбірей берсін байрағын.



1. Ақын өзбек пен қазақ достығын қалай суреттейді?
2. Тәуелсіз елдің жетістіктерін қалай сипаттайды?
3. Ақынның бұл арнау өлеңін мәнерлеп оқып, көңілге түй-гендерінді жаттаң алындар.

## ТУЫСҚАН ХАЛЫҚТАР ӘДЕБИЕТИ



### ҒАФУР ҒҮЛАМ

**(1903-1966)**

Өзбек халқының белгілі жазушысы Ғафур Ғұлам 1903 жылы Ташкент қаласында туған. Жазушының ойнап күлетін, бақытты және уайымсыз болу керек болған балалық кездері бірінші дүние жүзілік соғысқа (1914-1918 жылдар) тұра келді. Жастайынан ата-анаынан жетім қалған Ғафур Ғұлам басынан өте көп қыыншылықтарды өткізді. Соғыс біздің елімізден ұзақта алыс Еуропада болып жатса да, оның сұық тынысы бүтін елімізді жаулап алған еді. Қалалар мен ауылдарда ашаршылық басталды. Қошелер қайыршыларға толып кетті. Соғыстың кесірінен түрмис барған сайын ауырласып азық-тұліктің жетіспеушілігі халықты әлсіретіп қойған еді. Қошелерде санғып жүрген тілемші және қайырымшылар қатарына соғыс болған жерлерден жан сақтау үшін қашып келген жүз мындаған аш адамдар да қосылған еді. Еліміздің басына түскен ауыр күндер жас-қарыны да балаларды да аямады.

Міне, осы ауыр күндерді өз басынан өткізген жазушының «Сотқар бала» атты повесі 1936 жылы жарық көрді. Бұл повесть жазушының өмірінің соңына дейін жаңалынып, толықтырылып барды, өткен ғасырдың 60-жылдарына келіп, қазіргі көрінісіне келтірілді. Бұл шығарма бірнеше шет тілдеріне аударылды.

## «Сотқар бала» (повестен үзінді)

...Бұл ауылда Сарыбай болыс деген үлкен жер иесі бар екен. Оның мың шаршыдан тұратын бауына жылдам аяқты қызыметші әрдайым қажет болады екен. Әсіресе, қазір алмалар піскен уақыты болғаны үшін, маған ұқсас ас-тамағына жүретін жалшы кісілерді бай есігінен қумайды екен. Осы түні оның қызыметшілері жататын қосбөлмеде тұнеуді мақұл көрдім. Жұзімші маған жолбасшы болып, қосбөлмені көрсетіп қойды. Байдың кәрі-құртаң аралас жиырмаға жуық қызыметшілері кешкі жүгері көже үстінде еді.

Ассалому-ғалейкум, – деп кіріп бардым. Өте мейірімділікпен өздерінің орталарынан орын берді. Арыз-датымды оларға айттым. Олардан бір егде жастағысы: «Асыл өмірің Сарыбайда бекер өтіп кетеді, інім, жас екенсің. Басқа бір кәсіптің жетегінен барғаныңда жақсы болар еді. Иә, мейлі, сәл өзінді ұстап алғаныңша он-он бес күн істеп тұр. Кейін жолыңды тауып аларсың... – деген түсініксіз кеңес берді. Бір бос сапал табаққа бір ожau көже құйып берді. Екі бөлік қара нанмен осы тамақты рақаттанып ішіп алдым.

Жатқанда да осылар ортасында қалдым. Жақсы алмаларды жайғастырып, ұзак қалаларға жіберетін жәшіктерден екеуін қатар қойып кереует еттім. Басыма алма орайтын ағаш қырындысынан жастық етіп, рақаттанып үйқыға кеттім.

Бұл үйқы ишан үйіне қарағанда өте салтанатты еді. Тым болмаса, бұл жерде, таң сәріде аятшы сопылардың айқайлад айтылатын әр түрлі дуалары кісінің үйқысын мазаламайтын еді. Таңертеңнен болыстың алдына бардым. Бірнеше сілікпелерден соң бай маған қызыметім үшін айына қам піскен аралас, ана сүтінен адал екі пұт он жеті қадақтан алма беретін болды. Осы сэтте байдың қабағын

көріп, менің де арам тамырым ұрып қалды...Менен не кетті, бір шарт қойып қояйын, бір күн басыма іс түсіп қалса, осы себеппен құтылып кетермін, деген оймен: «Бай ата-дедім, – енді саудамыз пісті. Шарифат тұрғысынан мал сатқанда, барлық кемшілігін айттып сатса адал болар екен. Менде де кемшілік бар, осыны әуел бастан айттып қойғаным жақсы».

– Қош, не кемшілік бар? Сигекпісің, тұтқанақпышың?

– Жоқ, кемшілігім бұл емес, кемшілігім осындай, жастайымнан әдет болып қалған, оқта-текте өзім білмей өтірік сөйлем қоямын, сонда тергемесеңіз болды. Қызмет ақысы, макұл, сіз айтқандай болсын.

– Ой, алғыр-ау, қу көрінесің, иә, жарайды-жарайды. Бірақ көп өтірік сөйлеме!

Орындастын жұмысым анау айтқандай қыын емес. Алмаларға тіреуіш қоямын, жерге түскен алмаларды теріп, қақ істеймін. Бауға қараймын. Кейде қожайынға ақша керек болса, пісіп жетілмеген алмаларды арбаға артып, Дарбаза, Сарыағаш айналасындағы астықшы қыстақтарына алып барып сатып келемін. Малға кесіп берсе, мал жемейтін алмаларды шөлде, бидай орып тұрған дикандарға бір қадағын, екі қадақ бидайға ауысамын.

Сарыбай болыс әліге дейін қожайындарымның ішінде ең құдай ұрған, жаман, сараңы еді.

Оның алдына бір жұмыспен барсаныз, болар-болмас жерде «сонан соң», – деп сұрайтын әдеті бар еді. Сол «сонан соңға» жауап бере алмасаң аназызды Үшқорғанда көресіз. Қамшымен желкеге түсіріп қалушы еді. Жай, барсаныз да, «аспашам алма пісіпті» деп айтсаңыз, ол сізге «сонан соң» деп сұрақ береді. Сіз әрине: «Сол піскен алманы тери керек» дейсіз. Және құдай атқыр «сонан соң» дейді. Макұл, «сату керек» дейсіз. Және «сонан соң» деп сұрап қалады. Сол жерде сөз аяқталады. «Сонан соң» деген сұрақтың қасиеті жоқ. Міне, осындай кезде жауап тауып бере алмайсыз-да, байдан таяқ жейсіз.

Сарыбай Чувалачидағы Жұсіп контор мен құмар ойнап, оның бау-бақшалары, ішкі-сыртқы қорғаны, бүтін дау-қондырығысының барлығын жеңіп алышты. Жұсіп контордың бауы, әсіресе, оның көлеңкелі сөрісі біздің қожайынға мақұл түсіп, дереу ол жерден томпаққана қырғыз әйелді алып, бір барғанша он-он бес күндең Келеске қайтпайтын болып қалды. Алмалар пісіп, төгіліп жатыр, қожайыннан рұқсатсыз теруге ешкім бата алмайды. Аттарға жем-шөп жоқ. Қызметшілер аш, бірақ байдың алдына баруға қай-қайсысының да жүрегі дау бермейді. Әр сөзден кейін берілетін «сонан соң» сұрағынан барлығы қорқады.

Бір күні кешкүрін қызметшілермен отырып, қандай жолмен байды өз орнына шақырып келу туралы ақылдастық, әрі кім баруын ойладық, не деп шақырып келуді ойластық. Сонымен «сонан соң» ауруынан соң байдың өзінің де шамасы таусылатын болсын.

**Құра маған түсті.**

Таңертең бір атқа мініп, байдың алдына қарай жол алдым. Жол-жөнекей мың түрлі ойға баттым. Қайтіп «сонан соңға» жауап табу керек?

Жетіп барып аттан түстім. Бай шипанда пісірілген бас етімен таңертеңгі асын жеп отырған екен. Сәлем беріп, жайлап табалдырыққа түсіп отырдым.

- Ал, айта бер?!
- Жай өзім, сізді сағынып, бір көріп кетейін деп келіп едім.
- Жақсы, жақсы, бәрекелді, бекерге келмеген шығарсың, бір шаруаң бар шығар, ал, неге келдің?
- Осы кезде байға қызметші болып іске кіргендегі шартым есіме түсіп қалды. «Шарт еткен өтірікті енді айтпасаң, қашан айтасың», – дедім де сөз бастадым:
- Анау, әлгі, балдақ сапты пышағының сынып қалып еді, соның хабарын беруге келдім.

Сол сөзден кейін маған «сонан соң» сұрағы жауыла бастады.

– Ал, қайтіп сынды? Күнделік тұрмысқа менің пышағымнан басқа пышақ құрып қалған ба?

– Тазы итіңіздің терісін сыйдырып жатқан едік, сүйегіне тиіп сыйнып қалды.

– Ей?! – деді бай. – Тазының терісін менің балдақ сапты пышағыммен сыйдырасындар ма, өзің айтшы, неге сыйдырдындар?

– Сасып қалдық-та, өліп қалғаннан кейін, зая кетпесін деп терісін сыйдырып алдық.

– Не үшін өлді?

– Арам өлген аттың етін көп жеп қойған екен, бөгіп өлді.

– Арам өлген аттың еті қай жерде екен?

– Иә, өзіміздің торы қасқаның етін жеп өлді, басқа ат емес.

Бай аландал қалды.

– Әй-әй бала, байқап сөйле, торы қасқа өлді дедің бе? Қош, торы қасқа неге өлді?

– Зорығып өлді.

– Неге зорығып өледі?

– Алдын арбаға қосылмаған екен, біз оны арбаға қосып, су тасыған едік, шаршап өлді.

– Не деп жатырсың, арамы, басқа соншама арбаға же-гілетін аттар тұрып, келіп-келіп менің баптап қойған көкпаршы атыммен су тасисындар ма, атана нәллеттер?

– Ия, от түскеннен кейін оның бапталғанына қарап отырады ма, кез келгенін қосып, әйтеуір бір шелек болса да су таси бермей ме?

Байдың шайнап тұрған салқын тілді жұтуға да дәрмені қалмады. Аузынан алып қойды-да, адырайып маған қарап:

– Өзің жынды-мынды болдың ба? Өрт түсті дегенің не, қай жерге өрт түсті, неге түседі?

– Саумын, қожайын, өрт, әуелі, ат қораға түсті. Ат сорлылардың барлығы қаза тауып кетті, қожайын.

- Эй, атқорада өрт не қылады?
- Менің де пікірім сол, басқа қызметшілеріңіздің де пікірі мынау, өрт қоймадан өткен болса керек.
- Қоймада өрт шығатын зат жоқ қой? Астық бар еді, дұрыс, күріш бар еді, дұрыс, май бар еді, мата бар еді, дұрыс, осылардан өрт шығады ма?
- Мына жағын айтқанша саспан, қожайын, қоймаға қорғаннан өтіпті. Атқораға қоймадан өткен болса керек. Осылайша бір-біріне жалғасып кеткен.
- Эй, әлі қорған да жанды де!
- Қорған да өртенді, қойма да өртенді, атқора да өртенді, аттар да өлді, пышағыңыз да сынды.
- Қорғанға қай жерден өрт кетіпті?
- Шамнан жайылып кетіпті, шамнан.
- Эй, өзің жынды болыпсың, балам! Өзі, менің үйімде шамға күн қалды ма? Қатар-қатар лампалар, өзім Та什кенттен әдейі сатып алғып келген қырқыншы шырақтар қайда кетті, керосинді болса бір жылға жететін бөшке-бөшке қор етіп қойған едім. Неге шам жағасындар?
- Қожайын, – деймін, – өзіңіз де адамды өте шаршатып жібереді екенсіз де! Бүтін басты өліктің аруағына шам жақпай лампа жағыла ма? Келген аруақ ненің сәулесімен ойнайды. Сол, кесеге су құйып, үстіне алма бұтағы қойлады. Келген аруақ әуелі бұтаққа қонып отырады. Бір ауа тынысын өндеп алған соң әлгі шамның пырпырап тұрған сәулесімен ойнайды.
- Менің тентек сөздерімнен бай талықсырап қалды. Қалайда осы сөздерді тыңдағысы келмегендей, жай жүргін қауыштап сұрады:
- Кім өлді?
- Осы жерде мен өтірік айқай шығарып, дауыстап жылап жібердім
- Кенже ұлыңыз Бөрібай, терекке шығып, шымшықтың балапанын аламын деп, құлап кетті де, бір рет «әке» деді де «гүп...» етіп жан берді.

Бай сөздерінің кейінгі тармақтарын естіді ме, естімеді ме білмеймін, шай ішіп тұрган кесесін басына ұрып, мандаіын жарды-да, сақалын жұлып, зарлай бастады. Мен де қосылып жылап жібердім.

Бір сәт айқай салып жылағаннан кейін мен тоқтадым, бай да тоқтады. Байдың өкпесін қатты үзіп жібергенімнен енді оны жұбату үшін өзімнен бір сөз құрамақшы болдым.

– Қожайын, – дедім, – алла берерінен қыспасын, ренжіменіз, егерде, ұлыңыз өліп, үйіңіз өртентген болса, ит өліп, пышақ сынған болса, барлығының орнын басатын қуанышты хабар алып келгенмін.

Бай жылап тұрып сұрады:

– Қуанышты хабарың құрсын, атаңа нәлет қандай хабар?

– Ортаншы қызыңыз Адал әпке дүниеге арзитын бір ұл туды.

– Эй! – деді бай көздері шарасынан шығатындей,

– Адал әпкең әлі тұрмысқа шықпаған ғой!

– Біз де соған таңырқадық, қожайын. Құдай беремін десе, тұрмыс құрмаса да берер екен. Баланы айтпайсыз ба, қожайын. Құл арбакешіңіз бар ғой, дәл соның аузынан түсіп қалғандай.

Бай артық шыдап тұра алмады. Есінен танып қалды. Мен де қамшы орамынан жейтін таяқты қарыз етіп қашып қалдым. Шамалы сағаттардан соң тұлпар сұр атта жалындары асылып кеткен алпан-талпан, бір көзі жерде, бір көзі көкте, ер-тоқым алдына қамшы тұтқышын тіреп, жылап бай келіп қалды.

«Және бір пәлекет болмасын», деп өзімді шетке алдым. Байдың жылап келуін үй іші есітіп, олар да «бірдене болған сияқты», деп үйден жылап шыға бастады. Бір-бірін құшақтап, айқай-шу басталып кетті.

Көз жастары тыылғаннан соң, бір-бірін түсініп, мән-

жайын сұрастыра бастады. Сосын анық болғанына қарғанда не ит, не ат, не қорғанға өрт түскен, не пышақ сынған. Бөрібай болса сілекейін ағызып өзі шығып қалды.

– Сол күні мен көрінбей жүрдім. Ертеңіне бай мені іздеп, шелпек етіп көтертіріп алып келді. Әуелі құрттайғана жиырма қамшыны бас-көз аралас жедім. Соң соң сұрады:

- Әй иттен тараған, мұның не?!
- Әуелі баста келіскең едік қой, айналайын қожайын, әр заманда бір өтірік сөйлеймін, деп.
- Бұл сол өтірігің бе?
- Бірақ барлығы емес еді.
- Егер барлығы болмаса, түгел өтірік айтсаң, мен құрдымға кетер екенмін, тұр, атаңа нәлет, сенің қарның тамаққа тоймасын, қыршын кеткір! Айдандар бұл сұмды.

Қызып шығармақшы болды. Кетуімнен алдын байдан ақы талап еттім. Себебі байдың қолында бір ай он тоғыз күн істеген екенмін. Әліге дейін берген жиырма екі тиын шай ақшаны басып қалып, сасыған, құрт түскен алмадан екі пұт алманы бір қапқа салып берді. Мен осыған да шүкір етіп, намазшам жолға түстім.

Және сол қаңғы бастық, тағы да мекенсіздік бәлесі. Ұясынан ажыраған гәкку баласындей, қонуға ағаш-бұтақсыз. Келестен жоғары жаққа өрлеп кетер едім.

Қырға шыққан соң алыстан бір отау көрінді. Сол жаққа қарай бардым. Отау есігін қағып, «құдайы қонақ», – дедім. Бұл кеш осында қонуға рұқсат сұрадым. Әуелі маған бастан-аяқ құмәнмен қараған соң, қабылдады. Артымдағы жүкті көріп, алаяқ деп ойласа керек. Қаптың аузын ашып балаларға екеу-екеуден алма алып бердім. Қөнілдері бір көтеріліп қалды. Олар мені түйе сүті қымыранмен қонақ етті. Қазанға жауылған наннан жартысын алдыма ұсатып қойды. Қарын тойған соң, қапты басыма қойып ұйқыға кеттім.

Таң сәріде тұрып, отау иелері ерлі-зайыптылармен қоштасып, «Сарығаш қайдасың?» деп жолға түстім. Сол кездерде менің маңдайым сор еді. Қайсы ауылға барсам, базардың үстінен шығар едім. Қасақана бүгін Сарығаштың базар құні еді.

Менен басқа да базарға алғып келгендер көп екен.

– Келіңіздер, арманда қаласыздар, сатамын да кетемін! Бұны жегендер нан жемейді, әуесқойына сатамын, – деп мыңғырлап, мақтап түсте әрең сатып бітірдім. Табысымды есептеп көрсем, алты теңге бір мірі бопты. Соңғы бірнеше ай аралығында белбауға түйілген нақтысы осы еді.

Ақша көп, қайғы жоқ. Базарды айналып жүріп барлық нәрсені сатып алушы болып көремін. Барлық нәрсенің бағасын білгім келеді. Бір кісінің түніке моншасына сатып алушы болып, кем сұрағаным үшін, одан жақсығана балағаттау есітіп алдым. Киім базарға кіріп құндыз жағалы бобрик пальтоларға алушы болып көремін.

Кой базарына кіріп, мүйіздері молдалардың сәлдесіндей бұралып-бұралып кеткен дөң маңдайлы, үлкен бір қошқарға сатып алушы болып тұрганымда көзім таныс біреуге түсті. Ол қосақтанған бір қора қой үстінде күзетіп тұрар еді. Бұл кім, қай жерде көрген екенмін?

Шаң басқан кірпіктер астындағы қой көздер маған өте таныс.

Жолдың шаң-тозаңы қағылмаған текемет етіп жіберген бұл бейне көзіме ыстық көрінеді. Бірақ үстіндегі қазақы шекпен басындағы теріс аударылған телпек, қолындағы басы дөңгелек тақиясы маған таныс емес. Одан көзімді үзбей тігіліп тұрмын. Ол да маған мөлт-мөлт етіп тігіліп тұр.

Бірден айқайладап жібердім.

– Аман!!

Бір-біріміздің құшағымызға атылдық, жалап-жұлқы-

ластық, қал-жағдай сұрастық. Өз басымнан өткендерімді бірме-бір әңгімелеп бердім. Оқиғамның соңы жаңымдағы тиын-тебен аралас алты теңге бір мірі ақшаны шарықтатып қоюмен бітті.

Ол да басынан өткендерді айтып кетті:

Өлік жудырған көшпендердің қолынан әрең қашып құтылыпты. «Олардың біреуі кезігіп қалып, тағы бір бәлеге жолықпайын», деген оймен ауылма-ауыл тілемшілік қылып жүріп, адасып он жеті күн дегенде Шымкентке жетіп барыпты. Шымкентке бір ағасын қара тартып барған еken. Бірақ бұл бейшараның мандайына ағасы да әлдеқашан жүріп кеткен еken. Сонымен дерт қалып, аш-жалаңаш Ташкенттік қойшы байлардан біреуіне бір жылға екі тоқты бір ешкіге шопандыққа жалданыпты. «Алла беріп, әрқайсысы екеуден егіз туып берсе, құдай ондап қожайынымдай үлкен қойшы бай болып кетсем», деп көздепті. Қазір сол байдың қойларын айдасып Ташкент базарына бара жатыр еken. Бұғін Сарыағаштың базарына, «бағасы келсе сатамыз», деген үмітпен қойларды сатып тұрған еken.

Аманның бұл тапқан қызметі маған өте мақұл түсті. Аманның бақытына күндесе бастадым.

– Жан досым, қожайынға айтып мені де бір амалдан, қойшылыққа алдыrsайши, шын көңілден қызмет етіп берер едім, – деп Аманға жалындым. Ол да мақұл көріп:

– Көктерекке барғанда, қожайыныма айтып көремін, – деді.

Кешке дейін Аманның қойларын қайтарысып жүрдім. Сарыағаштың базарында ешкінің сұрауы жылдам еken. Барлық ешкілер сатылып кетті-де бірақ қойлардан көбі – жетпіс үш қой базардан қайтты. Кешке жақын қожайын өзінің жорғасына мінді-де:

– Досың жақсы бала көрінеді, оншалық көп қой қалған жоқ. Аман інім, досыңмен екеуің тұнімен қойларды айдасып, таңертенген Көктеректің базарына жеткізіп бара-

сындар. Мен алдыннан барып тұрайын, – деп атқа қамшы беріп жөнелді.

Біз қойларды бір сарайға қамап, тамақтанып болдық. Біраз жамбастап тыныс алдық.

Түн жарымда ай көтерілгеннен кейін, алды-артынан ысқырық шалып, «құрай-құрайласып» Көктерекке қарай жол тарттық.

Қой деген арам өлгір өте ақымақ, асау жануар болады екен. Оны ешкі ептеп жүрер еді. Ешкі болмағаннан соң басы ауған тарапқа лағып кете береді екен. Ешкі болмағанда, есекке мініп, алдына түсіп мөніреп бару керек болады. Бізде не ешкі бар, не есек бар. Мен жаңа әуесқой шопан болғаным үшін мөніреуді онша үқсата алмайтын едім.

Кетіп барамыз. Айдын кеш, салқын ауалы қыр.

Кей-кейде қойлар мәніреп қояды. Бір жағымызда темір жол жағасындағы телеграф сымдары гуілдеп тұрады. Өте ғанибет өмір, қызығын биік етіп, әнді қойып жібердім.

– Айт, інім, – деді Аман.

– Қөп уақыттан бері осындаій бір рақат, таныс дауыс есіткенім жоқ, – деді.

Оған әрі қарай мен ләзаттанып кеткенімнен, қызығына қызық қосып барамын, көктің жағаларын дірілдетіп жібергім келеді. Темір жолды жағалаған соң көрінбейтін жолда қойлар өте қыңырлықпен ілгерілеуде. Ешкінің қадыр-қасиеті қатты өтіп жатыр.

Кандай бір шағын ауылға да жақындал қалдық. Оның жамау-жамау саз балшықтан соғылған қабыргалары көрініп қалды. Темір жолға бірігіп кеткен ауыл көшесінде қойларды топтап айдал бара жатырмыз. Аман темір жолды көрсетіп:

– Пойызда жүрген адам өте рақаттанады да, – деп қояды.

– Пойызға шығып ұзақ жерлерге кетсөн, – дейді.

– Солай де, досым, – деймін.

– Кәне еді бітпейтін ақшаң болса-ғой, жүре берсөн.  
 Қауыншыға барсаң, Түркістанға барсаң, Шынаңға барсаң,  
 Мәскеуге барсаң, ешкім ұнде месе, кете берсөн және кете  
 берсөң, рақат... – деймін.

Пойызды дәріптеп-сүреттеп келеміз.

– Шын, кәне еді, – дейді Аман.



1. «Сотқар бала» повесінде жазушының балалық өмірі толық бейнеленген деп ойлайсың ба?
2. Сотқар баланың саяқ кезіп жүруінің негізгі себебі неде еді?
3. Сотқар бала кейде өтірік сөйлейді, жек көрген адамдардан өш алады, тіпті ұрлыққа да қол жұмсайды. Оның бұл әрекеттерін қалай бағалайсың?
4. Сотқар баламен оның ауылдасты Аманның қандай айырмашылығы бар?
5. Әңгімен алынған үзіндіде Сотқар баланың қайсы қасиеттері бөртіп көрінеді?
6. Сарыбайдың Сотқар бала тоқыған өтіріктерге тез сенуінің негізгі себебі неде деп ойлайсың?
7. «Сотқар бала» повесі негізінде түсірілген көркем фильм мен повестің арасында қандай айырмашылықтарды кездестірдіңдер?
8. Әдеби туынды негізінде түсірілген кинофильм немесе спектакльдер сол туындымен бірдей болуы керек деп есептейсің бе?
9. Бұл туындыны оқысаң кинофильмде көрініс таппаған, айтылмаған көптеген қызық оқиғаларға күә боласың және де мектеп кітапханасынан автордың «Сотқар бала» атты повесін тауып, толық оқып шығындар.



## АБДУЛЛА ОРИПОВ (1941-2016)

Атақты қоғам қайраткері Абдулла Орипов Қашқадария облысы Косон ауданына қарасты Некуз қыстағында туған. 1963 жылы Ташкент мемлекеттік университетінің (қазіргі Өзбекстан Үлттүк университетінде) филология факультетін бітірген.

Ол өзінің еңбек жолын «Шарқ юлдози» журналында әдеби қызметкер, «Гулшан» журналының бас редакторы және авторлық құқықты қорғау республикалық агенттігінің директоры лауазымында жұмыс істеген.

Халқымыздың атақты перзенті, белгілі ақын жарты ғасырлық көп қырлы шығармашылық қызметі барысында «Кішкентай жұлдызы», «Жолына көз тігіп», «Анашым», «Рухым», «Елімнің самалы», «Қайрат», «Жылдар арманы», «Ізгілік», «Ақын жүрегі», «Мен не үшін сүйемін Өзбекстанны», «Егемендік көріністері», «Тұстер мен әуендер», «Маған жақсы хабар айт», «Эверест және теңіз» сынды өлең жинақтарымен бірге «Хакім және ажал», «Жаннатқа жол», «Сайыпқыран» сияқты терең философиялық рухтағы драмалық туындылармен үлкен шығармашылық мектеп жаратты.

Абдулла Орипов тәуелсіз Отанымыз – Өзбекстан Республикасы Мемлекеттік әнұранының авторы ретінде адамдардың жүргегінен нықтап орын алды.

Ұлы ақын және қаламгер өзбек әдебиеті мен өнерін дамыту жолындағы қызметтерін мемлекетіміз аса жоғары бағалады. Ол «Өзбекстан халық ақыны», «Өзбекстан

қаһарманы», Мемлекеттік сыйлықтың иегері және «Достық» орденімен марапатталған.

Абдулла Орипов 2016 жылы 6 қарашада қайтыс болған.

### Өзбекстан

Жұртым саған жыр арнап бүгін,  
Теңесетін таппадым бірақ.  
Ақындар бар өз халқы нұрын,  
Тарататын жанары шуақ.  
Жырлары да ұшты көктеге,  
Қанатында күміс аспаны.  
Бір өлке бар егіз көктемге,  
Жазылмаған әлі дастаны.  
Тітірейді қаламым менің!  
Өзбекстан Отаным менің!

Жүре алмаспын асылды іздең,  
Таппасам мен өмір жолында.  
Отырмаймын әр нені көздең,  
Мейлі, болмас шарап қолымда.  
Наурызынан алып келбетін,  
Елге даңқты ұстаз – Әлімжан.  
Ғафур Ғұлам жырлап жер бетін,  
Сезімімен жазыпты дастан.  
Алыс тарих адымым менің!  
Өзбекстан Отаным менің!

Көргенің бар ұзактан түйген,  
Кешір мұны байқай алмадым.  
Құлақ түріп сеземін күйден,  
Өткен күннің ауыр зардабын.  
Азиядай мекен көлемді,  
Бір жан шықты көкірегінде нұр.

Екі ғасыр жарты әлемді,  
Қырып жойды ұлы – Жахангир!  
Айтты бүгін батырын елім!  
Өзбекстан Отаным менің!

Бабалардан сөз кетсе егер,  
Бір лебіз бар жүрек төрінде.  
Зенгір көктер бейнеленеді,  
Курағани кестелерінде.  
Жауыздардың ізі қалыпты,  
Күн күлмейді, аспанда үнсіз,  
Ұлықбектің жасы секілді,  
Аққан жүлдyz қалады тұнсіз.  
Жерге тамған жастарым менің!  
Өзбекстан Отаным менің!

Көп батырын көрген бұл әлем,  
Барлығына күә жер асты.  
Жырларымен жолдайды сәлем,  
Сұртіп алып көздегі жасты.  
Бес ғасырлық ғажап сарайды,  
Тебіретеді кісенді ойлар.  
Тамсандырған өзі талайды,  
Әлішердей ақын қайда бар?  
Бағымдағы бағбаным менің!  
Өзбекстан Отаным менің!

*Аударған: Айдана Базарбаева*



1. Ақын толғаныстары өлеңде қалай суреттелген?
2. Өлеңнің сиқырлы сезімі неде деп ойлайсың?
3. Лирик ақын елінің тарихына қалай мән береді?
4. Өлеңдегі есімі аталған ақын, ғалым, батырлар туралы мәлімет жазындар.
5. Өлеңде ақын бірнеше рет айтқан “Отан”сөзіне өз ойларыңды айтындар.



## ТҮРІКМЕН ЕРТЕГІЛЕРИ

### *Bіреуге ор қазба – өзің түсесің*

Баяғыда бір кедейдің баласы болыпты. Ол төрт жасқа жеткенде әке-шешесі өліп, жамағайындарының қолында қалыпты. Жетімнің көрген күні оңа ма, тамагы тойып ас ішпейді, иіні жылтырап киім кимейді. Жұрттан қалғанды ішіп, қатқан нанды дария жағасына апарып, суға шылап жейді. Нанның суға түскен ұсағын бір жайын жеп, жетім балаға әбден үйренеді. Бала айыбы жетім демесен, ақылды, қайратты жігіт болып өседі.

Құндердің күнінде бір дәулеті асқан бай базарда, шаршы топтың ортасында: «Қырық күн бағып, бір күн жұмыс істетемін, кім келіседі?» – деп жар салады. Мұны әлгі жігіт естіп, байдың алдына келіпті.

– Егер қабылдасаңыз, мен сіздің жұмысыңызды істейін, – дейді.

– Бай жігітті үйіне ертіп әкеледі. Уәдесі бойынша қырық күн бағып, қырық бірінші күні бір өгіздің мүйізіне жіп байлайды да, жігітке жетелетіп, өзі алты түйе жетелеп жолға шығады. Бір жерлерге келгенде:

– Балам, мына өгізді бауыздап, терісін жыртпай мес қылып сой, – дейді. Жігіт өгізді сойып, терісінен бай айтқандай мес қылып шығарады.

– Енді өзің осы терінің ішіне кір де, тесігі жоқ па еken, байқа, – дейді бай. Жігіт терінің ішіне кіреді. Бай терінің аузын байлап, домалатады да тастайды. Өзі түйелерін жетелеп, қашығырақ барып тұрады. Бұл жер Келезау деген биік таудың етегі еken. Тауда ет жейтін жыртқыш құстар көп еken. Біраздан кейін сол құстар келіп, өгіздің

қанжынын жеп, терісін көтеріп, тау басына алып кетіпті. Шың басына шыққан соң құстар теріні тесіпті. Тері ішінен шыққан жігіт жан-жағына қараса, таудың үшар басында тұр екен дейді. Төңірегі толған өңкей асыл тастар. Төменде бай түйелерін шөгеріп, жоғары қарап тұр екен.

– Байеке, бұл не қылғаның? Енді мен қалай түсемін? – дейді жігіт.

– Қалай түсетінінді кейін айтамын, сен қазір сол тұрган жеріндегі асыл тастарды төмен қарай лақтыра бер, – дейді бай. Жігіт бай айтқандай толып жатқан асыл тастарды жерге лақтыра береді. Бай бағалы тастарды түйелеріне артып алып, алды-артына қарамай бет алады.

– Байеке, енді қалай түсетінімді айтсайшы, – деп жалынды жігіт.

– Таудың үстінде, аяғының астында не бар екен? – деп сұрайды бай.

– Адамның сүйектерінен басқа ештеңе жоқ, – дейді жігіт.

– Сол сүйектер де сен сияқты жігіттер болатын. Ол тауға шыққан жан қайтып жерге түспек емес. Енді сен де сондай сүйек боласың, – дейді де бай түйелерін жетелеп кетіп қалады.

Шың басында жалғыз қалған жігіт не істерін білмей жан-жағына қарайды. Тұрган жерінен төмен секірсе, сөз жоқ, күл-талқаны шығады. Терен шатқалдың түбіне қараса көз үшінда жылтырап су көрінеді. «Тау басында құрт-құмырсқа жем болғанша, осы өзенге түсіп өле-йін», – дейді де, секіреді. Сөйтсе, баяғы өзінің таныс жайыны осы жерде күтіп жүр екен, жігітті қағып алып, аман-есен жағаға алып шығыпты.

Бір базарда баяғы бай тағы да жар шақырыпты. жігіт киімдерін ауыстырып келіп, өнін өзгертуіп байға келіпті. Бай мұны танымай тағы да қабылдапты. Қырық күннен

соң баяғы жерде тағы да өғізді сойыпты. – Терінің ішіне кір, шырагым тесігі болмасын, байқа, – депті бай.

– Алдымен өзіңіз кіріп көрсетіңіз, байеке, – депті жігіт. – Мен кіруге қорқып тұрмын. – Бұған ашуланған бай:

– Соқталдай жігіт терінің ішіне кіруге қорқа маекен? – дейді де, өзі кіреді.

Осы кездे бала терінің аузын бүріп, тастай қып байлап тастайды. Өзі қашығырақ барып тұрады. Біраздан кейін жыртқыш құстар келіп, өғіздің қанжынын жеп, терісін тау басына көтеріп әкетеді. Жігіт байдың өзінің істегенін істеп, түйелерді жетелеп құздың астына келеді. Сәлден кейін құстар теріні тесіп, бай тысқа шыгады.

– Эй, балам, бұл не қылғаның? – дейді.

– Байеке, өткен жолы мен де сол жерде тұрганмын, бірақ таудан түсsetін жер таппадым. Сен де анау тастарды жерге таста. Түйелерге әбден артып алған соң алдыартына қарамай жөнеле беріпті.

– Ең болмаса, түсsetін жерді айтып кетсейші, – деп жалынады бай.

– «Біреуге ор қазба – өзің түсесің» деген мақал осы, – дейді де, бала түйелерін жетектеп, мейірімсіз байға қайырылып қарамастан кетіп қалды.



1. Жетім жігітке, дәулеті асқан байға сендер қандай баға бересіңдер?
2. Ертегінің мазмұны өздерің бұрын оқыған ертегілермен үқастығы бар ма?
3. «Біреуге ор қазба – өзің түсесің» деген мақалдың мән-мағынасына зер салындар.

## ӘЛЕМ ӘДЕБИЕТИ



### ДЖЕК ЛОНДОН

(1876–1916)

Әлем оқырмандарына кеңінен таныс американ жазушысы Лондон Джек (Джон Гриффит) 1876 жылы Сан-Франциско маңы, Глен-Эллен мекенінде дүниеге келген. Өгей әкесінің қолында тәрбиеленген. Жас кезінде зауыт, фабрика, электр станцияларында түрлі жұмыстар істеген. Әдеби шығармалар жазумен 17 жасынан шұғылдана бастады. 1893 жылы «Сан-Франциско дауысы» газетінде тырнақалды туындысы «Жапон жагалауындағы Тайфун» атымен басылды. Содан кейін көптеген әңгімелері, повестері, романдары жарыққа шыға бастады.

«Қасқырдың баласы», «Оның әкесінің құдайы», «Аяздың балалары» т.б. жинақтарымен бірге «Қар қызы» романы, жануарлар туралы «Ақ азу» повесі, «Жолда жүрген жолаушылар үшін», «Солтүстік жорығы», «Өмірге құштарлық», «Тыртық адам» т.б. әңгіме, новеллалары жарыққа шықты.

«Темір өкше» (1912) романында жазушы сол кездегі қаржы және өнеркәсіп алпауыттарының әділетсіздігін сынға алса, жануарлар жайындағы шығармаларында адам мен табиғат және хайуанат дүниесі арасындағы күрделі байланыс жан-жақты суреттеледі. Жазушы шығармасындағы биік белесі – «Мартин Иден» роман-

биографиясында автордың өзіндік тұлғасы, қоғам мен қоршаган ортаны тануы, шығарма өнер жөніндегі ойлары көрініс тапқан. Бұлардан кейін «Айлы алқап», «Үлкен үйдің қожасы» т.б. шығармалары жарияланды. Қазақ әдебиетінде Лондонның «Телегей теңіз, аттаныс» шығармасын 1926 жылы «Жаңа мектеп» журналына алғашқылардың бірі болып аударып, жариялаған – Ж.Аймауытов. Кейіннен Лондон шығармаларын М.Әуезов, М.Дәuletбаев, Б.Омаров т.б. қаламгерлер аударған. М.Әуезовтің «Көксерек» повесінен канадалық жазушы Эрнест Сетон-Томpsonның «Винипег қасқыры» мен Лондонның «Ақ азу» атты шығармаларының әсері байқалады. Оның шығармалары қазақ тіліне аударылып, кең тараған. Солардың бірі – «Мексика ұлы» атты әңгімесі.

### **Мексика ұлы**

Ривера рингке елеусіз көтерілді. Әр тұстан шашыраңқы сараң ғана соғылған алақандар көрермен қауымның оған деген сенімсіздігін айқын сездіргендей. Шындығында бұл қауым үшін Ривера бөрі аузына тасталған жетім лақпен пара-пар еді. Өйткені оның қазіргі қарсыласы аты шулы азулы боксер ұлы Дэнни болатын.

Жас мексикандық өз бұрышына жайғасып, қарсыласын күтті. Әр минут жылдай созылып, баяу жылжиды. Дэнни өзін ұзақ күтүге мәжбүр етті. Тіс қаққан жырындының бұл қағидасы темірканат бокшының талайының-ақ сабырын сарқып, көңіліне қорқыныш ұялататын, жүйкесіне тиетін.

Ривера өзінің бұл айқаста қалай да женеі керек екенін бір сэт естен шығарған жоқ. Оны осы айқаста итермелеген ұлы күштің сырьы зал толы көрермендердің бірінің ойына да кіріп шықпайды. Дэнни Уорд ақша үшін, сол ақшага негізделген женіл өмір үшін төбелесетінін терең түсінеді. Оның көз алдына бір сэт туған елінің

аянышты тұрмысы, жанары ыза-кекке толы бейнесі апайқын елестеп өтті.

Қым-қиғаш көріністер. Компания ләпкесі алдындағы алаң, сол аланда иін тірескен мындаған аш жұмысшылар, солардың төбесінде қамшы ысқыртып, қылыш ойнатқан генерал Росалью Мартинес пен Порфирно Диастың солдаттары, қанды қырғын... Осы бір көріністер өмір бақи таусылмастай, жазықсыз төгілген адам қаны мәнгі таусылмастай көрінеді... Қаралы тұн, қапас тұн! Сол тұн құшағында тағдыры үшін тартысқан жандар мұрдесі Вера-Круске жөнелтіліп, акулаларға жем болып жатыр. Өліктер арасымен ілгері еңбектеген ол жендеттер айуандықпен азаптап өлтірген ата-анасының парша-парша мәйіттерін ғана тапты. Әсіресе қеудесін баса тау болып үйілген өліктер астынан басы ғана көрініп жатқан ана бейнесі санасын семсердей тілгілейді. Тағы.... тағы да солдаттар винтовкасы ажал оғын қардай боратты. Сол оқ астымен аш күзендей бүтіле еңбектеп қашқан жетім ұлан жүрегі уланған қасқырдай алас ұрады.

Дауыл толқытқан теңіз шуындай ду соғылған шапалактар үнінен селт етіп, басын көтерген Ривера айналасында құрдай жорғалаған жаттықтырушылары мен секунданттарын ертіп, орталық алаңмен келе жатқан Дэнни Уордты көрді. Оны қолпаштап соғылған алақандар дауылы бес минут бойы дүрілден тұрды.

Ал Риверага ешкім назар да салмады. Тіпті ешкім оның осы жерде бары-жоғын білмейтін, білгісі де келмейтін тәрізді.

Зал тағы да ду қол соқты. Дэнни қарсыласына қарай беттеген еді. Ол еңкейіп, Ривераның оң қолын екі қолымен алып, зілдене жай сілкіді. Содан соң бетін Ривераның бетіне тақай күлімсіреді. Оның осы бір қалпы көрермендерді таң қалдырып, тандайларын қақтырды. Ол дәл қазір қарсыласымен емес, туған інісімен кездесіп тұргандай еді. Көшілік солай ұғынды. Дэннидің

қимылдаған еріндерінен оның сөйлес тұрғанын байқап, не деп тұрғанын есітпесе де, әйтеуір бір ыстық лебіз білдіріп жатқан шығар деп жорыған көрермендер тағы да дыбырласып, өздерінше дән риза болысып жатыр. Дэннидің сыйрын тек Ривера фана айқын есітті.

– Эй, Мексика жігіті, – деді ол езуіне мысқыл құлкі үйірген қалпы, ысылдай сыйырлап, – қазір сенің кеуден-нен жаңынды сұрып аламын!

Ал Дэнни шешінген кезде әлгілер «паһ» деп таңдана тандай қакты да қалды. Шынында да оның серіппедей бұлтылдаған шақпак еттерінен дүлдей күштің лебі есіп тұр еді. Аппақ терісі жып-жылтыр, ширақтық пен серпінділік, күш-қайрат тұла бойына сыймай тұрғандай. Иә, ол мұны талай айқаста айқын көрсетті де. Оның суретімен бетін шұбарламаған бірде-бір спорт журналы жоқ.

Спайдер Хонерти Ривераның тоқыма көйлегін басынан сыйырган кезде, зал іші құніреніп кеткендей болды. Қара торы өні оны барынша арық та әлжуаз етіп көрсепті. Рас, бұлшық еттері бар болатын, бірақ қарсыласымен салыстыруға келмейтін. Алайда, ала-бұртқан көпшілік оның апайтөс кең кеудесін байқай алмай қалды. Сол сияқты олар Ривераның бұлшық еттерінің әрбір клетка-сының кез келген соққыға дайын тұратының, шаршап-шалдыруды білмейтін төзімділігі де, берік жүйкесі оның денесін қуатты механизмге айналдырып жібергенін де анфара алмаған. Көпшілік тек қара торы өнді, он сегіз жастағы талдырмаш бозбаланы фана көрді. Дэннидің жөні бір басқа! Дэнни жиырма төрт жастағы нағыз ер мұсінді жігіт. Бұл айырмашылық, әсіресе екеуі төрешінің соңғы кеңесін тындалап, қатар тұрған кезде ала-бөтен көзге тұсті. Ривера осы жерде тілшілердің ту сыртында отырган Робертті көрді. Ол әдettігіден гөрі масандау екен, тілі бұрынғыдан бетер күрмелек түсіпті.

– Жасқанба, Ривера, – деді ол мінгірлеп, – есінде болсын, ол сені өлтірмейді.

Ривера оның сөзін есіткен сынай байқатпады.

– Қарашы, мына томага – тұйық сайтанды! – деді Роберт көршісіне бұрыла мінгірлеп. Сол баяғы қырсықтығынан жазбайды.

Гонг қағылды да, айқас басталып кетті. Қөрермендер бір серпіліп, алға ентелей қалысты. Шыдамсыздана шиыршиқ атып тұрган Дэнни екі аралықты бір-ақ аттап, Мексика баласын екі шайнап, бір жұту мақсатымен дүрсе қоя берді. Ол «ә» дегеннен-ақ Ривераға жұдырықты жаңбырдай жаудырып кеп жіберді. Сөйткенше болмай мексикалық тағы да арқанға соғылды.

Мұны боксшылар айқасына ұқсату да қыын еді. Құші басым ағаның әлжуас ініні бөріктіріп сабаганымен парапар болды. Дэннидің құтырына, екілене жаудырган жұдырығының астынан Ривера көшпілікке әрең-әрең қылаң береді. Бір минут, екі минут өтті. Боксшылар бір сэт ажырасқан кезде фана қөрермендер көзі мексикалықта тұсті. Оның ернін былғары қолғап жырып кетіпті. Мұрнынан қан дірдектеп тұр. Алайда оның салқын қандылығын, сүйк қөзқарасының баяғы мәз қалпында қалғанын ешкім байқай алмады. Ол чемпиондыққа таласқан талай мықтының жұдырығына жанды нысана болғанды. Сондағы табатын табысы жарты доллар еді. Дегенмен, сол жұдырықтар мұны асқан төзімділікке баулып, құрыштай шындалты да.

Осыдан кейін ешкім күтпеген керемет оқиға болды. Жұдырықтар дауылы құрт тынды да, Ривера рингте жалғыз қалды. Дэнни, қаһарлы да даңқты Дэнни шалқасынан түсіпті. Ол теңселіп барып немесе тізерлей барып, жайлап жантая құламады, мұрттай ұшты. Оны Ривераның серпе ұрган сол қолы баудай түсірген екен.

Дэнни сәл есі кірген кезде барып қимылдады. Бокс жанкүйерлерінің мұндай нокаут кезінде құлатушыны қолпаштап дуласатыны бар гой. Бұл жолы бәрі тілдерін жұтып қойғандай тым-тырыс. Олар істің бұлайша насыр-

ға шабатынын күтпеген еді. Зал секунд санаған төрешінің үнін іштен тына тындалап отыр. Осы кезде масаттана сөйлеген Роберттің дауысы естілді.

– Ол екі қолымен бірдей ұра алады дегенім осы фой сендерге.

Бесінші секундта Дэнни етпетінен аударылып тұсті. Ал төреші жетіге дейін санағанда бір тізерлеп дем алып, «тоғыз» дегенде атып тұруға дайын тұрды. Егер төреші «он» деген кезде тізесі еденге тиіп тұрса, оны женілді деп санау керек. Мұндайда тізесі еденнен көтеріле бергенде-ақ, оны тік тұрды деп санап, Ривераның тағы да ұрып жығуға еркі бар. Ривера асығыстық жасағысы келмеді. Ол тек Дэнни тізесін еденнен көтере бергенде ғана ұруға дайындалды. Ривера қарсыласын айналып өте бергенде төреші екеуінің арасына киліге кетті. Ривера оның әр секундты барынша жай санап тұрганын біліп тұр. Барлығы, тіпті мына төрешіге дейін қарсы бұған.

– Мексикалықтың соққысы неткен құшті еді? – деп сыйырлады жаттықтырушыға Дэнни. Секунданты қара борша болып жанталаса терін сұртіп, желпіп жатты.

Екінші, үшінші раундтарда көзге ұратын сәттер болмады. Айлакер, тәжірибелі ринг королі Дэнни әр түрлі айла-шарғымен уақыт оздырып, бірінші раундтағы қатты соққыдан есін әбден жиып алғысы келіп жүр. Бойына біткен айрықша қайрат пен мінезіндегі қажыр ғана төртінші раундта оны өзіне-өзін келтіргендей болды. Айла-шарғыны да ұмытты. Қарсыласының тартысуын қарашы! Дэнни жинақтаған тәжірибесіне жүгінді. Өзіне әлгідей қатты соққы дарытпас үшін бәсекелесін әбден шаршату тәсіліне көшті. Ривераның бір соққысына үш соққымен жауап беріп жүр. Бірақ бұл нокаутқа түсіруден гөрі кек алуға ұқсайтын еді. Қайіп талма тұстан тиетін жұдырықтың дәлдігі мен салмағындағы гой. Екі қолымен де қапталдан қысқа соққымен сілейте алатын мына баладан Дэнни шынымен абайлау керектігін енді түсінгендей.

Қорғаныста Ривера шабуылды сол қолымен қагу әдісін қолдануда. Қайта-қайта өз нәтижесін берген осы әдіс Дэннидің басы үшін қауіпті еді. Бірақ Дэнни талай көксөктаны көрген сарабдал боксшы фой. Сондықтан да жұрт оны алдын ала чемпионга балап та қойған. Ол ұрыс әдісін де ойламаған жерден өзгерте алатын.

Жетінші раундта Дэнни да қатты соқты. Ривера тенселіп барып сәл құламай қалды. Есін жиғызбай Дэнни қайта ұрды. Ривера кермеден асып барып репортерлердің ортасына тұсті. Олар оны рингке қайта итермеледі. Ривера бір тізерлей отырып ауыр демалуда... Керменің ар жағында бәсекелесі күтіп тұр. Төреші ара тұсуді де немесе Дэнниді тежеуді де ойлаган жоқ. Елеуреген жұртта ес қалмады.

Біреу өңешін жырта айғайлады.

– Саудасын бітір, Дэнни!

Жұздеген дауыс ұлардай шулап, қостап кетті. Дэнни қолынан келгенін істеуге дайын тұр, бірақ төреші тоғыз емес, сегіз санағында Ривера кенет кермеден аса секіріп барып, бәсекелесін құшақтай алды.

Ривера буынын бекем ұстады, басының буалдырланганы да сейілгендей. Солай болуға тиіс қой! Мыналардың бәрі арамзалар емес пе? Тағы да көз алдына манағы суреттер елес болып етті. Шөлге тартылған темір жол, жандармандар мен америкалық кәсіпкерлер, түрмелер мен полиция қапастары, құдық жанындағы қаңғыбастар... Мұның өзі де винтовка емес пе? Ол өзінің Мексикасы үшін соғысады!

Ривера қалайда женілмеуге бел буды. Сегізінші раундта оның қарсыласы әуелгі соққысын қайталғасы келіп әрекеттеніп бақты. Тоғызыншы раундта жұрт тағы да тосын жайға тап болды. Боксшылар бір-бірімен жақындаса бергенде Ривера кілт кейін шегінді де, он қолы найзагайша жарқ ете тұсті. Дэнни құлап тұсті. Жұрт сілтідей тынды. Дэнни өз әдісінің құрбандығына шалынғанды. Он қапталдан төмennен жұмсалатын оның

атақты әдісі бұл жолы өзіне жай оғы болып қайтты. Төреші тоғыз санағанда көтеріле түскен Дэнниге ол қайыра шабуыл жасамады. Мексикалық қызын жағдайға тап болғанда тырп етпеген төреші бұл жолы айқасты жалғастыруға жіберер емес.

Оныншы раундта Ривера бәсекелесін иек астынан екі рет ондырмай ұрды. Дэнни болса долярып кетті. Езуінде кекті күлкі ойнап, ызалана төбелеседі. Ол темірдей тегеурінімен Ривераны бәрібір жасыта алмады. Дауылдай соққылардан жалтара жүріп, бәсекелесін үш рет ондырмай отырығызды-ау! Енді Дэнни бәсекесіп, он бірінші раундта сыр бере бастады. Осы сэттен он төртінші раундқа дейін күшін үнемдеп, сақ қымылдады. Кәнігі боксшылардың беделіне нұсқан келтіретін, рұқсат етілмеген құйтырқы тәсілдерді қолдануға да арланар емес. Шынтағымен бәсекелесінің қолғабын қысып та қалды, қолғабымен Ривераның аузы-мұрның да басты, қапсыра құшақтап жатып, дауыстап балағаттап та қояды.

Арамза қылыштарын көре тұра төрешіден бастап, көрермендер бәрібір Дэннидің жағында.

Күтпеген қарсылыққа кездесken Дэнни ақырғы бір жойқын соққыға үміт артты. Ашынды, жалтарды, бар күшін жиып, тәпелей соққылап, тізгінді өз қолына алуға барын салды.

Білегінен әл кетпей тұрганда Дэнниден оны күтуге де болатын еді.

Раундтар арасындағы үзілістерде Ривераның секунданттарының қамқорлығы да шамалы болды. Оның ентіккен кеудесін делпуге де селқос, самарқау қымылдады. Он төртінші раундта ол Дэнниді тағы да ұрып құлатып, төреші секунданттарды санап жатқанда ауыр қолдарын салбырата төмен түсіріп, сәл болса да тыныстап алуға тырысты. Қарсы бұрыштан құдікті сыйыр да құлағына шалынды. Оның дыбыс түйсігі аса сезімтал еді. Әңгіме үзік-создық естілді. Сыйыр шықкан бұрышқа жақындалды.

– Солар болраы сөзсіз. – Ол Майкл Келлидің дауысын естіді. Роберт мақұлдай бас изеді. – Дэннидің женеуі тиіс... Мен көп ақша ұтқызамын... бала сені тыңдайды. Бір амалын жасау керек...

Осы сәттен кейін Ривераны еш нэрсе алаңдатпады. Дэнниді тағы ұрып құлатты. Буындарын босатып ентіге дем алып тұр. Роберт орнынан тұрды.

– Бітті, – деді ол. – Өзіңнің бұрышына тарт. – Ол жаттығу кезіндегідей бұйыра сөйледі. Ривера оған ызаға толы жанарымен жалт қарады да, еш нэрсе естімеген адамдай Дэннидің көтерілуін күтіп тұра берді. Келесі үзілісте Келли Ривераның бұрышына келді.

– Шайтан алғыр, мына қалжыныңды доғар! Женіл, Ривера, болашағың үшін мені тыңда! Сені байлыққа кенелтемін... Келесі жолы Дэннидің женеуіне мүмкіншілік жасаймын. Бұгін сен жеңілуге тиістісің!

Риваера көзқарасымен оны естігенін танытты, бірақ келісімге де, қарсылыққа да белгі бермеді.

– Неге үндемейсің: – деп ызғарлана сұрады Келли.

– Бәрібір ұтыласың, – деп отқа май құйды Спайдер Хочерти. – Төреши жеңісті саған бермейді. Одан да Келлидің ақылын ал, құла да тұрма!

Шың еткен гонг дауысы Ривераның ашуын онан сайын қоздырып жіберді. Жұрт еш нәрсені байыптар емес. Өзі де бір қауіпті сезгендей, бірақ оның қайdan келгенін білмеді. Дэнниге баяғы кеудемсоқтығы қайта оралғандай.

Ол дауыстап балағаттап алды да, Ривераға ұмтылды. Ривера шегіншектей берді. Рұқсат етілмеген әдіспен ұрдың деп жала жабылmas үшін кеудеден төмен көздемеуге бел буды. Бұл жеңіске жеткізер жарты мүмкіншілікті жоғалту болса да, оның алыстан соғып қана таза жеңіске жететініне көзі жетті.

Ривера соққы үстіне соққы алды. Жұдырық жаңбырша жауды, мейлі, тек кеуде түйістіріп жақын жібермесе болғаны. Дэннидің осы тегеуріні кезінде жұрт

түгел аяғынан тік тұрды. Бәрінің көздері қарауытып, естері ауған. Ешкім ештеңе тұсінбейді. Тек өздерінің сүйіктісінің мерейін көріп, бар дұниені ұмытқан.

– Айқастан қашпа! – деп аласұра айғайлайды олар Риверага.

– Ашыл, күшік! Ашыл! Өлтір оны! Дәнни, сенің ісің ақ!

Бұқіл залда салқын қанды жалғыз Ривераға. Темпераментке келгенде Риверадан қызу қанды ешкім жоқ, бірақ ол тасқа ұрган теңіз толқынында шапшыған мына тобырдың жалыны оған кешкі самалдың желпуіндей ғана әсер ететін алапат дауылдарда шынықты емес пе?

Он жетінші раундта Дәннидің ойлағаны іске асқандай болды. Оның ауыр соққысы Ривераны екі бүктеді. Қолдары сылқ түсіп, тәлтіректеп шегіне берді. Дәнни бақытты сәт туды деп есептеді. Бала қазір оның еркінде. Бірақ Ривера бұл айламен оны ашық қалдырып, жойқын күшпен иектің астынан ұрды. Дәнни мұрттай ұшты. Ұш рет көтерілмек болды. Ривера да соққысын ұш рет қайталады. Төреші оның мұнысын ешқашан бұрыс деп айта алмайтын еді.

– Билл! Билл! – деп шыжбалактады Келли төрешіге.

– Мен не істей аламын? – деп кейін жауап берді төреші. – Мен сылтаурататын еш нәрсе жоқ.

Төреші оның қолғапты қолын алыш, ықылассыз жогары көтерді. Ривераны құттықтаған ешкім болмады. Секунданттар орындық та қоймаған, өз бұрышына жалғыз барды. Ол кермеге арқасын тіреп, кекті көзімен секунданттарға қарады, бара-бара жанағы он мың жанкүйер отырган бұқіл залды шарасына сыйғызып алды. Тізелері дірілдеп, әбден қалжырагандықтан талмаусырап кетті.



- Шығарма мазмұнын қысқаша баянда, одан қандай ой түюге болады?
- Ривераның намысын жаңып, қажырын күшейткен қандай күш?

3. Қазақ әдебиетінде спорт тақырыбына жазылған қандай шығармаларды білесіңдер?



1. Ривера мен Дэнниге салыстырмалы мінездеме беріндер.
2. «**Ер намысы–ел намысы**» деген тақырыпта ауызша әнгіме күрастырындар.
3. Өздеріннің сүйікті спортшыларың жөнінде әнгімелендер.
4. «**Мексика ұлыш**» Б. Соқпақбаевтың «**Жекпе-жек**» шығармасымен салыстырып байқаңдар.

## МАЗМУНЫ

<b>ОЗБЕКСТАН – ӨЗ ЕЛІМ</b>	3
Ерікті елім	3
<b>ХАЛЫҚ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ ҮЛГІЛЕРІНЕН</b>	4
Ертегілер	5
Аяз би...	6
Жұмбақ	24
Мақал-мәтэл туралы	28
<b>Батырлар жыры</b>	32
Қобыланды батыр	36
<b>XVIII-XIX ФАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ</b>	56
<b>Бұқар Жырау Қалқаманұлы</b>	56
Ай, Абылай, Абылай!	58
Керей, қайда барасың?	60
Дулат Бабатайұлы	62
О, Ақтан жас, Ақтан жас	63
<b>Сүйінбай Аронұлы</b>	65
Жақсы мен жаман адамның қасиеттері	66
<b>Ыбырай Алтынсарин</b>	68
Қыпшак Сейіткүл	69
<b>Абай Құнанбаев</b>	72
Шоқпардай кекілі бар қамыс құлақ	75
Отыз бірінші сөз	76
Құлақтан кіріп, бойды алар	77
<b>XX ФАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ</b>	80
<b>Ахмет Байтұрсынов</b>	80
Қара бұлт	81
<b>Сұлтанмахмұт Торайғыров</b>	83
Шығамын тірі болсам, адам болып	84
Мен – қазақ	85
<b>Мағжан Жұмабаев</b>	87
Мен кім?	88
Өнер-білім қайтсе табылар	88
Қарағым	90
<b>Сәкен Сейфуллин</b>	92
Еркін дала	93
<b>Бейімбет Майлін</b>	96
Гүлденсе ауыл, гүлденеміз бәріміз	97
<b>Ілияс Жансүгіров</b>	98

Анам тілі.....	99
Домбыра.....	100
Күйге.....	101
<b>Мұхтар Әуезов.....</b>	<b>102</b>
Біржан сал Абай ауылында.....	103
<b>Ғабит Мұсірепов.....</b>	<b>122</b>
Автобиографиялық әңгіме.....	123
<b>Әбу Сәрсенбаев.....</b>	<b>127</b>
Туган жер.....	128
<b>Қасым Аманжолов.....</b>	<b>130</b>
Елге хат.....	131
<b>Бердібек Соқпақбаев.....</b>	<b>132</b>
Менің атым Қожа.....	133
<b>Мұқагали Мақатаев.....</b>	<b>160</b>
Туган жерге.....	161
Арман күйп.....	162
<b>Шерхан Мұртаза.....</b>	<b>164</b>
Тұтқын бала.....	164
<b>Мұхтар Мағаун.....</b>	<b>172</b>
Бір атаның балалары.....	173
<b>Төлеген Айбергенов.....</b>	<b>192</b>
Адамдар.....	193
Арал толқындарында.....	194
<b>Рахметолла Райымқұлов.....</b>	<b>196</b>
Ана құшағы.....	196
<b>Қалдыбек Сейданов.....</b>	<b>205</b>
Өзбек бауырларыма.....	206
<b>ТУЫСҚАН ХАЛЫҚТАР ӘДЕБИЕТІ.....</b>	<b>208</b>
<b>ӨЗБЕК ӘДЕБИЕТІ.....</b>	<b>208</b>
<b>Ғафур Ғұлам.....</b>	<b>208</b>
Сотқар бала.....	209
<b>Абдулла Оріпов.....</b>	<b>220</b>
Өзбекстан.....	221
Түрікмен ертегілері.....	223
<b>ӘЛЕМ ӘДЕБИЕТІ.....</b>	<b>226</b>
<b>Джек Лондон.....</b>	<b>226</b>
Мексика ұлы.....	227

**E. ABDUVALITOV, A. BEKTAYEV,  
D. DUYSEBAYEVA, C. DOSIMBETOVA**

## **ADABIYOT**

Umumta'lim maktablarining  
6-sinf o'quvchilari uchun darslik  
Qozoq tilida

*To'rtinchi nashr*

«Sharq» nashriyot-matbaa  
aksiyadorlik kompaniyasi  
Bosh tahririyati  
Toshkent – 2017

Редактор *Г. Нышанова*  
Баспа редактор *M. Сапаров*  
Көркемдеуші редактор *Ф. Башарова*  
Техникалық редактор *P. Бобохонова*  
Корректор *Ө. Байқабылов*  
Компьютерде беттеген *O. Фозилова*

**Баспа лицензиясы АI № 201, 28.02.2011.**

Басуға рұқсат етілді 10.07.2017. Пішімі 60x901/16. Офсеттік баспа.  
«Times Roman Kaz» гарнитурасы. кегелі 13; 11. Шартты баспа табағы  
15,0. Есепті баспа табағы 12,2. Таралымы 5343 нұсқа. Тапсырыс № 17-249.

«Sharq» баспа-полиграфия  
акционерлік компаниясының баспаханасы,  
100000. Ташкент қаласы, Буюк Турон көшеси, 41.

Өзбекстан Баспасөз және акпарат агенттігінің  
«O'zbekiston» баспа-полиграфия шығармашылық үйінде басылды.  
100129, Ташкент, Науай көшеси, 30

**Жалға берілген оқулықтың жағдайын көрсететін кесте**

<b>№</b>	<b>Оқушының аты-жөні</b>	<b>Оку жылы</b>	<b>Оқулықтың алғандағы күйі</b>	<b>Сынып жетекшісінің қолы</b>	<b>Оқулықтың тапсырылғандағы күйі</b>	<b>Сынып жетекшісінің қолы</b>
1						
2						
3						
4						
5						
6						

Оқулық жалға берілгенде және оқу жылының соңында қайтарып алғанда жоғарыдағы кестені сынып жетекшісі төмендегі бағалау критерийсі негізінде толтырады:

<b>Жаңа</b>	Оқулықтың бірінші рет пайдалануға берілгендері күйі.
<b>Жақсы</b>	Мұқабасы бүтін. Оқулық негізгі бөлігінен ажыралмаған. Барлық парактарты бар, жыртылмаған, көшпеген, беттерінде жазулар мен сзықтар жоқ.
<b>Орташа</b>	Мұқабасы мыжылған, едәуір сзызылып, шеттері жейілген. Оқулық негізгі бөлігінен ажыралуы мүмкін. Пайдаланушы тарапынан қанағаттанарлы қапталған, Тұсіп қалған беттері қайта тігілмеген, кейбір беттері сзылған.
<b>Нашар</b>	Мұқабасы сзылған, жыртылған, негізгі бөлігінен ажыралған, яки түгелдей жоқ. Қанағаттанарсыз қапталған. Беттері жыртылған, парактартын, оқулықты тіктеп болмайды.

**E. ABDUVALITOV, A. BEKTAYEV,  
D. DUYSEBAYEVA, C. DOSIMBETOVA**

## **ADABIYOT**

Umumta’lim maktablarining  
6-sinf o‘quvchilari uchun darslik  
Qozoq tilida

*To‘rtinchi nashr*

«Sharq» nashriyot-matbaa  
aksiyadorlik kompaniyasi  
Bosh tahririyati  
Toshkent – 2017

Редактор *Г. Нышанова*  
Баспа редактор *M. Сапаров*  
Көркемдеуші редактор *Ф. Башарова*  
Техникалық редактор *P. Бобохонова*  
Корректор *Ө. Байқабылов*  
Компьютерде беттеген *O. Фозилова*

**Баспа лицензиясы АI № 201, 28.02.2011.**

Басуға рұқсат етілді 10.07.2017. Пішімі 60x901/16. Офсеттік баспа.  
«Times Roman Kaz» гарнитурасы. кегелі 13; 11. Шартты баспа табагы 15,0.  
Есепті баспа табагы 12,2. Таралымы 605 нұсқа. Тапсырыс № 17-250 А.

«Sharq» баспа-полиграфия  
акционерлік компаниясының баспаханасы,  
100000. Ташкент қаласы, Буюк Турон көшеси, 41.

Өзбекстан Баспасөз және ақпарат агенттігінің  
«O‘zbekiston» баспа-полиграфия шығармашылық үйінде басылды.  
100129, Ташкент, Науай көшеси, 30